Бейнеролик бұрын талқыланған материалға иллюстрация ретінде көрсетіледі. Талқылау кезінде ата-аналардың жеке тәжірибесіне сілтеме жасау керек. Әңгімелесудің соңында ата-аналарды жеке тәжірибесімен бөлісуге ықылас білдіргендері үшін мақтау маңызды)

Көрсетілімнен соң әңгімелеу ұйымдастырылады:

1. Неге ата-аналарға балаларымен қарым-қатынаста өзіне сырт көзбен қарауды үйрену маңызды? (ата-аналар жауаптары)

2. Тәжірибеңізбен бөлісіңіздер, сіздердің жағымды үлгілеріңіз баланың жақсы қылықтарын дамытуға қалай қызмет етті? (ата-аналар жауаптары)

Шығармашылық жұмыс

Тапсырма. «Ата-ана» тақырыбына синквейн құру.

1 жол – затты суреттеу;

2 жол– 2 сын есім;

3 жол – 3 етістік;

4 жол – сөйлем, онда синквейннің

негізгі идеясы айтылуы керек;

5 жол – сөзге синоним немесе суреттеу затының негізгі қасиеті.

Абай жетінші қара сөзінде айтқан:

«Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Өспейді, қуат таппайды.

Біреуі – білуге деген ұмтылыс. Бала көзімен көрген және құлағымен естіген барлық нәрсеге ұмтылады: жылтыр затқа қолын созады, оны ұстағанда, дәмін татып көреді, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды...»

Қорытынды.Абай баланың барлық саламаттығы туралы: физикалық, эмоционалдық, әлеуметтік және когнитивтік саламаттылығы туралы көрегендікпен және пайғамбарлықпен айтқан. Біз өз сабағымызда осы саламаттылықты қамтамасыз етудің бір жолы – баланы жеке үлгі арқылы дамытуға шабыттандыруды талдадық!

Синквейн ұжыммен бірге құрастырылады. Тыңдаушылар ұсынған сөздер мен сөйлемдер жазылады. Дайын синквейн дауыстап оқылады. Синквейнді ата-аналардың шығармашылығының үлгісі ретінде білім беру ұйымының әлеуметтік желілерінде орналастыруға болады.

Синквейннің мысалы:

Ата-аналар,

Дана, қамқор.

Қолдау, талап ету, шабыттандыру.

Олар адалдық пен мейірімділіктің үлгісі болып табылады.

Жауапкершілік

Пайдалы ұсынымдар

Төмендегі параметрлерді қосып, өз өміріңіздің теңгерім шеңберін салыңыз.

1. Отбасы, балалар

Сіз отбасыңызбен қаншалықты жиі уақыт өткізесіз? Сіздің балаларыңызбен қарым-қатынасыңыз қаншалықты жақын? Балалармен қарым-қатынасыңыз сізге қалай әсер етеді? Бұл қанағаттану әкеледі ме?

2. Қарым-қатынас шеңбері

Достарыңыз бар ма? Сіздің өміріңізде олар қандай орын алады? Сіздің қарым-қатынасыңыз балаларға қалай әсер етеді?

3. Денсаулық

Сіз қаншалықты физикалық белсендісіз? Өзіңізді қалай сезінесіз? Сіздің сыртқы келбетіңіз бен салмағыңызға көңіліңіз тола ма? Сіз қаншалықты жиі спортпен айналысасыз? Сіздің денсаулығыңызға деген көзқарасыңыз балаларыңызға қалай әсер етеді?



4. Мамандық

Мамандығыңызға қаншалықты көңіліңіз толады? Бұл дәл өзіңіз қалаған жұмыс па, әлде басқа нәрсемен айналысқыңыз келе ме? Бұл жұмыс сізге бақыт пен қанағат әкеледі ме? Сіздің мамандығыңыз балаларыңызға қалай әсер етеді?

5. Романтикалық қарым-қатынас

Сіз махаббатта қаншалықты бақыттысыз? Бұл балаға қалай әсер етеді?

6. Жеке тұлғаны дамыту

Сіз жеке өсумен айналысасыз ба? Сіз жаңа тәжірибеге ашықсыз ба және үнемі үйренуге ұмтыласыз ба? Сізде ішкі және сыртқы әлеммен үйлесімділік бар ма? Бұл балаға қалай әсер етеді?

7. Бос уақыт пен демалыс

Сізге өмір сүру қызықты ма? Сіздің хоббиіңіз бар ма? Сіз бос уақытыңызды қалай өткізесіз? Сіз бос уақытыңызды балаңызбен қаншалықты жиі өткізесіз?

8. Қоғамдық үлес

Сіз басқаларға көмектесесіз бе? Сіз волонтерлік іс-шараларға қатысасыз ба? Сіз мектептің, қаланың (ауданның) спорттық және мәдени өміріне қаншалықты қатысасыз, көршілеріңізбен қаншалықты тығыз қарым-қатынастасыз, отбасы мүшелеріне қаншалықты жиі қамқорлық жасайсыз? Бұл балаға қалай әсер етеді?

Теңгерім шеңберін аяқтағаннан кейін балаларға қалай үлгі бола алатыныңызды ойлаңыз. Баланың дамуын ынталандыру үшін өз мүмкіндіктеріңізді пайдаланыңыз.

Қорытындылау. Сұраққа жауап. Жақсы тілектер.



8 САБАҚ
ТӘЛІММЕНЕН ӨРІЛГЕН БІЗДІҢ ДӘСТҮР

Сабақ мақсаты: ата-аналардың отбасылық әл-ауқатын нығайту үшін прогрессивті дәстүрлерді дамытуға және қолдауға дайындығын қалыптастыру.

Міндеттері:

1) ата-аналардың прогрессивті отбасылық дәстүрлерді дамытуға және қолдауға деген ұмтылысын дамыту;

2) ата-аналардың әртүрлі отбасылық дәстүрлер, хоббилер, отбасы мен мектептің оларды нығайтудағы өзара іс-қимыл мүмкіндіктері туралы түсініктерін кеңейту және тереңдету;

2) прогрессивті отбасылық дәстүрлерді құру және сақтау бойынша практикалық дағдыларды дамытуға ықпал ету.

Ұлттық құндылықтар және жеке тұлғаның қасиеттері

Ақылдылық, үлкенді сыйлау, тектілік, ұлттық болмыс, қонақжайлылық, төзімділік.

Жоспар

1.Отбасылық дәстүрлердің өзектілігі.

2.Отбасындағы өзара қарым-қатынас, сүйіспеншілік көріністері, отбасы мүшелері арасындағы сенімді ара-қатынас.

3.Отбасының тұтастығына ықпал ететін, адамгершілік және рухани құндылықтарға негізделген отбасылық дәстүрлер мен хоббилер

4.Отбасылық дәстүрлерді құру негіздеріне үйрету: іс-тәжірибелік тәсілдер.

5.Отбасылық дәстүрлерді сақтаудағы, өзара құрмет көрсету мен мектептегі дәстүрлерді жаңғыртудағы ата-аналар мен мектептің қарым-қатынасы.

6.Қорытынды.

Күтілетін нәтижелер:

1.Отбасының маңыздылық деңгейін арттыру – отбасы мүшелерінің саламаттығының негізі ретінде.

2.Ата-аналардың ұлттық құндылықтар негізіндегі отбасылық дәстүрлерге мән беру дағдыларын қалыптастыру.

3.Отбасын нығайту және қолайлы климат құру. Отбасылық дәстүрдің кейінгі ұрпақтардағы сабақтастығы.

Әдістер: мәселелі жағдайларды құрастыру, білім берудің интерактивті, ауызша, көрнекі әдістерін қолдану.

Құрылғылар: интерактивті тақта, постерлер, флипчарт, маркерлер.

Спикердің кіріспе сөзі және сәлемдесуі. Сергітуге бағытталған жаттығулар (сабаққа деген қызығушылықты қалыптастыру мақсатында «Аяқталмаған сөйлем» анонимді жаттығуы ұсынылады)

«Аяқталмаған сөйлем» тесті.

1. Отбасы – бұл...

2.Менің отбасымдағы қуаныш – бұл...

3.Мен үйімнен жыраққа кеткенде мыналарды есіме аламын...

Бүгінгі сабақта біз сіздермен отбасылық дәстүрлердің рөлі туралы тақырыпты қозғаймыз. Ең алдымен сіздердің естеріңізге ең үлкен миссияларыңыз – «Ата-ана болу» туралы айтқым келеді. Сіздер, ата-анасыздар – бұл үлкен бақыт. Ата-ана болуда әркімнің жолы әрқалай. Қазақстанда бедеулік деңгейі Европа мемлекеттеріне қарағанда тым жоғары. 2021 жылы бедеулік диагнозы қойылған азаматтардың саны 21,8%-ды құрап, 21,4 мың адамға жеткен.

Денсаулығына байланысты жүкті бола алмаған 19,9 мың қазақ әйелдері еліміздің медициналық мекемелеріне тіркелді (22,8% қосылды). Ер

адамдардың бедеулігіне байланысты тағы 1,5 мың жұп ата-ана бола алмады (2020 жылмен салыстырғанда 10,4% жоғары). Бұл елдегі бедеулік мәселесі бойынша қолда бар ең соңғы деректер, олар өткен жылдың 28 желтоқсанында «Қазақстандық отбасылар – 2022» Ұлттық баяндамасында жарияланған. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бедеулік бойынша медициналық статистика жабық болып табылады, ал ұлттық баяндамаларда бедеулік бойынша жарияланатын деректер репродуктивті денсаулық саласындағы көптеген жасырын факторларды ескермейді. Айта кету керек: соңғы екі жылда Қазақстанның Денсаулық сақтау министрлігі ЭКҰ-ға квоталар санын едәуір арттырды. 2021 жылы олар бес есеге – 1,3 мыңнан 7 мың хаттамаға дейін өсті. 2022 жылы квота бойынша ЭКҰ рәсімінен 6,4 мың қазақстандық отбасы өтті. Елдің жетекші репродуктологтары Үкіметтің квоталарды ұлғайту туралы шешімін ЭКҰ сияқты қымбат емделуге мүмкіндігі жоқ баласыз жұптарды қолдаудың бұрын-соңды болмаған шарасы деп атайды. Ал сіздер бұл тағдырдан аулақсыздар! Көптеген адамдар бала асырап алуды армандайды. Баланы отбасына қабылдауға ниет білдірген және Бала асырап алу жөніндегі ұлттық агенттігінде (Алматы және Алматы облысы) қамқоршылар мектебінде оқудан өткен кандидаттар саны – 100–115 адам, асырап алушы ата-аналар қауымдастығы арқылы – 45 адам, тек Алматы қаласындағы «SOS – Балалар ауылында» – 21 адам.

Сонымен бірге ерлі-зайыптылардың, оның ішінде балалары бар ерлі-зайыптылардың ажырасу саны артып келеді. Қазақстан ажырасу саны бойынша әлемде екінші орында: әрбір 1000 адамға 4,6 ажырасу, яғни 1000 адамнан 218 адам ажырасады немесе басқаша – әрбір 4 жұп ажырасады! Ажырасуға көптеген себептер бар, соның ішінде қаржылық-материалдық, әлеуметтік-психологиялық, рухани, діни және т.б. Ажырасу себептерінің ең негізгі себептерінің бірі – ұлттық жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде құрылған отбасының моральдық-рухани өзегінің болмауы. Бұл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер. Бұл отбасының берік болуына себеп болатын сезімдер. Мұның бәрі адамдар үй ішінде бірге бастан кешіретін қуаныш пен қайғы, саламаттық пен қиындықтар.

https://youtu.be/m8DZ98hKo2M Видеоролик. Отбасылық дәстүрлер. (Қазақ отбасы)

Отбасылық дәстүрлер барлық отбасы мүшелеріне өздерінің маңыздылығын сезінуге, жақындарына қамқорлық пен сүйіспеншілік танытуға, туыстарына уақыт пен көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Осылайша, балаларда үлкен отбасы мүшелеріне деген ризашылық сезімі, отбасылық қатынастардың тұрақтылығы, дүниетаным мен өмірге деген көзқарас қалыптасады. Отбасылық хобби – бос уақытында адамға ләззат сыйлайтын, адам айналысатын әрекетінің бір түрі. Хобби – бұл адам жақсы көретін және бос уақытында қуана айналысуға дайын нәрсе. Бұл балалар мен ересектердің ортақ мүдделерінің тоғысу мүмкіндігі. Демалыс күндері және жазғы демалыс кезінде барлық отбасы мүшелері өз істерімен шұғылданып, ортақ іспен айналыспауы: біреуі кітап оқиды, біреу балық аулайды, біреу орманға барады, тігеді және тоқиды... дұрыс емес. Отбасы мүшлерін жеке әрекетпен емес ортақ іске жұмылдыра алсаңыз демалыс күніңіз отбасыңыз үшін қызықты болары сөзсіз.

https://youtu.be/LjxGalEUXFc Видеоролик (Естеліктерге толы отбасылық дәстүрлер. Отбасылық дәстүрдің алты түрі. 2.38 минут)

Отбасылық дәстүрлердің құндылығы неде? Дәстүрлер бала тәрбиесінде маңызды рөл атқарады.

https://youtu.be/7ow5FI1d03E Ролик (1.6 минут)



Топтық жұмыс (үш топ)

1. Видеороликтегі сюжеттерді талқылаңыз.

2. Отбасылық дәстүрлердің маңыздылығын дәйектеңіз.

3. Отбасылық дәстүрлеріңізбен бөлісіңіз.

4. Ұсынылған отбасылық дәстүрлерді талқылаңыз.

№1 «Әкелер» тобына тапсырма – «Отбасылық кеңесте» талқылайтын сұрақтардың тізімін құрастырыңыз.

№2 «Аналар» тобына тапсырма – Түскі ас не кешкі ас уақытында, отбасы мүшелерін жұмысқа не мектепке шығарып салғанда, не күтіп алғанда қандай жақсы сөздерді қолданасыз. Тізімін жасаңыз.

№3 «Балалар» тобына тапсырма – Анаңызға не әкеңізге, не туыстарыңызға мерекеге арнап ашық хат жасаңыз.

Төменде көрсетілген кейстердің мазмұны туралы авторлық видеоролик.

№1 КЕЙС. Бір отбасылық дәстүрдің тарихы

Есеюдің барлық кезеңін қамтитын және ата-аналардың жазбалары бар отбасылық альбом құрастырыңыз (алғашқы қадамдар, алғашқы сөздер, мектептегі алғашқы күн туралы, т.б.).

«….Алты жасқа дейін орыс тілін түсінген жоқ. Оның екі жастағы «Папа каба» деп жиі айтатын сөзін біз «Папасының баласы» деп ұғып жүрдік. Бірақ «Кап-капай» деген сөзін соңына дейін түсінбей кеттік. Алты айлығынан бастап балам еңбектей бастады. Дегенмен, ол өте сақ болатын. Өзіне таныс емес заттарға тиіспейтін, бірінші жай ғана сипап көріп, кейін барып қолына алатын. Бір жасқа толғанда жүруге талпынды. Құлайтын, орнынан қайта тұратын және келесі алты айда балам жүрмей, қырсығатынды шығарды. Бір күні кішкентай аяқ киім бәтеңке алып бердік. Соны киіп алған соң балам әрі-бері жүріп, қуанып жүгіріп кетті. Біз кербез, сәнқой бала болады деп жорыдық. Теледидардан берілетін бағдарламалардың музыкалық фонына ерекше қызығатын. Қайда жүрсе де теледидардан музыканың даусын естіп, теледидар алдына отыра қалатын. Тележүргізушінің даусын естіп, амандасқаннан кейін оң қолын көтеріп, сәлемдесетін.»

Қорытынды: Жасөспірімдік кезеңде балаға өзінің бала кезіндегі суреттері мен естеліктерін көрсетіп, оның есіне өзін қалай жақсы көргенін, қадір тұтқанын, қалай қорғаштағанын, қалай еркелеткенін салып отыру өте маңызды. «Құлыным сол, қарашы қандай нәзік сүйкімді бала болып өстің! Қалай сені әлпештеп үміттеп өсірдік!» Альбомды жасауға барлық отбасы мүшелері қатысады және альбом сонысымен құнды. Әлеуметтік желідегі не цифрлық платформадағы суреттердің дәл осындай құндылығы жоқ.

№ 2 КЕЙС

Қазіргі заманауи отбасын нығайту үшін отбасылық хобби не отбасымен бірге бос уақытыңызды өткізудің маңызы зор. Хобби:

Коллекциялау – бұл классикалық хобби, оны әдетте отбасының біреуі жақсы көреді, бірақ сіз бұл хоббиді от-

басылық дәстүрге ауыстыруыңызға тырысуға болады. Отбасыңыздағы барлық адамдарды не біріктіре алады, соны ойлап көріңіз – ашық хаттар, монеталар, ойын карталарының палубалары, қуыршақтар, қалайы сарбаздары, машиналар, қуыршақ миниатюрасы?..

Нумизматика XVIII ғасырдың екінші жартысында пайда болды. Оның атасы Вена нумизматы И.И.Эккел, оның нумизматикалық зерттеулері тек тарихтың ежелгі кезеңіне қатысты. Бірте – бірте нумизматикада жеке бағыттар қалыптасты – ежелгі, Батыс Еуропа, Шығыс және т.б. Бұл үшінші сынып оқушысының керемет жобасы. Неге осы хоббиді отбасылық хоббиге айналдырмасқа?

Отбасылық дәстүрлердің нұсқалары туралы авторлық видеоролик: «Ең қызықты әрі жарқын жаңа жыл кімде болмақ?!» Жаңа жылды қарсы алудың, тілек тілеудің нұсқалары ұсынылған.

Рефлексия: Ертегі

Қарындаштардың қорабында бір кішкентай қарындаш туылыпты. Үлкен қарындаштар – әкесі, анасы, әжесі мен атасы – түрлі түсті болған екен. Әр ересек қарындаштың өзіне тән түсі болған екен. Ал кішкентай бала қарындаш әлі өзіне тән түсіне ие болмапты және оны түрлі-түсті болуы әлі алдыда.

Күн сайын көк түсті қарындаш оның анасы оған қалай көк түске айналуға болатыны туралы үйретіпті.

Қызыл түсті қарындаш – әкесі қалай қызыл түске айналуға болатыны туралы ескертіп, қызыл түспен керемет суреттер мен картиналарды салуға болатынын айтады екен.

Сары түсті атасы, өмірде сары түстің маңыздылығы туралы айтса, жасыл түсті әжесі немересінің қолынан ұстағанда ол белгілі бір уақытқа жасыл түске айналыпты.

Сөйтіп күн артынан күн өте беріпті.

Ертегінің соңы қалай аяқталды деп ойлайсыздар? Не үшін ертегінің соңы жоқ? Себебі әр отбасының өзіне тән тарихы, өз ертегісінің аяқталу нұсқасы бар. Құрметті ата-аналар сіздер осы ертегінің қалай аяқталғанын қалар едіңіздер?

Сабақты қорытындылай келе, адам өміріндегі ең құнды нәрсе – бұл отбасы дегім келеді. Отбасы – бұл қиын кезде сізбен бірге болатын, қуанышыңызды бөлісетін жақын адамдар. Сіздің жетістігіңіз үшін де қуанатын – отбасыңыз.

Жер бетінде технологиялар дамып, бірнеше ғасырлар ауысса да өз құндылығын жоғалтпайтын отбасылық дәстүрлер бар. Ең алдымен – бұл отбасы, жақындарыңызға қамқор болыңыз. Біздің өміріміз отбасында өтеді, сол себепті отбасыңыздағы өміріңіз жарқын әрі қуанышты сәттерге толы болсын.

Сіздерге өзара сыйластық пен ынтымақ тілеймін! Олар сіздерге отбасылық дәстүрлеріңізді құрметтеп, сақтауға, жалғастыруға көмектеседі. Әр үй және біздің ортақ үйіміз жылы, шуақты және жайлы болсын!

5–9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН

1 САБАҚ
БАЛАНЫҢ БАС ҰСТАЗЫ – АТА-АНА

Позитивті ата-ана болу: тыңдау, есту, өзін естірте білу

Сабақтың мақсаты: оң тәрбиенің мәнін, принциптерін және дағдыларын дамыту арқылы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін дамыту.

Міндеттері:

1.Ата-аналарды позитивті ата-ана болу құзыреттерін игеруге ынталандыру.

2.Ата-аналарды позитивті ата-ана болудың мәнімен, қағидаттарымен, әдістерімен таныстыру. .

3.Ата-аналарға позитивті ата-ана болу дағдыларын игеруге көмектесу.

Ұлттық құндылықтар мен жеке қасиеттер:

ата-ана борышы, сүйіспеншілік, жеке тұлғаға деген құрметі, сенімі, қамқорлығы, ашықтығы;

адалдық, мейірімділік, қайырымдылық, оптимизм, позитивті ойлау, эмоционалдық интеллект, ынтымақтастыққа дайын болу, әзіл сезімі

Жоспар

I.Кіріспе бөлім:позитивті ата-ана болу неге маңызды.

II. Негізгі бөлім:

Жасөспірімдердің жас ерекшеліктері.

«Позитивті ата-ана болу» ұғымының мәні

Тапсырма: «Сіздің балаңыздың портреті», «Позитивті ата-ана болу қағидаттары», «Сіздің балаңыздың күшті тұстары».

Жаттығу: «Бағдаршам», «Белсенді тыңдау»

III. Қорытынды: қорытындылау, тілектер.

Ресурсы: Форматы А4 парақтары, қаламдар, қарындаштар; қызыл және жасыл түсті карталар; «Терабитияға апаратын көпір» фильмінің үзіндісі (2007 ж, АҚШ, реж. Габор Чупо); «Позитивті ата-ана болуға қадамдар» чек парақтары.

Күтілетін нәтижелер:

Сабақ соңында ата-аналар:

позитивті ата-ана болу дегеннен хабардар болады,

оның қағидаттарын, ережелерін түсінетін болады,

позитивті ата-ана болу рухында баламен қарым-қатынастың кейбір тәсілдерін меңгереді.

Сабақтың ұзақтығы – 60 мин.

ТАҚЫРЫП: Баланың бас ұстазы – ата-ана.

Позитивті ата-ана болу: тыңдау, есту, өзін естірте білу

СҰРАҚТАР:

«Позитивті ата-ана болу» дегеніміз не?

Позитивті ата-ана болудың қағидаттары мен ережелері қандай?

Позитивті ата-ана болудағы тәрбие әдістері, тәсілдері қандай?

Позитивті болу үшін ата-ана қандай ішкі ресурстарға ие болуы керек?

Құрметті ата-аналар! Біздің сабағымыздың тақырыбы –позитивті ата-ана болу.

Біз әңгімемізді өте маңызды тақырыптан бастаймыз – қазіргі жасөспірімдер қандай? Біздің балаларымыздың осы қалыптасу кезеңінің жас ерекшеліктері қандай?

Физикалық ерекшеліктері

Бұл жаста өсу тез болса да бәрі

тегіс бола бермейді. Сондықтан жасөспірім тез шаршайды, икемсіз болады, өзін ыңғайсыз сезінеді. Жыныстық жетілу белгілері пайда бола бастайды, қарама-қарсы жынысқа қызығушылық танытады. Ересектер кейде бұл жағдайды жалқаулық деп санаса, ал бұл ағзаны шамадан тыс шиеленістен қорғаудың табиғи тәсілі екен.

Зияткерлік ерекшеліктері

Жасөспірімнің ойлау қабілетінде өзгерістер болады. Олар құр сөзге иланбайды, фактілер мен дәлелдерді талап етеді, бәрін сынға алады. Әсіресе беделі жоғары адамдарға сыни түрде қарайды. Басқалармен бірдей сенімдерді бөліскенді ұнатпайды. Ол үшін оның қалауына қайшы келетін ойларды қабылдау қиынға соғады.

Эмоционалдық ерекшеліктері

Жасөспірімге оның физикалық жағдайына сәйкес көңіл-күйдің күрт өзгеруі тән. Жиі шамданғыштық пайда болады. Алайда, қажет болған кезде ұстамдылық танытуы да мүмкін. Өз көзқарастарын қыңырлықпен берік ұстануға, оларды барлық жерде орнатуға бейім.

Әлеуметтік ерекшеліктері

Жасөспірімдердің ересектерге қарағанда үлкен беделге ие құрдастар тобымен дос болуға деген ұмтылысы артады. Өз отбасынан тәуелсіз болғанды қалайды. Жасөспірім тезірек есейгісі келеді. Жасөспірімнің өз ұстанымы пайда болады. Ол өзін жеткілікті есейдім деп санайды және өзіне ересек адам ретінде қарайды. Алайда, ол ересек өмірге объективті түрде қосыла алмайды, бірақ ересектер дәрежесіндегі құқыққа ие болғысы келеді. Бұл сырттай ересектерге еліктеуінен көрінеді.

Өз құрдастарының қандай да тәсілдермен болса да мақұлдауына қол қол жеткізуге қабілетті. Сонымен бірге, ол ата-аналардың және басқа ересектердің пікірін сезімталдықпен қабылдайды, олардың тарапынан түсіністікті қалайды.

Жасөспірімдік кезеңнің психологиялық ерекшеліктері «жасөспірімдер кешені» деген атауға ие болды: өзінің сырт келбетінің бөгде адамдардың бағалауына сезімтал болып келеді; тым менмендікке салыну және басқаларға қатысты аппеляциясыз пайыдау; зейінділік кейде таңқалырлық қатыгездікпен, басқалар оны мойындап, бағалауды қалау жалған тәуелсіздікпен, беделді адамдармен, жалпыға бірдей ережелермен және кең таралған идеалдармен күрес – кездейсоқ кумирге табынумен бірге жүреді.

Психологиялық қиындықтардың себебі жыныстық жетілумен байланысты, бұл әртүрлі бағыттар бойынша біркелкі дамымау жағдайы. Бұл жас эмоционалдық тұрақсыздықпен және көңіл-күйдің күрт өзгеруімен сипатталады.

Бұл жастағы жетекші қызмет коммуникативтік қызмет болып табылады. Ең алдымен өз құрдастарымен араласып, олардан өмір туралы қажетті білім алады.

1-тапсырма: Презентация материалына және біздің әңгімемізге сүйене отырып, оған тән қасиеттерді атай отырып, «өз балаңыздың портретін» құрыңыз.

1 – жаттығу «Бағдаршам»

Сіздерге қызыл және жасыл карталар таратылды. Келесі мәлімдемелерге өз бағаңызды беріңіз. Егер сіз мәлімдемені әділ деп санасаңыз – жасыл карталарды көтеріңіз (иә). Егер мәлімдеме қате болса қызылды көтеріңіз (жоқ). Сіздің пікірлеріңіз әрқашан сәйкес келе бермеуі мүмкін. Енді даулы жауаптарды талқылайық.

Мәлімдемелер:

Жасөспірім немқұрайлылық, тәкаппарлық танытса да, оның көңілі жұқа болып келеді.

Жасөспірім эмоционалдық түрде салмақты және тұрақты болуы керек.

Жасөспірім өзін-өзі талдауға бейім.

Құрдастарымен шамадан тыс қарым-қатынас жасау жасөспірімге зиян болады.

Жасөспірімдік шақ көп жағдайда жанжалдармен, ұрыс-керіспен бірге жүреді.

Жасөспірімдердің сұлулыққа деген ұмтылысында қисынсыз, күлкілі жағдайлар болуы мүмкін (қыздардың косметиканы асыра пайдалану және т.б.).

Егер жасөспірім ата-анасын елемейтін болса, олар оған да солай істеуі керек.

Әңгіме:

Мына жағдайды елестетіп көріңіздер: сіздің үйіңізде жөндеу жұмыстары жүріп жатыр, жиһаз жылжытылған, заттар әдетті орындарында емес, сіз бояумен (ағартумен, тазалаумен және т.б.) айналысып жатырсыз – бір сөзбен айтқанда, айналыңызда ретсіздік. Сіздің жасөспірім қызыңыз (немесе ұлыңыз) мектептен келіп, өзімен бірге досын (дос қызын) ертіп келді. Сіздің сөздеріңіз, әрекеттеріңіз қандай болмақ? (бірнеше жауаптар, педагогтің реакциясы).

Бейнесюжетті көру

Енді «Терабитияға көпір» фильмінің үзіндісін көрейік.

Әңгімелесуге арналған сұрақтар:

1. Қыздың ата-анасы, фильм кейіпкерінің мінез-құлқына қалай қарады?

2. Бұл көрініс қандай көңіл-күй сипаттайды? Ол неден білінеді?

3. Оқиғалардың мұндай қарқыны біздің өмірімізге қатысты қаншалықты шынайы? Неліктен?

Позитивті ата-ана болу дегеніміз не?

«Позитивті ата-ана болу» ұғымы позитивті психологиядан бастау алады. Белгілі американдық психолог, позитивті психологияның негізін қалаушылардың бірі Мартин Селигман өз кітабында оны адамға позитивті түрде әсер етуді зерттеуге итермелеген басты оқиғалардың бірін сипаттайды. Бұл оқиғаның негізіне кішкентай қызымен болған әңгіме жатты.

Селигман бақшада жұмыс істеп жатқан кезде Никки деген қызымен болған бір әңгімесін айтып берді. Мартин жұмыс істеген кезде көңілін басқаға аударуды ұнатпайтын, ал Никки оған кедергі болып, арамшөптерді ауаға лақтырып, билеп, ән салды. Мартин қызына ашуланып, оған кетуді бұйырды. Ол кетіп қалды, бірақ бірнеше минуттан кейін оралды.

Никки әкесіне бұрын әр нәрсеге жиі қыңқылдап жыламсырайтынын еске салды. Бірақ ол енді жылауық болмаймын деп шешіп, осы кемшілікті жеңуге тырысқанын айтты. Ол оңай болған жоқ, бірақ Никки жеңе білді. Никки өз тұжырымын жасады – адам өзін-өзі өзгерте алады. Сондықтан әкесі де оған орынсыз ренжімей алатынын айтты.

Селигман бұл әңгіме оған сабақ болды деп жазады. Ол қызынікі дұрыс екенін мойындады және ата-ана тәрбиесі – қателерді, кемшіліктерді және ауытқуларды түзету ғана емес деген қорытындыға келді. Бала мұны өзі жасауды үйренуі керек, ал ата-ананың мақсаты оның бойындағы ішкі күштерді құрметтеу және қолдау. Дәл осындай ішкі күштер сіздің балаңыздың жолында кездесетін барлық әлсіздіктер мен өмірлік дауылдарға қарсы тұратын ең жақсы тосқауыл болады.





Талқылауға арналған сұрақтар

Сіз балаларыңыздың пікірін тыңдайсыз ба?

Жасөспірімге сіздің атыңызға сын айтуға мүмкіндік бересіз бе?

Бұл сіздің Ұлттық мәдениетіңізге қайшы келмей ме? Өз пікіріңізді білдіріңіз.

Қорытынды: Жақсылыққа назар аударыңыз. Балаңыздың күшті қасиеттерін, оның қабілеттері мен жетістіктерін байқап жүріңіз. Кертартпаға бой алдырмаңыз.

«Терабитияға көпір» фильмінің үзіндісі, 2007, АҚШ, реж. Габор Чупо

Позитивті ата-ана болу үшін не қажет?

Ең алдымен, өз балаларыңызды тыңдауды және естуді үйрену керек. Олармен мүдделі диалогта болу қажет.

Біз сізге баламен байланыс орнатуға және оны жақсы түсінуге көмектесетін бірнеше амалдарды ұсынамыз.

1 – амал. Балаңызға оны түсінетіндігіңізді көрсетуге тырысыңыз. Кейде бұл әдіс «шағылысқан тыңдау» деп аталады:

– балаңызға оның айтқанын естігеніңізді көрсетіңіз (мысалы, ИЯ, УГУ деген сөздермен, «содан кейін не болды?, «енді не? және т. б. сұрақтармен);

–балаға өз сезімдерін білдіруге мүмкіндік беріңіз;

– балаңызға оның әңгімесін немесе хабарламасын дұрыс түсінгеніңізді дәлелдеңіз (мысалы, мәнін қысқаша қайталау арқылы).

2 – амал. Баланың бет-әлпетін және оның «дене тілін» мұқият қадағалаңыз. Көбінесе бала өзінің эмоцияларын (қайғы, өкініш, шыдамсыздық және т.б.) сәтті жасыратынына сенімді. Бірақ дірілдеген иек немесе көздің жылтырауы сізге басқаша сөйлейді. «Дене тіліне» сүйеніңіз, бірақ оны анық көрсетпеуге тырысыңыз. Жасөспірім шағында «эксперимент қажеттілігі» басым болатынын ұмытпаңыз.

3 – амал. Сіздің Ұлттық мәдениетіңіздегі әдет бойынша қолдау мен жігерлендіруді білдіріңіз: сөздермен, қимылдармен, арқасынан қағу, жақындау, күлімсіреу.

4 – амал. Жауап беру үшін дұрыс дауыс үнін таңдаңыз. Дауыстың үні сіздің сөздеріңіздің мағынасына байланысты екенін ұмытпаңыз. Дұрыс үнді таңдап, апелляциясыз немесе мысқылмен жауап бермеңіз – балалар мұны өздерінің жеке басына менсінбей қарау деп санауы мүмкін.

5 – амал. Әңгімені жалғастыру

үшін мақұлдау сөз тіркестерін айтып қолданыңыз және оған деген қызығушылығыңызды көрсетіңіз. Бұл үшін талқыланатын тақырыпқа эмоционалды көзқарасыңызды көрсететін қысқа фразалар жұмыс істейді, мысалы: «міне, иә!», «Иә, мүмкін емес!» және т.б.

Қабылдау 5. Әңгімені жалғастыру үшін мақұлдау сөз тіркестерін қолданыңыз және оған қызығушылық танытыңыз. Бұл үшін талқыланатын тақырыпқа эмоционалды көзқарасыңызды көрсететін қысқа фразалар жұмыс істейді, мысалы: «қарай көр!», «қойшы, мүмкін емес!» және т.б.

Біз амалдарды айттық, бірақ, бұл жай ғана техника, «автоматты түрдегі қарым-қатынас» болмауы керек. Сүйіспеншілікке толы ата-аналардың қызығушылығы шынайы болуы керек, ал оны білдіру табиғи түрде шығуы керек.

2 – жаттығу «Белсенді тыңдау»

Белсенді тыңдау диалогқа қосылуды және сұхбаттасушының сөздеріне нақты реакцияларды қамтиды. Жаңа ғана танысқан кейбір амалдарды қолданып корейік.

Жұптарға бөлінеміз. Жұптың бір мүшесі – жасөспірім рөлінде, екіншісі – ата-ана рөлінде. Жұптың бірінші нөмірлері қандай да бір мәселе туралы айтады. Мысалы, «менің жақсы достарым жоқ». Екінші нөмірлердің міндеті – белсенді тыңдау әдістерін қолдана отырып, сұхбаттасушының мәселесін ашып шешу.

Талқылау 3 минутқа созылады, содан кейін қатысушылар рөлдерін ауыстырады. Жұппен жұмыс істеу аяқталғаннан кейін қатысушылар пікірлерден алған әсерімен бөліседі.

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Сізге не қызығырақ болды – мәселеңіз туралы айту ма немесе сұхбаттасушының өз мәселесі туралы айтқанын тыңдау ма?

2. Тыңдау оңай болды ма? Сөйлеу ше?

3. Диалогта қандай амалдарды қолданып көрдіңіз?

4. Жұппен жұмыс жасау қаншалықты ыңғайлы болды? Әңгімелесушілер арасында байланыс орнатылды ма?

5. Жасөспіріммен диалогта сенімді байланыс орнату үшін ата-ана қандай қасиеттерге ие болуы керек?

Қалай позитивті ата-ана болуға болады?

Тәрбие қағидаты – ата-ананың баламен қарым-қатынасына негізделген сенім.

Қағидат ережелер арқылы іске асырылады – нақты нормалар, нақты тәрбиелік міндеттерді шешу тәсілдері.

2 – тапсырма. 4 топқа бөлініңіздер. Әр топқа талқылау үшін 1 қағидат ұсынылады.

Ұсынылған қағидаттар сіздер үшін басқаша естілуі мүмкін. Осы қағидатты қалай түсінетініңізді тұжырымдаңыз. Осы қағидатты қандай жағдайларда қолданасыз? Сіз түсіндіретін қағидатты іске асыратын бір ереже тұжырымдаңыз. Бүкіл топқа айтып беріңіз.

1 – қағидат. Басқалардан ерекшелену қалыпты жағдай.

2 – қағидат. Қателіктер жіберу - қалыпты.

3 – қағидат. Жағымсыз эмоцияларды көрсету – қалыпты.

4 – қағидат. Келіспеушілікті білдіру – қалыпты жағдай.

3 – тапсырма. «Сіздің балаңыздың күшті тұстары»:

1. Балаңыздың табиғатының күшті тұстарын тұжырымдаңыз. Жазыңыз. Қасиеттері білінетін мысалдарды келтіріңіз.

2. Үйде осы тақырып бойынша балаңызбен сөйлесіңіз. Ол өзін қалай бағалайды, ол өзінің күшті тұстары, жақсы қасиеттері деп нені санайды? Өздеріңіздің позицияларыңызды салыстырыңыз, талдаңыз.

Сізге «Позитивті ата-ана болуға апаратын қадамдар» чек-парағын ұсынамыз (чек-парақ)

Оқыңыз, балаңызды тәрбиелеуде не қолданасыз, соны «+» белгісімен белгілеңіз, сіз маңызды

емес деп санайтындықтан немесе бұл туралы ойламағандықтан, сіз жасамайтын нәрсені «–» белгісімен белгілеңіз. Бұл материал ұғынуға арналған.

1 – қадам. Күнделік жүргізіңіз немесе кесте жасаңыз

Мұнда сіз позитивті ата-ана болу жолындағы өзіңіздің жетістіктеріңіз бен сәтсіздіктеріңізді жазасыз. Осылайша сіз күнделікті өзіңіздің және балаңыздың жеке мінез-құлқын талдай аласыз, проблемаларды анықтай аласыз және жағдайға динамикада қарай аласыз. Онда балаңызға жеткілікті уақыт бөлдіңіз бе, ұйқы алдында өткен күннен алған әсерлерін талқыладыңыз ба, соны да белгілей аласыз.

2 – қадам. Баланы үдеріске қатыстырыңыз

Балаға маңызды істердің күнтізбесін жасаңыз, оларды орындағаны үшін ол стикерлер алатын болады. Онда сіз сабақтарды, бөлмені тазалауды, тіпті әжесіне барған кезде тәртіпті болуын қоса аласыз. Ең бастысы, бала жоспарды орындау жауапкершілігін саналы түрде өз мойнына алу керек және жоспардың әр тармағын қалай орындау керектігін түсінуі қажет.

3 – қадам. Талап етуді және міндет қоюды емес, түсіндіруді және өтінуді үйреніңіз

Балаңызға бірдеңеге тыйым салудың орнына – бұл неліктен жаман идея екенін позитивті түрде түсіндіріңіз. Қарсылықтарыңызды дәлелдеуді үйреніңіз. Балаға оның әрекеттері мен олардың салдарының себеп-салдарлық байланысы туралы айтуды ұмытпаңыз.

4 – қадам. Баланы тыңдауды және естуді бастаңыз

Баланы тыңдауды және түсінуді үйреніңіз. Дәріс оқымаңыз немесе үгіт-насихат жасамаңыз, оның орнына мұқият тыңдап, сіздің көзқарасыңыз неге сәйкес келмейтінін құрметпен түсіндіріңіз. Сөздеріңіз бен әрекеттеріңіз сәйкес келуі үшін дәйекті болыңыз.

Мысалы, егер сіз балаға ережеге сәйкес жолды бағдаршамның жасыл сигналына өту керек екенін түсіндірсеңіз, жол бойында машиналар болмаса да, қызыл түске өтпеңіз.

5 – қадам. Қателіктерге емес, жетістіктерге назар аударыңыз

Баланың дұрыс әрекеттерін мақұлдаңыз. Мысалы, егер бала математикадан үй тапсырмасын орындаған болса, бірақ бірнеше мысалдарды шешуде қателескен болса, оны бұл үшін ұрысудың қажеті жоқ. Оның бәрін өзі шешуге тырысқанын қолдаңыз және онымен бірге қателік жіберген мысалдарды қалай шешу керектігін қарастырыңыз. Ол дұрыс жауапты қайтадан өзі табуға тырыссын.

6 – қадам. Алдын ала ойланыңыз

Қиын жағдайларды болжап, алдын-ала шешімін ойластырып қойыңыз. Егер ұзақ сапарға шығу керек болса, бала зерікпес үшін көңілін қалай аулауға болатынын жоспарлаңыз. Бұл ойындар немесе жауапты тапсырма болуы мүмкін – мысалы, жол көрсету (тіпті сіз оны жақсы білсеңіз де).

7 – қадам. Дұрыс сұрақтар қойыңыз

Балаңызбен проблемаларды шешуді талқылай отырып, оның назарын келесі сұрақтарға аударыңыз: «Мәселе неден тұрады?», «Оны шешу үшін не істеуге болады», «егер...болса не болады?», «Қандай шешімді таңдаған дұрыс?», «Шешіміңіз дұрыс жұмыс істеді ме?». Осылайша бала ойлауды және салмақты шешімдерді өз бетінше қабылдауды үйренеді.

Тілектер, пайдалы ұсынымдар:

Ата-ана болу – өнер. Есіңізде болсын, мінсіз ата-ана жоқ. Көмек сұрауға және жетіспейтін ақпаратты іздеуге қымсынбаңыз.

Жағдайды салқындықпен бағалау және салмақты шешім қабылдау үшін дер кезінде тоқтап, тыныштануды үйреніңіз (тәсілдерді меңгеріңіз).

Көңіл-күйіңіз болмаса, қағаз алып, балаңыз сізді таң қалдырған нәрселердің тізімін жасаңыз.

2 САБАҚ
АҚЫЛ АЙТПА, ЖОЛ КӨРСЕТ.
ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ШАРТТАРЫ: БАЛА ҚАЛАЙ БЕЙІМДЕЛЕДІ

Мойынсұнбау – баланың оған деген қарым-қатынастың дұрыс болмауына қарсы тұруы

Сабақтың мақсаты: ата-аналардың балаларды жаңа жағдайға бейімдеу қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

1. Бейімделу кезеңінде балаларда физиологиялық және эмоционалдық өзгерістер болатынын түсіндіру.

2. Ата-аналарды баланың негізгі мектепте оқуға бейімделуінің физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерімен таныстыру.

3. Оқушыға психологиялық қолайлы жағдай жасау дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету.

Ұлттық құндылықтар мен жеке қасиеттер:

Ынтымақтастық, ата-ананың міндеті, құрмет, эмоционалды интеллект, әлеуметтік интеллект, өзін-өзі басқару, шығармашылық.

Жауапкершілік, шығармашылық, жауаптылық, ашықтық, ынтымақтастыққа дайын болу.

Күтілетін нәтижелер:

Ата-аналар баланы және оның мінез-құлқындағы өзгеріс себептерін жақсы түсінеді, баламен тиімді қарым-қатынас әдістерін қолдануға машықтанады, туындаған мәселелерді шешудің жаңа жолдарын көре алады.

Ата-аналар балалардың оңай және тез әлеуметтік, психологиялық бейімделуіне көмектеседі.

Жоспар

I. Кіріспе. Бейімделу. Бейімделу кезеңдері мен түрлері

II. Негізгі бөлім.

1.Кейсті талдау

2.«Мен балаға қалай көмектесе аламын» тренингі.

https://www.youtube.com/watch?v=qwttde8SK4Y&ab_channel=SON%C4%9EYPARTA

3.Балалардың бейімделуіне көмектесу туралы қысқаша ақпарат

4.https://www.youtube.com/watch?v=OOGmpn7Vo3I&ab_channel=SON%C4%9EYPARTA

5.«Балалардың бейімделуіне көмек» чек-парақтары

III.Қорытынды. Қорытындылау, тілектер.

Сабақтың ұзақтығы – 60 мин.

Құрметті ата-аналар! Биыл отбасыңызда елеулі оқиға: балаңыз бесінші сыныпқа барды. Бесінші сыныпта оқушы жаңа оқыту жүйесіне көшті. Жаңа сынып жетекшісі, жаңа пән мұғалімдері және түрлі пән кабинеттері пайда болды.

Балаңыздың бесінші сыныпқа барғанына міне, бір ай өтті. Осы уақыт аралығында Сізде бірнеше сұрақ пайда болуы мүмкін:

Балаңыз бесінші сыныпқа барғанда Сізде туындаған қиындықтар.

Балаңыздың мектептегі қиындықтары.

Баланың бейімделуіне қалай көмектесе аламын.

Ата-аналарға үш топқа бөлініп, баланың мектептегі психологиялық және педагогикалық мәселелерін алғашқы кезеңнен бастап талдау ұсынылады.

1-кейс

Сіздің балаңыз белсенді, мейірімді және ізденімпаз болып өсіп келеді, ол Сізге өзінің асып-тасыған энергиясынан басқа қиындық тудырмады. Бірақ, жақында Сіздің 9 жасар Айдос есімді балаңызға мұғалімдер шағымдана бастады. Олар Айдостың сабақтағы тәртібі кейде нашар

екені, тіпті сабаққа және оқу процесіне кедергі келтіретіні туралы айтты. Ол сабақта тыныш отырмайды, көп қозғалады, оқу материалына назар аудара алмайды, өзімен қоймай, өзгелерді де түрлі сөздер мен әзілдер айтып мазалайды, ерекшеленіп, өзіне назар аударуға тырысады. Жалпы, мұның барлығы осы жастағы балаларға тән мінез-құлық, бірақ бұл, әсіресе, математика сабақтарында айқын көрінеді.

Сынып жетекшісі бұған түсіністікпен қарайды, бірақ математика пәнінің мұғалімі оның тәртібін құптамай, ашуланады. Айдоста гипербелсенділік синдромы жоқ. Жақында мұғалім бүкіл сынып оқушылары алдында оған дауыс көтеріп, қатаң ескерту жасап, тыныштандырмақ болады. Айдос мектептен ренжіп келді. Сіз оның осы пән бойынша оқулығы мен барлық дәптерлерін бояп тастағанын, мектеп туралы теріс сөйлей бастағанын байқадыңыз. Үйде Айдостың тәртібі жақсы, бірақ оған үй тапсырмасын орындағанда, оған әр тапсырманы еске түсіріп, көмектесуге тура келеді. Ол көп нәрсені орындауға тырысқанмен, соңына дейін аяқтауға қиналады. Үй тапсырмасын жасау да қиынға соғады, себебі оның достарымен тезірек онлайн ойын ойнағысы келеді. Ал математикадан берілген тапсырмаларды орындау үшін, Сіз үнемі оның жанында тұруыңыз керек.

Балаға мектепке және жаңа оқу жүйесінің қарқынына, оның жүктемесіне бейімделуіне қалай көмектесуге, математика мұғалімімен арадағы мәселені ушықтырмау үшін, баланы қалай тәртіпке салуға болады?



Жауап нұсқалары:

А

Бұл әзілкештің сабақта не ұйымдастырғанын біліп алып, содан соң жазалаймын – ол бір апта бойы компьютерсіз және телефонсыз қалады, ал егер бұл қылықтарын одан кейін де қоймаса, онда туған күніне сыйлық жоқ. Ойнағанды көрсетемін! Қатаң шаралар қабылдауға тура келеді, мен оның ерсі әрекеттері туралы чатта тағы бір хабарлама алып, жиналыста сол үшін қызарып тұрғым келмейді. Ол енді кішкентай бала емес! Тіпті әкесінің белбеуіне де жүгінуге тура келеді!

Б

Қазір барлық уақытты оған арнау керек. Ол мұғалім үшін қатты алаңдайтын сияқты. Мүмкін оған әкесінің назары жетіспей жатқан шығар, өйткені ол ұзақ уақытқа іссапарға кеткен болатын. Мүмкін мәселенің бәрі атыс ойындарына байланысты шығар. Ал мұғалімнен тағы да кешірім сұрау керек болар. Ертең шай, кәмпит сатып алып, математика пәнінің мұғаліміне басымды иіп, барып қайтамын. Мен одан ұлыма өте қатал болмауын сұраймын.

В

Мен оған егер оның әзілкештігін жүзеге асыратын жері болмаса, мектепттегі КТК-ға бару керектігін айтайын, ол менің және әкесінің жүйкесін өз әзілдерімен тоздырмасын. Бұл біздің проблемамыз емес! Бұл мұғалімдердің өз сабақтарында дұрыс жұмыс жасамайтынын және сыныпта қалыпты тәртіпті сақтай алмайтынын көрсетеді. Үйде ол өте тәртіпті және ондай мәселелер жоқ. Жарайды, өзіңіз ойлаңызшы, әзілдепті, тыныш отырмапты, ол бала, олар оны орнына қалай қою керектігін біліп, ескерту жасауы керек. Енді оның әрбір түшкіргені үшін мені мазалай беруі керек пе?!

Г

Біз балаға не болғанын және неге математика сабағында сондай әрекетке баратынын анықтауымыз керек. Бұл жаста ондай әрекеттер табиғи нәрсе, бірақ бұлайша шектен шықпау керек еді. Егер ол өзіне басқалардың назар аударғанын қаласа, демек, оған сол нәрсе қажет. Біз мектеп психологі және сынып жетекшісімен сөйлесуіміз керек, олар бұған не дейді екен. Мұның барлығы жайдан жай басталмады ғой.

2-кейс

10 жасар Әселдің анасы соңғы кездері қызының мектептен көңілсіз оралып, ашулы жүретінін байқайды. Ол таңертең қиналып тұрады және мектепке ұзақ жиналады. Сабаққа бармау үшін көңіл-күйінің жоқтығын және одан басқа да түрлі сылтаулар айта бастады. Не болғаны туралы сұрақтарға қыз ерекше ештеңе болмағанын, тек қыздармен арада кикілжің болып, оның қазіргі уақытта реттелгенін айтады. Өзінің жай шаршап жүргенін және үйде көбірек болғысы келетінін жеткізеді. Анасын қызының соңғы екі аптада, әсіресе, бейсенбі күндері мектепке барғысы келмейтіні таң қалдырады.

Олар бүкіл отбасымен дүкенге барған кезде, анасы қызын қуантпақ болып, оған жаңа көйлек сатып алуды шешеді, бірақ қыз өзіне қалың жейде қажет екенін айтып, көйлектен үзілді-кесілді бас тартады. Ол анасына онша ұнамайтын қара түсті жейде таңдады. Анасы онымен дауласпады.

Келесі күні мектептің жанында қызын күтіп тұрғанда, анасы Әселдің құрбыларының бірінің анасымен сөйлесіп, дене шынықтыру сабағында жаттығуды орындай алмаған Әселге сыныптастары мен параллель сынып оқушыларының күлгенін кездейсоқ біліп қалады.

Ұлдардың бірі оған дөрекі және жағымсыз әзіл айтады, бұл жағдай мектепке жайыла бастайды. Әсел бұл туралы үйіндегілерге ештеңе айтпайды. Анасы қызының құрдастарының алдында мазаққа қалуынан қатты қорқады. Енді бәрі өз орнына келді, өйткені Әселдің сыныбында дәл сол бейсенбі күндері кесте бойынша дене шынықтыру сабағы бо-

лады. Әселдің артық салмағы жоқ, оны толық деп де айтуға болмайды. Бірақ сүйегі ірі болғанына байланысты (гиперстеникалық дене бітімі) және басқа қыздармен салыстырғанда жақсы дамығандықтан, ол үлкен және мықты болып көрінеді. Анасы қызының қатты күйзеліп, өз денесінен ұяла бастағанын білді.

Жағдай өте күрделі еді, өйткені бұл оқиға туралы Әсел үйіндегілерге ештеңе айтпады.

Сіз бұл жағдайда қыздың анасының орнында не істер едіңіз, мектептегі қорлау мен психологиялық жарақаттың алдын алу үшін қалай әрекет етер едіңіз?

Жауап нұсқалары:

А

Мен қызымды ренжітуге жол бермеймін, мұндай жағдайды елеусіз қалдыруға болмайды, ал мектеп қайда қарап отыр! Егер қызы ештеңе айтпай жасырса, демек, жағдайдың бақылаудан шығып кеткені. Бүгін мен сынып жетекшісіне қоңырау шаламын, ертең мектепке барып, қызымның сыныптастарымен сөйлесемін, қажет болса, балаларын орнына қойдыру үшін ата-аналарына қоңырау шаламын. Ал егер одан ештеңе шықпаса, балаларды орындарына өзім қоямын! Қызыма да сабақ болады, мұндай нәрсені жай қалдыруға және босаңсуға болмайтынын білсін.

Б

Мен қызыммен жұмсақ сөйлесемін. Ертең сынып жетекшісіне қоңырау шалып, оның сабаққа әзір бара алмайтынын айтамын. Қызыммен сөйлесіп, оны кімнің ренжіткенін білемін, мектептен кейін олармен кездесіп, енді ренжітпеуін сұраймын, барлық ата-аналарға қоңырау шаламын. Мен бұл жағдайдан шығуға тырысамын.

В

Әзірге ештеңе айтпаймын, бұл жағдайды өзі шешсін. Мен шу шығармаймын, қазір барлық бала қатыгез, ол да үндемей қалатындардан емес, мүмкін өзінің де кінәсі бар шығар. Бізге айтпағанына қарағанда, қорқынышты ештеңе жоқ сияқты. Қайткенде де ол өзін қорғай білуі керек, ұжымда өмір сүруді үйренсін, бұл болашақта өзіне қажет.

Г

Біраз уақыт бақылап көрейін, сәті келгенде онымен ашық сөйлесіп, мұндай жағдай менің де басымнан өткенін айтамын және қызымды әрқашанда қолдайтынымды жеткізем. Ол менің әрдайым сонымен бірге екенімді және бұл жағдайдан да бірге шығатынымызды білуі керек. Сымбатты көрінуі үшін қажет болса, спортпен айналысқанын да қолдаймыз. Дене шынықтыру сабағында нақты не болғанын, оның қаншалықты қиындап кеткенін, қызымның бұл жағдайға қалай әрекет еткенін және өзін қаншалықты қорғай алғанын түсіну керек. Ең бастысы, оның бізбен сөйлесуден қорықпай, өз мәселелерімен бөлісуі үшін, бізге сенуі қажет.

3-кейс

Раушанның анасының мамандығы мұғалім болғанымен, жұмыс істемейді. Міне, екі айдан бері Раушан мектепке бармайды. Мектебінде, сыныбында психологиялық жарақат, стресс немесе жанжал жоқ екені анықталды. Ол тек мектепте оқудан жалықты. Үйінде отырып, қызықты нәрселермен айналысқысы келеді. Анасы, оның айтуынша, Раушанды мектепке баруға үгіттейді, бірақ жағдайды реттеу үшін бірде-бір нақты әрекет жасамайды. Қыз анасын мазақтап, оғаш қылықтар көрсетеді.

Раушанның мұндай мінез көрсетуінің себебі неде? Анасы баласы үшін ақылын тыңдап, кеңес сұрайтын, құрмет тұтатын маңызды жан бола алмады, сондықтан ол жауапкершілікті баланың өз мойнына жүктеді ме?

Қыз қазірдің өзінде ересектердің бақылауынан шыққан, оның ендігі дұрыс дамуы қиын болады. Әзірге Раушан анасымен бірге, бірақ болашақта оларды не күтіп тұр?

Кейсті талдап, сұрақтарға жауап алғаннан кейін, 3 топқа бөлінуді ұсынамын.

«Мен балаға қалай көмектесе аламын» тренингі

«Шешім ағашы» – ватманмен жұмыс: топтар жағдайдың шешімін жазады, содан кейін ватмандырымен ауысып, көршілердің ватманына өз идеяларын қосады.

«Бесінші сынып оқушыларын негізгі мектепте оқуға бейімдеудегі қиындықтар» карточкалары.

Мен сіздерге үш топқа бөлінуді ұсынамын. Сіздердің үстелдеріңізде қаламдар мен ватман парақтары жатыр. Сосын тағы сұрақтар бар. Әр топ екі сұраққа жауап береді. Оларды бірлесіп талқылап, тұжырымдап, жауаптарын жазыңыз. Тапсырманы орындау үшін 10 минут беріледі.

Бірінші топқа арналған сұрақтар:

Бесінші сынып оқушысы бейімделу кезінде қандай физиологиялық қиындықтарға тап болады? Мен қалай көмектесе аламын?

Екінші топқа арналған сұрақтар:

Бесінші сынып оқушысы бейімделу кезінде қандай психологиялық қиындықтарға тап болады? Мен қалай көмектесе аламын?

Бейімделу кезеңінде балаларда қандай әлеуметтік қиындықтар туындайды?

Мен қалай көмектесе аламын?

Содан соң, жауаптарды бірге талқылаймыз.

Табысты психоэмоционалды бейімделудің белгілері:

1. Оқу процесіне қанағаттану сезімі

Бала мектеп туралы қуана айтады және оған қуана барады.

2. Бағдарламаны игеру

Балаға ұсынылған тапсырмаларды орындау қиыншылық тудырмайды. Егер бала дәстүрлі бағдарлама бойынша жұмыс істесе, бірақ кейбір қиындықтарға тап болса, оны басқа балалармен салыстырып, кінәлап, кемшіліктерін бетіне баспай, қолдау көрсету маңызды. Егер күрделі бағдарлама аясында оқыған кезде қиындықтар туындаса (мысалы, кез келген пәнді тереңдетіп оқу), ата-аналар әдеттегі бағдарламаға көшуді қарастыруы керек.

3. Тәуелсіздік дәрежесі

Бала тапсырмаларды өз бетінше орындауы керек, сәтсіз әрекеттерден кейін ғана ол ересек адамнан көмек сұрай алады. Көптеген ересектер алғашқы кезден бастап көмектесе бастайды – бұл үлкен қателік. Бала үй тапсырмасын дайындауда сондай әрекетке тез үйренеді де, болашақта оны өз бетінше орындау қиынға соғады.

4. Мұғаліммен және сыныптастарымен қарым-қатынасына көңілі толуы

Бұл негізгі белгілердің бірі. Егер бала мұғаліммен және сыныптастарымен үйлесімді қарым-қатынас орнатса, бейімделу процесі де жеңіл өтеді.

Сәтті физиологиялық бейімделудің белгілері:

Тұрақты күн режимі. Баланы осы режимге бірден емес, біртіндеп әкелу маңызды.

Толыққанды ұйқы.

Ыңғайлы жұмыс орны. Жиһазды дұрыс таңдау (баланың бойына сәйкес келуі) маңызды, жарық көзі баланың сол жағында болуы керек.

Таза ауада серуендеу (күніне кемінде екі сағат).

Сабақтан кейінгі демалыс (іс-әрекеттің өзгеруімен).



Дұрыс тамақтану.

Айналадағы адамдарға оң көзқарас.

Табысқа ұмтылу.

Ұйықтар алдында теледидар мен компьютерлік ойындарды көрмеу.

«Бейресми қарым-қатынас» жаттығуы

Топ «Ата-аналар» және «Балалар» болып бөлінеді. «Балалар» есіктен шығып, әрқайсысы «Ата-анаға» арнап мәселе ойлап табады. «Ата-аналар» шаршап отырмын, қолым тимейді және т.б. сылтаулармен баланың өтініштеріне көңіл бөлмеуге нұсқау алады. Содан кейін қатысушылар рөлдерін ауыстырады. Алайда, жаңа «Ата-аналар» керісінше: баланың сөздеріне барынша назар аудару, жауап беру, көмек пен қолдау көрсету керектігі туралы нұсқаулар алады. Қатысушылардың сезімдерін талқылау ресми (жабық, бей-жай, шынайы емес) және бейресми (ашық, эмпатиялық, шынайы) қарым-қатынас ұғымын анықтаумен аяқталады.

Баланы қолдау немесе мақұлдау – ата-ананың шеберлігін көрсететін маңызды нәрсе. Егер мақтау адамның жеке тұлғасын бағалауға бағытталған болса, бұл бағалауды іс-әрекеттің нәтижелеріне тікелей тәуелді етеді. Сәтсіздікке ұшыраған жағдайда өзін-өзі бағалау төмендесе, қолдау арадағы нәтижелер мен оларға қол жеткізудегі жеке үлесті тануға бағытталады. Бұл бала мен ересек адамның өзін-өзі бағалауын арттыруға көмектеседі.

Белсенді тыңдалым техникалары мен әдістері

«Жаңғырық» әдісі

Олардың біріншісі – «Жаңғырық» әдісі; оның мәні - ересек адам баланың артынан оның айтқандарының бір бөлігін қайталайды. Бірнеше сөзді қайталауға, синонимдерді таңдап алуға болады. Мысалы, бала: «Мен сіздің маған қажеті жоқ бақылауыңызды орындамаймын!» дейді. Мұғалім қайталайды: «Сен бұл бақылауды орындағың келмейді». Бұл мысқылға ұқсас болып көрінгенімен, мұндай «жаңғырық» ренішке әкеліп қана қоймайды, керісінше, диалогты азды-көпті ұтымды бағытта жалғастыра отырып, өз сөз тіркесін нақтылауға деген ұмтылысты тудырады.

Естігенін қайталау

Тағы бір әдіс – парафраза; мұғалім әңгімелесушіні дұрыс түсінген-түсінбегенін анықтауға тырысып, естігендерін қайталап айтып береді. Көп жағдайда бұл шынында да қажет, өйткені біз әрқашан жеткілікті түрде анық сөйлей бермейміз, өйткені әр адамның сөйлеуінде көптеген олқылықтар кездеседі. Мұның бәрі сөйлеушіге түсінікті, бірақ тыңдаушыға әрқашан айқын, түсінікті бола бермейді.

Түсіндіру

Үшінші әдіс – түсіндіру. Бұл айтылғандардың қорытындысы.

Баланы белсенді тыңдау әдістерін толығырақ етіп мынадай топтарға бөлуге болады.

Кідіріс

Бұл техниканың мәні мынада: егер біз сұхбаттасушының толық сөйлей алмай отырғанын көрсек, оның айтуына мүмкіндік беріп, кідіре тұру керек. Бізге бәрі түсінікті болып көрінгендіктен, ол үшін сөйлеуге тырысудың қажеті жоқ. Баланың осы тақырыпта не ойлайтынын білу үшін, оның көзқарасын, пікірін тұжырымдау үшін жиі кідіру қажет. Бұл баланың уақыты және оны өз қалауынша өткізуі тиіс.

Нақтылау

Біз сұхбаттасушыдан оның меңзеген нәрсесін дұрыс түсінгенімізді нақтылауын сұрауымыз керек. Бұл көбінесе баланың ойын дұрыс түсінбей, ол туралы басқаша немесе оның ойлағанына сәйкес келмейтін нәрсені көруіміз мүмкін кезде қажет.

Осы сәтте екі алма туралы астарлы әңгімені еске түсірсек.

Анасы бөлмеге кіріп, кішкентай қызының қолында екі алма бар екенін көреді. «Қандай әдемі алма! – дейді анасы. – Маған біреуін берші!».

Қыз анасына бірнеше секунд қарап тұрады да, екі алманы тез-тез тістеп алады. «Қызым менен алманы аяғаны ма?» – деп анасы қатты қобалжиды. Ол ренжіп үлгергенше қызы оған алманың бірін беріп: «Міне, анашым, мына алманы ал: осы тәттірек екен!» – дейді. Бұл астарлы әңгіме адамды дұрыс түсінбеу, оның әрекеттерін немесе сөздерін бұрмалау қаншалықты оңай екенін еске салады.

Қайталау

Белсенді тыңдалымның бұл әдісі әңгімелесушіден естігенімізді өз сөзімізбен қайталауды ұсынады. Оның мақсаты – өзінің қызығушылығын көрсету, сонымен қатар, біз бір нәрсені дұрыс түсінбеген жағдайда, сұхбаттасушы бізді түзете алады. Одан да басқа, қайталау әңгімеден белгілі бір аралық қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Ойдың дамуы

Бұл сұхбаттасушының айтқанына жауап, бірақ белгілі бір мақсатпен: ересек адам баланың ойын жалғастырғандай болады, бұл оқиғалар немесе әрекеттер неге әкелуі мүмкін, олардың себептері қандай болуы мүмкін және т.с.с. болжам жасайды.

Қабылдау туралы хабарлама

Бұл әдіс бойынша ересек адам балаға оны түсінгені туралы хабарлайды. Бұл белгілі бір вербальді хабарлама туралы, бірақ оны: әңгімелесушіге бетпе-бет келу, басын изеу, мойынсұну сияқты вербальді емес түрде көрсеткен жөн. Сыртыңызбен тұрып немесе жан-жаққа қарап сөйлесуге болмайды.

Өзін-өзі қабылдау туралы хабарлама

Бұл әңгімеге байланысты эмоционалды күйіңіз туралы хабарлама. Мысалы: мен ренжідім, мені ренжіткен сенің сөздерің; немесе: мен мұны естігеніме қуаныштымын. Бұл әдеттегі «мен-хабарлама», бірақ әңгімеге байланысты ол эмоционалды байланыстың болуын көрсетеді.

Әңгіме барысындағы ескертулер

Бұл белсенді тыңдалым техникасын қолдану кезінде қажет болатын әңгіме барысы туралы шағын тұжырымдар; мысалдар: «Менің ойымша, біз бұл мәселені талқыладық», «Менің ойымша, біз жалпы қорытындыға келдік» және т.б.

Әңгіме

Мен мәселеге қатысты ойланып, оны үйде орындауды ұсынамын:

1. Тамақтану білімді игеруге қалай әсер етеді. Бір аптаға пайдалы таңғы ас мәзірін жасаңыз.

2. Екінші ауысымдағы баланың оқуын ескере отырып, күн тәртібі қандай болуы керек. Баламен бірге күн тәртібін жасаңыз.

3. Өзіңізге жауап беріңіз:

«Менің баламда мені не қызықтырады?»;

«Ол нені жақсы істей алады?».

Сіздер, ата-аналар, оқу мектептің орта буынына ауысқанда, балалардың қолайлы бейімделуі үшін, оларға көңіл бөліп, сүйіспеншілік таныту арқылы көмектесе аласыздар.

Чек - парақтар

Ата-аналарға арналған жаднама

Балаға 5-сыныпта оқуға бейімделуге қалай көмектесуге болады

1. Балаңызды мектеп істері туралы әңгімеге тартыңыз. Баланыздың айтқанына қызығушылық танытыңыз.

2. Балаңыздың мұғалімдерімен оның үлгерімі, мінез-құлқы және сыныптастарымен қарым-қатынасы туралы үнемі сөйлесіңіз.

3. Баланы мектептегі бағалары үшін емес, іс-әрекеттері үшін жазалаңыз және марапаттаңыз. Бала жақсы бағаларды тек оқудағы жеке жауапкершілігі үшін сыйақы ретінде қабылдауы керек.

4. Балаңызға үй тапсырмасын орындауға көмектесіңіз, бірақ оны өзіңіз жасамаңыз.

5. Балаңызға мектепте оқытылатын нәрсеге қызығушылық танытуға көмектесіңіз. Балаңыздың неге қызығатынын анықтаңыз және оның қызығушылықтары мен оқу пәндері арасында байланыс орнатыңыз.

6. Үйдегі жайлы атмосфераны сақтаңыз. Үйдегі тыныштық балаға

мектептегі мәселелерді тиімді шешуге көмектеседі.

7. Тым көп талап етпеңіз!

Ата-ана үшін баланың мүмкіндіктерін түсіну және білу маңызды. Ол үшін жай бақыласаңыз болғаны: бастауыш сынып оқушысы не нәрсені жақсы жасай алады, ал не нәрсеге шамасы келмейді. «Мақсаттарды» баланың мүмкіндіктерінен сәл жоғары немесе соған сәйкес ақырындап қойыңыз.

8. Сенімділік ставкасы

9. Баланың өзіне сенімді оқушы болуына көмектесу кезінде оның неге мықты екеніндігіне сүйеніңіз.

10. Әрқашан тыныштандыруға мүмкіндік болуы тиіс

Көптеген ата-аналар баланы ренжіген кезінде, көңілсіз және жылаған сәттерінде дұрыс тыныштандыруды білмейді. Мұндай сәттерде баланың сезімімен бөлісіп, оларды білдіруге мүмкіндік беру өте маңызды.

Мұндай жағдайларда мынандай сөздерді айтуға болмайды: «Назар аударма!», «Бұл түкке тұрғысыз сұрақ «, « Бұл осындай майда-шүйделер!» және т. б.

Сіз оның сезімдерін түсінетіндігіңізді білдіруіңіз керек:» Мен сенің ренжігеніңді білемін» және абайлап, жай ғана не болғанын айтып беруін сұраңыз. Бала айтып жатқанда, эмоция білдірсеңіз, балаға айту жеңілірек болады.

Тренерлерге арналған қосымша материалдар

Жасөспірім кезінде бір уақытта әртүрлі – физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік деңгейлерде көптеген процестер жүреді.

Егер физиология туралы айтатын болсақ, ең алдымен, адам жыныстық тұрғыдан жетілген ересек тұлғаға айналады, бұл денеде көптеген өзгерістерді тудырады және ол сезім әрдайым жағымды бола бермейді. Бұл уақытта баланың өзін жиі нашар сезінеді, иммунитеті төмендейді, гормондары тұрақсызданады, дененің өсуіне байланысты ішкі ағзаларына күш түседі.

Сондықтан, дәл осы жаста психикалық аурулар жиілеп, өршіп кетуі немесе созылмалы ауруларға айналуы мүмкін. Өсудің үлкен серпілісі, дененің физикалық ұлғаюы, жыныстық жетілу – бала ағзасына үлкен күш түсіреді, бұл кезде адам осал болады.

Нейрофизиология – жасөспірімнің миы айтарлықтай қайта құрылып, осы уақытқа дейін ештеңеге қатыспаған қажеті жоқ байланыстарды қабылдамай, басқа байланыстарды белсенді етеді. Бұл кезде бала өз іс-әрекетінің салдарын бағалауда, болжауда, сыни тұрғыда қиындықтарға тап болуы мүмкін. Мақсат қоюға, болжауға жауап беретін ең күрделі және кеш жетілетін ми құрылымдары осал болып, қайта құру жағдайында жақсы жұмыс істемейді. Егер әлеуметтік жоспар туралы айтатын болсақ, онда адам осы кезеңде өз отбасының микро әлеміне және үлкен әлемге, қоғамға бет бұрады. Оның өміріндегі негізгі оқиғалар құрдастарының ортасында бола бастайды (біз қазір әдеттегі нұсқа туралы айтып отырмыз, нақты балалар басқаша әрекет етуі мүмкін). Оның жақсы көретіні - құрдастар арасындағы қарым-қатынас, дос болу, біреуге ұнау, біреуді ұнатпау, біреуді жақтау немесе біреуге көмектесу. Бұл жастың міндеті - күрделі әлеуметтік байланыстарды игеру, топтық иерархия, топтық қысым, топтағы орын сияқты құбылыстармен іс жүзінде танысу.

Бұл өте күрделі әлем, ол әдетте осы жаста игеріледі. Егер ол игерілсе, жақсы. Кейбір ата-аналар, егер баласы құрдастарымен араласудың орнына, кітап оқып отырса, қатты қуанады. Ал психологтер мен психиатрлар бұл жағдайда, керісінше, сақтық танытады, өйткені бұл баланың әлеуметтенудегі мәселелерін көрсетуі мүмкін. Сондықтан бұл жаста баланың мектептегі сабақтардан гөрі құрдастарымен қарым-қа-



тынасына көбірек қызығушылық танытуы қалыпты жағдай.

Кейбір бесінші сынып оқушылары есейгендерін мақтан тұтады. Олар әдетте оқу процесіне тез тартылады. Басқалары мектеп өміріндегі өзгерістерге алаңдайды. Олардың бейімделуі ұзаққа созылады. Мазасыздық, ұялшақтық немесе керісінше, босаңсу, әбігерлік пайда болады. Нәтижесінде балалардың үлгерімі төмендейді, ұмытшақтық байқалады. Мектепке бейімделудің психологиялық және физиологиялық жағы бар. Біз балаға осы кезеңді аман-есен өткізуге қалай көмектесуге болатынын талқылаймыз.

«Баланың мектепке бейімделуі» дегеніміз не? Кең мағынада бейімделу – бұл қоршаған ортаға бейімделу. Мектепке бейімделу – бұл жүйелі оқытуға және мектептің жаңа жағдайларына үйрену. Психологтердің пікірінше, бейімделу 6-8 аптадан алты айға дейін, кейде одан да көп уақытқа созылуы мүмкін. Неліктен балаларда бұл процестің ұзақтығы соншалықты өзгереді? Бейімделу мерзімі көптеген факторларға байланысты: бұл отбасындағы «атмосфера», баланың жеке ерекшеліктері, оның білімі мен дағдыларының деңгейі, оқу орнының түрі, бағдарламаның күрделілік деңгейі және т. б.

Бейімделу кезеңдері

Шартты түрде баланың мектепке бейімделу процесі үш негізгі кезеңге бөлінеді, олардың әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады.

Бейімделудің бірінші кезеңі «Бағдарлы» деп аталады.

Бала жаңа жағдайларға мұқият қарайды, жағдайды, шекараларды, нормаларды және т.б. зерттейді. Бұл оған өте қиынға соғады. Балаға физикалық және психологиялық тұрғыдан да салмақ түседі. Оның өзін қоршаған ортаға реакциясы ашық немесе өткір болуы мүмкін.

Бұл кезең көбінесе екі-үш аптаға созылады.

Екінші кезең - «Тұрақсыз бейімделу» кезеңі

Атауы айтып тұрғандай, бала бұл кезеңде бейімделе бастайды. Ол ұсынылған жағдайларда оңтайлы мінез-құлық көрсетуге жақын. Оның ойына түрлі мінез-құлық сызбалары келе бастайды - бұл денеге бірінші кезеңге қарағанда аз күш жұмсауға мүмкіндік береді. Реакциялары қазірдің өзінде эмоционалды емес.

Ұзақтығы: шамамен екі-үш апта.

Бейімделудің үшінші кезеңі - «Салыстырмалы түрде тұрақты бейімделу»

Бұл кезеңде бала таңдалған мінез-құлыққа сенімді болады және олар тұрақты бола бастайды; «мен мектеп оқушысымын және бұл нені білдіреді» түсінігін бағалау орын алады.

Соңғы кезең бес-алты аптадан бір жылға дейін созылады.

Физиологиялық бейімделу

Мектеп оқушысына үлкен физикалық салмақ түседі: жаңа білімді меңгеру түріндегі психикалық және оқу үдерісіндегі физикалық – статикалық позиция. Жүктеме неғұрлым көп болса, дене соғұрлым көп күш жұмсайды. Бұл жерде шаршау сәтін жіберіп алмау маңызды.

Күнделікті режим баланың физиологиялық бейімделуін жеңуге көмектеседі.

Тәрбиеші және психолог Юлия Гиппенрейтердің ата-аналарға арналған 20 кеңесі

1. Мойынсұнбау - баланың дұрыс емес қарым-қатынасқа қарсы тұра алатын жалғыз нәрсесі.

2. «Проблемалық», «қиын», «тентек» және «мүмкін емес» балалар, сондай-ақ «комплексі бар», «еңсесі түскен» немесе «бақытсыз» балалар әрқашан отбасындағы дұрыс қалыптаспаған қатынастардың нәтижесі болып табылады.

3. Әрине, баланы қабылдау дегеніміз - оны әдемі, ақылды, қабілетті, үздік оқушы, көмекші және т. б. үшін емес, жай ғана оның болғаны үшін жақсы көру!

4. Балаға неғұрлым көп ұрысса, соғұрлым ол нашарлайды. Неліктен бұлай болады? Себебі баланы тәрбиелеу жаттықтыру емес. Ата-аналар балаларда шартты рефлекстерді дамыту үшін өмір сүрмейді.

5. Ата-аналар балаға қаншалықты жиі ашуланса, оны ұрып-соғып, сынға алса, оған соғұрлым: «мені сүймейді» деген ой түйеді.

6. Тәртіп жақсы қарым-қатынас орнатқанға дейін емес, одан кейін және тек соның негізінде.

7. Егер бала көмек сұрамаса, оның айналысып жатқан ісіне араласпаңыз. Араласпауыңыз арқылы сіз оған «Сенде бәрі жақсы! Сен, әрине, бәрін жеңе аласың!»– деп хабарлайсыз. Егер ол еңсере алмайтын үлкен қиындыққа тап болса, бұл басқа мәселе. Ол кезде араласпау позициясы дұрыс болмайды, ол тек зиян келтіруі мүмкін.

8. Егер бала қиналса және сіздің көмегіңізді қабылдауға дайын болса, оған міндетті түрде көмектесіңіз. Бұл жағдайда, бала жасай алмайтын нәрсені ғана алыңыз, қалғанын өзінің жасауына мүмкіндік беріңіз; бала жаңа әрекеттерді игерген сайын, оларды біртіндеп өзіне беріңіз.

9. Баланың жеке тұлғасы мен қабілеттері тек өз қалауы бойынша және қызығушылықпен айналысатын іс-әрекетте дамиды.

10. Жасөспірімдердің сәні желшешек сияқты – көптеген бала оны азды-көпті байыпты түрде алып жүреді, ал бірнеше жылдан кейін олар сол кезді күліп еске алады. Сол кезде ата-ананың ұлы немесе қызымен соған байланысты ұзақ уақыт жанжалдаспағаны жөн.

11. Балаңызға өз әрекеттерінің (немесе әрекетсіздігінің) жағымсыз салдары сезінуге мүмкіндік беріңіз. Сонда ғана ол өсіп, «саналы» болады.

12. Іс-әрекетті сепсеңіз - әдетті жинайсыз, әдетті сепсеңіз - мінезді жинайсыз, мінезді сепсеңіз - тағдырды жинайсыз! Сіз өзіңіздің наразылығыңызды балаға емес, баланың жеке іс-әрекеттеріне білдіре аласыз.

13. Баланың іс-әрекетін айыптауға болады, бірақ оның сезімін емес. Баланың іс-әрекетіне наразылық жүйелі болмауы керек, әйтпесе ол оны қабылдамайды.

14. Баланың қалаусыз мінез-құлқы - қалыпты өмір сүру жағдайларына қалыпты реакция болып табылады.

15. Баланың сезінуінше, қатал ана одан эмоционалды түрде қорғалған.

16. Балаңыздың өзімен өзі болуына мүмкіндік беріңіз. Оны үнемі итермелемеңіз. Оны үйрете бермеңіз. Оған ақыл айта бермеңіз. Оны дәріптеуге тырыспаңыз. Оны ешнәрсе жасауға мәжбүрлемеңіз!

17. Өз қызметінің барысын бақылау әрекетке кедергі келтіретіні, тіпті оны толығымен бұзатыны белгілі емес пе? Жазуды бақылауда ұстап, жазар ойымызды жоғалтуымыз, мәнерлеп оқуға тырысып, мазмұнды түсінбеуіміз мүмкін.

18. Өзін-өзі тану және өзін-өзі тәрбиелеу – бала тәрбиелеймін деген ата-аналар мен мұғалімдердің алғашқы міндеті.

19. Бала ренжіген, сәтсіздікке ұшыраған, ауырған, ұялған, қорыққан немесе дөрекілік пен әділетсіздікке тап болған кездерде, тіпті оның қатты шаршаған кезінде де, ең алдымен, оның жағдайы туралы білетіндігіңізді білдіру.

20. Баладан қиын немесе мүмкін емес нәрсені талап етпеңіз. Оның орнына қоршаған ортада нені өзгертуге болатынын қарастырыңыз.

Тиімсіз стратегиялар

Бұл біздің бостандығымызды шектейтін және ата-аналардың қатаң ұстанымдарын қалыптастыратын қисынсыз пікірлер. Көптеген ата-аналарға баласының өміріне жауапкершілікті аудару қиынға соғады, өйткені олар жақсы ата-ана болуға ұмтылады, ал ол шамамен мынаны білдіреді:

- Мен баламның қалыпты дамып, өзін белгілі бір жолмен ұстайтынына көз жеткізуім керек.

- Мен баламды басқаруға міндеттімін, ал ол менің нұсқауларымды орындауға міндетті.

- Мен балаға қамқорлық жасауым керек. Ақыр соңында, ол дүниеге келгеніне кінәлі емес.

- Егер менің балам қиындыққа тап болса, мен оны осы қиындықтан құтқаруым керек.

- Мен ол үшін бәрін құрбан етуім керек, өйткені оның қажеттіліктері менікінен маңыздырақ.

- Мен барлық қауіпті жағдайларға сақ болуым керек және баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, олардан қорғауым керек.

- Менің міндетім – баламды азаптан, қиындықтан, қателіктерден және сәтсіздіктерден қорғау.

Бейімделу кезеңіндегі қиындықтар:

* жұмыс қарқынының артуы: балалардың тез жазуға уақыты жоқ;

* сабақта және үйде жұмыс көлемінің артуы;

* жаңа мұғалімдер және жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар;

* қосымша ақпаратты өз бетінше тауып, онымен жұмыс істеу керек;

* жаңа кесте және жаңа кабинеттер;

* жоғары сынып оқушыларымен арадағы қиындықтар.

Бесінші сынып оқушыларының кейбір мәселелері:

* жазбаша жұмыстарда әріптерді жазбай кету;

* ережелердің тұжырымдамасын біледі, бірақ қалай қолдану керектігін білмейді;

* математикалық есептерді әрең шешеді;

* ұқыпсыз, шашыраңқы, ұмытшақ;

* мұғалімнің түсіндірмелерін түсінуі қиын;

* кеңістікте нашар бағдарланған;

* сабақтардан, мұғалімдерден, білімді тексеру жағдайларынан қорқады;

* достарын жиі өзгертеді.

Дағдарыс кезеңдері:

* алғашқы 4-6 апта (қыркүйек, қазан), желтоқсанның ортасы; ақпандағы демалыстан кейінгі апта; наурыздың ортасы (әсіресе демалыстан кейін).

Жас ерекшеліктері:

* жасөспірімге дейінгі жас;

* есею сезімін біртіндеп қабылдау;

* негативизмнің көрінісі;

* ересектермен қақтығыстардың болуы мүмкін;

* эмоционалды тұрақсыздық;

• өзінің бірегейлігі мен өзін-өзі табуға тырысады;

* жетекші оқу қызметін коммуникацияның жетекші қызметіне ауыстыру;

* қабілеттердің дамуы мен мотивациясы сәттілік жағдайына байланысты;

* нарцистердің жасы.

1-жаттығу. «Бала проблемаларының баспалдақтары»

Мен сіздерден келесі сұрақтарға жауап беру арқылы кестені толтыруды сұраймын:

Жауаптарды ең оңай мәселеден бастап, күрделі мәселеге дейін жазуға тырысыңыз.

Мені балам мен екеуіміздің арамыздағы қарым-қатынаста не мазалайды? Бұл мәселені шешу үшін баланың қандай жақсы қасиеттеріне сүйенуге болады? Бұл мәселені шешуге қандай теріс әрекеттер кедергі келтіреді? Бұл жағдайдан шығудың қандай жолдарын ұсына аласыз? Жауаптарыңызға қараңыз. Сіз ұсынған нәрсені жүзеге асыруға не кедергі келтіреді? Баланың сіздің әрекеттеріңізге білдірер реакциясын болжауға тырысыңыз.

2-жаттығу. «Мен ата-ана сияқтымын»

Құрметті ата-аналар! Сұраққа шынайы жауап беріңіздер: Сіздерде ата-ана ретінде қандай қасиеттер бар.

Жақсы ата-ана болуға көмектесетін сапалар

Жақсы ата-ана болуға кедергі келтіретін сапалар

Мәселені шешу үшін сүйенетін сапалар

Күшейтуді қажет ететін сапалар

Жақсартқыңыз келетін ең маңызды қасиеттерді таңдаңыз.

Пантомима арқылы оны және оның күшеюін көрсету. Теріс қасиеттерді азайту.

«Мен ата-анамын» диаграммасын сызыңыз. Ата-ана - шеңбер. Шаршы – оң қасиеттер, Үшбұрыш – теріс қасиеттер. Диаграммаларды талдау.



3 САБАҚ
«БАЛАҒА ҮЙРЕТУ: АҚЫЛЫҢДЫ МЕЙІРІМГЕ ОРАП БЕР ӨЗ БАЛАҢЫЗДЫҢ КІЛТІН ҚАЛАЙ ТАБУҒА БОЛАДЫ

Сабақтың мақсаты: ата-аналардың жас дағдарысы кезінде жасөспіріммен үйлесімді қарым-қатынас орнату қабілетін дамыту.

Міндеттері:

– ата-аналардың жас дағдарысы кезеңінде баламен өзара түсіністікке қол жеткізуге деген ұмтылысын дамыту;

– ата-аналардың адам дамуындағы жас кезеңдерінің мәдени бастаулары туралы, жасөспірімдер дағдарысы кезеңінің экологиялық өмір сүру ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту және тереңдету;

– ата-аналардың сындарлы келіссөздер жүргізу, жанжалдарды шешу, реніштерді кешіру дағдыларын қалыптастыру.

Жоспар

I. Ұйымдастыру бөлімі

Сәлемдесу

Мақсаты мен міндеттері

II. Негізгі бөлімі

1. «Танысу» сергіту-жаттығуы

2. Ата-аналарды жас дағдарыстарымен таныстыру. Зира Наурызбайдың «Умай» авторлық

бағдарламасынан «Мүшел жас» бейне үзіндісі

3. Жас ерекшеліктеріне сәйкес баланың мінез-құлқына қойылатын міндеттер мен күтілетін нәтижелерді анықтау (1- кейс)

4.»Келіссөздер» жаттығуы

5.»Баламен ортақ мүдделерді қалай табуға болады? « тақырыбын бірлесе талқылау

6.Маңызды оқиғалар күнтізбесі (іс-шаралардың чек-парағы)

III. Қорытынды бөлім

Күтілетін нәтижелер

Сабақ аяқталғаннан кейін ата-аналар:

– жас дағдарысы кезінде жасөспіріммен эмоционалды байланыс пен сенімді қарым-қатынасты сақтауға талпынады;

– адам өмірінің жас кезеңіндегі мәдени дәстүрлердің маңыздылығын, ересектер мен балалардың ортақ мүдделері мен іс-әрекеттерін түсінеді;

– жасөспіріммен оң қарым-қатынас орнату бойынша практикалық дағдылары мен ұсыныстары қалыптасады.

Қажетті ресурстар: презентация, бейнетаспалар, бағандар, маркерлер, А3 және А4 парақтары, қаламдар.

Жұмыс форматы: тренинг элементтері бар сабақ.

Әдістері: пікірталас, «миға» шабуыл, тренинг жаттығулары

Сабақтың ұзақтығы-60 мин.

Сәлемдесу

Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар! Мен сіздерді сабағымызда көргеніме қуаныштымын. Бүгін мен сіздермен өсіп келе жатқан баланың өміріндегі дағдарыс жасы және осы кезеңдегі мәселелерді шешудің кілтін қалай табуға болатындығы туралы сөйлескім келеді.

Ақпараттық блок

Ата-аналарды жасөспірімдер дағдарысының көріністерімен таныстыру

Жасөспірімдер дағдарысы – психикалық даму кезеңі, бастауыш мектеп жасынан жасөспірімге көшу кезеңі. Ол өзін-өзі көрсетуге, өзін-өзі тануға деген ұмтылыстарында көрініс табады.

Бұл кезде әдеттен тыс мінез-құлықтың әртүрлі формаларымен қатар, тәуелсіздігін көрсету, оқу іс-әрекетіне деген мотивацияның төмендеуі, ата-анасы және мұғалімдермен қақтығыстар туындайды.

Жасөспірімдер дағдарысы өзін-өзі танудың жаңа деңгейінің қалыптасуымен, рефлексия арқылы жеке тұлғасын танып білу қабілетінің пайда болуымен аяқталады.

Негізгі бөлім

1.»Танысу» сергіту-жаттығуы

Мақсаты: танысу және сенімді атмосфераны құру.

Қатысушылар жұптарға бөлінеді. Әр қатысушыға тапсырма беріледі: «Өзіңіз туралы екі қызықты фактіні бір-біріңізге айтыңыз. Басқалармен бөлісіңіз және сұхбаттасушыңызды таныстырыңыз».

2.»Баланың негізгі жас дағдарыстары» слайды

Бала есейген сайын, бірнеше дағдарысты басынан өткереді. Оның негізгілері:

1. 1 жастағы дағдарыс (бала жүре бастайды, сөйлей бастайды және анасынан алыстайды)

2. 3 жастағы дағдарыс - өзін ата-анасынан бөлек адам ретінде тануы, тәуелсіздікке ұмтылуы.

3. 7 жастағы дағдарыс – балалар әлемінен ересектер әлеміне көшуі, жетекші қызмет түрінің ойыннан оқуға ауысуы. Өзінің құқықтық шекарасын кеңейтуі.

4. 12 жастағы дағдарыс – өтпелі жас – ағзадағы гормондық өзгерістер, жедел өсуі мен физикалық дамуы, өзінің қай жынысқа жататынының сезінуі, өзін іздеуі.

Талқылау, сұрақтар:

1. Балаларыңызда дағдарыстың қандай белгілерін байқайсыз?

2. Балаңыздағы бұрынғы дағдарыстар көріністері есіңізде ме?

3. Сіз дағдарыс көріністерімен қалай күресесіз?

3. Дәстүр бойынша, қазақтар мәдениетіндегі адамның өмір сүру уақыты жылдармен емес, мүшелдермен (12 жылдық цикл) өлшенеді.

Қазақтардың мүшел жасы мен ғылыми түсініктегі жасөспірімдер дағдарысының ортақ тұстары көп.

Мүшел бір күйден екінші күйге өтпелі кезең болып саналады. Осы уақытта абай болу керек, балаға көбірек көңіл бөліп, оны қорғау керек. Бұрын мүшел жасқа келген жасөспірімді жағымсыз әсерлерден қорғау үшін құрбандық шалған.

Неліктен қазақтар мүшелді адам өміріндегі маңызды кезең деп санайды?

Зира Наурызбаеваның «Абай» ТВ-дағы «Умай» авторлық бағдарламалар циклынан үзінді

https://youtube.com/clip/UgkxARL0zwnmjrJtdpCAuEAbd5FfucsQNnLa

https://youtube.com/clip/Ugkx5Sekhf19xnp7f8Lh6kKixRUIq6Wd7Cv3

4. Дағдарыстың барлық кезеңдерінде жасөспіріммен байланыста болудың маңыздылығы туралы (слайд)

Дағдарыстың барлық кезеңдерінде жасөспіріммен байланыста болудың маңыздылығы туралы сөйлесейік.

Кейс. Жасөспірімнің оқиғасы

12 жастағы жасөспірім отбасының барлық мүшелерімен қақтығысады.Баламен қарым-қатынас жасаудың жалғыз кілті де, жасөспірімге қолдау көрсететін де оның әжесі болып қалады.

Оның проблемалық мінез-құлқына қарамастан, онымен сөйлесуді жалғастырған жалғыз отбасы мүшесі.

Туыстарымен қақтығыс шарықтау шегіне жеткенде, әжесі жасөспірім мен бүкіл әлем арасын байланыстырушы елші болды. Жасөспірімдер дағдарысы 2 бөлімнен тұрады. Бірінші жартысында жасөспірім өзінің бұрынғы бейнесін өзгертіп, бүкіл әлеммен қақтығысқа түседі. Екінші кезеңде жасөспірім өзінің жаңа жағдайын, физиологиясын, гормоналды өзгерістерін сезініп, әлеммен байланысын қайта қалпына келтіреді.

Екінші кезеңде, бала туыстарымен байланыс орнатуға дайын болған кезде, оның қарым-қатынасын қалпына келтіруге әжесі көмектеседі. Елші ретінде әжесі жасөспірімге жақын адамдарын кешірудің, қолдау және бағалай білудің маңыздылығын түсіндірді.



Қорытындылар:

Жасөспірімнің қауіпсіздігін және дағдарыстан ыңғайлы шығуын қамтамасыз ету үшін жас өзгерістерінің барлық кезеңдерінде онымен байланыста болу өте маңызды. Әженің мінез-құлық үлгісі – жанжалды жағдайдың шешімі іспетті.

Талқылауға арналған сұрақтар:

- Сіз балалардың осындай мінез-құлқына тап болдыңыз ба?

- Сіздің отбасыңызда «әже», яғни бітімгер рөлін кім ойнайды?

- Егер ата-анасымен арада жанжал туындаса, сіздің балаңыз кімге жүгінеді?

5. Мүшел түсінігіне дәстүрлі және заманауи көзқарас туралы бейнетаспа

https://youtube.com/clip/UgkxARL0zwnmjrJtdpCAuEAbd5FfucsQNnLa

Мүшел жас қауіпті ме?

«Менің атым Арман» фильмінің 1-сериясы

Талқылау

Сұрақтар:

Сіздің отбасыңызда мүшел жасты қалай тойлайды?

Мүшелге байланысты қандай дәстүрлерді білесіз?

Сіз мүшелдің адам өміріндегі маңызды кезең екендігіне келісесіз бе?

6. Келіссөздер» жаттығуы (слайд)

Мақсаты: топ мүшелеріне өздерінің ата-аналық үміттері мен баланың мүмкіндіктерін түсінуге және тұжырымдауға көмектесу. Келіссөздер мен дәйектемелер арқылы әңгімелесушімен келісімге келу дағдысын қалыптастыру. Өзін баланың орнында сезініп, оның себептерін түсіну.

Орындау

1.Қатысушыларды жұпқа бөліңіз.

2.»Ата-ана» және «бала» жұбын таңдаңыз.

3. Тиісті тақырып бойынша келіссөздер жүргізу.

«Бала» «фаст-фудтың денсаулыққа пайдасы бар» екенін, «Достарымен далада кешкі уақытта серуендеу қауіпсіз» екенін, «Компьютер ойнау көңілді және пайдалы» екенін дәлелдеуі қажет.

«Ата-ана» «дұрыс тамақтану денсаулық үшін маңызды», «Оқу – баланың ең маңызды міндеті», «Бөлмедегі тәртіп – адам өмірінің міндетті шарты» екенін дәлелдеуі керек.

4. 10 минуттан кейін қатысушылар рөлдерін ауыстырып, жаттығуды қайталайды.

Талқылау:

- Жаттығуды орындау кезінде сіз өзіңізді қалай сезіндіңіз?
- Нені дәлелдеу оңай болды?
- Сізге қандай дәлелдер ұнады және керісінше қандай дәлелдер ұнамады?
- Бұл жаттығу баланың кілтін табуға қалай көмектеседі?

7. Интерактивті жұмыс: «Жасөспіріммен ортақ мүдделерді қалай табуға болады» (нұсқаларды талқылаймыз ба?) (слайд)

-Бірге уақыт өткізуге және біртіндеп жүзеге асырылуға арналған 10 қызықты идея құрастыру.

- Сізге сеніп тапсырылған құпияларды сақтаңыз және бала отырған жерде оны өзгелермен талқыламаңыз.
- Интернетте жарияламас бұрын немесе суреттерін біреуге көрсетпес бұрын одан рұқсат сұраңыз.
- Сыртқы келбетін, киімін, жаңа шаш үлгісін сынамаңыз (сіз басқа пікірде екеніңізді талқылап, айта аласыз, бірақ ренжітпейтін сөздерді ғана таңдай аласыз).
- Өзіңіз жасай алатын нәрсені үйретіңіз. Балаңыздан сіз білмейтін нәрсені үйретуін сұраңыз. Жолға шығар алдында қалтаңызға шоколад, кәмпит, кептірілген жемістер, жаңғақтар немесе аздап тамақ алыңыз.
- Өзіңіздің сүйікті әндеріңіздің тізімін жасаңыз және балаңыздың да солай жасауын сұраңыз (содан кейін сіз бұл музыканы бірлескен сабақтар кезінде тыңдай аласыздар).
- Сүйікті тағамды бірге дайындауды ұсыныңыз.
- Басқаларға жақсылық жасау: иттің үйшігін жасауға көмектесу, құстарға үй жасау, әжеңізге азық-түлік сатып алу – бұл сіздерді байланыстыратын кез келген іс болуы мүмкін.
- «Бірге жақсылық жасау» бейнетаспасын көруге кеңес береміз https://www.youtube.com/watch?v=_hwMcYCy0B8

Қорытынды бөлім

«Келесі айдың үздік сәттері» практикалық тапсырмасы

- Ұсынылған слайд негізінде алдағы айдағы оқиғалардың күнтізбесін жасаңыз.
- Балалармен бірлескен істердің жеке нұсқаларын ұсыныңыз.
- Үйде әр баламен ұқсас күнтізбе жасаңыз.



4 САБАҚ
БҰЛАҚ КӨРСЕҢ, КӨЗІН АШ
ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕЙМІЗ

Сабақтың мақсаты: ата-аналардың баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Балалардың дамуындағы шығармашылықтың маңызы туралы ата-аналардың идеяларын кеңейту және тереңдету;

2. Отбасы жағдайында баланың шығармашылық әлеуетін толық дамыту үшін ата-аналардың назарын балалар шығармашылығына аудару.

3. Ата-аналардың отбасында баланың шығармашылық қабілетін ұлттық ойындар негізінде дамыту дағдыларын жетілдіру

Ұлттық құндылықтар мен жеке қасиеттер:

Ынтымақтастық, ата-ананың міндеті, құрмет, шығармашылық, әлеуметтік интеллект.

Жауапкершілік, шығармашылық, жауаптылық, ашықтық, ынтымақтастыққа дайын болу.

Жоспар

1. Отбасы жағдайында жасөспірімнің шығармашылық ойын дамыту әдістері.

2. Тіректер арқылы ертегілерді ойлап табуды үйрену.

3. Қазіргі отбасы жағдайында балалардың шығармашылығын дамытудағы ұлттық балалар ойындарының маңызы.

4. Балалармен шығармашылық сабақтардың тиімділігін арттыру.

5. Шығармашыл тұлғаны дамыту барысында отбасы мен мектептің өзара әрекеті.

Қорытынды. Қорытындылау, тілектер.

Сабақтың ұзақтығы – 60 мин.

Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар! Сабағымыздың басында ұлы Абайдың сөздерін еске алғанымызға өте қуаныштымын.

Абай бізге былай деп кеңес береді:»Адамдар арасындағы ең жаман адам – ұмтылысы жоқ адам». Бір нәрсеге ұмтылу – адамның өмір сүруінің маңызды шарты. Егер мақсат болмаса, онда адам жиі депрессияға ұшырайды. Бұл жағдайда баланың дамуына мотивация алуға көмектесетін шығармашылық тұрғыда өзін-өзі жүзеге асыру маңызды.

Бейнероликті көрсету (Бейнеролик https://www.youtube.com/watch?v=AkanBICRZXA, 10 мин.).

Сіздегі ойлар бейнесі қандай: Стандартты немесе шығармашылық тұрғыда ма?

Бейнесюжетті көрсету.

Сіздегі ойлар бейнесі қандай: Стандартты немесе шығармашылық тұрғыда ма?

Барлығы 10 сурет және сіз оларда не бейнеленгенін табуыңыз қажет.

Жаттығулармен жұмыс

«Символика» жаттығуы. Ата-аналарға өздерінің жеке тұлғасындағы ең маңызды нәрсені көрсететін үш символдық атрибутты ойлап табу және бейнелеу ұсынылады. Бұл атрибуттар: бүркеншік ат, елтаңба және ұран.

«Суреттер бойынша әңгіме» ойыны. Ата-аналар тренерлер ұсынған суреттерді пайдаланып, әңгіме құрастырады. Содан кейін олар оқиғаның жалғасын ойлап табады.

«Комикс құрастыр» жаттығуы. Ата-аналар комикс құрастырады. Бұл тапсырманы орындау кезінде дайын суреттерді пайдалануға болады. (Балаларға суреттерді өздері салуды және олардан әңгіме құруды ұсынуға болады).

«Музыка» ойыны (мысалы, қазақ әні « Жаз келді, алақай!»). Ата-аналар музыка тыңдайды. Тыңдап болған соң, олар қызыл, жасыл, көк, сары түсті бояуларды алып, тыңдалған музыканы бейнелейді. Содан кейін ата-аналарға суретке тақырып қоюуды ұсынуға болады.

«Ассоциация» жаттығуы. Ата-аналар парақка әрқайсысы төрт сөзден тұратын екі баған ойлап тауып, жазады. Бұл заттардың, жануарлардың атаулары, адамдардың аттары болуы мүмкін. Содан кейін төрт жұп сөздің әрқайсысына (әр бағанның біреуіне) оларды байланыстыратын ассоциациялар ойлап табу керек. Ассоциациялар неғұрлым көп болса, соғұрлым қызықты болады.

Оқыту тренингі (22 мин., 5-12 слайдтар, Бұл ойындардың барлығы тренингте өткізіледі. Бірақ ата-аналарды ойын жағдайларының мүмкін нұсқаларының бәрімен таныстыру ұсынылады)

Құрметті ата-аналар! Сіздерге балаларыңыздың шығармашылық тұрғыда дамуына, түпнұсқалық шешімдерді табуғакөмектесетін, өздерінің қызықты шешімдерін табатын ойындар ұсынылады.

Тренер ата-аналарға сабақта ойнауға мүмкіндік береді.

«Рифмоплет» ойыны. Ата-аналар бірдей аяқталатын сөздерді ойлап табады (тарақ-парақ), берілген рифмаларға екі жолды өлең құрастырады. Ойынның соңында мүмкіндігінше көп жинақталған рифмаларды қолдана отырып, ұзақ өлең құрастыруды ұсынуға болады. Нұсқа: бірінші топ рифмаларды ойлап табады, екінші топ оларды құрастыра отырып, өлең жазады. Содан кейін топтар рөлдерін ауыстырады.

«Айналу» ойыны. Ата-аналарға стакан сияқты қарапайым зат ұсынылады. Мимика, пантомимика, іс-әрекеттің көмегі арқылы оны мүлдем басқа нәрсеге айналдыру керек. Сонымен, стакан - вазаға, орамал - дастарханға, қалам-пышаққа және т. б. айналады.

«Архимед» ойыны. Ата-аналарға алдарында тұрған мәселелердің мүмкіндігінше көп шешімін табу ұсынылады. Мәселелер мынадай болуы мүмкін: пальма ағашын үйдің жанында қалай өсіру керек? Айда бақшаны қалай өсіруге болады? Өзге планеталықты қалай тануға болады? Иттерді тарайтын машинаны қалай ойлап табуға болады? Жұлдыздардың барлығын қалай санауға болады? Сабақ дайындайтын машинаны қалай жасауға болады? және т. б.

Тіректер арқылы ертегілер ойлап табуды үйрену. Элементтер арқылы ертегі құрайық. Проппа карталары. Кеңестік фольклортанушы Владимир Яковлевич Пропп өзінің «Морфологиялық ертегілер» кітабында және «Сиқырлы ертегілердің трансформациясы» атты зерттеу еңбегінде халық ертегісінің құрылымын, әсіресе, орыс ертегісін талдап, әрдайым бірізділікте болатын ертегінің тұрақты функцияларын бөліп көрсетті. Проппа жүйесіне сәйкес, функциялар саны -31, бірақ ертегілердің бәрінде барлық функция бола бермейді, қатаң реттілік бұзылуы мүмкін, ауысулар, синтез болуы мүмкін, бірақ бұл негізгі бағытқа қайшы келмейді.

Атақты итальяндық балалар жазушысы Джанни Родари балалар мен ересектерге ертегі жазуды үйрете отырып, ертегі әңгімелерінің 20 элементін анықтады: 1. Бұйрық немесе тыйым салу. 2. Бұзушылық. 3. Зиянкестік немесе кемшілік. 4. Батырдың кетуі. 5. Тапсырма. 6. Берушімен кездесу. 7. Сиқырлы сыйлықтар. 8. Батырдың пайда болуы. 9. Қарсыластың табиғаттан тыс қасиеттері. 10. Күрес. 11. Жеңіс. 12. Оралу. 13. Үйге келу. 14. Жалған батыр. 15. Қиын сынақтар. 16. Қиындықтың жойылуы. 17. Батырды тану. 18. Жалған батырдың әшкереленуі. 19. Жаудың жазалануы. 20. Үйлену тойы.

Ойын барысы: Ата-аналарға «карталар» таратылып беріледі. Олардың бір үстелде отыруына неме-

се кіші топтарға бөлінуіне болады, бірақ әр топта ересек адам мен оның «карталары» болғаны жақсы. Ертегі жазылатын кейіпкер таңдалынады. Ертегіні қысқарту үшін барлық элементтен тек 6-8-і ғана таңдалынады. Карталарды ретімен ұстап, ертегінің сюжетін карталар бойынша дәйекті түрде жүргізу керек. Бірақ балалар «карталарды» араластырып, өз ережелерін ойлап тапқанды ұнатады. Мысалы, кездейсоқ алынған бір немесе екі картаға әңгіме құру. Немесе ертегіні соңынан бастап құрастыру. «Пропп карталарының» артықшылықтары анық: олардың әрқайсысы ертегі әлемінің тұтас бөлігі және әрбір «функция» жасөспірімнің әлемімен үндеседі.

Жаттықтырушы ата-аналарға жүгінеді:

Құрметті ата-аналар, осындай қызықты сценарий бойынша өз үйлеріңізде жасөспірім балаларыңызбен бірге шығармашылық жұмыс жасай аласыздар.

Пайдалы ұсынымдар.

Балалармен өткізілетін шығармашылық сабақтардың тиімділігін арттыруға бағытталған кеңестер:

Сабаққа арнайы уақыт бөліп, баланың жұмыс орнын ұйымдастырыңыз.

Ең алдымен, жұмыс үшін балаға және сізге ешкім кедергі жасамайтын арнайы орынды таңдап, дайындаңыз. Бұл баланың жұмыс атмосферасы мен көңіл-күйін тудыратын оқу бұрышы болуы керек, мұнда әр пән балаға оқудағы жетістіктерін еске салады. Бұл оған жұмысқа көңіл бөлуіне көмектеседі.

Сабақтар тұрақты түрде өтілуі тиіс.

Бұл өте маңызды шарт: сабақтар жүйелі түрде жүргізілуі керек және ұзақ болмауы керек. Ең жақсы нәтижеге 30 минуттан аспайтын күнделікті сабақтар жеткізеді. Мұндай кесте бала үшін өте қиын емес және сонымен бірге сабақтарды тиімді етуге мүмкіндік береді. Қалай болғанда да, сабақтар аптасына кемінде 3 рет өткізілуі керек.

Сабақтарды алдын ала жоспарлаңыз. Сабақтар тиімді болуы үшін нақты немен жұмыс істейтініңізді алдын-ала жоспарлауыңыз керек. Сізге жұмыс істеу үшін қажет жаттығуларды таңдап алыңыз.

Мақсатқа жету үшін балаңызға қолдау көрсетіңіз. Көптеген нашар оқитын бала сәтсіздікке жиі ұшырайды. Балаға көмектесіп, сәтсіздік алдындағы қорқыныш сезімін жеңілдету үшін келесі ережелерді ұстаныңыз:

– оны ешкіммен салыстырмаңыз; оның тек жетістіктері маңызды;

– көңіл-күйін қадағалаңыз, егер сіз оның күмәнданғанын және өзіне сенімді емес екенін сезсеңіз, оны жігерлендіріңіз;

– баланың алған дағдыларын қолдаңыз; түпкі мақсатты еске түсіріңіз - бұл оны жігерлендіреді;

– оқушыңызды өз бетінше жетістікке жетуіне ынталандырыңыз; тіпті ең кішкентай жетістік те назардан тыс қалмауы керек. Есіңізде болсын, жұмысты жалғастыруға ынталандыру үшін мақтаудан артық ештеңе жоқ.

Нәтижелермен таныстыру. Презентациялар аяқталғаннан кейін мұғалім бәрін жинақтап, қорытынды жасайды.

Қорытынды. Шығармашылық тұлғаны дамытудағы ең бастысы - жасөспірімдермен бірге қызықты бірлескен шығармашылық тапсырмаларды орындап үйрену! Шығармашылық тұлғаны тәрбиелеудегі сәттілік сіздің үйіңіздегі атмосфераға, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасқа байланысты. Қатысқаныңыз үшін көп рақмет!

Авторлық роликті көрсету (Бейнеролик, 3 мин.)

5 САБАҚ
«АҚПАРАТТАН АҚ-ҚАРАНЫ АЖЫРАТУ ӨНЕРІ

Мақсаты: Интернет ресурстарын қауіпсіз пайдалану мәселесі бойынша ата-аналардың білімін арттыру

Міндеттері:

1. Интернетке тәуелділіктің, кибербуллингтің алдын алу мәселелері бойынша ата-аналардың қызығушылығын арттыру.

2. Ата-аналардың қауіпсіздік мәселелері, ықтимал және интернет қауіптерінен қорғану жолдары туралы түсініктерін кеңейту.

3. Ата-аналардың өздерін және жасөспірімді медиакеңістікте қорғануға үйрету.

Ұлттық құндылықтар мен жеке қасиеттер:

Қарым-қатынас, сананың прогреске ашықтығы, өзара сыйластық, денсаулық мәдениеті, позитивті ерік.

Жоспар

I. Кіріспе.

II. Негізгі бөлім.

1. Интернет және жасөспірімнің желідегі белсенділік формалары. Жасөспірімнің интернетті пайдалануының негізгі мәселелерін, салдары мен мүмкіндіктерін талқылау.

2. Кибербуллинг туралы әлеуметтік бейнероликті көріп, талқылау.

3. Жасөспірімнің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мектеп пен ата-аналардың өзара іс-қимылы бойынша ұсыныстар әзірлеу.

III. Қорытынды. Тұжырымдама жасау.

Күтілетін нәтиже:

- интернет желісін пайдалану кезіндегі қауіпсіздік мәселелері, интернетті пайдалану кезіндегі ықтимал қауіптер, желілік қауіптерден қорғану жолдары туралы ата-аналардың білім деңгейін арттыру.

- интернетті жауапкершілікпен, этика нормаларына сәйкес және қауіпсіз пайдалану мәдениетін қалыптастыру.

- айналадағы адамдармен әртүрлі жағдайда ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру:топта жұмыс істей білу, келісе білу, даулы/жанжалды жағдайдан шығудың жолын табу.

Құрал-жабдықтар: презентация, бейнероликтер, бағандар, маркерлер, А3 және А4 парақтары, қаламдар.

Жұмыс форматы: тренинг элементтерімен сабақ.

Әдістері: пікірталас, миға шабуыл.

Сабақтың ұзақтығы – 60 мин.

Құрметті курска қатысушылар, Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының кезекті сабағына қош келдіңіздер!

Сәлемдесу

Спикер сәлемдесу жаттығуларының ережелерін түсіндіреді. «Қазір сіздер мен берген белгі бойынша аудиторияны аралайсыздар, (белгі – қол шапалақтау) бір-біріне өте тез «сәлем» берулеріңіз керек. Мен сіздергеге әр жолы жаңа серіктес пен «сәлемдесу» форматын белгілеп отырамын. Спикер «күлімсіреу», «шынтақпен сәлемдесу», «бір алақанмен шапалақтау», «қол алысу» белгілерін береді. Спикер ата-аналардың жұмысы үшін алғыс айтады.

Ойын аяқталғаннан кейін және жұмысқа позитивті көзқарас қалыптастырғаннан кейін, спикер жұмыс ережелерін есте сақтауды ұсынады (қажет болған жағдайда).

Бүгін біз интернеттің балаларымыздың дамуына қалай әсер ететіні, проблемалары, белгілері, интернетке тәуелділіктің салдары және балаларға көмек көрсету жолдары туралы сөйлесетін боламыз.

Топтағы жұмыс ережелері жүйелі түрде бұзылған кезде қайталанады (кешігу, белсенділіктің болмауы

және т. б.)

Слайдта интернетте отырған адам бейнеленген (әр түрлі әлеуметтік желілер. сайттар және т. б.)

Сұрақ-жауап

Спикер жасөспірімдердің интернет-ресурстарын пайдаланудың «артықшылықтары» мен «кемшіліктерін» талқылауды ұсынады. Спикер қатысушылардың жауаптарын тыңдап, жауаптар бойынша жалпы қорытынды жасайды, осы уақытта презентацияда суреті бар слайд пайда болады.

Талқылаудан кейін спикер барлық жауаптарды қорытындылайды, топ интернеттің пайдасымен қатар, зияны да бар деген тұжырымға келеді. Төмендегі кестені көрсете отырып, презентацияны слайдпен жалпылауға болады.

1- кесте (1-кестені толықтыруға болады)

«Жасөспірімдер желіде не істейді?»

Спикер топқа «Сіздер балаларыңыздың интернетте не істейтінін білесіздер ме бе?» деген сұрақ қойып белсенді түрде пікір алмасуды сұрайды. (Жауап беру үшін ақпарат іздеуге, әуен тыңдауға, видеолар көруге, чаттарда сөйлесуге және т.б. болады).

Сонымен, біз балалар мен жасөспірімдер интернетте ересектерге тән іс-әрекет жасайтынына тоқталдық. Біздің балалар мен жасөспірімдер киберкеңістікпен байланысты барлық жаңа технологияларды сәтті меңгеріп, желіде байланысып, араласады, интернетте оқиды және жұмыс істейді, көңіл көтереді және зерттейді. Әрине, интернеттің пайдасы өте көп, бірақ интернет зиян келтіретін кездер де болады. Спикер ата-аналарға жұмыстары үшін алғыс айтады.

Топтық жұмыс

Интернетте балалар үшін қандай қауіптер бар екенін және кибербуллингті қандай белгілер бойынша анықтауға болатындығын білу үшін спикер қатысушыларды «бірінші, екінші» қағидат бойынша «онлайн», «офлайн» деп 2 топқа бөлінуді ұсынады.

«Онлайн» тобы интернетте қандай қауіп-қатер түрлері бар екенін талқылап, флипчартқа (тақта, парақтар және т.б.) жазып, өз жұмысын қорғауға дайындалуы керек. (Топтың жауаптарында зиянды бағдарламалар (вирустар), ақпаратты ұрлау, хакерлік шабуылдар, қаржылық алаяқтық, спам, бағдарламаның бұзылуы, құмар ойындар, әдепсіз мазмұнды ақпарат және т. б. сияқты ұғымдар болуы мүмкін).

«Оффлайн» тобы «интернетке тәуелді» жасөспірімнің мінез-құлқының белгілері мен ерекшеліктерін талқылап, жазуы керек. (Жауаптар

+ Артықшылығы	– Кемшілігі
Сан түрлі ақпарат көзі	Жасөспірімдердің денсаулығы мен психикасына әсер ететін ақпараттың көптігі
Уақытты қызықты және пайдалы өткізу	Тәуелділік
Сауда жасау және шоттар төлеу мүмкіндігі	Кибералаяқтар, қауіпті бейтаныс адамдар
Достар және таныстармен араласу	Кибербуллинг

агрессия, оқшаулану, мазасыздық, ашуланшақтық, «шегінуге» деген ұмтылыс, жақындарымен қарым-қатынастан аулақ болу және т.б. болуы мүмкін).

Кейін спикер әңгіме түрінде ақпарат және презентациямен шағын дәрісте бөліседі:

Ақпараттың сан алуандығына қарамастан, интернет желісі әрбір жасөспірім тап болуы мүмкін көптеген қауіптерге толы. Бұл қауіптерге бала сыртқы келбетіне, жеке тұлғасына, ақыл-ой және кәсіби деректеріне қарамастан ұшырауы мүмкін.

Заманауи балаларды Screenager немесе digital kids деп атауда, себебі олар гаджеттерден (телефон, планшет және басқа) мүлдем қол үзбейді. Бұл үрдісті дерт деп атауға да болмайды, себебі бұл кибертәуелділік секілді жаппай қолданыстағы дүние.

Қазіргі ата-аналар балаларының физикалық, психикалық, интеллектуалды денсаулығына қамқорлық жасауы керек, өйткені интернетте балалардың нәзік психикасына әсер ететін көптеген қауіп-қатер бар. Интернеттегі қауіптер екі түрге бөлінеді: механикалық факторға және адамға байланысты.

Спикерге арналған тақырып бойынша қосымша ақпарат

Жасөспірімдерде интернетке тәуелділіктің 5 түрі бар:

* шексіз веб-серфинг – ақпарат іздеу мақсатында интернетті үнемі «саяхаттау».

* виртуалды қарым-қатынас пен виртуалды танысуға тәуелділік, хат алмасудың үлкен көлемімен, чаттарға, форумдарға үнемі қатысумен, интернеттегі таныстар мен достардың тым көп болуымен сипатталады.

* ойынға тәуелділік – бұл желілік ойындарға деген құмарлық.

* интрузивті қаржылық қажеттілік – онлайн құмар ойындар ойнау, интернет-дүкендерде қажетсіз сатып алу.

Интернетке тәуелділік баланың желіде болғысы келетіндігімен сипатталады, бұл отбасымен және достарымен уақыт өткізуге, ұйықтауға, сабақ оқып, сабаққа қатысуға деген құлықсыздыққа әкеледі. Бала өзінің сыртқы келбетін бақылауды тоқтатады, компьютерден алшақтау болу туралы өтініштерге агрессивті жауап бере бастайды.

Интернетке тәуелділік – бұл интернетті пайдаланудың мәжбүрлі қажеттілігі.

Неліктен жасөспірім келесідей әрекетке барады?



ü Бала ғаламторда бұрынғыға қарағанда бос уақытын көбірек өткізеді. Оны бұл әрекеттен ажырату қиын.

ü Әр минут сайын «онлайн» болу қажеттілігі. Әлеуметтік желілер мен онлайн ойындарды үнемі тексеріп отыруға деген ұмтылыс.

ü Жақын адамдар мен достары баланы қуантпайды. Виртуалды байланыс шынайы өмірден шектетеді.

ü Гаджетті тартып алғаннан кейін, ол өзінің немен айналысатынын білмейді, көңіл-күйі күрт нашарлайды, ерік-жігерінің төмендеуі мен тұйықтық байқалады.

ü Балада күнделікті режим бұзылады, ұйқысы бұзылады.

ü Үйдегі өзінің тікелей міндеттерін орындауды тоқтатады: қоқыс шығарғысы келмейді, ыдыс жуғысы келмейді, заттарын шкафқа салғысы келмейді.

ü Оқушының оқу үлгерімі төмендейді, ойы шашыраңқы болып, зейін қою процесі төмендейді.

СЕБЕПТЕРІ

ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ӨЗІН-ӨЗІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ
ОТБАСЫЛЫҚ ҚИЫНДЫҚТАР
ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУДЫҢ ТӨМЕНДІГІ
ДОСТАРЫНЫҢ ЖОҚТЫҒЫ
АТА-АНАЛАРДЫҢ МІНЕЗІ
МЕН ӘРЕКЕТІ

Бала өз отбасында және оның жанындағы ересектерден жылы қарым-қатынас, қолдау және түсіністік таппаған кезде, ол мұның бәрін желіден іздейді.

Жасөспірімдердің интернетте уақыт өткізуі бойынша жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, олар ең көп уақытты 59,6% әлеуметтік желілерде өткізеді екен, онда олар кибербуллинг жағдайларымен жиі кездеседі. Балалар білместіктен әртүрлі чаттарға, топтарға қосылуы мүмкін. Төменде жасөспірімдердің желідегі белсенділік диаграммасы берілген.

Жедел диагностика

Спикер «киберкеңістік», «киберқауіпсіздік», «кибершабуыл», «киберқудалау» ұғымдарымен таныс қатысушылардың қолдарын көтеруді сұрайды. Балалар мен жасөспірімдер желідегі ең осал топ болып табылады, сондықтан олар киберқудалауға көбірек ұшырайды. Интернеттегі қақтығыстар жағдайында балаларды қалай қорғауға және олардың жағдайын түсінуге болатындығын білу үшін спикер «иә» немесе «жоқ» деп жауап беру арқылы сауалнама жүргізуді ұсынады. Қатысушылар қолдарын көтере алады немесе қанша оң жауап бар екенін есептей алады.

Мәлімдемелер:

1. Сіз кейде интернет-тролльдерге тап болдыңыз ба?
2. Сіз фотосуреттеріңізге немесе бейнежазбаларыңызға жағымсыз пікір алдыңыз ба?
3. Сіз бір не бірнеше рет желідегі адамдардың қорлауына куә болдыңыз ба?
4. Бейтаныс адамдар сізге бірнеше рет қорлайтын хабарламалар жазды ма?
5. Кем дегенде бір рет қорқыту/бопсалау хаттарын алдыңыз ба?
6. Сіздің қатысуыңызбен күлкілі бейнежазбаларды сіздің келісіміңізсіз жарияланды ма?
7. Сізді ескертусіз және себепсіз тыйым салу тізіміне жіберді ме?
8. Сіз туралы жағымсыз қауесеттер тарады ма?
9. Сіз өзіңіздің таныстарыңызға құпия фотосуреттеріңізді жіберіп, кейінірек оны желіден көрдіңіз бе?
10. Интернетте сіздің атыңызбен жалған парақша ашылған кездер болды ма?
11. Сізді онлайн ойындарда қорлап, балағаттады ма?

Спикер топқа:

ü Осы мәлімдемелердің 5-не «ия» деп жауап бергендер бар ма?

ü Барлық сауалдарға «ия» деген жауап бергендер ше?

ü Ал барлық сұраққа «жоқ» деп жауап бергендер ше?

ü Спикер ата-аналарға жұмыс

жасағандары үшін алғыс білдіреді.

ü Транскрипция: 5 немесе одан да көп сұрақтарға «ия» деген жауап болған кезде - респондент интернеттегі қорлаудың ықтимал құрбаны болып табылады.

Әрқайсымыз осы жағдайлардың бірінде кем дегенде бір рет болдық және өзімізді өте ыңғайсыз сезіндік. Біз тіпті ересек адамның осындай жағдайлармен күресуі қаншалықты қиын екенін елестетсек, балалар осындай кезде қандай күйде болатынын ойлап көріңіздерші. Мұндай құбылыстар кибербуллинг деп аталады. Қорқыту/қудалау электрондық поштаның барлық түрлері, жедел хабар алмасу бағдарламалары, чаттар, форумдар, әлеуметтік желілер, вебсайттар мен телефондар арқылы жүзеге асырылады. Ол әдеттегі зиянсыз әзілдерден басталып, жәбірленушіні өз-өзіне қол жұмсауға мәжбүрлеумен аяқталуы мүмкін. Интернет-агрессорлар өз әрекеттерімен жәбірленушіге «бұл өмір сенсіз жақсарады» деген ой салуы мүмкін.

Тақырыпқа қатысты әлеуметтік бейнежазбаны тамашалау

https://youtu.be/PzLRf0PXP68әрі қарай, спикер балаларға киберқорқытудың әсері мен салдары туралы айтады. Желідегі балалардың жағымсыз мінез-құлқы баланың отбасынан және жақын ортасынан бастау алады.

Кибербуллинг: нақты өмірдегі салдары (Гугл форматында ақпаратты еңгізіп, онлайн өткізуге болады.).

Кибербуллинг цифрлық кеңістікте «өмір сүрсе» де, оның физикалық әлемде айтарлықтай салдары мен әсері бар. Мұны бастан өткізген ата-аналардың тек 5% - ы балаларында кибербуллингтен кейін байқалған әсері жоқ екенін атап өтті.

Балаларға арналған кибербуллингтің ең көп таралған әсерлерінің бірі:

Үлкен стресс–55%

Өзін-өзі бағалаудың төмендеуі–45%

Оқу үлгерімінің нашарлауы – 40%

Депрессия – 40%

Әлеуметтік белсенділіктің төмендеуі–35%

Ұйқысыздық/ ұйқы проблемалары – 20%

Егер сіз балаңыздың мінез-құлқы мен күйінде осы белгілерді байқасаңыз, оған қауіпсіз орта құрып, кибершабуылдардан қорғануды, сондай-ақ желідегі қауіпсіз арақатынас сақтауды үйрету қажет.

Спикер интернетте әсер етудің әртүрлі формалары туралы айтып береді, слайдта формалар бойынша инфографика көрсетіледі

Киберагрессия - (қорлау, балағаттау, айла-шарғы жасау, интернет желісінде қорқыту) – статистикаға сәйкес, әрбір бесінші жасөспірім үнемі қатысатын жағдай. Нақты және виртуалды шекаралардың бұлыңғырлығымен киберагрессия балалардың эмоционалды және психологиялық денсаулығына мектептегі нақты қорлаудан гөрі зиянды әсер етеді (және бір түрі екіншісіне жиі алмасады).

Троллинг– бұл көбірек танылуға, жариялануға, дүрбелеңге қызығушылық танытатын жеке мүшелер мен анонимді пайдаланушыларда қолданатын әлеуметтік арандатудың немесе желілік қарым-қатынастағы қорлаудың бір түрі. Троллинг түрлері: жалпы арандату; қасақана арандату; мақсатты арандату; тапсырыс бойынша троллинг. Тролль түрлері: эмоционалды тролль; тролль-оффтопикт; әділеттілік үшін күресуші-тролль; спойлерге әуесқой тролль; бәрін білгіш трольдер; «мағынасыз» трольдер; «өзекті» трольдер; қатыгез трольдер.

Хейтинг – бұл әлеуметтік белсенділіктің бір түрі. Хейтерлер әдетте интернетте зұлымдықпен мазақ ететін немесе басқаларды «қаралайтын» адамдар деп аталады. Зұлым пікірлер, біреуге бағытталған сыни және ауыр сөздер. Хейтингтің арқасында көптеген адам тіпті өздеріне атақ жасап алған. Кейбір хейтерлер өздерін

сыншылар қатарына қосады, бірақ сынның кем дегенде қандай да бір жағымды тұсы болады. Хейтерлердің түрлері: «Шыншыл»;» Ақ пальто»;» Қарапайым Тролль»,»Шариков синдромы». Хейтерден қорғану үшін оның мінез-құлқының себебін білу керек.

Бейтинг – басқа адамды қасақана тітіркендіру/ашуландыру

Харассмент – қысымжәне жеке шекараны бұзу

Маскерейдинг– онлайн харассмент жасау үшін жалған тұлға құру

Аутинг– жеке немесе адамды қорлайтын ақпаратты, фотосуреттерді немесе бейнелерді онлайн жариялау

Ростинг–жәбірленуші «сынғанша» онлайн режимінде топтық қорлау

Кибersталкинг–жалған айыптау, жала жабу, жеке профильді ұрлау, бопсалау үшін ақпаратты пайдалану.

Грифинг – ойын вандализмі. Ойыншылардың бірі басқа мүшелерге зиян келтіруден қанағат алған кезде: кейіпкерлерді өлтіру, ойындағы ресурстарға қол жеткізуді шектеу, ойын чатында қорлау.

Секстинг – жыныстық сипаттағы хат алмасу, әдетте келісім бойынша болады. Бірақ оның шабуылдаушылары да зұлымдыққа бет бұрады. Сонымен, жәбірленушінің интимдік фотосуреттері мен бейнелері әлеуметтік желілерде, чаттарда, электрондық пошта арқылы тарап кетеді.

Сабаққа карточкалар мен көрнекі материалдар қоса беріледі. Дүние жүзінде жүргізілген зерттеулерге сәйкес, 12-13 жастағы бес баланың бірі кибербуллинг жағдайында ешкімнен көмек сұрамайды. Тек 17% - ы бұл туралы ата-аналарына айтады. Баланың өздігінен достары, қиянат жасаушылар, бір жерге бару туралы ұсыныстар, бейтаныс адамдар жіберген әдепсіз фотосуреттер немесе суреттер туралы әңгімелеп беру үшін ата-аналарға онымен достық қарым-қатынас орнату керек. Бала кез келген ақпаратпен оны сынға алмаған жағдайда ғана бөлісуге дайын болады.

Балалар қарапайым қызығушылықтың нәтижесінде желідегі алаяқтардың, агрессорлардың құрбаны болуы мүмкін, мысалы, бала сайтта отырып тез және оңай ақша табу мүмкіндіктері туралы жарнамаға тап болады (бұған жасөспірімдер ұшырайды). Бала бұл жағдайдың салдары мен әсеріне мән берместен, киберқылмыскерлердің заңсыз әрекеттеріне түсіп қалуы мүмкін. Баланың өміріндегі жағымсыз және қауіпті жағдайлардың алдын алу ересектердің міндеті болып табылады.

Мәселен, қазақ халқының өскелең ұрпаққа кез келген ақпаратқа таңдамалы қарауға көмектесетін «Білмеген у ішеді» (надандық қауіпті), «Сақтансаң сақтайды», «Сырын білмеген аттының сыртынан жүр» секілді дана сөздері бар.

- интернет арқылы ақша табудың заманауи тәсілдеріне қалай қарайсыз (блог жүргізу және т.б.)? (ата-аналардың жауаптары).

Спикер дайын карточкаларды таратып, «келісемін» не «келіспеймін» қағидаты бойынша ақпаратқа қатысты өз пікірін беруін сұрайды.

Спикер топпен бірге интернет тәуелділікктен құтылу мен алдын алу алгоритмін құрайды (жаднама деп атауға да болады, бұл интернеттегі мінез-құлық кодексі (ересектер мен балалар тарапынан қатаң сақталуы тиіс ережелер жиынтығы). Ережелерді қабылдағаннан кейін презентацияда төмендегі кеңестерді көрсетіп, қағазға басып шығарып, ата-аналарға жаднама түрінде беруге болады.

Google Family Link, Kaspersky Safe Kids баланың телефонына ата-ана бақылауын тегін немесе ақылы қосымшалар арқылы орнатыңыз.

Балаларға интернетті қауіпсіз қолданудың ережелері, кибербуллинг, оны қалай анықтау және не істеу керектігі туралы үйретіңіз.

Балаңызбен көбірек араласыңыз, оның не нәрсеге қызығушылық танытатынын, оның қандай дағдыла-

ры мен қабілеттері бар екенін біліңіз.

Балаңызбен әлеуметтік желілерде дос болыңыз.

Браузерде қауіпсіз іздеу функциясын қосыңыз.

Күмәнді ақпарат туралы әңгімелерді талқылаңыз.

Балаларыңыздың әректі мен мүдделеріне қызығушылық танытыңыз, сенімді қарым-қатынас орнатыңыз.

Pegi рейтингтерін сақтаңыз (жасқа байланысты шектеулер)

Бала желіден тыс болған кезде оның сапалы уақыт өткізуін қамтамасыз ету

«Интернет-ашығулар» немесе «интернетсіз/гаджетсіз сағат» әрекеттерін енгізіп, өзіңіз де орындаңыз.

Бейнероликті көріп, талқылау: https://youtu.be/ja7FgpyXQPw

Спикер балаға қатысты өсиеттерді/кеңестерді экранға шығарады және оларды топқа оқиды.

ЕГЕР

Бала үнемі сынға ұшырайтын болса – жек көруді үйренеді.

Бала араздықта өмір сүреді – агрессивті болуды үйренеді.

Бала сөгіс естіп өмір сүрсе –өмірде өзін кінәлауды үйренеді.

Бала шыдамдылықта өссе – басқаларды түсінуді үйренеді.

Баланы мақтаса – асыл болуды үйренеді.

Бала қауіпсіздікте өссе – адамдарға сенуді үйренеді.

Балаға қолдау көрсетілсе – өзін бағалауды үйренеді.

Баланы үнемі мазақ етсе – жасқаншақ болып өседі.

Бала түсіністік пен достықта өссе – осы дүниеде махаббат табуды үйренеді.

Ал сіздің балаңыз қандай ортада және қалай өсіп жатыр? Спикер осы сұрақты топқа қояды.

Бұл сұрақтарды әр қатысушы өзі ойланып, қарастыруына мүмкіндік беруге болады.

Спикер сабақты қорытындылайды

Балалар көбінесе ақпаратты ата-анасынан жасырады, өйткені олар ашу-ызамен, тыйым салудан және жанжалдан басқа ештеңе күтудің қажеті жоқ деп санайды. Тек шынайы мейірімді қарым-қатынас баланы нағыз қиындықтардан уақытында қорғауға мүмкіндік береді. Біз ата-ана ретінде отбасында қамқорлық пен өзін құнды және қажетті сезінетін бала желіде қарым-қатынас іздемейтінін есте ұстауымыз керек. Баланы интернеттегі қауіп-қатерлерден қорғаудан бөлек, кез-келген ата-ана оның да баласы желіде «қорлаушы» немесе «агрессор» болуы мүмкін екенін түсінуі керек. Егер бала түсінбеушілікте, сенімсіздікте, немқұрайлылықта өмір сүрсе, ол мұның бәрін басқа қоғамда көрсетеді, ал интернет – бұл мінез-құлық үшін оңтайлы және «қауіпсіз» алаң.

«Смайликтер мен лайктар» рефлексиясы (смайликтер, лайк және дизлайктың суреті бар карточкалар). Әрбір қатысушыға лайк, дизлайк және әртүрлі смайликтердің түріндегі стикерлер ұсынылады. Кері байланыс кезінде ол өзінің көңіл-күйін смайликтермен, ал берілген ақпараттың сапасына «ұнату» мен «ұнатпау» арқылы өз қарым-қатынасын білдіреді. Әрине, баланың гаджеттермен жұмыс жасауы тәуелділікке айналмауы үшін, сіз ең алдымен өзіңізді содан кейін балаңызды бақылауыңыз керек. Өзіңізді және балаларыңызды қорғаңыз! Сіздерге виртуалды және шынайы өмірдегі қауіпсіз байланыс тілейміз!

6 САБАҚ
«ӘР НАРСЕННІҢ ӨЛШЕМІ БАР...»
«ҚАЖЕТ» ПЕН «ҚАЛАУ» АРАСЫНДАҒЫ ТЕПЕ-ТЕҢДІКТІ ҚАЛАЙ САҚТАУҒА БОЛАДЫ

Сабақтың мақсаты: ата-аналардың жасөспірімнің талаптары мен қалауы арасындағы тепе-теңдікті ұстау қабілетін дамыту, ата-аналар мен балалар арасындағы жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

– ата-аналардың баламен оң қарым-қатынас жасауға, жасөспірімдерортасындақұқықбұзушылықтардың алдын алуға деген ұмтылысын дамыту;

– ата-аналардың жағымсыз эмоциялармен жұмыс істеу алгоритмі және мінез-құлықты реттеу тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту;

– жасөспіріммен жағымды қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.

Жоспар

I. Ұйымдастыру бөлімі

Сәлемдесу

Мақсаты мен міндеттері

Негізгі бөлім:

Ақпараттық блок.

Практикалық бөлім. «Қажет» пен «қалау» интерактивті жұмыс. Ересектердің талаптары мен баланың қалауын қалай теңестіруге болады.

Эмоционалды тепе-теңдікті қалай сақтауға болады (эмоциялар картасы). Жасөспірім өтініштерге эмоционалды түрде жауап бергенде не істеу керек.

Жағымсыз эмоциялармен жұмыс істеу алгоритмі (чек-парақ): 10 мин. Ата-анаға жағымсыз эмоциялармен қалай күресуге болады және оны балаға қалай үйретуге болады.

«Математиканы жек көремін!» / «Менің атым – Арман», 8-серия бейнероликтері. https://www.youtube.com/watch?v=1H6EfBtob9o

«Жасөспірім демалыста оқығысы келмейді» кейсі . Талқылау: 10 мин.

Баламен байланыста болу – жасөспірімдердің құқық бұзушылықтарының алдын алудың басты шарты («Сіз қандай ата-анасыз» тесті).

III. Қорытынды бөлім

Тәуелділік мінез-құлқының белгілері

«Комплимент» жаттығуы: 10 минут, шеринг

Күтілетін нәтижелер.

Сабақ аяқталғаннан кейін ата-аналар:

- эмоцияларды бала жағдайының



көрсеткіші ретінде қарастырады, «қажет» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізе алады, жағымсыз эмоцияларды жағымды эмоцияларға айналдыра алады;

- жағымсыз эмоциялармен жұмыс істеу алгоритмін және мінез-құлықты реттеу тәсілдерін игереді;

- баламен нәтижелі қарым-қатынас жасау дағдыларын игереді, жасөспірімдер ортасында құқық бұзушылықтардың алдын алуға қабілетті болады.

Қажетті ресурстар: презентация, бейнелер, колонкалар, маркерлер, А3 және А4 парақтары, қаламдар.

Жұмыс форматы: тренинг элементтері бар сабақ.

Әдістері: пікірталас, миға шабуыл, тренинг жаттығулары

Сабақтың ұзақтығы – 60 мин.

Тақтадағы дәйексөз:

Ауру кетсе де, мінез кетпейді

Сәлемдесу

Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар! Бүгін сіздермен сабағымызда кездескеніме қуаныштымын. Бүгін мен сіздермен жасөспірімнің қажеттіліктері мен тілектері, оның мінез-құлқындағы қиындық белгілері, жағымсыз эмоциялармен жұмыс істеу алгоритмі, өзін-өзі реттеу жолдары және жасөспірімдер ортасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жолдары туралы сөйлескім келеді.

Сабақтың мақсатын қою: Бүгін біз жасөспірімдерге «қажет» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікті, яғни қажеттіліктер мен қалаулар арасындағы тепе-теңдікті анықтауға қалай көмектесуге болатынын қарастырамыз.

Ақпараттық блок

Ата-аналарды жасөспірімдер дағдарысының көріністерімен таныстыру

Жасөспірімдер дағдарысы – психикалық даму, бастауыш мектеп жасынан жасөспірім шағына көшу кезеңі. Өзін-өзі көрсету, өзін-өзі таныту деген ұмтылыста көрінеді.

Ерекше мінез-құлықтың әртүрлі формаларымен қатар, тәуелсіздікті көрсету, оқу іс-әрекетіне деген ынтаның төмендеуі ата-аналармен, мұғалімдермен қақтығыстар туындайды. Жасөспірімдер дағдарысы өзін-өзі танудың жаңа деңгейінің қалыптасуымен, рефлексия арқылы жеке тұлғаны білу қабілетінің пайда болуымен аяқталады.

Негізгі бөлім

1.Ата-аналар мен жасөспірімдер арасындағы негізгі түсіністеушіліктер үлкендердің талаптары балалардың қалауына сәйкес келмейтіндіктен туындайды. Бұл жағдайдағы басты міндет – екі жаққа да сәйкес келетін шешім табу. Біз баламен қалай келісуге болатынын және «қажет» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай табуға болатынын бірге қарастыруды ұсынамыз.

Интерактивті жұмыс: «қажет» пен «қалау». Ересектердің талап-



тары мен баланың қалауын қалай теңестіруге болады.

2 Жасөспірім дағдарысы өзін-өзі дамыту арқылы басқалармен қарым-қатынастың өзгеруімен сипатталады. Балалар өздеріне және ересектерге жоғары талаптар қояды, бірақ жауапкершілікті көтере алмайды, сәтсіздіктерді өз бетінше жеңе алмайды. Дағдарыс кезеңінің барысы сыртқы және ішкі факторлардың жиынтығымен анықталады. Кейбір жағдайларда өзгерістер байқалмайды немесе әлсіз, басқаларында – мінез-құлық түбегейлі өзгереді, бала жанжалға жақын, эмоционалды жарылғыш тәрізді болады.

Эмоционалды тепе-теңдікті қалай сақтауға болады (эмоциялар картасы). Жасөспірім өтініштерге эмоционалды түрде жауап бергенде не істеу керек.

3. «Қажет» пен «қалау» арасындағы қақтығыс жағымсыз эмоциялар арқылы көрінеді.

Дағдарыс белгілерін күшейтетін факторлар – ата-ана бақылауы және шектен тыс қамқорлық, отбасылық қатынастардағы тәуелділік. Бала бостандыққа ұмтылады, өзін шешім қабылдауға, ересектердің көмегінсіз әрекет етуге қабілетті деп санайды. Іс-әрекеттер үшін жауапкершілікті алу қажеттілігі мен ұмтылысы бар, бірақ практикалық дағды жоқ, міндеттерді орындауға қатысты байсалдылық сақталмай, жанжалды жағдай қалыптасады. Соңғысы ата-аналарға жасөспірімді өзгелермен тең деп қабылдауға кедергі келтіреді. Қарсылық пен жанжалдар созылмалы түсініспеушілікке, жеке дамудың кешеуілдеуі мен дағдарыстың ұзаққа созылуына әкеледі.

Теріс эмоциялармен жұмыс істеу алгоритмі (чек-парақ) - 10 мин. Ата-анаға жағымсыз эмоциялармен қалай күресуге болады және оны балаға қалай үйрету керек.

Жағымсыз эмоцияларды еңсерудің сындарлы тәсілдері.

4.«Қажет» пен «қалау» арасындағы қақтығысты шешудің оңтайлы әдісі – келіссөздер жүргізу мүмкіндігі. Сайып келгенде, баланың қалауы мен ересектердің талаптарын тиімді үйлестіру мүмкіндігін табу керек.

«Математиканы жек көремін!» / «Менің атым – Арман», 8-серия бейнероликтерін көру.

https://www.youtube.com/watch?v=1H6EfBtob9o

Талқылау

Сұрақтар:

1. Оқушылар қандай талаптар қойды?

2. Мектеп үшін қандай міндет маңызды?

3. Екі тарапты да қанағаттандыратын әмбебап шешім қандай?

4. Қолда бар білімге сүйене отырып, біз мәселені жасөспіріммен талқылауды және шешімдерді ұсынуды ұсынамыз.

Кейс «Жасөспірім демалыста оқығысы келмейді»

Талқылау -10 мин.

(«Сіз қандай ата-анасыз» тесті) дағдарысты күшейтетін ішкі факторлар–психологиялық ерекшеліктер. Жасөспірім кезеңінің басында балада пайда болатын қажеттіліктер мен ұмтылыстарға кедергі келтіретін белгілі бір әдеттер, мінез-құлық белгілері қалыптасады. Өзін-өзі танытуға, өзін-өзі көрсетуге кедергі келтіретін қасиеттер кемшіліктер ретінде қарастырылады. Жасөспірім ашуланшақ болады, өзін дәрменсіздікке кінәлауға бейім. Қарым-қатынас дағдылары, сыртқы келбеті, жеке қасиеттері (тәуелділік, ұялшақтық, қарапайымдылық) сыни тұрғыдан қабылданады.

Қорытынды бөлім

Проблемалық мінез-құлық белгілері және құқық бұзушылықтың алдын алу

Сарапшылардың пікірінше, жасөспірімдердің шамамен 85% алкоголь, темекі және т.б.қолдану тәжірибесі бар. Бұл жағдай баланың өзіне де, айналасындағыларға да теріс әсер етеді. Мұндай құқық бұзушылықтар үшін ата-аналар жауап береді.

Тәуелділік мінез-құлық – қалыпты жағдай мен тәуелділік арасындағы күй болып табылады. Жасөспірімдер жағдайында бұл сезім өте әлсіз. Тәуелділік деп – ойындар, психоактивті заттар, обсессивті әрекеттер, жарқын эмоциялар әкелетін басқа да әрекеттердің көмегімен шындықтан кетудің әртүрлі тәсілдері түсініледі. Жасөспірімдердегі мұндай қиын өмірлік жағдайларды бейімдеу және жеңудің табиғи қабілеті төмендейді.

Тәуелділіктің негізгі түрлері:

Тамақтанудың бұзылуы (булимия, анорексия, ашығу).

Химиялық тәуелділіктер (нашақорлық, токсикомания, алкоголизм, темекі шегу).

Лудомания – ойынға тәуелділік, құмар ойындар және компьютерге тәуелділік.

Діни фанатизм, сектанттық.

Баламен байланыста болу – жасөспірімдердің құқық бұзушылықтарының алдын алудың басты шарты.

Бүгінгі сабақты ескере отырып, сіз ата-ана ретінде өз мүмкіндіктеріңізді қалай бағалайсыз?

«Комплимент» ойыны

Мақсаты:

- топ қатысушыларында серіктеспен эмоционалды байланыс, эмпатия орнату қабілетін қалыптастыру

- эмоционалды икемділікті дамыту

Топ мүшелеріне баламен қарым-қатынаста оң көзқарасты сақтауға көмектесу.

1.Қатысушылар бір-біріне қарама-қарсы екі шеңберде (ішкі және сыртқы) тұрады.

2.Серіктесіңіздің көзіне қараңыз (3 сек.)

3.Серіктесіңізді мақтаңыз.

4. Жүргізушінің бұйрығымен сыртқы шеңберде тұрғандар келесі серіктеске оңға қарай қадам жасайды.

5.Жаттығуды шеңбер бойымен орындаңыз.

Талқылау: жаттығуды орындау кезінде сіз өзіңізді қалай сезіндіңіз?

Қандай мақтау сөздерді айту оңай болды?

Сіз комплимент айтқыңыз келмеген жағдайды қалай жеңдіңіз?

Сіз немен мақтанасыз?

Комплимент айту немесе оларды естуде не ұнады?

«Қажет» пен «қалау» арасында таңдау жасау қиын болды ма?

Бұл шеберлікті қайда қолдануға болады?

Сізге қандай комплимент ұнады?



7 САБАҚ
ЖАСӨСПІРІМДЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Өрге жүзген өнегелі ісімен
Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен.
(Әл-Фараби)

Сабақтың мақсаты: Балалардың айналасындағылармен жағымды қарым-қатынас орнатуына қолдау көрсету.

Міндеттері:

Балаға жағымды қарым-қатынастарды қолдауды, жағымсыз қатынастарға қарсы тұруды үйрету;

Ата-аналарға қарым-қатынас түрлері туралы түсінік беру (достық, жасөспірімдер субмәдениетіндегі мінез-құлық, буллинг және т.б.);

Ата-аналардың оң қарым-қатынасты қолдап, жағымсыз қарым-қатынасты жеңу дағдыларын игеруіне ықпал ету.

Ұлттық құндылықтар мен жеке қасиеттер:

Құрмет, эмпатия, қабылдау.

Жоспар

I. Ұйымдастыру бөлімі
Сәлемдесу
Мақсаттары мен міндеттері
Күтілетін нәтижелер
II. Негізгі бөлім
Бейнежазба. Талқылау
Ақпараттық блок
Топтық жұмыс
Талқылау
III. Қорытынды бөлім
Рефлексия
Қорытынды сөз
Күтілетін нәтижелер.

Сабақ аяқталғаннан кейін ата-ана:

қазіргі жасөспірімдер арасындағы қатынастардың ерекшеліктері туралы түсінік алады;

буллинг белгілерін тануды үйренеді;

әртүрлі әдістерді қолдана отырып, баласымен сенімді қарым-қатынас орната алады.

Қажетті ресурстар: презентация, бейнежазбалар, колонкалар, маркерлер, А3 және А4 форматындағы парақтар, қаламдар.

Жұмыс форматы: тренинг элементтері бар сабақ.

Әдістер: дискуссия, ми шабуылы.

Сабақтың ұзақтығы – 60 мин.

Сәлемдесу

Сәлеметсіздер бе, құрметті ата-аналар! Бүгінгі сабағымызға қош келдіңіздер!

«Пирамиданы» жинаңыз. Мен барлығына адамның негізгі қажеттіліктерінің пирамидасын бірге жинауды ұсынамын. Іргетастан бастап қарапайымнан жоғарыға дейін адамның барлық қажеттіліктерін дәйекті түрде қою қажет. Сіздің ойыңызша, деңгейлердің реттілігі қандай болуы керек? «Махаббат пен тиесілілік» деңгейін қалай орналастырар едіңіз?

Түсініктеме: шын мәнінде, бұл ғылыми әлемге әйгілі «Маслоу пирамидасы». Ғалым адамның қажеттіліктері деңгейлерге бөлінеді деп есептеді. Сонымен қатар, жоғары қажеттіліктерге деген ұмтылыс адам төменгі қажеттіліктерді қанағаттандырған кезде ғана пайда болады. Төменгі деңгейлерде адамдар, ең алдымен, негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған: тамақ, баспана, қауіпсіздік. Осы мақсаттарға қол жеткізген кезде олар әлеуметтік қатынастарды құруға, шығармашылықты ашуға көбірек уақыт пен күш жұмсауға мүмкіндік алады.

Сабақтың мақсатын қою:

Бүгін біз Маслоу пирамидасының үшінші деңгейі туралы, атап айтқанда жасөспірімдердің қоғамдағы қарым-қатынасы туралы сөйлескіміз келеді.

Мен достықтың миға қалай әсер ететіні туралы бейнежазбаны көруді ұсынамын: https://www.youtube.com/

watch?v=YmVpwXH4jhA&t=22s

Ақпараттық блок

Сонымен, адамдар өмірдің алғашқы кезеңдерінде пайда болатын қарым-қатынас қажеттілігіне ие. Бұл қажеттілік баланы ересектермен де, құрдастарымен де эмоционалды байланыс іздеуге итермелейді және жасына қарай терең өзгерістерге ұшырайды.

Жасөспірім үшін құрдастарымен қарым-қатынас жасау өте маңызды. Жасөспірімнің құрдастарымен қарым-қатынас жасауға деген ұмтылысы өтпелі жасқа тән қажеттіліктерге негізделген, мысалы, қоғамдық тануға, мақұлдауға қол жеткізу қажеттілігі, қабылдау және жылы көзқарас қажеттілігі, өзін-өзі растау, өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігі.

Бейнежазбада көрсетілгендей, мұның ғылыми түсіндірмесі бар. Жыныстық жетілудің басталуы адамның басқа адамдардың пікіріне жауап беретін ми аймақтарындағы өзгерістерді ынталандырады. Кейде «Әлеуметтік ми» деп аталатын ми аймақтары жасөспірімдерге басқа адамдардың эмоцияларын білдіретін фотосуреттерді көрсеткенде, олардан достары туралы ойлауды, басқа адамдардың ренжігенін бағалауды сұрағанда немесе әлеуметтік қабылдауды, бас тартуды сезінгенде белсендіріледі.

«Әлеуметтік мидың» өзгеруі жасөспірім кезеңінде жалғасады. Сондықтан жасөспірімдер құрдастарының пікіріне ерекше алаңдайды. Бұл тамаша нейробиологиялық дауыл (кем дегенде, егер сіз адамның өзін-өзі танудың қиын процесінен өтуін қаласаңыз): басқа адамдардың не ойлайтынын түсінуге жауап беретін ми аймақтарының жұмысын жақсарту; әлеуметтік қабылдауға немесе қабылдамауға сезімтал ми аймақтарының қозғыштығын арттыру; басқа адамдардың эмоционалдық күйлерінің көріністеріне сезімталдықты арттыру, мысалы, мимика. Сондықтан мидың осы аймақтарындағы өзгерістер жасөспірімдер үшін құрдастар тобындағы олардың мәртебесі туралы мәселенің маңыздылығын арттырады; олар өз тарапынан қысымға ұшырайды, қалғандарын көбірек талқылай бастайды және «өсек айтады» (сонымен қатар өздері өсек объектісіне айналса, көбірек алаңдайды.

Жасөспірімдер арасындағы қарым-қатынас әрқашан достық қатынаста бола бермейді. Ересектер жасөспірімдер сияқты буллинг белгілері туралы білуі керек. Ең бастысы, балаларды эмпатияға, өзара көмекке, оң қарым-қатынасты дамыту қабілетіне, ең алдымен, өздерінің жеке үлгісі бойынша үйрету керек.

Бейнежазбаны көруді ұсынамын:

https://www.youtube.com/watch?v=oor-l2Gf2Go&t=4s

Пікір:

Жасөспірімдерді қорқыту әдеттегі жанжал емес. Жанжал – бұл екі тараптың қақтығысы, онда екі адам әртүрлі көзқарастарды білдіреді немесе бір көзқараспен келіспейді, нәтижесінде адамдар арасындағы қарым-қатынастың күрт нашарлауы орын алады.

Буллинг – бұл жасөспірімдердің белгілі бір адамға қудалау, қорлау және ұзақ мерзімді жәбірленуші мәртебесін құруы. Буллингті әдетте бір жасөспірім (көшбасшы) ұйымдастырады, кейде сыбайластарымен, ал көпшілігі куәгер ретінде әрекет етеді. Қорлау кезінде жәбірленуші өзін шабуылдардан қорғай алмайды. Көріп отырғаныңыздай, қорқытушы тараптардың күштері шамамен тең болатын қақтығыстан ерекшеленеді.

Буллингтің түрлері:

- физикалық – жәбірленушіге қатысты тікелей физикалық әрекеттер (итеру, тепкілеу, ұрып-соғу, жыныстық қудалау);
- вербалды – қорқыту, қорлау, мазақ ету, жәбірлеу;
- әлеуметтік-психологиялық – әлеуметтік шеттетуге немесе оқшаулануға бағытталған буллинг (өсектеу, қауесет тарату, елемеу, бойкот жариялау, манипуляция);

- экономикалық – бопсалау немесе ақшаны, заттарды тікелей алу, киімді зақымдау;

- кибербуллинг немесе интернет буллингі – әлеуметтік желілер, электрондық пошта арқылы интернеттегі қорлау.

Балалардың өз құрдастарына сонша лықты қатыгез және агрессивті болуына не себеп болады деп ойлайсыз? (Ата-аналардың жауаптары)

Енді топтарға бөлініп, келесі кейстерді қарастыруды ұсынамын. Кейс – бұл кез келген саладағы нақты жағдайдың немесе оқиғаның сипаттамасы. Кейсті шешу дегеніміз –ұсынылған жағдайды талдау және оған оңтайлы шешім табу.

1-кейс: Қолайсыз отбасылардан шыққан 8 «Б» оқушылар тобы (Айжан, Айнұр, Сабина) қазан айынан бастап апта сайын сабақтан кейін 7 «В» сынып оқушысы Інжуді мектеп ауласының спорт алаңында күтті. Сегізінші сынып оқушылары Інжуден ақша талап етіп, егер олардың талаптары орындалмаса, оған және оның сіңлісіне физикалық зорлық-зомбылық көрсетеміз деп қорқытты. Шамамен үш ай ішінде Інжудің ата-анасы қызының мінез-құлқындағы өзгерістерді байқай бастады: Інжу тұйықтылып, қорқып, соңғы сабақтарға бармайтын болды. Бір күні, желтоқсанның басында, Інжу үйге әдеттегіден 1,5 сағатқа кешігіп, күртешесі жыртылып, қатты соққы алып келді. Анасының сұрақтарына ұзақ уақыт жауап бермей, тек жылады. Содан кейін ол 8-сынып оқушыларының бір тобы оны ұрып-соққанын айтты, өйткені ол бопсалаушылар талап еткен соманы тауып бермеді. Келесі күні таңертең Інжудің мамасы мектепке барды.

Сұрақтар:

1. Ананың баласына қолдау көрсететін сөздері қандай болуы керек?

2. Інжудің мамасы мектепте қандай әрекеттер жасауы керек?

2-кейс: Мариямның ата-анасының табысы сыныптастарының ата-аналарына қарағанда жоғары. Мариямның соңғы үлгідегі телефоны, қымбат киімдері бар, бірақ сыныптастарының алдында мақтанбайды. Мариямның шашы әдемі, ұзын, оған тіпті бейтаныс адамдар да мақтау сөздерін айтады. Сыныптастары Мариямның шашы мүлдем әдемі, сәнді емес, тіпті биттеп кеткен деген қауесет таратады. Нәтижесінде Мариям кең киім киіп, шашын жинай бастады.

Сұрақтар:

1. Мариямның сыныптастарының қорқыту мотиві қандай?

2. Бұл жағдайда шешілмеген буллинг жағдайы неге әкелуі мүмкін?

3-кейс: Дидар кішкентай кезінен жүдеу, арық және физикалық белсенділігі төмен бала болды. Алтыншы сыныпқа дейін оны әжесі мектепке дейін шығарып салып жүрді. Сыныптастары оны ұнатпайды, оны «өлексе» және «анасының ұлы» деп мазақтайды. Бұрын Дидар үздік оқушы болған, оны «ботаник» дейтін, бірақ қазір оның үлгерімі төмендеп, сырқатына байланысты сабақтан жиі қалады. Бұл тек мазақтаумен шектелмеді. Сыныптағы мықты ұлдар оның дене шынықтыру сабағында киетін киімімен футбол ойнады, бутербродтарын тартып алып, аяғынан шалды. Бір-екі рет із қалдырмай, соққыға да жықты. Дене шынықтыру сабақтары Дидар үшін нағыз тозаққа айналды - ұлдар да, қыздар да бәс тігуді ұйымдастырды: «Дидар арқанмен соңына дейін өрмелей ала ма, әлде жарты жолда құлай ма?», «Ол сырықтан секіре ме, әлде бірден құлап қала ма?». Онымен ешкімнің отырғысы келмейтіндіктен, Дидар партада жалғыз отырады. Шағымданғаннан пайда жоқ, ал көмек сұрайтын ешкім жоқ.

Сұрақтар:

1. Қалай ойлайсыз, неліктен Дидар көмек сұрайтын ешкім жоқ деп ойлады?

2. Дидардың ата-анасы буллингті қалай тани алады деп ойлайсыз?

4-кейс: Айдан жапон комикстерін жақсы көреді және анимені

өте жақсы салады. Алайда, соңғы кездері құрбыларына агрессивті мінез-құлық таныта бастады. Айдан сөйлегенде түсініксіз сөздерді қолдана бастады, тұйықталып, көбіне қара түсті киім кигенді жөн көрді, сонымен қатар егер құрдастарымен ойы келіспесе, оларды ұрудан тайынбайды. Мұғалімдердің айтқан тұрақты шағымдары тиімді емес, керісінше агрессивті реакцияларға әкелді. Мұғалімдер мұны жапон мультфильмдерін шамадан тыс көрумен, оның аниме кейіпкерлеріне ұқсауға деген ұмтылысымен байланыстырады.

Сұрақтар:

1. Айданның жапондық мультфильмдерге деген қызығушылығы неліктен артады?

2. Бұл қызығушылық уақытша ма?

3. Бұл жағдайда сіз оған қалай әсер етер едіңіз?

Командалардың сөз сөйлеуі

Талқылауға арналған сұрақтар: Жағдайларыңыға қатысты оңтайлы шешім табу қиын болды ма? Шешімді таңдағанда неге сүйендіңіз (практикалық тәжірибе, әдебиет, фильмдер)? Біз, ата-аналар, мұндай жағдайды шешуге қалай әсер ете аламыз?

Сіздің ойыңызша, қазіргі балалар мұндай жағымсыз тәжірибені жеңу үшін қандай дағдыларға ие болуы керек?

(Ата-аналардың жауаптары. Маңызды дағдылардың бірі – өзін-өзі реттеу. Пайдалы бейнежазба: https://www.youtube.com/watch?v=hW6M6Fk1wMk)

Жасөспірімдер субмәдениеті пікірлес қауымдастық құруға және балалық шақтан да, ересек адамнан да ерекшеленетін өзіндік өмір салтын қалыптастыруға деген ұмтылыспен байланысты.

Ең үлкен қауіп – бұл субмәдениеттің өзі емес, мұндай қоғамдастық, отбасында болмауына байланысты қауіпсіздік пен беделдің жалғыз орнына айналатын жасөспірімдердің психологиялық дайындығы. Бұл өз кезегінде отбасындағы қолайсыз жағдайға немесе ата-аналардың өсіп келе жатқан баланың жаңа мәртебесіне деген теріс көзқарасына байланысты.

Отбасындағы психологиялық жағдай көбінесе баланың мектептегі қорлауға қатысуын анықтайды!

Егер ата-аналар балаларын басып тастаса немесе оларды үлкен аға/әпкелері қорқытса, бұл қарым-қатынас үлгісін әдетте билік иерархиясын басқаруға тырысатын балала мектепке апарады. Ата-ананың жеке теріс үлгісі балалардың агрессиясын тудырады.

Сондықтан, талқылауға ашық, кез келген уақытта қолдау көрсетуге және балаңызға қамқорлық жасауға дайын екендігіңізді білдіру маңызды. Осыған байланысты біз балаларыңызбен қарым-қатынаста қолдануға болатын бірнеше жаттығуды ұсынамыз.

1-топқа арналған жаттығу: «ДАСТАРХАН БАСЫНДА»

«Дастархан» ұғымы Орталық Азия аумағында кең таралған. Дастархан әр түрлі халықтар арасында маңызды мәдени маңызға ие, онымен байланысты көптеген дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мен ережелер бар. Мысалы, қазақтың дәстүрлі мәдениетінде оған әрдайым ерекше талап және құрметпен, қасиетті зат ретінде қарайтын. Дастархан басып өтуге / аттауға тыйым салынады. Қазіргі жағдайда отбасылар жалпы дастархан басында аз жиналады. Бұл әдетте кешкі ас кезінде болады. Жалпы тамақтану кезінде ата-аналар ортақ тақырыптарды бірлесіп талқылау арқылы ұзақ күннен кейін баласымен эмоционалды байланыс орната алады. Мұндай мазмұнды әңгімелер ашықтық пен ынтымақтастық құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді.

ӨТІНІШ, СІЗДІҢ БАЛАҢЫЗДЫҢ ДОСТАРЫ, ОРТАҚ СЕНІМДЕРІ МЕН ХОББИІ, ЖАРҚЫН СӘТТЕРІ ТУРАЛЫ КӨБІРЕК АЙТА АЛАТЫН СҰРАҚТАРҒА

ЖАУАП БЕРЕ ОТЫРЫП, СҰРАҚТАР ҚОЙЫҢЫЗ.

2-топқа арналған жаттығу: «БІЗ ДЕ БАЛА БОЛҒАНБЫЗ ...»

Балалар ата-аналарының балалық шағындағы оқиғаларды қуана тыңдайды. Осының арқасында олар өздерінің жақын адамдары туралы көбірек біледі, рефлексияны үйренеді және барлық ересектер бір кездері өздері сияқты болғанын түсінеді.

Жақын достарыңызды, шынайы достықтың маңыздылығын түсінген және бағалаған достығыңыздың ең маңызды сәттерін еске түсіріңіз. Немесе, керісінше, сіз балалық шақта қорқытуды бастан өткерген жағдайларды және онымен күрескен ресурстарды еске түсіріңіз. Топпен бірге талқылаңыз.

3-топқа арналған жаттығу: «Сіз досыңызға қалай қарайсыз?»

Қағаз парағын алып, мына қадамдарды орындаңыз.

1.Алдымен, сіздің жақын досыңыз өзін нашар сезінетін немесе қандай да бір қиындықтарға тап болатын жағдайлар туралы ойланыңыз. Сіз досыңыздың мұндай жағдайларына қалай қарайсыз? Өтініш, әдетте не істеп, не айтып жатқаныңызды жазып алыңыз және досыңызбен сөйлескенде дауысыңыздың сарынына назар аударыңыз.

2.Енді өзіңізді нашар сезінетін немесе қиын болатын жағдайлар туралы ойланыңыз. Мұндай жағдайларда сіз өзіңізді қалай ұстайсыз? Әдетте не істейтініңізді және айтқаныңызды жазып алыңыз және өзіңізге қандай жолмен қолдау көрсететініңізге назар аударыңыз.

3.Сіз айырмашылықты байқадыңыз ба? Олай болса, неге екенін өзіңізден сұраңыз. Өзіңізге және басқаларға басқаша қарауға сізді қандай факторлар немесе қорқыныш мәжбүр етеді?

4.Егер сіз өзіңізге жақын досыңыз сияқты әрекет етсеңіз, бәрі қалай өзгеруі мүмкін деп ойлайтыныңызды жазыңыз.

5.Келесі жолы сізге қиын болған кезде, өзіңізді ең жақсы дос ретінде қабылдауға тырысыңыз және не болатынын көріңіз.

6.Топта талқылаңыздар.

4-топқа арналған жаттығу: «Достық бағдаршамы»

Сіздің алдыңызда үш түсті бағдаршам бар. Келесі мәлімдемелер әр түске сәйкес келеді:

Қызыл – «қазіргі жасөспірімнің қарым-қатынасындағы жарамсыз маркерлер»



Сары – «назар аударуды қажет ететін маркерлер»

Жасыл – «жасөспірімнің қарым-қатынасындағы рұқсат етілген маркерлер»

Топта бағдаршамның әр түсімен әртүрлі жағдайды байланыстырыңыз. Неліктен сіз солай ойлайсыз? Сіз тағы қандай жағдайларды қосар едіңіз? Топта талқылаңыздар.

Жағдайлар:

Үйге қымбат заттар әкеледі.

Өз ақшасы бар, бірақ оларды қайдан алғанын түсіндірмейді

Қатыгездік көрсетеді

Жақсы көңіл-күйде болып, өте тез ашулана бастайды

Ойын барысында достарына өз ережелерін жүктейді

Ұсақ-түйек реніштерді ұмытудың орнына, өкпелейді

Нұсқауларды елемейді және оңай тітіркенеді

Жанжалға себеп іздегендей әрекет етеді

Сыныптастарының немесе құрдастарының ешқайсысын үйге шақырмайды және бос уақытын үйде жалғыз өткізеді

Бос уақытын бірге өткізетін жақын достары жоқ (спорт, компьютерлік ойындар, музыка, телефонмен ұзақ әңгімелесу) сыныптастары оны туған күндерге, мерекелерге сирек шақырады немесе ол ешкімді өзіне шақырмайды, өйткені ол ешкім келмейді деп қорқады

Таңертең басы жиі ауырады, асқазаны ауырғаны туралы шағымданады немесе мектепке бармау үшін қандай да бір себептер айтады

Үнемі ойланып жүру, тұйық болу, тамаққа тәбеті болмау, ұйқысы бұзылады, ұйықтап жатқанда жылап немесе айқайлайды

Пессимистік көңіл-күй кешеді

Көңіл-күйінің күрт өзгеруі мінез-құлқында көрініс табады

Ашу-ызасын, реніштерін ата-анасы, туыстары мен өзінен кішілерге (кіші іні-қарындастары, үй жануарлары) көрсетеді

Ақшаны білдіртпей немесе сұрап алады, оның теріс қылығының себебін нақты түсіндірмейді

Үйге аздаған жарақаттармен келеді, оның киімінің түрі еденді сүртіп алғандай көрінеді; кітап, дәптерлері, мектеп сөмкесі жыртылар алдында

Күнделікті мектепке баратын жолынан бас тартады

Талқылауға арналған сұрақтар: Құрметті ата-аналар, сізге жаттығу ұнады ма? Олардың әрқайсысының мәні неде? Орындау кезінде қандай қиындықтар болды? Сіз өзіңізге қайсысын жазып алдыңыз және оны үйде жасайсыз ба?

Құрметті ата-аналар, уақыт тауып, сабаққа қатысқандарыңыз үшін алғыс айтамын! Балаңызға мұқият болыңыз, онымен сенімді қарым-қатынасқа ұмтылыңыз, қиын жағдайларда оны қолдаңыз. Өйткені, ата-ананың қолдауын сезіне отырып, балалар жағымсыз тәжірибені тиімді жеңеді, достықты бағалауды және басқалармен жағымды қарым-қатынасты сақтауды үйренеді!



8 САБАҚ
ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – САРҚЫЛМАС ҚАЗЫНА

Сабақ мақсаты: Ата-аналардың отбасы бақыты мен ұрпақтар сабақтастығының негізі ретінде отбасылық құндылықтарға құрмет сезімін қалыптастыру

Міндеттері:

Ата-аналарға отбасылық құндылықтарды сақтаудың маңыздылығын түсіндіру;

Отбасында жағымды психологиялық ахуал орнатуда отбасылық құндылықтардың әлеуетін ашу;

Ата-аналардың отбасында және баламен қарым-қатынаста әлеуметтік қолдау дағдыларын игеруіне ықпал ету.

Ұлттық құндылықтар және тұлғаның жеке қасиеттері:

Ашықтық, құрмет, қонақжайлылық, мейірімділік

Жоспар

I. Ұйымдастырушылық кезең

Сәлемдесу

Мақсаты мен міндеттері

Топтарға бөлу

Тақырыптың өзектілігі

II. Негізгі кезең

Бейнеролик. «Отбасындағы тәрбие бастаулары». Талқылау

Ақпараттық блок

Топтық жұмыс «Отбасылық құндылықтар қобдишасы»

Қатысушылардың жеке жұмысы

III. Қорытынды кезең

Бейнеролик. «Отбасы – адамдағы ең басты құндылық». Талқылау

Рефлексия

Қорытындылау

Күтілетін нәтижелер:

ата-аналардың отбасылық құндылықтарға қызығушылығы артады;

ата-аналар бақытты отбасын құрудағы отбасылық құндылықтардың мәні мен рөлін ұғынады

ата-аналар бала тәрбиесінде отбасылық құндылықтарды, отбасындағы және балалармен қарым-қатынаста әлеуметтік қолдау дағдыларын қолданады.

Сабақтың ұзақтығы – 60 мин.

Сәлемдесу.

Қайырлы күн, ата-аналар! Бүгінгі тақырыбымыз отбасы бақытының негізі – отбасылық құндылықтарға арналады. Бүгінгі сабағымыз сіздерге жарқын естеліктер мен жағымды эмоциялар сыйлайды деп ойлаймын.

Бүгін біз сіздермен отбасылық құндылықтардың маңызы және бала бойында отбасылық құндылықтарды қалай қалыптастыру керек деген мәселелерді қозғаймыз. Сонымен қатар, бақыт пен ашықтыққа құрылған, бала өзін ең басты құндылық сезінетін отбасын қалай құру керек туралы кеңестермен бөлісетін боламыз.

Сабақтың қызықты өтуі үшін, топтарға бөлінуге кеңес беремін. (пикер сабаққа қатысушыларды платформа арқылы төрт топқа бөледі. Қажет болса, спикер топтарға бөлудің басқа әдістерін де қолданады, https://randomus.ru/split)

Тақырыптың өзектілігі

Психологиялық әдебиеттерде жасөспірімдік кезеңге ерекше мән беру керектігі ескертіледі. Осы шақта бала ересек өмірге қадам баса бастайды.

Бұл кезеңде жасөспірім бойында тұлғалық өзгерістер болып, дамудың барлық кезеңдерін қамтиды. Анатомиялық-физиологиялық даму нәтижесінде жасөспірімде психологиялық кризис пайда болады. Баланың жауапкершілігі және өзіндік «Мені» қалыптасады. Жасөспірім бұл уақытта не бала, не ересек қатарында болмайды. Осы кезең – ата-ана үшін және жасөспірім үшін де қиын кезең.

Сол себепті осы кезеңде бала тәрбиесіне ерекше ден қою керек. Жасөспірімдер өте сезімтал келеді және осы кезеңде олар жағымды психологиялық ахуал қалыптасқан отбасында тәрбиеленуі қажет. Бұл тұрғыда отбасылық құндылықтардың рөлі ерекше. Балалардың дүниетанымын қалыптастыруға ықпал ететін осы отбасылық құндылықтар.

Талқылау сұрақтары (3-5 минут талқылауға беріледі. Талқылаудан кейін спикер қорытынды шығарады):

- «Отбасы», «отбасылық құндылықтар» туралы айтқанда сіздің есіңізге не түседі?
- Сіз үшін бала тәрбиесінде кездесетін қиындықтар қандай?
- Бала тәрбиесіндегі кедергілерді еңсеруде отбасылық құндылықтардың рөлі қандай?

Видеоролик. Назарларыңызды экранға аударыңыздар. Сіздерге «Отбасындағы тәрбие бастаулары» атты бейнероликті ұсынамын. Содан кейін талқылау сұрақтарына жауап береміз (https://www.youtube.com/watch?v=bSN4Sg2Tg7E&t=1s)

Талқылау жаттығуы (Талқылау жаттығуына 5-7 минут беріледі).

Бейнероликте отбасы тәрбиесіне байланысты екі эпизод берілген. Сіздерге екі топқа бөлінуді ұсынамын және эпизодтағы кейіпкерлердің орнына өздеріңізді қойып, сұрақтарға жауап беріп көріңіздерші.

Ақпараттық блок

Қазіргі әлемде адам түрлі сынақтар мен қиындықтардан өтеді. Ол қиындықтар мен кедергілерді адам жалғыз еңсере алмайтыны анық. Ал адам үшін отбасы – қолдау мен көмек көрсететін, дем алып және күш жинайтын қасиетті мекен. Отбасы – адам өмірінің іргетасы.

Отбасылық өмірдің басты құндылығы – бұл отбасы мүшелерінің бағалайтын, ардақ тұтатын және қызығушылықтарының тоғысатын жері. Дегенмен, біз отбасын бөлек құндылық ретінде де тани аламыз. Дегенмен, қоғам өзгеріп, қоғамдағы өзгерістер отбасылық құндылықтардың маңыздылығына өз ықпалын тигізіп жатыр.

Отбасылық құндылықтар – түрлі жарқын сәттер мен жағымды естеліктерден тұратын үйдің өзіндік атмосферасы. Көз алдыңызға елестетіңізші, кешкі уақытта жұбайыңыз және балаларыңызбен дастархан басында күннің қалай қызықты өткендігі туралы, балалардың мектептегі жетістіктері туралы әңгімелері, жақында келе жатқан демалыс күнін қалай өткізетіндеріңізді талқылау, балалардың күлкісі және қуанышы.

Отбасылық құндылықтарды қалыптастыру – шығармашылықты қажет ететін ұзақ процесс. Бұл ата-аналардың отбасынан алған ең басты

1-эпизод	2-эпизод
• Сіз бұл видеодан қандай әсер алдыңыз?	• Сіз бұл видеодан қандай әсер алдыңыз?
• Сіз бейнероликтен қандай отбасылық құндылықтарды анықтадыңыз?	• Сіз бейнероликтен қандай отбасылық құндылықтарды анықтадыңыз?
• Сізге қандай отбасылық құндылықтар маңызды?	• Сізге қандай отбасылық құндылықтар маңызды?
• Отбасы бақытының негізі не?	• Отбасы бақытының негізі не?

және ең үздік тәжірибелерін өз отбасына көшіруі: отбасындағы достық қарым-қатынас, құрмент пен сенім, өз ісіне деген жауапкершілік, кешіре білу, мейірім мен қамқорлық, махаббат пен шыдамдылық.

Отбасылық құндылықтар жасөспірімнің іс-әрекетінде, мінезінде және қызметінде көрініс табады.

Топтық жұмыс (Аудиосүйемелдеу https://www.youtube.com/watch?v=4mvE9b7D_1c, Әр топ жеке тапсырма алады. Тапсырманы орындау үшін топқа 5 минут беріледі. Тапсырманы қорғау үшін әр топқа 3 минут беріледі.)

«Отбасылық құндылықтар қобдишасы»

Әр топқа жекелеген мәселе бойынша жағдаят беріледі. Әр мәселелі жағдай белгілі бір отбасылық құндылықтарға бағытталған. Мәселелі жағдайларды шеше отырып, келесі сұрақтарға жауап беріп көріңіздер:

- Осы құндылықты бала бойында қалыптастыруда ата-ананың рөлі қандай?

Бала бойында осы құндылықтарды қалыптастыру қаншалықты маңызды?

- Осы құндылықтар баланың жеке тұлға ретінде дамуына әсер етеді деп ойлайсыз ба?
- Сіз отбасы бақытының негізі – отбасылық құндылықтар деген пікірмен келісесіз бе?

Мәселелі жағдай

№1 - ТОП Әмір киберспортпен шұғылданады және компьютермен әуестенеді, IT-технологиялар туралы журналдар мен оқулықтарды көп оқиды. Әмірдің аналитикалық және логикалық қабілеттері жақсы дамыған. Мұғалім Әмірдің ата-анасына оны IT мектепке беру туралы ұсыныс айтты. Дегенмен ата-анасы Әмірді спорт секциясына беруді қалайды. Ата-анасының ойынша, киберспорт*, IT және компьютермен әуестену уақытша нәрсе ғана. Әмір ер жеткенде, басқа да қызығушылықтарды тауып алады.

Мектепте Әмірдің достары аз және ол сүйікті ісімен шұғылданып жатқанда өзінің қатарластарымен жиі жанжалдасады. Кейде Әмір өзін ешкім түсінбейтіндей, ешкім естімейтіндей сезінеді. Ол тұйықтау, әркез өзімен өзі жүреді.

*Киберспорт – компьютерлік ойындарға негізделген командалық немесе жеке жарыс.

Құндылық: Ашықтық

Бағдар: Заманауи отбасы жабықтықтан ашықтыққа...

№2 - ТОП Бүгін ауылдан Әлібектің атасы мен әжесі қонаққа келді. Анасы Әлібекті, атасы мен әжесін дастарханға шақырды. Әлібек дастарханға отыра сала тамағын асығыс жей бастады. Атасы мен әжесінің дастарханға отырғанда алдымен дастарханнан үлкен адам дәм татуы керек деген ақылын анасы да, Әлібек те назарына алмады. Анасының айтуынша, бұл дәстүр қазіргі заманда өзінің өзектілігін жоғатқан...

Құндылық: құрмет

Отбасындағы өзара құрметтің маңызы.

Бағдар: Балаға берілетін бірінші тәрбие ата – анасын, туған – туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады. Себебі ата-анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды.

Ы. Алтынсарин

№3- ТОП Бүгін Жанар мен Әлихан сабақтан түс қайта оралды. Балалар ас үйден шығып жатқан тағамның иісіне қуанып, ас үйге барды. Балаларға ата-анасы киімдерін ауыстырып, өздеріне көмектесуін сұрады.

Дегенмен, балалар қонақтардың келетініне қуанған жоқ, себебі олар шулайды, ал олар кеткен соң, үйді жинау қажет...

Оның үстіне Әлихан мен Жанар бүгін атақты блогердің стриміне қосылуы қажет.

*Стрим — интернет сервистеріндегі тікелей эфир, мысалы Twitch не YouTube.


Құндылық: қонақжайлық Қонақжайлық – отбасылық құндылықтардың негізі.

Халқымыз балаларды жастайынан қонақжайлыққа тәрбиелейді. Өйткені халық дәстүрі бойынша қонақасы берілген соң, қонақтан әңгіме сұрайды, өнері болса ән салғызып, күй тартқызады, ертегі, қиссалар айтқызады. Қонақ әңгімесіне балалар әрқашан құмар болады. «Адам болар бала қонаққа үйір» деп халық тегін айтпаған. Өйткені әр қонақтан естіген жаңалықтарын есінде сақтай білген жастың өмірді білуі, түсінуі кеңейіп, дүниеге көзқарасы қалыптасады. Көптеген нақыл сөздерді, пайдалы кеңестерді үйренумен бірге, жаманшылықтан жиренуге ден қояды.

Халық даналығы

№4 топ Бүгін Ілияс сабақтан ерте келді. Сабақтан неге ерте келгенін сұраған анасына Ілияс сыныптастарының еріктілердің клубына баратынын ескертті. Ілиястың сыныптастары бүгін еріктілер клубының атынан қарт ісілерге көмектесуге барған екен. Ілияс еріктілер клубының мүшесі емес, оның ойынша әр адам өз жұмысын өзі жасауы қажет, адамдарға көмектесу – жаі ғана өзіңнің алтын уақытыңды босқа құрту.

Қатысушылардың жеке жұмысы. Ақ қағазға өз үйіңізді құрастырыңыз (5 мин).



Үйдің әр бөлігі белгілі бір сұрақтардан тұрады және сұрақтар сіздің отбасыңызға байланысты. Сіздерге ұсынылған үйдің суретінде сұрақтарыңызға жауап жазыңыз. Сұрақтар:

Өміріңізде жарқын эмоциялар сыйлаған оқиғаларды еске түсіріп көресіз бе?

Үйге шаршап келгеніңізде, есіктен кірген сәтте сізге үйіңіз жылулық сыйлай ма және отбасы мүшелерінің қолдауын сезінесіз бе?

Бойыңызда қандай кемшіліктер бар және сізді отбасыңыз осы кемшіліктерге қарамастан жақсы көре ме?

Отбасыңызда болған қайғылы оқиғаны не күрделі мәселені, дау-дамайды есіңізге түсіріңізші. Осы сынақты отбасыңыз қалай жеңді?

Отбасыңыздың мықты жақтары...

Отбасыңыздың әлсіз жақтары...

Сұрақтарға жауап бердіңіздер. Сұрақтарға жауап беру барысында, өміріңіздегі жарқын эмоцияларға толы сәттерде көп жағдайда сіздің қасыңызда отбасыңыз болды. Келісесіздер ме? Үйге шаршап келгеніңізде отбасыңыздың жылулығын сезесіз... Сізді отбасыңыз ешқандай кемшіліктеріңізге қарамастан қабылдайды. Ал сіз отбасыңызбен бірге қаншама қиындықтар мен ауыр сынақтарды жеңіп шықтыңыз...Сондай-ақ, сіз отбасыңыздың мықты жақтары мен әлсіз тұстарын көрсеттіңіз. Мен отбасыңыздың мықты тұстарының көп екеніне сенімдімін. Ал әлсіз тұстарыңыз көп болса, сізге отбасыңызбен көп уақыт өткізу керек. Енді сіздің отбасыңызды мықты, басқаларға үлгілі, бақытты және мәнді ететін қандай отбасылық құндылықтар? Сол құндылықтарды үйдің іргетасына жазып, көрсетейік.

Ұсынылатын отбасылық құндылықтарының тізімі:

Отбасының әрбір мүшесіне құрмет, қамқорлық, отбасылық демалыс, қаржылық қамтамасыз ету, денсаулық, сүйіспеншілік, өзара түсіністік, ортақ мақсаттар, отбасылық дәстүрлер, ортақ хобби, ұрпақтар арасындағы байланыс, бірлескен демалыс, мерекелер, балалар, бірлескен іс-шаралар, спорт, бірлескен саяхат, шығармашылықты қолдау, абырой, бақыт сезімі, ұжымдық жұмыс, адалдық, сенім.

Қорытынды кезең (https://www.youtube.com/watch?v=FXD4KpY8yt4)

Құрметті ата-аналар! Назарларыңызға бүгінгі сабақты қорытындылайтын бейнероликті ұсынғым келеді. Назарларыңызды экранға аударуларыңызды сұраймын.

Бейнероликті тамашалап болған соң:

Бүгінгі сабақ сіздер үшін құнды болды деп ойлаймын. Сіздер, ата-ана ретінде, әр баланың бақытты болуын тілейсіздер. Ал бала бақыты – отбасы бақыты. Отбасы бақытының негізі – отбасылық құндылықтар.

Сабағымыздың қорытындысы ретінде сіздерге мына сұрақты қойғым келеді:

Сіз үшін ең басты құндылық не?



10–11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН

1 САБАҚ
ТАҚЫРЫБЫ: «БОЛАМЫН ДЕГЕН БАЛАНЫҢ БЕТІН ҚАҚПА, БЕЛІН БУ» ТҰЛҒА АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМЫТУДЫҢ НӘТИЖЕСІ РЕТІНДЕ

Сабақтың мақсаты: ата-аналардың рефлексия және балалардың тәуелсіздігін қолдау дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

- Ата-аналарды жоғары сынып оқушыларының өз өмірін өз бетінше құруға деген ұмтылысын қолдауға, дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға ынталандыру;
- Жоғары сынып оқушыларының жас ерекшеліктерімен таныстыру.
- Бірлескен іс-әрекет дағдыларын дамыту және баланың дербестігіне қатысты өзіндік мінез-құлық бағытын талдау.



Ұлттық құндылықтар мен жеке қасиеттер:

ата-аналар борышы, сүйіспеншілік, жеке тұлғаға деген құрмет, сенім, қамқорлық, ашықтық;

адалдық, мейірімділік, қайырымдылық, оптимизм, позитивті ойлау, эмоционалдық интеллект, ынтымақтастыққа дайын болу.

Жоспар

I. Кіріспе бөлім: Дербестік тұлғаның маңызды қасиеті ретінде.

II. Негізгі бөлім.

1.Жоғары сынып оқушыларының жас ерекшеліктері.

2.Баланың дербес әрекеттерін қолдау («Баланың дербестігі» сауалнамасы)

3.Баланың дербестігін қалыптастыру амалдары: «Сіздің балаңыздың портреті», «Жоғары сыныптағы балалардың дербестігін әрбиелеу», «Отбасылық қабырға газеті», «Тепе-теңдік дөңгелегі» тапсырмалары.

4.»Менің балам – тәуелсіз тұлға» жаттығуы.

III. Қорытынды: қорытындылау.

Ресурстар: А4 форматындағы парақтар, қаламдар, қарындаштар, ватман парақтары, түрлі-түсті маркерлер, «Баланың дербестігі» сауалнамасы

Күтілетін нәтижелер

Сабақ соңында ата-аналар:

жоғары сынып оқушыларының жас ерекшеліктері туралы түсінігі болады, балалардың дербестігін да-

мыту бойынша өз іс-әрекеттерін рефлексиялау дағдыларын дамытады,

балалардың дербестігін дамыту амалдарын меңгереді.

Сабақтың ұзақтығы – 60 мин.

Тақырыбы «Тұлға адамгершілік құндылықтар негізінде өзін-өзі дамытудың нәтижесі ретінде»

Сұрақтар:

1.Балаңыздың мектеп бітіргенде қандай болғанын қалайсыз?

2.Жоғары сынып оқушыларының дербестігін дамытуда олардың қандай жас ерекшеліктері маңызды рөл атқарады?

3.Бұрынғы кездегі балалардың дербестігін тәрбиелеу үшін қандай ұлттық дәстүрлер болған?

4.Ата-ана баланы дербестікке тәрбиелеу үшін қандай амалдарды қолдана алады?

Құрметті ата-аналар! Біздің сабағымыздың тақырыбы – балаларымыздағы дербес тұлғаның қасиеттерін дамыту.

Жоғары сынып оқушыларының жас ерекшеліктері ерекше мәнге ие, өйткені дәл осы жасқа өзін-өзі танудың, жеке рефлексияның дамуы, яғни олардың өзінің психикалық жағдайы туралы ойлау, өз сезімдерін талдау, өздерінің даралығын түсіну қабілеті тән.

Бұл жастағы физикалық ерекшеліктерге төзімділіктің, қозғалыс координациясының дамуы, бұлшықет күшінің өсуі жатады.

Дене келбеті қалыптасады, жүректің көлемі 60-70% ұлғаяды, қозу үдерісі әлі тежелу үдерісінен күштірек болса да, орталық жүйке жүйесінің дамуы аяқталады.

Психологиялық ерекшеліктер: тұлғаның негізгі қасиеттері, мінезі қалыптасады, өзіндік санасы (Мен бейнесі) мен тұлғалық рефлексиясы дамиды. Өз мүмкіндіктері мен ресурстарын бағалау объективті бола түседі. Жоғары сынып оқушылары өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі реттеудің жоғары дәрежесін көрсетеді. Оның ішкі әлемі ашылады, даралығы мен өзіндік ерекшелігін сезінеді. Бұл өзін-өзі тану мен өзін-өзі белсенді іздеу кезеңі.

Жалпы дамудағы маңызды орын қалыптасқан жыныстық сәйкестендіруге беріледі.

Бұл жастағы балалар еркіндікке, тәуелсіздікке ұмтылады, бірақ сонымен қатар олар ата-аналар мен ересектердің психологиялық қолдауына да зәру.

Зияткерлік ерекшеліктер: жоғары сынып оқушыларының оқу іс-әрекетінде өзін-өзі айқындау және ересек өмірге дайындық түрткілері жетекші орынды алады.

Танымдық түрткілер кең әлеуметтік түрткілермен байланысты. Ерікті түрткі бірінші орынға шығады. Жоғары сынып оқушысы іс-әрекет тәсілдерін таңдауда саналы түрде қойылған мақсатты басшылыққа алады.

Әлеуметтік ерекшеліктер: кәмелеттік жасқа толған, тұлғалық және кәсіби тұрғыда өзін-өзі айқындау үстінде тұрған жоғары сынып оқушылары оқуға саналы түрде қарайды, болашақ мамандығын таңдауда объективті факторларды ескереді. Отбасы құндылықтарын түсінеді және кейде асыра бағалап жібереді. Бұл кезеңдегі достық өте маңызды және көбінесе эмоционалды қолдау болып табылады.

1-тапсырма: презентация материалына және біздің әңгімемізге сүйене отырып, «өз балаңыздың портретін» құрыңыз, сіздің ойыңызша, оның жеке тұлғасына тән ерекшеліктер қанадай екен?

«Менің балам – дербес тұлға» жаттығуы

Қатысушылар топтарға бөлінеді. Педагог «нысана» үлгісін көрсетеді, яғни бір-бірінде орналасқан шеңберлер.

Жаттығу ата-ана баласы мектеп бітіргеннен кейін баласының бойында қандай қасиеттерді, қабілеттерді, дағдыларды көргісі келеді деген сұраққа жауап беруден басталады.

1.Қатысушылар мектепті бітіргеннен кейін баласында көргісі келетін

дербес тұлғаның қасиеттерін, қабілеттерін, дағдыларын атайды.

2. Жоғарыда айтылғандардың ішінен топ ең маңызды бес қасиет пен дағдыларды таңдап, оларды шеңберлер (нысана) бейнеленген сызбаның ортасына енгізеді. Шеңберлердің ортаңғысы барлық аталған қасиеттері бар «дербес тұлғаны» білдіреді.

3.Әрбір қатысушы оның баласы, ата-анасының пікірінше, шеңбердің ортасына қатысты қай жерде тұрғанын кез-келген белгіні фломастермен белгілейді.

4.Қатысушылар шеңбердің ортасына жақындауға көмектесетін, балаларда тәуелсіз тұлғаның қасиеттерін дамыту әрекеттерін ұсынады.

Ең қызықты ұсыныстар тақтаға/флипчартқа жазылады.

Ата-бабаларымыз балалардағы дербестікті қалай тәрбиелеген

Мұғалім тәрбиенің ұтымды дәстүрінде балалардың дербестігін дамытудың өзіндік тәсілдері мен амалдары болғанын көрсететін тарихи фактілерді еске түсіруді ұсынады.

Әңгіме

Қазақтарда жаңа туған балаға баламен бір мезгілде туған үй жануарын (құлын немесе бота) беру дәстүрі (басіре) болған. Ол балаға тиесілі болған және онымен бірге өскен. Жануарды күтіп-бағу баланың қамқор, жауапты болуына, және тірі тіршілік иесінің өмірін бағалауға көмектесетін.

Қазақ отбасында балаларды 5 жасқа дейін бетінен қақпай өсіру кезеңі болған. Баланы «патшадай» еркелететін. Ал 6 жастан 15 жасқа дейін – «құл сияқты» – қатаң түрде еңбекке баулу – қозы бағуға, отын дайындауға, ауыздық, қамшы тоқуға, тері илеуге, сарай салуға, атқа мінуге үйреткен. 15 жастан кейін оған «тең адам» ретінде қараған.

13-15 жасында балаларды ересектер деп санап, қоғамдық жиналыстарға қатысуға рұқсат беріліп, олар шаруашылық және өндірістік жұмыстарға белсене араласты.

Педагог атаа-бабаларымыз балаларды еңбекке баулу арқылы дербестік пен жауапкершілікке тәрбиелегеніне тоқтала отырып, талқылауға шақыру үшін сұрақтар қояды:

• Сіздердің балаларыңыздың үй шаруасында қандай міндеттері бар?

• Сіздің ойыңызша, олар балада болуы керек пе, әлде оның негізгі жұмысы – оқумен айналысуы жеткілікті ме?

2-тапсырма. Ата-ана назарын баланың дербестігіне қатысты өз түсінігі мен іс-әрекетіне аударуды көздейді.

1. Нұсқалардың бірін таңдай отырып, «Баланың дербестігі» сауалнамасының сұрақтарына жауап беріңіз. Соңында жауаптарыңызға сәйкес әріптерді жазыңыз.

2. Жауаптарыңыз бойынша кестені толтырыңыз.

Ата-аналарға арналған сауалнама

1.Сіз ұлыңызбен/қызыңызбен киім сатып алуға барасыз. Таңдау қалай жүреді?

А. Әрине, мен таңдаймын. Егер таңдауды балаға тапсырсам, ол күлкілі көрінетін болады.



В. Біз баламен бірге таңдаймыз, әртүрлі нұсқаларды өлшеп көреміз және әрқайсысының орындылығын талқылаймыз.

С. Бала өзі таңдайды. Менің ойымша, бұл соншалықты маңызды емес.

2.Сізге балаңыздың достарының бірі ұнамайды. Сіздің әрекеттеріңіз:

А. Мен араласуға тыйым саламын. Өскенде рахмет айтады.

В. Баламен сөйлесемін, өз ойымды түсіндіремін, оны тыңдаймын. Мен тыйым салмаймын, бірақ қарым-қатынасты бақылауға тырысамын. Сонымен қатар, досын жақынырақ тану үшін оны қонаққа шақырамын.

С. Кім болса дос болсын, бала өз қателіктерінен сабақ алуы керек.

3.Үй тапсырмасын орындауға қатысты сізге тән сөздер.

А. Бүгін қандай тапсырма берді? (Баланың күнделігін қарап отырып).

В. Бүгін тапсырма көп берді ме? Көмек қажет болса, шақыр.

С. Отыр, өзің жаса. Бұл сенің жұмысың.

4.Сіз ұлыңыздан/қызыңыздан мазмұны ұнамайтын кітап/журнал таптыңыз. Не істейсіз?

А. Мен оны алып қоямын, оған оны оқудың қажеті жоқ.

В. Мен балаға мұны неге оқудың қажеті жоқтығын түсіндіремін.

С. Тыйым салудың қажеті жоқ, өйткені тыйым салынғанына қарамастан керек болса тауып алады.

5.Егер сіздің балаңыз сыныптасымен қақтығысып қалса, қалай әрекет етесіз?

А. Мен бірден әрекет етемін және бұл мәселені шешемін. Мен сыныптасының ата-анасына қоңырау шалып, мектепке келіп, мұғаліммен сөйлесемін.

В. Мен баланы тыңдаймын, туындаған жағдайдан шығудың жолын табуға көмектесемін, бірақ егер бала мәселені өз бетімен шеше алмаса ғана араласамын.

С. Мен араласпаймын, бала қиындықтарды жеңуге және одан шығудың жолын табуға үйренуі керек.

6.Баланың қосымша білімін алуын таңдау қалай жүреді?

А. Мен балаға өмірде пайдалы деп санайтын үйірмелер менсекцияларды таңдаймын, өз бетінше шешім қабылдауға әлі ерте.

В. Баланың өзі ұнайтын үйірмелерді таңдады, бірақ мен оларға жүйелі қатысуын бақылаймын.

С. Шынымды айтсам, мен баланың қандай қосымша сабақтарға баратынын білмеймін.

7. Сіздің балаңыздың үйдегі міндеттері бар ма?

А. Менің ойымша, үй тапсырмасын орындау және жақсы оқу – баланың басты міндеті, қалғаны-ата-ананың қамқорлығында.

В. Иә, әрине, олар онша көп емес, оларды бала еңсере алады және оларды орындау міндетті.

С. Бала өз істері мен тәртібін өзі басқарады, ал егер оның бөлмесінде тәртіпсіздік немесе киімі мыжылған болса, бұл толықтай оның жауапкершілігі.

8.Таңертең баланың оянуы қалай болады?

А. Баланы уақытында көтеріп, оның кешігіп қалмауын қадағалау – бұл менің жауапкершілігім, ол оятқыш дабылын естімеуі мүмкін.

В. Мен баланың кештен бастап оятқышты қосуын қадағалаймын, бірақ оның мектепке ұйықтап қалмауын қадағалаймын.

С. Бала уақытты өзі басқаруы керек, егер ол бірнеше рет ұйықтап, мектепке кешігіп қалса, онда бұл оған сабақ болады.

9. Баланың өскенде кім болатыны туралы армандарына қалай қарайсыз?

А. Армандар армандармен, ал біз балаға беделді мамандықты таңдап қойдық, ол осы жаста өзі не шеше алады?

В. Мен балаға Мамандықтар әлемі мен олардың сұранысының толық бейнесін беруге тырысамын және өзі таңдауға мүмкіндік беремін.

С. Ол қазір армандайтын нәрсе аз

ба, ол мектепті бітіреді, сонда шешсін.

10.Сіздің отбасыңыздағы тәрбие стилін қалай сипаттауға болады?

А. Біз қатаң ережелерді орнатамыз және баланы «жақсы» және «жаман»деген не екенін өзі анықтай алмайынша толығымен басқарамыз.

В. Біз ережелерді белгілейміз, бірақ олар не үшін қажет екенін және егер олар орындалмаса не болатынын түсіндіреміз. Егер біз баланың ережені меңгергенін көрсек, бақылауды біртіндеп әлсіретеміз.

С. Біз балаға қалағанын жасауға мүмкіндік береміз, өйткені ол тек тәжірибе арқылы дербес болуға үйренеді.

Бақылау: қатаң / ақылға қонымды / бақылаусыз

Таңдау құқығы: бар / жоқ / араласпау

Дәлелдеу: қажет / жоқ

Тәрбие стилі: авторитарлық / демократиялық / либералды

3-тапсырма. Ересек балаларды дербестікке тәрбиелеу

Қатысушылар топтарға бөлінеді, олардың әрқайсысына тапсырмасы бар дайынд кестелер беріледі. Кестенің оң жақ бағаны толтырылмаған. Кестелер жоғары сынып оқушысының мінез-құлқының 2 кезеңін көрсетеді.

Бақылау	таңдау құқығы	дәлелдеу	тәрбие стилі



Ата-аналарға жоғары сынып оқушысының дербестік білдіруінің үлгілік көріністеріне жауап қайтарудың өз нұсқаларын беру ұсынылады..

Нәтижелері бар топ өкілдерінің сөйлеген сөздері ата-аналардың ықтимал әрекеттері мен реакцияларының кеңейтілген тізімін жасауға мүмкіндік береді.

Балалармен бірге жасаймыз (топтық жұмыс)

Келесі тапсырмада ата-аналарға балалармен бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру тәсілдерін қолданып көруге кеңес беріледі. Қабырға газеті түрінде балалар мен ересектердің эмоцияларын рефлексиялау дағдылары, сондай-ақ мақсат қою дағдылары дамиды.

Әр топтағы қатысушылар өздерінің қабырға газетін жасайды, шығармашылық қабілеттерін көрсете отырып, эмоцияларды белгілеу үшін өз белгілерін ұсынады.

4-тапсырма.Отбасылық қабырға газеті-балалар мен ата-аналар үшін эмоцияларды білдіру, мақсат қоюдың ортақ кеңістігі.


Эмоциямызды білдіреміз. Сезімдеріңізді талдауға арналған тамаша жаттығу-көңіл-күй күнделігі. Көңіл-күйіңізді әртүрлі белгілермен белгілеңіз және оны жасауды балаңызға ұсыныңыз. Оны түрлі-түсті стикерлермен, смайликтермен, суреттермен (күн, жаңбыр және т.б.) белгілеуге болады, өз белгілеріңізді ойлап табуға болады.

Мақсаттарды қабырға газетіне жазамыз– 1 күнге, аптаға, айға. Біз мақсаттарды, олардың орындалуын бірге талқылаймыз, егер бірдеңе болмай жатса – талдаймыз.

Топтарда орындалатын келесі «Тепе-теңдік дөңгелегі» тапсырмасы балалардың жоспарлау және талдау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Педагог үлгіні көрсетеді.

Тапсырма 5. «Тепе-теңдік дөңгелегі «(топтық жұмыс)

Қағазға шеңбер сызып, оны бірнеше секторға бөліңіз. Әр секторды он



бөлімге бөліңіз. Бұл секторлар-өмір салалары. Оларды өзіңіз таңдай аласыз: мектепте оқу, адамдармен қарым-қатынас, өзін-өзі дамыту, хобби және басқалар. Балаңызға белгілі бір салаға қанша уақыт пен күш жұмсай алса, сонша бөлімді бояуды ұсыныңыз. Әрқайсысын 1-ден 10-ға дейін бағалауға болады. Нәтижелерді талдаңыз:

1. Қай салада ең жоғары көрсеткіш бар? Ал ең төмен?
2. Қай салаға қалағандай көп көңіл бөле алмадым?
3. Мұндай көрсеткіштерге бала риза ма, әлде келесі оқу жылында бір нәрсені өзгерткісі келе ме?

Тепе-теңдік дөңгелегі жылды жоспарлау үшін де, нәтижелерді талдау үшін де қолданылады: қайсысы жақсы/нашар болды. Нәтижелердің неліктен дәл осындай болғанын түсіну маңызды.

Бұл шағын тапсырма ата-аналардың балаға «дұрыс» сұрақтар қою қабілетін дамытуға бағытталған.

Ата-аналарға сұрақтарды талдау және осы тізімді өз бетінше толықтыру ұсынылады.

Әңгіме

Әңгімелесу - адамды рефлексияға үйретудің тиімді әдісі. Сезімдер, эмоциялар және әрекеттер туралы сөйлесу өзін-өзі талдау дағдысын жақсы дамытады. Балаңызбен өткен күнді, жоспарлар мен мақсаттарды, тәжірибені талқылауды әдетке айналдырыңыз.

Көмекке келесі сұрақтарды аламыз:

Сен үшін бүгінгі ең қызықты нәрсе не болды?

Сен қандай қиындықтарды бастан өткердің?

Сенің бүгінгі жұмысыңда ең оңай және ең қиын нәрсе не болды?

Бүгін не үйрендің, қандай сабақ алдың?

Ал ертең не істегің келеді?

Осы сұрақтар тізімін өз сұрақтарыңызбен толықтырыңыз.

Осы сұрақтарға өз жауаптарыңызды балаңызбен бөлісуден тартынбаңыз. Бұл тек еліктеу үлгісі ғана емес, ең алдымен сенімді қарым-қатынас жолы.

Сабақ соңында рефлексия жүргізіледі:

* Сізге жаттығулар ұнады ма?

* Олардың әрқайсысының құндылығы неде?

* Орындау кезінде қандай қиындықтар болды?

• Сіз қайсысын жазып алдыңыз және оны үйде жүзеге асырасыз ба?

Бірінші сұрақ – балаларды ересек өмірге дайындауда оларға қалай кеңесші және жолсерік болуға болады. М. Кенинг



2 САБАҚ
КӨРКЕМ МІНЕЗ – БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҚ. ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ТАБЫСТЫ ТҰЛҒАНЫҢ НЕГІЗІ

Сабақтың мақсаты: ата-аналардың эмоционалды құзыреттілігін, өзіндік сана-сезім, өзін-өзі реттеу, эмпатия және қарым-қатынасты реттеу дағдыларын дамыту

Міндеттері:

Эмоционалды интеллектіні дамыту бойынша қызығушылықты қалыптастыру

Эмоционалды интеллектінің құрылымдық компоненттері туралы түсінік беру (өзіндік сана-сезім, эмпатия, өзін-өзі реттеу, қарым-қатынасты реттеу)

Өз эмоцияларын және басқа адамдардың эмоцияларын түсіну қабілетін дамыту

Өз эмоционалдық жай-күйлерді реттеу, олардың сыртқы көріністерін бақылау, позитивті қарым-қатынас дағдыларын дамыту

Ұлттық құндылықтар мен жеке қасиеттер:

Ашықтық, өмірге оң көзқарас

Күтілетін нәтижелер

Сабақ аяқталғаннан кейін ата-ана:

Эмоционалды сауаттылыққа ие болады

Эмоционалды интеллект құралдарын қолдануды үйренеді

«Мен-мәлімдемелерін» қолдана отырып, оң қарым-қатынас орната алады

Дағдарыс жағдайында өнімді мінез-құлық алгоритмдері мен тәсілдерін қолдана алады

Жоспар

I.Кіріспе. Эмоционалды жай-күй.

II. Неізгі бөлім.

1. Шағын топтардағы жұмыс

2. Өзіндік сана-сезім, өзін-өзі реттеу, эмпатия, қарым-қатынасты реттеу дағдыларын дамытудағы жаттығулар.

3. Жанжалды жағдайдан шығу

III. Қорытынды. Рефлексия.

Сабақтың ұзақтығы – 60 мин.

Эмоционалды жай-күй.

Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар! Мен сіздерді сабағымызда көргеніме қуаныштымын.

«Бір минут ішінде сурет сал» психосуреті.Стикерге бір минут ішінде нақты ештеңе емес, тек сызықтар, пішіндер, түрлі түстер арқылы эмоцияларыңызды салуды ұсынамын. Содан кейін суретіңізді оң жақтағы көршіңізге беріңіз. Суретке мұқият қарап, онда қандай эмоциялар бейнеленгенін болжауға тырысыңыз.

- Бір-біріңіздің эмоцияларыңызды болжай алдыңыздар ма?

- Қандай қиындық болды: өз эмоцияңызды анықтау ма, әлде басқа адамның көңіл-күйін болжау ма?

Түсініктеме: бұл жаттығу өзіңіздің және басқалардың эмоцияларын анықтауда қиындықтарға тап болуға мүмкіндік береді.

Сабақтың мақсатын қою.

Бүгін біз эмоционалды интеллектінің дамуы туралы сөйлесеміз.

Мәселенің тарихы

Жоғары эмоционалды интеллект иесі (ЭИ, ағылш. Emotional Intelligence, EI) кезкелген жұмыс орнында тез дамып, әріптестерінің құрметіне бөленіп, команданың көшбасшысы болатыны сөзсіз.

Emotional Intelligence. Мұндай адамды қатты ашуландырып, жанжалға итермелеу өте қиын. Ол агрессияны басып, жанжалды жағдайдан күш қолданбастан шыға алады... Мәселенің тарихы 1990 жылы Питер Саловей мен Джон Майердің эмоционалды интеллект тақырыбында жазған мақаласы жарық көрген кезден бастау алады.

Бұл жұмыста осы шығарылымда

алғаш рет зерттелетін термин қолданылып қана қоймай, берілген қабілет пен оның ерекшеліктері туралы пікір білдірілді. 5 жылдан кейін әйгілі New York Times-тың атақты журналисі Дэниел Гоулманның осы атаумен шығарған кітабы бестселлерге айналып, зерттеулерге жаңа серпін берді. Егер адам эмоцияларын басқаруды үйренбесе, ЭИ соны білдіреді, ол күйзеліс, апатия, агрессия мен депрессияға ұшырайды...

Зейінді ауыстыру арқылы адам көптеген жағымсыз сәттерден: адамның психологиялық денсаулығын бұзатын жанжалдар, мағынасыз даулар, артық мазасызданулардан аулақ болады.

Өзіңді алаңдататын ойлармен достық қарым-қатынаста болу мазасыздық деңгейін төмендетіп, өмір сапасын жақсартады. Сезімдерді ажырата білу және олармен күресу өзіңе деген сенімділікті арттыруға және әркімнің өміріндегі іргетас және тірек болып табылатын өзінің этикалық көзқарастары мен моральдық принциптеріне адал болуға мүмкіндік береді.

Шағын топтардағы жұмыс

Топтарға біріктіру.

4 адамды шақырып, оларға негізгі эмоциялардың атауларын береміз: «Қорқыныш», «Ашу», «Қайғы», «Қуаныш».

Барлығына үстелдің үстінде жатқан эмоциялардың атаулары жазылған карточкаларды алып, оның қандай эмоциялар тобына жататынын анықтауды ұсынамын.

Эмоциялар атаулары бойынша топтарға бірігіп, үстелден орын алуларын сұраймын. Ұсынылған кесте бойынша өз тобыңызды қаншалықты дұрыс анықтағаныңызды тексеруді сұраймын.



НЕГІЗГІ ЭМОЦИЯЛАР	РЕҢКТЕР МЕН ҚАРҚЫНДЫЛЫҚ
Қорқыныш	сенімсіздік, мазасыздық, алаңдау, ұялшақтық, абыржу, қорқыныш, сенімсіздік, есі шығу, дүрбелең, үрей
Ашу	күйгелектік, өкініш, реніш, қызғаныш, ашулану, ұнатпау, қызғаныш, менсінбеу, ашулану, жек көру, долылық
Қайғы	жан ауруы, дәрменсіздік, сағыныш, аяушылық, өкініш, үмітсіздік, көңілсіздік, көңілі қалу, қайғы, үмітсіздік, амалсыздық
Қуаныш	тыныштық, үміт, шабыт, қызығушылық, әуестік, қамқорлық, қабылдау, махаббат, бақыт, таңдану, шаттық

Түсініктеме: Бұл жаттығу сөздік қорын белсендіруге, эмоцияларды топтарға бөлгенде сабаққа қатысушыларға бағыт береді. Кесте сабақ барысында тапсырмаларды орындауға көмектеседі. Эмоцияларды вербализациялау бейсаналық процестерді сана деңгейіне «көтеруге» мүмкіндік береді, сондықтан біз оларды зерттеуге, себеп-салдарлық байланыстарды табуға және қандай да бір жолмен өзгертуге мүмкіндік аламыз.

«Эмоциялар туралы көзқарастар» жаттығуы

Бұл жаттығу эмоциялар туралы қандай көзқарастарыңыз бар екенін талдауға мүмкіндік бере ме? Ол үшін ойыңызға келгеннің бәрін: ата-анаңыз, мұғалімдеріңіз немесе басқа сіз сыйлайтын адамдардың айтқанын, әдебиетте оқығаныңызды немесе кинода көргеніңізді, эмоциялар туралы мақал-мәтелдер мен қанатты тіркестерді есіңізге түсіріңіз.

Есіңізге түскеннің бәрін жазып алғаннан кейін, осы көзқарастар мен сенімдер сіздің мінез-құлқыңызға және/немесе эмоционалды күйіңізге қалай әсер ететінін талдаңыз. Сіз олардың кейбірін өзгерткіңіз келе ме?

Көзқарас мысалдары:

1.Ер адам өзін осылай сезінбеуі керек, бұл ерлерге тән емес (мысалы, қайғыру).

2.Әйел өзін осылай сезінбеуі керек, бұл әйелге тән емес (мысалы, ашулану).

Мен өзімді осылай сезінбеуім керек, себебі бұл жағдайда мен өзім кінәлімін.

Мен өзімді осылай сезінбеуім керек, себебі басқаларға менен де жаман болуы мүмкін.

Түсініктеме

Әр көзқарас пен ойдың астарында осы сенімдердің қалыптасуына мүмкіндік берген жеке тәжірибе жатыр. Мысалы, ашулану – бұл жай ғана ашулану емес, ол сенің әкең сияқты абьюзер екендігіңнің белгісі, қорқыныш –бұл жай қорқыныш емес, ол саған батылдық пен ер жүректіліктің жетіспейтіндігінің белгісі, қайғы мен көз жасы – бұл жай ғана қайғы емес, мүмкін әлсіздітің белгісі.

Бұл көзқарастар бізді қорғамайды, керісінше, біз сезінбеген эмоцияларымыз бен сезімдеріміз маза-

сыздыққа, депрессияға, дүрбелең шабуылдарына, денсаулықтың физиологиялық проблемаларына айналып, одан да көп зардап шеккізеді.

Кез келген эмоцияны түсіну және сезіну маңызды, сондықтан егер сіз жоғарыдағы тізімде сіздің басыңызда жиі кездесетін бірнеше нанымдарды тапсаңыз, алдымен олардың қалай және неге пайда болғанын түсінуіңіз керек. Содан кейін бірте-бірте өзіңізді осы көзқарастарға сенуге «қайта үйрету» және өзіңізді «қауіпті» эмоциядан «қорғап», оларды мантра ретінде қайталауды тоқтату мүмкін болады.

Әртүрлі халықтарда эмоциялардың көрініс табуының ұлттық ерекшеліктері

Көшпелі халықтар мұрагерлерінің менталитеті қарым-қатынас орнату, диалогқа бейімділік, ашықтық, толеранттылық (төзімділік), демократизм, плюрализм, еркіндікке деген сүйіспеншілік, шынайылық, жаңашырлық, өзін-өзі сынау, үлкендерге құрмет (дәстүр таратушыларға), қарапайымдылық және тағы басқа қасиеттермен тығыз байланысты.

Л.Н.Гумилев атап өткендей: «Қазақ, татар, өзбектермен болған тығыз байланыс бұл халықтармен дос болу оңай екенін көрсетті. Олармен шын жүректен мейірімді болып, әдет-ғұрыптарының ерекшелігін құрметтеу керек. Өйткені, олар өздерінің мінез-құлық стилін ешкімге күштеп мойындатпайды. Алайда олардың сенімін алдаудың кез келген әрекеті қарым-қатынасты үзеді. Олар құлықты іштей сезеді». Байланыс орнату, әңгімелесу, жаңалықтармен алмасу қажеттілігі қазақтардың қонаққа, жолаушыға, әңгімелесушіге деген ерекше, қадірлі көзқарасын түсіндіреді. «Қонақ – Құдайдың сыйы», – дейді халық даналығы. Олар «ұзын құлақ» жаңалықтарын мұқият қадағалап, жақсы хабар үшін «сүйіншіні» беріп, әрқашан «басқаларды көруге және өздерін көрсетуге» болатын жерге баруға асыққан. Осылайша, жылы киіз үйдің сыртында, туған жерінің шекарасында және одан тыс жерлерде, тұтастай алғанда адамзат қауымдастығына әсер ететін үлкен, маңызды нәрсеге қатысу қажеттілігі сезімі қалыптасады.

Мұнда келесі сөздерді келтіруге болады: «Шалқайғанға шалқай, пайғамбардың ұлы емес. Еңкейгенге еңкей, әкеңнің ол құлы емес»; «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ»; «Алыстан алты жасар бала келсе, алдынан алпыстағы қария шығады» және басқалар. Шыдамды, табанды, философияшыл, бірақ қайсар рухты халық қазақ идеясына адалдығын тарихтың барлық сынақтарынан алып өтті.

https://articlekz.com/article/5320

Эмоционалды интеллект дегеніміз не?

Эмоционалды интеллект – бұл өзіңіздің және басқалардың эмоцияларын тану және оларды басқару қабілеті. Егер IQ адамның интеллектуалды, логикалық және аналитикалық қабілеттерін өлшесе, онда EQ – жеке және әлеуметтік дағдыларды өлшейді. Эмоциялармен достаса алсаңыз – адамдармен де қарым-қатынас орната аласыз.

Эмоционалды интеллектуалды адамдарда төрт құрал бар:

Өзіндік сана-сезім;

Эмоцияны басқару;

Әлеуметтік сезімталдық;


Қарым-қатынасты басқару.

Бұл төрт компонент күрделі эмоционалды жағдайларды оңай түсіне отырып, бағдарлануға көмектеседі. Бұл компоненттердің нені білдіретінін және олардың қалай жұмыс істейтінін білу сізге өмірде дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі, өйткені сізде жағдайды толық көре аласыз.

Әр топта эмоционалды интеллекттің жеке компоненті бойынша жаттығулар жасау

Әр топқа арналған тапсырманы зерттеңіз. Видеоны көргеннен кейін ұсынылған тапсырманы орындаңыз.

https://www.youtube.com/watch?v=7ZojIKW5dLU



8.57 -ден 9.58 –ге дейін видео көру

«Өзіндік сана-сезім» 1-тобы

Сезімдер күнделігі

«Жағдаят»бірінші бағаны

Мұнда сіз жағдай, жағдаят, әлде сізді осы күйге келтірген ойлар мен сөздерді (өзіңіздікі де, өзгелердікі де) сипаттайсыз. Неғұрлым егжей-тегжейлі толтырсаңыз, соғұрлым жақсы болады.

«Эмоциялар» екінші бағаны

Бұл бағанда сіз бастан өткерген эмоцияларды сипаттайсыз. Эмоциялар мен ойлар бір-бірімен байланысты, сондықтан сіз аздаған ойды сипаттасаңыз жақсы болады. Үйреншікті сөздерді қолдана отырып, өз сезімдеріңіз бен түйсіктеріңізді егжей-тегжейлі сипаттаңыз.

«Ойлар» үшінші бағаны

Енді сіз жағдаят кезінде басыңызға келген ойларды сипаттайсыз. Мұнда ойлардың дұрыс немесе дұрыс емес сипаттамасы жоқ. Ойыңызға келгеннің бәрін жазыңыз.

«Менің денемнің реакциясы» төртінші бағаны

Мұнда денеңіздің жағдаятқа, эмоцияға, ойларға қалай әрекет еткенін сипаттаңыз.

Сезім күнделігін ана атынан толтырыңыз:

Күні	Жағдаяттың қысқаша сипаттамасы	Менің эмоцияларым	Осы жағдаят кезіндегі осы жағдайға қатысты менің ойларым	Менің денемнің реакциялары

Жұпта жазбаларыңызбен бөлісіңіздер.

Топта талқылаңыздар:

Не қиын болды?

Бұл құрал қашан көмектесе алады?

Бұл құралдың пайдасы қандай?

«Өзін-өзі бақылау» 2-тобы

«Мен-мәлімдеме» жаттығуы

Эмоция тілінде сөйлеуді үйреніңіз. Үш бөлімнен тұратын «Мен-мәлімдеме» сөз тіркесін қолданыңыз:

«Мен .... сезінемін..., өйткені. ... Мен... қалар едім...»

1. Өз сезіміңнің нақты атауы: мен... сезінемін (күйгелектік, дәрменсіздік , қайғы, ауырсыну, абыржу және т. б.); Мен... қалай жауап беру керектігін білмеймін; Менде ... проблема туындайды...

2. Себептерді атау: себебі...; ... байланысты...

1. Тілек айту, оқиға нұсқасы:

Мен .... қалаймын...

Мұнда кезкелген тілектер, мүмкін армандар да айтылады. Яғни, Сіз бұл адамнан не сұрағыңыз келеді. Мысалы: «Мен сені толғандыратын нәрсе туралы дауыс көтермей, ақырын айтып беруіңді сұрағым келеді».



Қыздың әкесінің атынан «Мен-мәлімдеме» жасаңыз.

1 - мысал.

Анам жұмыстан келіп, ыдыс-аяқтың жуылмағанын көргенде, үйге кірместен: «Мен бәрінен де шаршадым! Сен жалқаусың!» - деп айқайлайды.

Қызы ашуланып, бөлмесіне кіріп кетеді. Сол кезде әділетсіздік, ашу, ұят, кінә, реніш сезімі пайда болады – сезімдердің ретсіздігін түсіну мүмкін емес. Қыз сабақ оқуға тырысады. Зейін қою мүмкін емес, белгісіз себептермен іші, басы ауыра бастайды. Ол анасына барады.

Анасы қай жері ауырғанын сұрай бастайды, ал сезім туралы бір сөз айтылмайды. Осылайша, мінез-құлық үлгісі қалыптасады – егер сен ауырып қалсаң, қарым-қатынастағы татулық қалпына келеді.

2-мысал.

Анасы қызының ашуланғанын түсініп, жұмыстан келгенде: «Бүгін менде қиын күн болды, жұмыстағы бір жағдайға қатты ашуланып едім, әлім болмай тұр. Біз келіскен едік қой, ал сен ыдыс-аяқты жумапсың, соған ашуланып тұрмын! Кешкі асқа дейін ас үйдің ретке келтірілгенін қалар едім».

«Әлеуметтік сезімталдық» 3-тобы

«Позитивті ниеттер» жаттығуы

Адамдармен қарым-қатынаста әрекеттер мен сөздерге емес, олардың астарындағы ниеттер мен себептерге жауап беріңіз. Кезкелген реакция мен мінез-құлықты үш компонентке бөлуге болады:

Ниет – мағына, шынайы себебі. Адам өзінің ниетін білуі немесе білмеуі мүмкін, бірақ ол әрқашан оң болады.

Әрекет – адамның себепті қалай жүзеге асыратыны. Ол позитивті және сындарлы немесе теріс және деструктивті болуы мүмкін.

Мағына – бұл сіз іс-әрекетке қандай мағына беретініңіз. Бұл оң немесе теріс болуы мүмкін. Мысалы, сіз

әріптесіңізге сұрақ қойдыңыз, ал ол жауап бермеді.

Бірнеше жанжалды жағдайды еске түсіріп, оларды осы формула бойынша айқындауға тырысыңыз. Мағыналар мен әрекеттерденоң ниеттерді табыңыз.

«Қарым-қатынастарды басқару» 4- тобы

ӨБҚ жаттығуы (өзгерту-болдырмау-қабылдау).

Жазбаша түрде орындалады. Әрбір қатысушы «сценарий» тармақшасында өзіне тән стрестік жағдайды сипаттайды. Содан кейін ол бұл жағдайды қалай өзгертуге, оны болдырмауға немесе қабылдауға болатынын ойластырып, жазады. Осыдан кейін ең жақсы нұсқа таңдалады.

Сценарий:

Өзгерту: (Стресс көзін қалай жоюға болады?)

Болдырмау: (Стресс көзінен қалай алыстауға болады?)

Қабылдау: (Стреспен қалай өмір сүруге болады?)

Өзіңізді өзгерту және/немесе қабылдауыңызды өзгерту арқылы...

Ең жақсы нұсқа:

Ешқандай идеядан бас тартпаңыз! Неғұрлым көп нұсқа жазсаңыз, соғұрлым жақсы. Жаңа сценарийді таңдау жаттығудың нәтижесі болады. Топтардың сөз сөйлеуі

Нәтижелерді талқылау және шеринг міндетті болып табылады.

Эмоционалды шиеленісті қалай тез жоюға болады?

«Квадрант»

Он рет терең тыныс алыңыз және он рет баяу дем шығарыңыз (нұсқа-тыныс алу квадраты: 4 рет тыныс алу, 4 – ші ретте кідірту, 4 рет дем шығару, 4 – ші ретте кідірту)

Барлық топтарға арналған тапсырма

Әр топқа жағдаят ұсынылады. Алгоритмді пайдаланып, жанжалды жағдайдан шығу жолын ұсыныңыз.

ҚАДАМ	НЕ ІСТЕУ КЕРЕК
Эмоцияны тану	**Сіз қандай эмоцияларды сезінесіз**, ал басқа адамдар ше?
Эмоцияны қолдану	**Қандай эмоциялар ең тиімді?**
Эмоцияларды түсіну	**Эмоцияның себебі неде?**
Әрекет ету – эмоцияларды (басқару)	**Эмоцияны қалай басқаруға болады?**

1-жағдаят

Сізге жақын достарыңыз қоңырау шалып, үйіңізге бір сағатқа келетіндерін айтады. Сіз тез-тез пәтеріңізді жинастырып, тамақ әзірлей бастайсыз: бірақ уақытыңыз аз, үлгере алмайсыз. Үлкен ұлыңыз немесе қызыңыздан көмек сұрайсыз. Олардың жауабы – «бұл сенің достарың ғой, олармен өзің айналыс».

Мұндай жағдайда қалай әрекет етуге болады?

- Басқа пікір бар ма? Кім басқаша ойлайды?

2-жағдаят

Жиналыстан кейін ата-аналар үйге келіп, ашуланып баладан түсініктеме беруді талап етеді. Олар сені мұндай нәтижелермен мектептен кейін ешқайда қабылдамайды дейді. Оқушы сабырлы түрде: «Демек, жұмыс істеймін», –деп жауап береді.

Мұндай жағдайда қалай әрекет етесіз?

- Басқа пікір бар ма?

3-жағдаят

Ата-ана баласына белгілі бір мақсатпен ақша береді. Ол ақшаны мақсатсыз жұмсап, көптен бері өзі қалаған затын сатып алады. Ата-ана ашуланып, балаға көп сөз айтады. Ақыры ол есікті тарс жауып, үйден кетіп қалады.

Мұндай шиеленісті жағдайда қалай әрекет ету керек?

- Сіз басқаша әрекет етер ме едіңіз, қалай ойлайсыз?

4 - жағдаят

Анасы қонақ күтуге байланысты дайындықты аяқтауға асығуда. Күтпеген жерден үйде нан жоқ екені анықталады. Ол қызынан дүкенге барып, нан әкелуін сұрайды. Бірақ қызы спорт секциясына баруы керектігі және оған кешіккісі келмейтіндігі туралы айтады. Анасы қызынан «оның жағдайын түсінуді» сұраса, қызы да анасынан соны өтінеді. Анасы талап етеді, қызы көнбейді. Жағдай ұшығуда...

«Менің отбасым – менің мақтанышым!» атты видео көру

https://www.youtube.com/watch?v=TUwn_kV9BMk

Жүргізуші: «Өз отбасы мүшелеріне алғыс хат жазайық»

«Менің ... алғыс айтқым келеді...» деп бастаңыз.

Бұл хабарламаны ұлыңызға немесе қызыңызға жібере аласыз.

Рефлексия. «Хэштегтер бұлты» әдісі

Сөйлемдерді толықтырыңыз:

Мен бүгін ... білдім

... қиын болды

мен ... үйренгенімді түсіндім





менің қолымнан келді...
... білу қызықты болды
... мені таң қалдырды

Ата-аналарға үйде орындауға арналған ұсынымдар

«Біздің таңбамыз бен ұранымыз» шығармашылық тапсырмасы

Ұран мен таңба – бұл адамға өмірлік философиясы мен ұстанымын өте қысқа түрде көрсетуге мүмкіндік беретін рәміздер. Бұл адамның ойлану, тұжырымдау, сипаттау және басқаларға өз дүниетанымдық ұстанымдарының негізгі өзектерін көрсетудің бір жолы. Таңба еркін түрде салынады, ең бастысы ол иесінің Мен-бейнесінің әртүрлі аспектілерін бейнелеуі керек. Таңба жасалғаннан кейін адамның ұраны (өмірлік ұстанымы) жазылады. Отбасының әр мүшесі өзінің таңбасы мен ұранын көрсетеді. Барлық нұсқалар талқыланып, отбасының бірыңғай таңбасы мен ұраны әзірленеді.

3 САБАҚ
СЕН ЖАНБАСАҢ ЛАПЫЛДАП...
БАЛАҒА ӨЗ БЕЙІМДІЛІГІН ТАБУҒА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСУГЕ БОЛАДЫ

Сабақ:

* жасөспірімнің мамандық таңдауында ата-ана тап болатын қиындықтарды азайтуға,
* жасөспірімнің бейімі мен қызығушылығын анықтауға,
* ата-аналар мен жасөспірімдер арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға көмектеседі.

Сабақтың мақсаты: ата-аналардың баланың өзін-өзі көрсетуіне дайындығын дамыту.

Міндеттері:

Мамандық таңдау кезінде балаға қолдау көрсетуі үшін ата-ананың мықты уәжін қалыптастыру.

Ата-аналардың өз кәсібін іздеу кезеңінде баланы қолдау әдістері мен шарттары туралы тұрақты түсініктерін қалыптастыруға ықпал ету.

Баланың жеке тұлғасының ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, қабілеттерін анықтау дағдыларын дамыту.

Жалпыадамзаттық құндылықтар мен жеке қасиеттер:

* Патриотизм. Адамдарға қызмет ету.
* Тәуелсіздік. Уақытша сәтсіздіктерге төзімділік. Еңбекқорлық. Өзіне деген сенімділік.

Сабақ жоспары

1. Сабақ нысаны (әңгіме, практикалық сабақ)
2. Сабақ жоспары:

2.1. Сабақтың мақсаттары, міндеттері;
2.2. Жалпыадамзаттық құндылықтар
2.3. Сабақтың негізгі бағыттары
2.4. Дәйексөз;
2.5. «Қабілет» және «Өзін-өзі көрсету» терминдерінің мазмұнын ашу;
2.6. Ата-аналарға арналған шығармашылық тапсырма. «Менің балам – ол қандай?»
2.7. «Тұлға түрін анықтау» тестін орындау және нәтижелерді түсіндіру;
2.8. Темперамент түрі мен кәсіби бағытталудың арақатынасы;
2.9. «Жаңа мамандықтар мен құзыреттердің атласы»;
2.10. Жоғары сынып оқушысының болашағын анықтауына кедергі болатын «Көрінбейтін тұзақтар». Бейнеролик көру;
2.11. Қазақ мақал-мәтелдерін талқылау;
2.12. Ата-аналарға арналған жаднама (үлестірме материал);
2.13. Мамандық таңдауға арналған қосымша сынақтардан өту үшін сайттың ұсыныстары (қосымша материал);
2.14. Мамандық таңдауға арналған кітаптарға қысқаша шолу (9 кітап); (қосымша материал)
2.15. «Арманды мақсатқа айналдыру технологиясы» тренингі, (қосымша материал);
2.16. Дифференциалды-диагностикалық сауалнама (ДДС), (қосымша материал);
2.17. Адам типін анықтау тесті, (қосымша материал);

Сабақтың ұзақтығы – 45 минут

Сен жанбасаң лапылдап...

Сабақ

* жасөспірімнің мамандық таңдауында ата-ана қиындығын азайтуға,
* жасөспірімнің бейімі мен қызығушылығын анықтауға,
* ата-аналар мен жасөспірімдер арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға көмектеседі.

Сабақтың мақсаты: ата-аналардың баланың өзін-өзі көрсетуіне дайындығын дамыту.

Міндеттері:

Мамандық таңдау кезінде балаға қолдау көрсетуі үшін ата-ананың мықты уәжін қалыптастыру.

Ата-аналардың өз кәсібін іздеу кезеңінде баланы қолдау әдістері мен шарттары туралы тұрақты түсініктерін қалыптастыруға ықпал ету.

Баланың жеке тұлғасының ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, қабілеттерін анықтау дағдыларын дамыту.

Жалпыадамзаттық құндылықтар мен жеке қасиеттер:

* Патриотизм. Адамдарға қызмет ету.

* Тәуелсіздік. Уақытша сәтсіздіктерге төзімділік. Еңбекқорлық. Өзіне деген сенімділік.

Сабақ барысында не туралы айтамыз?

1. Бейімділік – өзіңді көрсетудің негізі.

2. Өзіңді көрсетудің кілті - темпераменттің, мүмкіндіктің, мінездің ерекшелігін ашу.

3. Балаға өз табиғатына лайық мамандықты анықтауына қалай көмектесуге болады?

4. Жоғары сынып оқушысының болашағын анықтауына кедергі болатын «Көрінбейтін тұзақтар».

5. Бойыңдағы бейімділікті дәл табу - бақыт пен өмірлік табыстың негізі.

«Тілалғыш бала» жаттығуы

Сабаққа қатысқан ата-аналарды екі топқа бөлу. Топтарға олардың жас кезінде мамандық таңдағанда кездескен жағдайлар туралы сөйлесіп, ортаға салу ұсынылады.

1-топ ата-аналарды қорғайды. «Мен мамандықты ата-анамның кеңесі бойынша таңдадым және оған өкінбеймін».

2- топ ата-аналарының кеңесі бойынша мамандық таңдағанына өкінеді. «Мен мамандық алдым, жұмыс істеймін, бірақ әр жұмыс күні мен үшін азап».

Топта талқылау уақыты-5 минут.

әр топтан сөйлейтін спикердің уақыты-2 минут.

Қалай ойлайсыз: бірінші жағдайда ата-аналардың кеңесі неге дұрыс және пайдалы болды, ал екінші жағдайда неге адам өміріне азап әкелді?

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де - бір кірпіш, дүниеге
Кетігін тап та, бар қалан!
Абай

Абай «сен де бір кірпіш» деп, нені айтқысы келді?

Бейімділік — адамның белгілі бір әрекетпен айналысуға бет бұрысы оған көңілі ауы, оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Бейімділік әрекеттің бір саласына (сурет, музыка т.б.) әуестенушілікті көрсетеді. Бейімділікті баланың бойында қандай да бір қабілеттің барлығын білдіретін белгі деуге де болады. Балалық кезде ерекше көзге түсетін бейімділіктер оның келешек қабілетінің көрсеткіші болып табылады.

Өзіңді көрсету – бойыңдағы қабілетті, дарынды сыртқа шығару. Өзіңді жан-жақты ашу, мүмкіндігіңді елге көрсету.

Ата-аналарға арналған шығармашылық тапсырма

«Менің балам– ол қандай?»

Таза қағазға үш бағаны сызып, бірінші бағанды «Темпераменті», екінші бағанды «Мүмкіндігі», үшінші бағанды «Мінез-құлқы» деп белгілеңіз.

Өз балаңыздың қандай екені туралы ойланып, тиісті бағанға жазыңыз.

Мектеп бітіруші түлектер арасында ҰБТ бойынша негізгі пәнді таңдағанымен, әлі де қай мамандықты таңдарын білмей жүргені көп болар. Оқушылар мен ата-аналарға көмек ретінде белгілі психофизиолог, психология ғылымдарының докторы Е.А.Климовтың көпке көмегі тиген тәсілін ұсынамыз.

Баланың қабілет-қарымы, қызығушылығымен қатар, бұл тәсілге де жүгініп көру артық болмас.

АДАМ-адам

Қандай мамандықтар кіреді? Адамдармен ұдайы қарым-қатына-

ста болатын, оқыту, үйрету, қызмет көрсету салаларының мамандықтары. Дәрігер, педагог, бала тәрбиешісі, банк қызметкері, сатушы, халыққа қызмет көрсету (ХҚКО) мен жұмыспен қамту және психологиялық, медициналық орталықтарының қызметкерлері, әсемдік салон мамандары (шаштараз, тырнақ әрлеуші, визажист) т.б.

Кім таңдағаны дұрыс? Бұл мамандықтарды мінезі ашық, кез келген адаммен тез тіл табыса алатын, коммуникативті қабілеті бар, өзгені тыңдай білетін, әрбір адамның жеке қарымына қарай ұсыныс айта алатын, эмоциональды ұстамды, сабырлы, өзгені мақтай білетін оқушылар таңдаса карьерада өседі.

АДАМ-табиғат

Қандай мамандықтар кіреді? Ветеринар, биолог, эколог, агроном, технолог, ауыл шаруашылы мамандары т.б.

Кім таңдағаны дұрыс?

Адамдардан гөрі табиғатты, жан жануарларды жақсы көретін, мейірімді, көпке сырын айта бермейтін, көп ортасында емес, оңаша жүргенде өзін еркін, ыңғайлы сезінетін, әңгімеге шорқақтау оқушылар таңдаса, жетістікке жетеді. Өзгені оқытқан емес, өз бетінше оқып ізденгісі келетін балалар бұл салаларда ғалым дәрежесіне дейін көтеріле алады дейді психолог Е.А. Климов.

АДАМ-техника

Қандай мамандықтар кіреді? SMM, копирайтер, инженер-конструктор, механик, ұшқыш, жүргізуші, программист т.б.

Кім таңдағаны дұрыс?

Уақытының көп бөлігін компьютер алдында өткізетін, есепке жүйрік, адамнан гөрі техникалық құралдар мен аппараттардың тілін жақсы түсінетіндер таңдағаны дұрыс.

АДАМ-көркем

Қандай мамандықтар кіреді? Суретші, әртіс, актер, декоратор, әнші, биші, дизайнер, аспаз т.б.

Кім таңдағаны дұрыс?

Шығармашылыққа, өнерге жақын, әсемдікке әуес, заттарды басқа қырынан көре білетін позитивті, креативті ойлайтын оқушылар таңдаса да аз уақытта-ақ танымал тұлғаға айналуы мүмкін.

АДАМ-белгі

Қандай мамандықтар кіреді? Математика, физика пәні мұғалімдері мен оқытушылары, бухгалтер, композитор, архитектор, аудармашы, редактор т.б.

Кім таңдағаны дұрыс?

Сандар, әріптер, формулалар және ноталардың тілін жылдам түсіне білетін, есте сақтау қабілеті жақсы дамыған оқушылардың бұл салаларда шығар шыңы биік болады.

Сонымен, сіздің мінез-құлқыңызға қай мамандық сай келеді екен?

Темперамент түрлерінің сипаттамасы

АЙЗЕНК ШЕҢБЕРІ

Меланхолик	Флегматик	Холерик	Сангвиник
Кінәмшіл	Енжар	Ызақор	Көпшіл
Мазасыз	Ынталы	Желікпе	Ашық
Ерегеспе	Ойлы	Озбыр	Әңгімешіл
Көңілшек	Бейбіпшіл	Қызба	Қарапайым
Керітартпа	Бағытталған	Оптимист	Еті тірі
Тұйық	Сенімді	Озық	Уайымсыз
Ұстамды	Қалыпты	Белсенді	Жайлылықты ұнатады
	Салмақты		Бастамашыл

Сангвиник әлеуметтік құзыреттіліктерді меңгерген. Оның күшті жағы – өзіне елдің назарын аударып, әңгімелесушіні қызықтыра алады. Ол адамдармен қарым-қатынас орнату, оны сақтау мәселесін жетік біледі. (Психолог, кәсіпорын директоры, орта немесе жоғары буын менеджері, мұғалім, іс-шара ұйымдастырушы).

Меланхолик ұсақ-түйектің өзін көре алады. Оның басқа күшті жақтары – ұқыптылық пен жүйелілік. Ол күрделі мәселелерді салқынқандылықпен ақыл таразысына сала алады. Сол себепті нақтылықты қажет ететін салалар үшін олар таптырмайтын маман. Мысалы: бухгалтер болуы мүмкін.

Холерик – мақсаты айқын, белсенді, тәртіпті, бірақ ашуланшақ. Ол қиындықтардан қорықпайды, тез шешім қабылдап, қорытынды жасай алады. Егер олардың бойында сангвиникке тән қасиеттер болса, басшылық лауазымдарға өте жақсы. (Репортер, журналист, дипломат, хирург, кәсіпкер, режиссер, тергеуші, геолог және суретші).

Флегматик жан-жақты құзыретті адам, оған сенуге болады. Ол әкімшілік дағдыларға ие және қысым көрсеткенге көнбейді. Сондай-ақ күнделікті тапсырмаларды орындаған кезде ұқыпты. Флегматикалық тұлғасы бар адам – делдал лауазымы үшін тамаша үміткер. (Дәрігер-терапевт, бас бухгалтер, ғылыми қызметкер, экономист).

Сахналық көрініс.

Тыңдаушылардың үшеуі ұл мен оның екі досының немесе құрбысының рөлін ойнайды.

Көрермендер жағдайды шешудің ықтимал нұсқалары туралы өз пікірлерін айтады.

Жағдай

Ата-аналар ұлын мықты университетке түсуге көндіреді. Ата-анасының Университет басшылары арасында өте ықпалды ықпалды достары бар. Ұлы болса, мүлдем басқа университетке, басқа мамандыққа, ең бастысы, оқуға тамыр-таныссыз түскісі келеді. Өкінішке орай, ол аса білімді емес, өз бетінше оқуға түсу мүмкіндігі аз.

Ата-ананы қолдаушылардың дәйектері

Көпшілік осылай жасайды.

Ата-анамен ренжісудің керегі жоқ.

Достары оны сөз қылмайды, мүмкіндік болса, олар да таныстарын пайдаланады

ЖОО әскери кафедра бар, әскерге барудың қажеті болмайды.

Білімі төмен болғандықтан көмек бермесе қиын болады.

Ата-ананы қолдамайтындардың дәйектері

Ұлға бұл мамандық ұнамайды.

Мүмкін балаға мектепті бітіргенше оқуға тырысу керек шығар?

Ол ержеткен бала, сондықтан өз болашағын ата-анасынсыз өзі шешкені дұрыс.

Кейінірек баланың тамыр-таныстықпен бітіргенін біреулер біліп қойса, не болады?

Ұлдың сабақ үлгерімі төмен болса не істейді? Пара берем бе? Өтініш айта ма?

Талқылау



Мамандық таңдау – болашағыңды айқындайтын факторлардың бірі. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, оқушылардың 87% мамандықты ата-аналары немесе мұғалімдерінің ықпалымен таңдайды. Бұл ретте ата-аналардың 75% өз балаларының қандай мамандық таңдағысы келетінін білмейтінін мойындайды.

Оқушылар мен ата-аналардың 90% еңбек нарығында қандай мамандықтардың көбірек сұранысқа ие екенін білмеуі жағдайды қиындата түседі.

2019 жылы Қазақстанда «Жаңа мамандықтар мен құзыреттер атласы» жасалды, онда 5-10 жылдан кейін қандай мамандықтардың сұранысқа ие болатыны болжаммен берілген. https://www.enbek.kz/atlas

Еңбек нарығындағы жағдай тез өзгеруде және жақын арада қандай мамандықтардың сұранысқа ие болатынын білу өте маңызды. Онда тоғыз сала бойынша 463 мамандық туралы ақпарат бар: тау-кен металлургия кешені, мұнай-газ өнеркәсібі, IT-технологиялар, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика, машина жасау, энергетика, туризм және құрылыс. «Жаңа мамандықтар мен құзіреттер атласы» халықаралық тәжірибеге сүйене отырып экономикадағы өзгерістерге барынша әсер ететін әлемдік алты трендті негізге ала отырып жасалған. Бұл роботтар мен ақылды жүйелерді енуі, цифрландыру мен деректерді қолдану аясының кеңеюі, шикізат қорларының сарқылуы, экологиялық нормаларды қатаңдату, Y және Z буындары өкілдерінің еңбек нарығындағы жаңа талаптарының пайда болуы, халықтың тұтынушылық қалауының өзгеруі.

Сіздер, құрметті ата-аналар, балаларыңыздың жеке тұлғасының темпераменті мен қасиеттерін, оның қандай мамандыққа ие екенін анықтағаннан кейін, Атласқа жүгініп, өзіңізге қажет саланың балаңызға сәйкес келетін, алдағы 5-10 жылда сұранысқа ие болатын мамандықты таңдай аласыз.

Өз жолын таңдауда жоғары сынып оқушысының алдынан шығатын «Кедергілер» туралы Марина Романенко айтып береді. Бейнеролик. Марина Романенко - тәжірибелі психолог, сертификатталған халықаралық деңгейдегі коуч, (ICF), балаларға білім, тәрбие беру және қарым-қатынас жасау саласы бойынша сарапшы. «Кәсіби ата-аналар мектебінің» авторы және жүргізушісі.https://www.youtube.com/watch?v=51WrG0xtPiI

Жар таңдау мен мамандық таңдауда қателеспеген адамды нағыз бақытты жан деп жатамыз. Демек, жаның қалаған жұмысты жасау - жартылай бақыт деген сөз. Олай болса, мамандық таңдау бақытының жартысын іздеу. Өзі ұнататын іспен айналысқан адам өзіне де, әлемге де сүйіспеншілікпен қарайды. Өзі ұнатып істеген жұмыстан бақытын табады. Ата-анаға баласының бақытын көргеннен артық қандай қуаныш бар?! Төмендегі халық даналығы, мақал-мәтелдер соның айқын дәлелі емес пе?!

Жан қиналмай жұмыс бітпес, талап қылмай мұратқа жетпес.

Көңілсіз бастаған іс көпке бармайды.

Сен істі сүйсең, іс саған бас иеді.

Төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып, мақалдардың мазмұнын талдау.

1. Бір-біріне қатысы жоқ еңбек, жан, махаббат ұғымдары мақал мәтелдерде неге бірігіп кеткен?
2. Сіздің жаныңызға қай мақал жақынырақ және түсінікті?

Сабақта ата-аналарға арналған жаднама жасаңыз.

Тренер төмендегі тізімге өз ұсыныстарын қоса алады:

Балаңызға мамандық таңдауға еркіндік беріңіз.

Баламен бірге таңдалған мамандықтың артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылаңыз.

Болашақ мамандық таңдауда тек материалдық емес, моральдық



қанағаттану тұрғысын да қарастырыңыз.

Мамандық таңдағанда балаңыздың жеке қасиеттерін ескеріңіз.

Мамандық таңдауда келіспеушіліктер болса, мамандармен кеңесіңіз.

Мамандық таңдауда балаға қысым жасамаңыз, қақтығыс әдетке айналуы мүмкін.

Баланың арманы орындалуы үшін оған қолдау көрсетіңіз.

Егер балаңыз таңдау жасауда қателессе, ұрыспаңыз, қатені түзетуге болады.

Балаңыз қандай да бір мамандыққа қызығушылық танытса, оны әдебиет, үйірме сабақтары, мамандармен кеңесу арқылы қолдаңыз.

Балалар ата-анасының жұмысқа деген көзқарасын қабылдайтынын ұмытпаңыз.

«Гуманитарлық технологиялар» тестілеу және дамыту орталығы 1996 жылы М. В. Ломоносов атындағы ММУ психология факультеті базасында құрылды. Ғылыми жетекшісі - психология ғылымдарының докторы, профессор А.Г.Шмелев.

Тиімді әдіснамалық қағидаттарға сәйкес білікті мамандар құрастырған тесттердің мамандық таңдауда көмегі зор.

Мына сайттан https://proforientator.ru/tests/ мамандық таңдауға қатысты көптеген тегін тестер таба аласыз. Сондай-ақ, мамандықтар мен оқу орнын таңдау үшін кеңейтілген диагностика мен сарапшы психологтің кеңесін қамтитын ақылы қызметтер бар. «Ата-аналарға арналған» тестерден өту ұсынылады. Тест қорытындысын алуға болады. https://proforientator.ru/profline/test/bf6efe998697d3af05bec2e93202a2db

Ата аналарға балаларының тестен өтуін қадағалауға тапсырма беріңіз.

https://proforientator.ru/profline/test/e79b0f78687316c17d66ff3979f5c21c

Содан кейін нәтижелерді салыстыруға болады. Бұл балаңызды

оның қызығушылығын, қалауын қаншалық жақсы білетініңізді көрсетеді. Қандай да бір қауіптің алдын алуға көмегі тиюі мүмкін.

Мүмкін сізді немесе балаңызды басқа тестер қызықтыратын шығар. Бәлкім сізге дұрыс таңдау жасауға сол тестердің нәтижелері көмектесіп қалар. Егер солай болса, ой-пікірлеріңізді басқа тыңдаушылармен бөлісіңіз.

Мамандық таңдауға көмек ретінде төмендегі кітаптарды ұсынамыз. (Қосымша материал)



«Ваше предназначение. Практическое руководство для тех, кто хочет реализовать свой потенциал» – Роберт Стивен Каплан

Автор туралы.Роберт Стивен Каплан – Гарвард университетінің профессоры



«Найти своё призвание. Как открыть свои истинные таланты и наполнить жизнь смыслом» – Кен Робинсон

Автор туралы. Кен Робинсон – адам капиталын дамыту саласы бойынша маман.

Аудиокітап
https://www.youtube.com/watch?v=GI4v1zC9nYc



«Между надо и хочу. Найди свой путь и следуй ему» – Эль Луна

Автор туралы. Суретші, дизайнер және жазушы. Бірде мақала жазғаннан кейін, Эль Луна «Бұл мақала менің өмірімді өзгертті» деген мағынада көптеген жауаптар алды. Оның кітабы – «Между надо и хочу» теориясының егжей-тегжейлі экспозициясы.



«Эссенциализм» – Грег Маккеон

Автор туралы. Жазушы және бизнес-тренер (Google-ден бастап Facebook-ке дейінгі алдыңғы қатарлы компаниялардың бәрінде сабақ берген).




«О чём мечтать. Как понять, чего хочешь на самом деле, и как этого добиться» – Барбара Шер

Автор туралы. Автор адамдардың арман, мақсаттары, оған жету жолындағы талпыныс туралы жазады.



«Твоя вторая жизнь, или Шанс всё изменить» – Рафаэлла Джордано

Автор туралы. Рафаэлла Джордано. Тек жазушы ғана емес, сонымен қатар жаңашыл коуч.



Викулина Н.: Призвание: Как найти себя во взрослой жизни

https://www.marwin.kz/detskaya-i-podrostkovaya-psihologiya/vikulina-n-prizvanie-kak-1408402-1408402.html

Автор туралы. Мамандығы бойынша психолог (Томск мемлекеттік университеті), негізгі мамандығы IT саласы бойынша техникалық жазушы.

4 САБАҚ
ҚҰМАРЛЫҚҚА БОЙ АЛДЫРУ – ТӘУЕЛДІЛІК ҚҰРДЫМЫ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛ АЙМАҚТАРЫ

Сабақ мақсаты:ата-аналардың өз баласының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қабілетін қалыптастыру, тәуелділік мінез-құлық қаупінің алдын алу жолдарын дамыту.

Міндеттері:

1. Ата-аналардың өз баласының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге деген ұмтылысын ояту.

2. Баланың дамуындағы ықтимал қауіптер, тәуелділік мінез-құлық белгілері және оның алдын алу шаралары туралы ата-аналардың түсініктерін кеңейту.

3.Ата-аналардың балаларына көңіл бөлуінің, заңсыз әрекеттердің алдын алуының маңыздылығын күшейту.

Күтілетін нәтижелер:

Жоғары сынып оқушыларын тәрбиелеуге көмектесетін отбасы ресурстарын қалыптастыру.

Ата-аналардың тәуелділіктің алдын алу және оған қарсы тұру шараларын әзірлеу.

Психобелсенді заттарды қолданудың, құқық бұзушылықтыңпрофилактикасын жақсарту үшін жағдай жасау.

Ұлттық құндылықтар және тұлғаның жеке қасиеттері: үлкенді сыйлау, парасаттылық, ізгі ниет, өзін-өзі басқару, жауапкершілік, шығармашылық, өзара сыйластық, адалдық.

Жоспар:

1. Тәуелділік түрлері (тамақ, алкоголь, есірткі, химия, вейпинг, құмар ойындар және т.б.)

2. Жоғары сынып оқушыларындағы тәуелділіктің белгілері.

3. Сыныктан өзгенің бәрі жұғады. Тәуелді мінез-құлықтың алдын алу шаралары.

4. Тәуелділіктің алдын алуда отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі.

Құрал-жабдықтар: мультимедиялық құрал-жабдықтар, презентация, жарты шеңберде орналасқан орындықтар.

Ресурстар: А4 парақтары, қаламдар, қайшылар, фломастерлер

Өту формасы: тренинг

Сабақ ұзақтығы – 1 сағат

I.Негізгі бөлім (Бейнетаспа 1

https://www.youtube.com/watch?v=nbmEBs99Ilo&t=7s)

QR-кодты сканерлеу

Тәуелділік түрлері (тамақ, алкоголь, есірткі, химия, вейпинг, құмар ойындар және т.б.).

Көбінесе жоғары сынып оқушыларының психобелсенді заттарды қолдануы өмірлік маңызды, жеке немесе әлеуметтік (отбасылық) қиындықтардың симптомы болып табылады. Балалардың оқу үлгерімі нашарлайды, салауатты өмір салтын ұстанбайды, қылмыс жасайды. Дұрыс тамақтанбау, физикалық белсенділік, күйзеліс, өмірдің мәнін жоғалту – балалардың алкоголь, темекі, есірткіні қолдануға итермелейтін бірден-бір факторлар.

Бейнероликті көру

Бұл бейнетаспада белсенді тәуелділіктің психобелсенді заттарды қолданудағы күтілетін нәтижесі көрсетілген.

Тәуелділік – баланың санасын күйін өзгерту арқылы шынайы өмірден кетуге ұмтылуымен байланысты. «Шындықтан қашу» тәуелділіктің келесі түрлерін анықтайды:

Химиялық. Бұл тәуелділік психикаға әсер ететін кез келген химиялық заттарды қолдануды қамтиды. Бұл заттардың ішінде алкоголь, есірткі, темекі, кальян, иіскейтін және шылым қоспалары, дәрілер

мен улардың кейбір түрлері бар.

Химиялық емес. Бұл тәуелділікке жасөспірім психикасының бұзылуына әкелетін мінез-құлықтағы әртүрлі ауытқулар жатады. Тәуелділіктің химиялық емес түріне ауытқудың көптеген түрлері кіреді, олардың ең танымалы құмар ойындарға тәуелділік, әлеуметтік желілерге тәуелділік, жыныстық мінез-құлық бұзылыстары, жұмысқа тәуелділік, тамақтанудың бұзылуы, экстремалды белсенділік, мазохизм.

Шындықтан алшақтау әрқашан күшті эмоционалды тәжірибелермен бірге жүреді. Химиялық емес тәуелділіктер туралы айтатын болсақ, эмоциялар тәуелділіктің қозғаушы күші болып табылады. Эмоция неғұрлым күшті болса, тәуелділік те соғұрлым күштірек болады.

Тәуелділіктің барлық түрлерінің (химиялық және химиялық емес) үш ортақ белгісі бар.

1. Мәжбүрлі қолдану: қайтымсыз талпыныс, мәжбүрлі және қайталанатын әрекеттер, эго-дистоникалық (эгоны бұзатын) ойлар (мысалы, нашақорды өзінің тәуелді мінез-құлқын жалғастыруға мәжбүр ететін басындағы маза бермейтін ойлар, дауыстар).

2. Бақылауды жоғалту: ішкі ой-түйсігін шектеу немесе оған қарсы тұру қабілетсіздігі; бастағаннан кейін оны тоқтату өте қиын, сырттың көмегінсіз іс жүзінде мүмкін емес; ерік күші тәуелділіктен төмен, бала қысқа уақытқа өзін тоқтата алуы мүмкін, бірақ мүлдем қойып кете алмайды.

3. Зиянды салдарға қарамастан тәуелділік мінез-құлқын жалғастырады: проблемалардың көбеюі (қарыз ауыртпалығы, қорлау, денсаулықтың нашарлауы, отбасылық, қаржылық мәселелердің ұлғаюы, заңмен байланысты проблемалар, тәуелді мінез-құлықтан ажырай алмайды.)

II. Жоғары сынып оқушыларындағы тәуелділіктің белгілері.

QR-кодты сканерлеңіз

Жоғары сынып оқушыларында тәуелділіктің қалыптасуы төрт кезеңде жүреді:

1. Бірінші кезең. Бұл кезеңде бала алдымен алкогольді, психобелсенді заттарды, ойын автоматтарын, компьютерлік ойындарды немесе тәуелділіктің басқа түрлерін қолданып көреді. Бұл бетбұрыс жоғары сынып оқушысына бұрынғы тыйымдар мен шекараларды бұзуға жол береді.

2. Болып жатқан нәрсеге қанағаттану. Жоғары сынып оқушысы ешқандай күш-жігерсіз көңіл көтеруді ұнатады және өзін белгілі бір адамдар тобына жататындай сезінеді.

3. Психикалық тәуелділік. Бұл кезеңде химиялық емес тәуелділіктермен бала белгілі бір әрекеттерді орындай отырып, денесінде дофаминді - ләззат гормонын көбірек көтеруге себеп болады. Тәуелділіктің химиялық түрлері белсенді затттар мен табиғи нейромедиаторларды алмастыра отырып, бірте-бірте баланың ми жасушаларын бұзады.

4. Физикалық тәуелділік. Тәуелді әрекеттерді шектеген жоғары сынып оқушылары нақты физикалық ауыртпашылықты сезіне бастайды.

5. «Тағам тәуелділігімен қалай күресуге болады?» бейнетаспасын көріңіз

Бейнетаспа 2 субтитрді қазақша нұсқада қойыңыз https://youtube.com/clip/Ugkx-W1ZfFHhSDJCM9jPCS7e4nGAHkYNwdHr

Бейнетаспа 3 субтитрді қазақша нұсқада қойыңыз

https://youtube.com/clip/Ugkx6YXasnCw-f5wDM-5oLuujzz7bLTzyM8H

QR-кодты сканерлеңіз

Мазмұны:

1. Баланың тағамға деген тәуелділігінің белгілері.

2. Мамандардың көмегімен тағам тәуелділігінен қалай арылуға болады?

3. Тамақ тәуелділігімен үй жағдайында қалай күресуге болады?

Химиялық тәуелділікке тән белгілер:

• алкогольдің, темекінің немесе басқа ерекше иістердің болуы;

• көз қарашықтарының кеңеюі немесе керісінше тарылуы, терінің бозаруы, терінің әдеттен тыс реңкі;

• шөлдеу, жүректің қатты соғысы, тез шаршау, аяқ астынан терлеу;

• эмоциялық реакциялардың әртүрлілігі мен тұрақсыздығы;

• ерекше лексиканы қолдану (дәрілік заттардың атауларында жаргондардың қолданылуы, оларды қолдану әдістері мен әсерлері); құрдастары арасында психобелсенді препараттарды насихаттау.

Химиялық емес тәуелділікке тән белгілер:

• тамақтану тәртібінің өзгеруі (анорексия, булимия, артық тамақтану)

• компьютерлік ойындарға, әлеуметтік желілерде түнгі әңгімелер уақытының артуы.

• баланың компьютермен жұмыс істеу уақытын шектегенде, оның қарсы шығуы, телефон, планшет және техникалық құралдарды пайдалануға тыйым салғанда, қатты ашулануы.

Баладағы құмар ойындарға тәуелділіктің белгілері:

• баладағы ақшаның азаюы: жетіспеушілік, отбасынан және достарынан қарыз алады;

• ұйқы режимінің өзгеруі, шаршау, күш-жігерінің төмендеуі, көңіл-күйдің өзгеруі немесе құмар ойындардан тыс жүргенде ашулануы;

• мектептегі сабақ үлгерімінің төмендеуі;

• достар мен әлеуметтік оқиғалардан аулақ болуы;

• құмар ойындарға оң көзқараспен қарауы, онлайн ойын сайттарына, спорт нәтижелеріне немесе теледидар покеріне қызығушылықтың артуы;

• спорттың өзіне емес, спорттық бәстерге көңіл бөлуі;

• құмар ойындарды жасыруы немесе мәселені жоққа шығаруы.

Қиындық туындаса, бала құмар ойындарды басқа нәрселерден жақсырақ деп айтуы мүмкін, мысалы: «Бірақ мен есірткі қолданбаймын ғой, анашым», – деп ақталуы.

«Тәуелділік» сауалнамасы«Аддиктивная склонность» әдістемесі (Юсупов В.В., Корзунин В.А.). Ата-аналарға дайын сауалнама таратылады

Нұсқау: Егер келіссеңіз, таңдалған мәлімдеменің жанындағы белгіні қойыңыз. Тестілеуді аяқтағаннан кейін жалпы балды есептеңіз.

1. Егер адам зиянды салдары жоқ, психиканы қоздыратын және психикаға әсер ететін заттарды қолданса, бұл қалыпты жағдай.
2. Егер сіз шынымен бір нәрсені қаласаңыз, кейбір ережелер мен тыйымдарды жоққа шығаруға болады.
3. Адамның өзі қалағанынша, қалаған жерінде шарап ішуге құқығы болуы керек.
4. Маған мейрамханада шарап дәмін татушы және даяшы болып жұмыс істеген ұнар еді.
5. Менің ерекше толқуларды жиі сезінгім келеді.
6. Менің таныстарымның арасында улайтын заттарды қолданып көргендер бар.
7. Өмірде «болмайды, бірақ шын қаласаң, көруге болады» деген мақалды ұстанатын адамдарың көзқарасы дұрыс.
8. Менің ішімдік ішкеннен кейін кездейсоқ жағымсыз оқиғаға немесе төбелеске тап болған сәттерім болады.
9. Менің балаларым және басқа да адамдар менің аздап ішкенімді айтып, алаңдаушылық білдірген кездер болды.
10. Адамдар жаңа, әдеттен тыс сезімдер мен тәжірибелерге ұмтылуы – қалыпты жағдай.
11. Көңілді болу үшін кейбір ережелер мен тыйымдарды бұзған жөн.
12. Маған аздап ішетін және көңіл көтеретін компанияларда болған ұнайды.
13. Мен кей жерлерде ішімдік ішу-

ге тыйым салынатынын түсінсем де, ішкім келген.

14. Қиын кездерде темекі мені тыныштандырады.

15. Ләззат алуға ұмтылу – өмірдегі басты нәрсе.

16. Алкоголь мен темекінің адамға тигізетін зияны туралы жалған және асыра сілтеп айтылған.

17. Жастар өмірінде жыныстық қатынас басты орындардың бірін алуы керек.

18. Егер менің денсаулығыма зиян келтірмейтінін және жазаға әкеп соқтырмайтынын анық білсем, қандай да бір мас ететін затты қолданып көретін едім.

19. Менің достарым кей жағдайларда әдеттен тыс күйлерді бастан өткергендерін. түрлі-түсті қызықты көріністер көріп, әдеттен тыс дыбыстарды естігендері және т.б. туралы айтты.

20. Соңғы кездері мен темекіні көп тарта бастағанымды байқадым. Бұл маған белігілі бір дәрежеде көмектеседі, алаңдаушылық пен уайымнан алшақтатады.

21. Таңертең (бір күн бұрын ішімдік ішкеннен кейін) қолдарым дірілдеп, басым жарылатындай ауырды.

22. Темекі шегу зиянды екенін білсем де, оны тастауға өзімді мәжбүрлей алмаймын.

23. Мен көбінесе мас болғанда, өзімді жеңіл, сыртқы әлемнен алшақ, айналада болып жатқандардың шындыққа сәйкес еместігін сезіндім.

24. Алкогольді қолданумен байланысты болған бірқатар жағдайларды еске түсіру және ол туралы айту маған ұнамайды.

25. Менің достарым демалғанды және көңіл көтергенді ұнатады.

26. Соңғы уақытта «бұзылмау үшін» тыныштандыратын дәрі қабылдауға тура келді.

27. Мен кейбір тәуелділіктен арылуға тырыстым.

28. Мен алкогольді іше отырып шектен шығып кететінмін.

29. Маған аздап алкоголь ішкендегі күйім ұнайды.

30. Ішімдік ішкендіктен, менде мектепте қиындықтар болды.

Алынған нәтижелерді интерпретациялау:

13 балға дейін – тәуелді мінез-құлық қаупі көрсетілмейді

14-тен 16 балға дейін – тәуелді мінез-құлықтың қаупі орташа

17 балдан және одан да көп – тәуелді мінез-құлыққа бейімділіктің белгілері айқын.

Енді сауалнама нәтижесін балаңызбен талқылаңыз, нәтижеге қараңыз.

Жоғары сынып оқушыларының тәуелді мінез-құлқының салдары:

Жоғары сынып оқушыларының тәуелділігі жиі ауыр зардаптарға, соның ішінде: суицидке, кісі өлтіруге, психикалық ауру немесе жеке деградацияға әкеледі. Жоғары сынып оқушысына барабар көмек көрсету үшін девиантты мінез-құлықтың себептерін уақытында түсіну маңызды.

Жоғары сынып оқушылары тәуелділік мінез-құлық түріне қарамастан, орталық жүйке жүйесінің жасушаларының, әсіресе мидың зақымдануына әкелетінін түсіну керек. Психиканың дамуы тежеледі, интеллектуалдық ауытқулар пайда болады, тіпті қарапайым мәселелерді шешу қабілеті жоғалады. Тәуелді мінез-құлқы бар жоғары сынып оқушылары жауапкершіліктен бас тартады, үнемі өзіне және басқаларға өтірік айтады. Химиялық тәуелділіктерден баланың денсаулығы бұзылады, ең қауіпті нәрсе – баланың қалыпты өмір сүруіне мүмкіндік бермейтін жеке органдар мен жүйелердің толық істен шығуы. Тәуелділіктің соңғы сатысында бала ләззат алу объектісінен қанағаттану сезімін сезінбейді, ауырсынуды басу үшін ғана пайдаланады.

Жоғары сынып оқушыларының «қауіпті аймаққа» түсу себептері:

Ішкі тәуекел факторларына мыналар жатады:

• баланың өзін түкке тұрғысыз сезінуі
• өзін-өзі бағалаудың төмендігі, өзіне сенімсіздігі
• өзін-өзі бақылаудың және өзін-өзі тәртіпке келтірудің болмауы
• әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды білмеуі және қабылдамауы
• әртүрлі жағдайларда барабар шешім қабылдай алмауы
• өз сезімдерін дұрыс жеткізе алмауы, өзінің және басқа адамдардың әрекеттеріне жауап бере алмауы.

Тәуелділіктің әлеуметтік себептеріне жоғары сынып оқушысы кіретін топтардың қолайсыздығы жатады. Біріншіден, бұл отбасы, одан басқа – мектеп, достар, қызығушылық топтары. Қазіргі қоғам жоғары сынып оқушыларының мінез-құлқына бұқаралық ақпарат құралдары, интернет және белгілі топтар арқылы балаға әсер етеді.

Сыртқы қауіп факторларына мыналар жатады:
• балаларды отбасынан, мектептен және қоғамнан алшақтатуы;
• отбасындағы келеңсіздіктер (оның ішінде ата-ананың балаға жеткіліксіз қамқорлығы, отбасындағы жанжалдар, балаға қатыгездік көрсету, ата-аналардың бірінің немесе екеуінің бала тәрбиесіне қатыспауы және болмауы; ата-ананың ішімдік пен есірткіні асыра пайдалануы және т.б.) ;
• материалдық деңгейдің төмендігі және нашар тұрмыстық жағдай; ата-аналардың білім және мәдени деңгейінің төмендігі; білім берудегі қате көзқарас пен қателіктер, баланың өзін-өзі бағалауын жоққа шығару;
• баланың педагогикалық қарусыздығы (үлгерімінің нашарлығы, оқуға қызығушылықтың болмауы);
• жаман компанияның, қоршаған ортаның, қоғамның әсері;
• кәмелетке толмағандарға алкоголь мен темекінің сатылуы;
• БАҚ арқылы зорлық-зомбылық пен қатыгездікті насихаттау.

Барлық әлеуметтік факторлардың ішінде отбасы ең үлкен ықпалға ие.

Отбасында баланың тәуелділігін қалыптастыру қаупі жоғары:
• ата-аналардың есірткі, алкоголь және басқа да психоактивті заттарды теріс пайдалануының жеке үлгісі;
• балада өз еркінің болмауына әкелетін тәртіпті қатыгездікпен бақылау;
• ата-аналық сүйіспеншілікке ие болмаған кездегі өзін қажетсіз сезінетін либералдық тәрбие стилі;
• ата-аналардың біреуінің немесе екеуінің психологиялық жағдайының тұрақсыздығы, сондай-ақ тәрбиенің біркелкі болмауы. Баланы бүгін қандай да бір қылығы үшін мақтайды, ал ертең сол үшін ұрысады, соның салдарынан отбасының көңілінен шығу үшін өзін қалай ұстау керектігін түсінбейді.
• жоғары сынып оқушысы тұрақтылықты, қамқорлық пен сүйіспеншілікті сезінбейді, сондықтан жағымсыз серіктестікке түсіп, белсенді заттарды сынап көру немесе теріс қылықтар жасау ұсыныстарына оңай түседі.
• жылы, достық қарым-қатынастың болмауы – өзара түсіністік, жанашырлықты сезінбеуі.

Мектеп қабырғасында балада тәуелділіктің даму қаупі жоғары:
• оқушылардың ерте девиантты мінез-құлқы;
• әсіресе жоғары сыныптарда академиялық үлгермеушіліктің болуы;
• құрбыларымен және мұғалімдерімен қақтығыстар.
• тәуелді мінез-құлықтың ерекше себептері білім беру мекемесінің аумағында психобелсенді заттарды қолдану, сондай-ақ әкімшіліктің студенттер мен мұғалімдердің психобелсенді заттарды қолдануға (соның ішінде темекі шегуге) төзімділікпен қарауы болып табылады.

III. Тәуелді мінез-құлықтың алдын алу шаралары.

«Әкені көріп ұл өсер, ананы көріп қыз өсер»

Қазақ отбасында сан ғасырлар бойы әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлттық құндылықтар қалыптасып келеді. Бала тәрбиесінде ата мен әкенің рөлі өте зор. Әке – ер адамның қандай болу керектігіне үлгі болатын тұлға. Бала тәрбиенің алғашқы сабақтарын өз шаңырағында алады. Баланың салауатты өмір салты дені сау толыққанды отбасында ғана қалыптасады. Қазақ отбасында әке балаға тек туған адам емес, ер-азаматтың үлгісі, ерліктің белгісі. Мінез-құлық үлгісі, сенімділік пен бедел көзі. Тәртіп тұлғасы. Қазақ халқында әкеге, үлкенге құрмет қашанда бірінші орында тұрған. Әкесімен, аға буынмен ақылдасып, ақыл, көмек сұраған. Жастар үшін әкенің ақ батасын алу – өте маңызды рөл атқарды. Жастардың өмір жолын бақылауға және олардан ежелгі дәстүрлер негізінде қалыптасқан салауатты мінез-құлыққа деген сұранысқа ықпал ететін басқа да құндылықтар болды.

«Әкені көріп ұл өсер, ананы көріп қыз өсер»

«Әкесі сусындаған бұлақтан баласы да ішеді»

«Ұлды тәрбиелегенің - ұлтты тәрбиелегенің, қызды тәрбиелегенің - ұрпақты тәрбиелегенің»

Отбасы тәрбиесінде қазақ халқы әрқашан баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескерген. Бұл халық даналығын мына сөздерден аңғаруға болады: Баланды бес жасқа дейін патшаңдай күт, бес жастан он үш жасқа дейін құлыңдай жұмса, он үш жастан асқан соң досыңдай сырлас.

Себебі, бала он үш жастан кейін «әке үйінен бөлек шығуға құқығы бар қожайын» болып саналады.

Қазақ отбасындағы тәрбиенің негізгі әдістері мен құралдары жылы, мейірімді сөз болған. «Жақсы сөз – жарым ырыс» демекші, жылы сөзбен бірге баланы қарапайымдылыққа, сыпайылыққа тәрбиелеу – ата-ана мен ұстаздың міндеті. Сондықтан балаға белгілі бір әрекеттерді жасаудан сақтану кезде тыйым салудың себептерін түсіндіру қажет, бұл әдіс теріс әрекетті қайта жасаудың алдын алуға көмектеседі және оны игі істердің жолына бұрады. Осылайша, үлкендер жастардың өмір жолын бақылап, олардан ежелгі дәстүр негізінде қалыптасқан дұрыс мінез-құлықты талап етті.

Тәрбиенің нәтижесі көбіне «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деп айтатын белгілі бір тұлғалардың күш-жігерінің нәтижесі болып табылады. Сен кімнен білім алдың? Сен не үйрендің? Осындай сұрақтарға берілген жауаптарда бала тәрбиесіне баға беріліп, тиісті қорытындылар жасалды. Қазақ арасында «әдепсіздік», «надандық» сияқты мінездер, балаға деген көзқарасқа қатты әсер ететін теріс тұжырымдардың қатарында болған.

Біздің ата-бабаларымыз қамқор, ата-аналарымыз мейірімді, ал балалары қарапайым, сыпайы болған. Ата-аналар баланы белгілі бір әрекеттерді жасаудан сақтандырып қана қоймай, оларға тыйым салудың себептерін де түсіндірді. Бұл тәсіл балаға теріс әрекеттерді қайталамауға мүмкіндік берді.

Отбасындағы тәрбиенің, құндылық мәдениетінің мақсаты – жаңа ұрпақтың өмірін ортақ мәңгілік игіліктермен байланыстыру және олардың маңызды бірлігін қалпына келтіру. Бұл баланың халық даналығын, халқымыздың мәдениетінің салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеуге ықпал етеді. Осылайша, қай жағдайда да қазақ отбасы бала кезінен өз заманының азаматын қалыптастырған білім ордасы болып қала береді.

IV. Нашақорлықтың алдын алу бойынша отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі (А4 парақтары, қаламдар, қайшылар).

«Тұлға бейнесі» профилактикалық жаттығуы

Тәжірибе барысы: біз бәріміз өз өміріміздің суретшілеріміз, біреудің өмірі барлық түстер палитрасымен жарқырайды, ал біреуде қара түн-

нек. Сондықтан, өміріміздің және балаларымыздың өмірін тек өзіміз ғана өзгертіп, жақсарта аламыз. Толыққанды тұлға болып, салауатты өмір салтын ұстану – бәріміздің қолымызда. Дәл қазір біз сізге қағаз парақтарын береміз, сіз қайшы, сызғыш және басқа құралдардың көмегінсіз өз қолыңызбен баланың тұлғасын кесуіңіз керек.

Енді балаңыздың бойындағы ұнатпайтын тұсына назар аударыңыз да, оны «тамақ көп жейсің», «неге тыңдамайсың», «үнемі кешігесің», «сенің қолыңнан түк келмейді», «мен саған сенбеймін», «неге өтірік айтасың» деп күнделікті үйде жүргендей «ұрыса» бастаңыз. Қарапайым өмірде балаңызға қатысты айтылатын ұрыс сөздер. Әрбір ұрысқаннан кейін қағаздың шетін бүктеп басып отырыңыз. Ұрыстыңыз – орап бүктейміз, ұрысытыңыз - бүктейміз ..Ұрысып болған соң, тоқтап, соңында не алатыныңызды көріңіз. Кішкентай тұлғаңыз қандай күйге түседі деп ойлайсыз. Егер сіз балаңыздың үлгілі тұлға болғанын армандасаңыз, сіз қалай ойлайсыз, мұндай бұралған, бүктелген кішкентай адам қазір қандай әрекеттерге қабілетті? (деструктивті мінез-құлыққа, академиялық сәтсіздікке, зиянды тәуелділікке) бейім болмай ма?

Осымен тұлға бейнесі бітпейді. Енді осы кішкентай адамды мадақтауды бастаңыз, сіз өзіңізді мақтағаныңыздай, қағаздың әр оралған қапталына оған қолдау көрсететін сөздерді айтыңыз. «Сен табысқа жетесің», «Мен саған сенемін», «Мен сені қатты күттім, балам», «Тәбетің жақсы екен, балам». Мақтадыңыз – бүктелген қағазды ашыңыз, мақтадыңыз – ашыңыз. Енді процесті бақылаңыз:

1) Сізге не істеу оңай болды: балаңызға ұрысу ма әлде қолдау ма?

2) Балаңыздың тұлғасын толығымен ашу үшін сізде жақсы сөздер жеткілікті болды ма?

3) Тұлға бейнесінің нәтижесі қандай болды? Оның бастапқы күйінен (бүктеу алдындағы) айырмашылығы неде?

4) Сіздің кішкентай адамыңыз қазір қандай әрекеттерге қабілетті?

12-слайд (5 мин). Ең бастапқы алдын алу жұмыстары мыналарды қамтиды:

— балалардың әлеуметтік өмір сүру деңгейін жақсарту;

— оң бағыттағы тұлға тәрбиелеу;

— аутодеструктивті ниеттердің пайда болуын күшейтетін әлеуметтік жағдайларды жою.

Екінші алдын алу жұмыстары:

— бейімділік туғызатын тәуекел факторларын анықтау;

— профилактикалық есепке алу категорияларын әдеттен тыс (девиантты) мінез-құлықтың белгілі бір формаларына сәйкес келетін топтарға бөлу;

— жүйке-психикалық патологиясы бар тұлғаларды ерте анықтау;

— анықталған аурулар мен психиканың патологияларына түзету жұмыстарын жүргізу.

Көмек көрсету кезеңдері

— профилактикалық бағдарламалар

— жоғары сынып оқушыларының тәуелді тенденцияларын ерте анықтау

— психодиагностика

— емдік шаралар

— оңалту

Нашақорлықты тудыратын биологиялық, психологиялық, әлеуметтік, мәдени және патопсихологиялық себептерді жоюға бағытталған этиологиялық емдеу ең тиімді әдіс болып табылады.

Рефлексия. (Қорытынды сөз, Үлестірмелі карточкалар)

Қорытындылау.

– Тренингіміздің соңында осындай өзекті тақырыпты талқылауға атсалысқандарыңыз үшін барлығыңызға алғыс айтамыз.

Сіздерді мазалайтын сұрақтарыңызға жауап алдыңыздар ма?

Тренингтен не үйрендіңіздер?

Өткен кездесуімізге деген көзқа-

растарыңызды бір сөзбен жеткізіңіздер.

Ата-аналарға берілетін үлестірмелі карточкалар

Балалар өмір сүруді өмірден үйренеді

Егер бала үнемі сынға ұшыраса, ол жек көруді үйренеді.

Егер бала қастықта өмір сүрсе, ол агрессивтілікке үйренеді.

Баланы мазақ етсе, ол тұйық болады.

Егер бала қорлық көріп өссе, ол кінәмен өмір сүруді үйренеді.

Егер бала толерантты болып өссе, ол басқаларды қабылдауды үйренеді.

Егер бала жігерленсе, ол өзіне сенуді үйренеді.

Егер бала мақталса, ол алғыс айтуды үйренеді.

Бала шыншыл болып өссе, әділеттілікке үйренеді.

Егер бала қауіпсіздікте өмір сүрсе, ол адамдарға сенуді үйренеді.

Балаға қолдау көрсетілсе, ол өзін бағалауды үйренеді.

Егер бала түсіністік пен достықта өмір сүрсе, ол осы дүниеде махаббатты табуды үйренеді.

Рефлексия

Құрметті ата-аналар, біздің кездесуіміз аяқталуға жақын. Сіз өзіңізге және сіздің балаларыңызға интернетке тәуелді болмауға көмектесетін пайдалы ақпараттар алдыңыз деп үміттенемін.

Сіздерден мына сөйлемдерді жалғастыруды сұраймын:

Мен әрқашан .... қажет екенін түсіндім.

Мен өзім үшін ..... алдым.

Мен үшін баламның

денсаулығы .....

Мен тағы да ..... сөйлесер едім.

Сіздерге және сіздердің жоғары сынып оқушыларыңызға физикалық және психикалық денсаулық, тыныштық пен түсіністік тілеймін.

Сау болыңыздар!



5 САБАҚ
ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ КЕҢІСТІГІ: ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ

Сабақтың мақсаты: ата-аналарды балалардың Интернеттегі және әлеуметтік желілердегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиімді жұмыстың шарттарымен, әдістерімен таныстыру.

Міндеттері:

1. Ата-аналарды Интернеттің негізгі қауіптерімен, жоғары сынып оқушыларындағы «Интернетке тәуелділік» түсінігімен таныстыру.

2. Ата-аналарға жоғары сынып оқушыларының интернетке тәуелділігінің алдын алу бойынша практикалық ұсыныстар беру.

3. Ата-аналардың жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік желілердегі және интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету дағдыларын пысықтау.

Ұлттық құндылықтар мен тұлғалық қасиеттер:

Ынтымақтастық, ата-аналық парыз, сыйластық, бақылау, әлеуметтік интеллект.

Жауапкершілік, жасампаздық, елгезектік, ашықтық, ынтымақтастыққа дайын болу.

Жоспар

1. Жоғары сынып оқушыларының интернет-қауіпсіздігі.

2. Жоғары сынып оқушыларының құмар ойындарға тәуелділігін диагностикалау.

3. Жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік желілер мен интернетке тәуелді мінез-құлқы.

4. Жоғары сынып оқушыларының интернетке тәуелділігінің алдын алу.

5. Отбасы мен мектептің жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігіне тәуелділігінің алдын алу бойынша өзара әрекеттестігі.

Қорытынды. Қорытындылау, тілектер.

Сабақтың ұзақтығы – 45 минут.

Тренер ата-аналармен сабақты бастайды.

Сәлеметсіздер ме құрметті ата-аналар!

Бастамас бұрын мен сіздерге ұлы Абайдың мына сөздерін естеріңізге салғым келеді: «Адам баласы ақылды болып тумайды. Тек тыңдап, ой елегінен өткізіп, әр нәрсені түртіп, дәмін татып, жақсы мен жаманды ажырата бастайды. Бала неғұрлым көп көріп, естісе, соғұрлым білім алады».

Бүгін біз сіздермен Интернеттегі тәуекелдер мен олардың алдын алуға қатысты мәселелерді талқылаймыз. Әрине, біз неғұрлым желіде аз болсақ, мұндай қауіптерге тап болу мүмкіндігі соғұрлым аз болатын еді.

Тренер ата-аналарға жүгінеді:

Егер біз өзімізге қатысты виртуалды уақытты өзіміз айқындай алатын болсақ, онда балаларымыз үшін мұны кім жасайды?

(Ата-аналардың жауаптары).

Бүгін біз уақытты шектеу туралы қандай көзқарастар бар екенін, қарым-қатынасты бұзбау үшін баланы қалай шектеу керектігін қарастырамыз.

Тренер ата-аналарға түсіндіреді:

Әрине, бірінші кезекте баланың жасын есепке аламыз. Ал енді біз интернет қауіпсіздігіне байланысты жас ерекшеліктері туралы айтып отырған болсақ, онда осы градацияларда интернетты пайдаланудың ерекшеліктерін де қарастырайық.

1-слайд. Жоғары сынып оқушыларының интернет кеңістігін пай-

далануда айтарлықтай тәжірибесі бар, олар ақпаратты сыни тұрғыдан бағалай алады, интернет қауіптеріне қарсы тұру дағдыларына ие. Интернет ортасында жауапты мінез-құлық дағдыларын дамыту үшін жоғары сынып оқушыларына ғаламдық желінің ақпараты мен ресурстарын пайдаланудың құқықтық аспектілерін қарастыру ұсынылады.

Енді уақыт шектеулері туралы.

2-слайд. Жоғары сынып оқушылары да жасөспірімдерден кем емес бақылауды қажет етеді. Оның үстіне бақылаусыз отбасында өскен жасөспірімдер ата-анасының жақсы көрмегенін, оларға мүлдем немқұрайлы қарағанын айтады. Ал егер ата-аналар қауіпсіздікті бақылап, сақтандырса, қадағаласа, балалар мұндай отбасыларды мейірімді және қамқор отбасы деп сипаттайды.

Тренер ата-аналарға жүгінеді:

Әсіресе, ата-аналарды жоғары сынып оқушысының интернетте құмар ойын (лудомания) ойнағаны алаңдатады.

3-слайд. Лудомания – уақытша тежелумен шектелмейтін созылмалы ауру, уақыт өте келе жойылмайды.

Құмар ойыншы жаңа күшпен және одан да үлкен зардап шегумен ойнай бастайды. Егер ауруды дамуына қарай тоқтатпаса, уақыт өте келе симптомдар ұлғайып, «Лудомания» күшейе түседі.

Лудоманияға шалдыққан адамдар олқылыққа, бұзылуға (қайта оралуға) бейім, ал бұл жағдайда тәуелділік онда да ауыр түрінде көрінеді.

Тренер ата-аналарға жүгінеді:

Енді мен сіздермен лудоманияның белгілері туралы сөйлескім келеді.

4-слайд. Басқа да кез-келген ауру сияқты құмар ойындарға тәуелділіктің де өзіндік белгілері бар. Әрине, олардың барлығы тәуелділіктің болуы туралы тікелей сигнал бермейді, бірақ олар іс жүзінде барлық лудомандарда байқалады:

- бақылауды жоғалту және салдарын болжай алмау;
- зейіннің, қозғалыстың, координацияның бұзылуы, есте сақтау қабілетінің бұзылуы;
- физикалық тұрғыда азап шегу (жүрек тұсының ауруы, дұрыс тамақтанбау);
- ойлар мен әрекеттердің ойын төңірегінде шоғырлануы;
- ойын жағдайды жақсарту құралы ретінде;
- қоршаған ортадағы мәселелер (проблемалар) (отбасындағы жанжалдар, оқудағы, жұмыстағы мәселелер);
- кінәлі сезіну, өкіну;
- өзін-өзі аяу, «эмоционалдық ауытқулар» - кенеттен масайраумен (эйфория) алмасатын депрессия.



Тренер ата-аналарға жүгінеді:

Енді мен сіздерге құмар ойындарға тәуелділікті диагностикалау әдісін беремін. Сіздер оны үйде өздеріңіздің жоғары сынып оқитын балаларыңыздың құмар ойындарға тәуелділігін анықтау үшін пайдаланыңыз.

5-слайд.Нұсқаулық: сұрақтарға «иә» немесе «жоқ» деп жауап беріңіз.

Құмар ойын ойнау үшін жұмыстан немесе оқудан қалған кезіңіз болды ма?

Құмар ойындар сізге бақытсыздық әкелген кездер болды ма?

Құмар ойындар сіздің беделіңізге нұқсан келтірген кезі болды ма?

Ойыннан кейін өкінген кезіңіз болды ма?

Сіз қарыздарыңызды өтеу үшін ойнадыңыз ба?

Құмар ойындар сіздің атаққұмарлығыңызды (амбицияларды) азайтты ма?

Сіз ұтылыстан кейін мүмкіндігінше тезірек оралып, қайтару, өтеу керек екенін сезіндіңіз бе?

Жеңіске жеткеннен кейін қайтып оралып, одан да көп жеңіске жету керек деген сеніміңіз болды ма?

Сіз бәрін жоғалтқанша қаншалықты жиі ойнайсыз?

Сіз құмар ойын ойнау үшін қарызға ақша алдыңыз ба?

Ойнау үшін бірдеңе сату керек кездер болды ма?

Сізде тек құмар ойындар үшін қолданатын «ойынға арналған ақша» деген ұғым бар ма?

Құмар ойындар сізге немесе сіздің отбасыңызға айтарлықтай қаржылық зиян келтірді ме?

Сіз жоспарлаған уақыттан ұзағырақ ойнадыңыз ба?

Сіз қиындықтарды ұмыту үшін ойнаған кезіңіз болды ма?

Сіз ойнауға ақша табу үшін заңды бұзған кезіңіз болды ма?

Сіз құмар ойындарға байланысты ұйқысыздықтан зардап шектіңіз бе?

Сіз түңілу немесе көңілсіздік мәселелерінің бәрінен алыстап, ойнағыңыз келеді ме?

Құмар ойындардағы жеңістеріңізді тойлайтын әдетіңіз бар ма?

Сіз жеңілгеннен кейін өз-өзіне қол жұмсау туралы ойладыңыз ба?

Нәтижелерді өңдеу және интерпретациялау. Жиырмадан кем дегенде жеті сұраққа оң жауап берілсе құмар ойындарға тәуелділіктің болуының айқын белгісі болып табылады және мамандарға жүгіну қажеттілігін көрсетеді.

Тренер ата-аналарға жүгінеді:

Құрметті ата-аналар! Өздеріңіз түсінгендей, бүгінде жоғары сынып оқушысы өзін әлеуметтік желілерсіз және интернетсіз елестете алмайды.

Жоғары сынып оқушысын интернетте сағаттап отыруға итермелейтін себептер не деп ойлайсыз? (Ата-аналардың жауаптары).

Тренер жоғары сынып оқушыларының неліктен әлеуметтік желіде уақыт өткізетінін түсіндіреді.

6-слайд. Үнемі «трендте» болу ниеті жоғары сынып оқушыларында тәуелділіктің дамуына әкеледі; олар әлеуметтік желілерде өздерінің фотосуреттерін, бейнелерін орналастыруға, сондай-ақ өз ойларымен бөлісуге ұмтылады; мүдделері ұқсас адамдар мен достар табу мүмкіндігіне ие болу; мысалы, сіздерге қарағанда жоғары сынып оқушыларының бос уақыты көп, сіздер жұмыстан басқа, отбасы мен үй тіршілігіне уақыт бөлулеріңіз керек; әлеуметтік желілер құрдастарымен ашық және кедергісіз қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді, бұл кейбір жоғары сынып оқушылары үшін шынайы өмірде қиындық тудыруы мүмкін, ал заманауи әлеуметтік желілер фильмдерге, музыкаға, ойындарға және кітаптарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік желілерде білім беру ресурстары мен оқыту курстары құрылады. Мұның бәрі жоғары сынып оқушыларын тартады.

Тренер ата-аналарға жүгінеді:

Құрметті ата-аналар, сіздер қалай ойлайсыздар, жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік желіге тәуелділігі неден көрінеді? (Ата-аналардың жауаптары).

Тренер ата-аналардың назарын келесі жағдайға аударады.

7-слайд.Тәуелділіктің қалыптасуы жоғары сынып оқушысының әлеуметтік желілердің әсеріне қаншалықты төзімді екендігіне, жеке тұлғаның психологиялық жағдайына, қолданушыға қаншалықты әсер ете алатынына және т.б бағынады. Бұл кезеңдерге байланысты.

Бірінші кезең - қарапайым пайдаланушы. Бұл кезеңде жоғары сынып оқушысы желіге тіркеледі, яғни, аккаунт құрады, достарын іздейді және сөйлеседі.

Екінші кезең - белсенді пайдаланушы. Бұл кезеңде адам қарым-қатынастан басқа жеке ақпаратты қосады, сілтемелермен бөліседі, көптеген қауымдастықтарға жазылады және достарды тек қарым-қатынас мақсатында ғана емес, саны үшін де қосады.

Үшінші кезең – гиперактивті қолданушы. Жоғары сынып оқушысы үшін бұл әлеуметтік желі екінші шындыққа айналады. Мұнда пайдаланушы үшін шынайы өмір шегі өшуі мүмкін. Бұл кезеңде сізге жоғары сынып оқушыларының интернетке тәуелділігінің алдын алу шараларын қабылдау қажет.

Бейне көрсетілім

«Интернетке тәуелділік» әлеуметтік ролик

Тренер бейнероликті көргеннен кейін ата-аналарға жүгінеді.

Сауалнамаларға сәйкес, мектеп оқушыларының шамамен 70% компьютерді басты қызығушылық деп санайтынын білесіздер ме? Қызығына түскен балалар күніне 18 сағатқа дейін компьютерде отыра алады.

Құрметті ата-аналар!

Жоғары сынып оқушыларының ғаламторға тәуелділігінің алдын алу үшін компьютермен өзара әрекеттесу үдерісі сауатты ұйымдастырылуы қажет. Балаға ғаламтор нақты өмірдің бір бөлігі ғана екенін және ол шынайы өмірді алмастырмайтынын жеткізу керек. Сонымен қатар, достармен кездесулері, спорт, шығармашылық жұмыстар мен хоббилері де ынталандырып отырылуы керек.

8-слайд. Жасөспірімдердегі интернет тәуелділігінің алдын алудың алғашқы және екінші рет алдын алутүрі болады.

Алғашқы алдын алу түрі балаларды тәуелділік белгілерімен таныстыруды қамтиды. Ол оқушылардың психикалық бейімделуін қалыпқа келтіруге бағытталған.

Екінші рет алдын алу түрі жоғары сынып оқушысының әлеуметтік және жеке мәртебесін қалпына келтірумен бірге жүреді. Осы мақсатта тұлғаның компьютерге тәуелділігін зерттеу негізінде іс-шаралар жүргізіледі. Әртүрлі жастағы жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі бағалауын қалыпқа келтіретін схемалар әзірленеді.

ИНТЕРНЕТ ТӘУЕЛДІЛІГІНІҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН КЕЛЕСІ ҰСЫНЫСТАРДЫ ЕСКЕРУ ҚАЖЕТ:

9-слайд. Жоғары сынып оқушысын интернеттің теріс әсерінен қорғауда Сіз өзіңіз өнеге болып, көмектесе аласыз.

Егер ата-ана барлық бос уақытын қолында телефонмен өткізсе, онда жоғары сынып оқушысы да оған еліктейді. Баланы отбасылық іс-шараларға және қоғамдық өмірге тартқан жөн. Мақсат - оған өмірде көптеген қызықты нәрселер бар екенін көрсету. Жоғары сынып оқушысын тәрбиелеудегі өзіндік әдіс-тәсіліліңізді талдау қажет. Және ол оның қоғамда жүзеге асуына септігін тигізгені маңызды. Әйтпесе, мектеп оқушысы оны виртуалды әлемнен іздейді. Онымен сөйлескен кезде оның қызығушылықтары мен хоббилеріне аса мән беру қажет.

10-слайд. Олардың іске асырылуына көмектесіп, ынталандыру керек. Мысалы, жоғары сынып оқушысы футболға қызығушылық танытса, оны спорт секциясына жіберу керек. Сіз онымен шынайы болуыңыз керек. Жоғары сынып оқушылары өтірікті интуитивті түрде сезіп қояды. Бұл арадағы сенімді қарым-қатынасқа нұқсан келтіруі мүмкін. Мамандар ғаламторға тәуелділіктің алдын алудың тиімді шарасы жоғары сынып оқушысының мінез-құлқын талдау деп санайды. Оның өмірлік оқиғаларға реакциясындағы кез келген өзгерістерді уақытында қадағалау керек. Комьютергді шамадан тыс қолдана бастаса бірден шектеулерді қою керек. Мұны

әу бастан жасау керек. Еске салып отыру үшін уақыт есептегіш немесе қоңырау сағат пайдаланса болады. Компьютерде отырудың оңтайлы уақыты - күніне 2 сағат. Жоғары сынып оқушысына ғаламторға тәуелділіктің салдары туралы түсіндіріп айтқан жөн. Олар психикаға да, физиологиялық денсаулыққа да қатысты болуы мүмкін. Егер ол тым тұйық және коммуникативті болмаса, оған психолог көмектесуі мүмкін.

Бұл ғаламторға тәуелділіктің дамуына жол бермейді.

Тренер ата-аналарға:

Сонда балаларымыздың экраннан «бас алмауларына» кім кінәлі? (ата-аналардың жауаптары) (2 мин.).

Тренер ата-аналарға шағын кеңес береді(2 мин.).

Қай кезде де «Кім кінәлі?» деген сұрақ бізге ұнамайды. Әрине, шындығы сол, ақпараттық кеңістікті (әлеуметтік желілер мен интернетті) біздің өмірімізден толығымен алып тастау мүмкін емес.

Әрине, бүкіл отбасымен алыстағы тайгаға кетіп қалуға болады. Алайда, біз қаладағы көп қабатты үйлердің пәтерінде тайга жасаудың қажеті жоқ. Бұл ең алдымен жоғары сыныпқ оқушысының ғана емес, бүкіл отбасының қалыпты әлеуметтенуіне кедергілер туғызады. Әмбебап цифрландыру, компьютерлендіру, интернет бізге қазіргі «Z» ұрпақты берді, «цифрлық адамдар» ұрпағы. Олардың жеке басының қалыптасуына интернет, ақпараттың заманауи қолжетімділігі мен әмбебап жариялылық үлкен әсер етті. Бұл ұрпақтың өкілдері қазіргі заманғы байланыс құралдарының жоғалуына қатты уайымдайды. Егер олар гаджетсіз қалса оларға демалыстың басқа түрін таңдау қиынға соғады. Олар бірдеңені ұнатпайтын болса, оған қызығушылық танытпайды, тек басқа нұсқаны таңдайды – жаһандық желіде мүмкіндіктер көп.

Бұл адамдар өр мақсатқа жетуден гөрі жылдам нәтиже алғанды жөн көреді. Олардың басты мотивациясы – қызығушылық. Бұл ұрпақтың өмірі гаджеттермен және әлеуметтік желілермен тығыз байланысты. Оларға «клиптік ойлау» (таптаурын ойлау) тән. Ол дегеніміз - санада жарқын, бірақ үзік-үзік және қысқа мерзімді бейне пайда болған кезде, айналадағы әлемді мозаика, басқатырғыштар түрінде қабылдау тәсілі,



яғни әлемді тұтас қабылдаудың орнына мағынасыз ақпараттармен миын толтырады. Қазіргі таңда әрбір дерлік дереккөздерде өскелең ұрпақтың ерекшеліктерін сипаттау кезінде: «Қазіргі балалар өмірі туғаннан бастап гаджеттермен байланысты» деген сөздермен басталады.

Тренер ата-аналарға сұрақ қояды:

Тоқта! Гаджеттер біздің жоғары сынып оқушыларына да жетті. Қалай болса да гаджет оларға өздері өрмелеп келеді. Бұл сорақы, солай емес пе? (Ата-аналардың жауаптары) (2 мин.).

Бейне көрсетілім

Интернетке тәуелділік (мультфильм)

Тренер ата-аналарға:

Құрметті ата-аналар! Жоғары сынып оқушысының интернеттегі қауіптерден қорғалуы отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі арқылы қамтамасыз етілуі керек. Біз, педагогеар, өз тарапымыздан, тәрбиелеу іс-шараларын сіздерге көмектесетіндей етіп жүйелік деңгейде ұйымдастырамыз және жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік желілердегі және интернеттегі қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыруда сіз бен біз болып бірлескен күш-жігер арқылы ғана табысқа жете аламыз.

Есіңізде болсын, ата-аналар мен жоғары сынып оқушылары арасындағы сенімді қарым-қатынас, олар үшін баламалы қызығушылықтарды дамыту оларды интернет кеңістігінде барынша қорғауға мүмкіндік береді.

Рефлексия (5 мин.)

Құрметті ата-аналар, біздің кездесуіміз аяқталуға жақын. Сіз өзіңізге және сіздің балаларыңызға интернетке тәуелді болмауға көмектесетін пайдалы ақпараттар алдыңыз деп үміттенемін.

Сіздерден мына сөйлемдерді жалғастыруды сұраймын:

Мен әрқашан .... қажет екенін түсіндім.

Мен өзім үшін ..... алдым.

Мен үшін баламның денсаулығы .....

Мен тағы да ..... сөйлесер едім.

Сіздерге және сіздердің жоғары сынып оқушыларыңызға физикалық және психикалық денсаулық, тыныштық пен түсіністік тілеймін.

Сау болыңыздар!



6 САБАҚ
КҮЙЗЕЛІСТЕН ШЫҒАР ЖОЛ

Модуль сипаттамасы

Көңіл жақсы болғаны – өмір жақсы болғаны. Ресурс күйін қалай сақтауға болады. Күйзелістен шығу жолдары.

Эмоционалдық реттеу – күйзеліс жағдайында тепе-теңдікке жету.

Агрессия, депрессия, суицидтік мінез-құлық және күйзелістің басқа да ауыр көріністері.

Қателесу құқығы тәжірибе алу мүмкіндігі ретінде.

Баланың күйзеліске төзімділігін қамтамасыз етудегі мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі

Сабақтың мақсаты: ата-ананың күйзеліске қарсы тұру және баласына да осындай көмек көрсету қабілетін қалыптастыру.

Міндеттері:

- ата-аналардың баласын күйзеліске төзімділікке үйрету дағдысын дамыту;
- ата-аналардың күйзелістің көріністері және одан шығу әдістері, мінез-құлқын эмоционалдық реттеу және баланың күйзеліске төзімділігін қамтамасыз етуде мұғалімдер мен ата-аналардың өзара әрекеті туралы түсініктерін кеңейту және тереңдету;
- күйзелісті ресурстық күйге айналдыру дағдыларын қалыптастыру, баланың күйзеліске төзімділігін арттыру құралдарын меңгеру.

Жоспар

I. Ұйымдастыру бөлімі

• Сәлемдесу

• Мақсат пен міндеттер

II. Негізгі бөлім

1 «Қарым-қатынас конверті» ширату ойыны.

2. Ата-аналарға арналған сауалнама.

3. Бейне материал.

4 «Күйзелістің оң және теріс тұстары» шағын пікірталас.

5. Ми шабуылы: Қазақстанның әртүрлі ұлттық мәдениеттеріндегі ата-аналар мен балаларға арналған төзімділік құралдары.

III. Қорытынды бөлім

6. «ҰБТ кезінде стресстен қалай шығуға болады» чек парақшасы.

Материалды бекітуге арналған сұрақтар.

Күтілетін нәтижелер

Сабақтың соңында ата-аналар:

- өз баласында күйзеліске төзімділікті дамытуға күшті мотивацияға ие болады;
- баланың күйзеліске төзімділігін қамтамасыз етуде күйзелістің пайда болу себептерін сезінеді, көрініс беру ерекшеліктері мен күйзелісті жеңу жолдарын, мінез-құлықты эмоционалдық реттеуді және педагог пен ата-ананың өзара әрекеттесуді білетін болады;
- жеке адамның күйзеліске төзімділігін арттырудың негізгі құралдарын меңгереді.

Қажетті ресурстар: презентация, бейнероликтер, бағандар, маркерлер, А3 және А4 парақтары, қаламдар.

Жұмыс форматы: тренинг элементтері бар сабақ.

Әдіс-тәсілдері: пікірталас, ми шабуылы, тренинг жаттығулары.

Сабақтың ұзақтығы – 45 минут.

Сәлемдесу

Сәлеметсіздер ме құрметті ата-аналар! Бүгінгі сабағымызға қош келдіңіздер, сіздермен кездескеніме қуаныштымын. Бүгін мен сіздермен күйзеліс және онымен қалай күресу керектігі туралы сөйлескім келеді.

Орта мектептегі бүкіл оқу үдерісі басты мақсатқа – ҰБТ тапсыруға көзделген. Бұл оқушыларға, ата-ана-



ларға және мұғалімдерге қатты күйзеліс болатыны сөзсіз.

Ақпараттық блок

Төтенше жағдайда біздің мінез-құлқымыз неге байланысты?

Бастапқыда, туғаннан бастап адамның қауіп-қатерге қарсы үш реакциясы болады: күресу, қашу немесе қалшиып қалу. Қауіп-қатер күресуге болатындай болса, біз күресеміз. Егер біз күресе алмасақ және өзімізді құтқаруымыз керек болса, біз қашамыз. Егер бізде бір де бір басқа да мүмкіндік болмаса, біз қалшиып қаламыз немесе жасырыңамыз.

«Өмір бойы әдетте біз қауіпке бір реакцияны таңдаймыз, содан кейін ол көп жағдайда көрінеді. Өкінішке орай, көбінесе бұл реакция қалшиып қалу реакциясы. Өйткені, адам басына түсетін қауіптердің көпшілігі жұдырықпен күресуге немесе физикалық түрде қашып құтылуға болмайтын әлеуметтік және психологиялық қауіптер болып табылады. Сондықтан қалшиып қалу көптеген адамдар үшін «үйренген» реакцияға айналады. Көптеген эксперименттер қауіп төнген кезде адамдар көбінесе қауіптен құтылу мүмкіндігін арттыратын әрекеттерді жасамайтынын көрсетеді. Ал үйренген қалшиып қалу реакциясының өз салдары бар. Психикалық және физикалық денсаулық бұзушылықтарына әкелуі мүмкін. Мысалы, егер сіз кенеттен қауіпті итті кездестірсеңіз, онда бірінші реакция қорқыныш болса, сосын таңдау - жүгіру немесе қалшиып қалу. Қашу (айқайлау) күйзелістен арылу тәсілі болып табылады. Қалшиып қалу - қауіпсіз әдіс, бірақ ол денемізде із қалдыруы мүмкін.

Негізгі бөлім

1. «Қарым-қатынас конверті» ширату ойыны.

Мақсаты: эмоционалдық кедергілерді жою, көңіл-күйді жұмыс ат-

мосферасына бағыттау.

Әр қатысушы өз кезегінде жүргізушінің конвертінен сұрақ жазылған парақшаны алып, оған жауап береді.

Егер..... менің балам ашуланады.

Егер... бала жылайды.

Менің балам күйзелістен ... көмегімен шығады.

Бала... болғанда, мен баламның күйзеліске түскенін көремін.

Бала ... де, мен оның күйзелістен шыққанын көремін.

2. Назарларыңызға мультфильм ұсынамыз. Мультфильм күйзеліс туралы.

https://www.youtube.com/watch?v=ehWjYOhiER8

Талқылауға арналған сұрақтар:

Мультфильмнің негізгі идеясы қандай?

Көру кезінде қандай сезімдер мен эмоциялар болды?

Келесі бейнеде күйзелістен шығудың жолдары көрсетіледі.

https://www.youtube.com/watch?v=cxNQMY8gm6U

Күйзелістен АРЫЛУДЫҢ 10 ЖОЛЫ. Оңай арналары (шығу жолдары)

Талқылауға арналған мәселелер:

Күйзелістен шығудың қандай жолдары сізге таныс?

Қандай жаңа шешімдер көрдіңіз?

Сізде күйзеліспен күресудің өзіндік әдістері бар ма?

3. Адамдардың көпшілігі күйзелістің салдары жағымсыз деп есептейді. Осы пікірталастың мысалында сіздер күйзелістің ресурсын көретін боласыздар.

«Күйзелістің оң және теріс тұстары» тақырыбында шағын пікірталас.

Тренер топты екі топқа бөледі. Бірінші топ топтық талқылау барысында күйзелістің жағымсыз әсерлерін, ал екіншісі – күйзелістің жағымды тұстарын (күйзелісті жеңу арқылы біз не үйренеміз, қиын жағдайлардан шығу арқылы өзіміз және ресурстарымыз туралы не біле аламыз) анықтап, жазуы керек. Талқылау уақыты – 5 минут. Топтар бұл тапсырманы орындағаннан кейін тренер пікірталас өткізуді ұсынады, оның барысында топтардың жауаптары – дәлелдері кезектесіп отырады. Қорғалатын көзқарастың пайдасына көбірек дәлелдер тапқан команда жеңеді.

Талқылауға арналған сұрақтар:

Күйзелістің қандай жағымды тұстары сіз үшін күтпеген жауап болды?

Тәжірибе алу мүмкіндігі ретінде әрбір баланың қателесуге құқығы бар деп айтуға бола ма?

4. Әр адамның күйзелістен шығуға арналған өз арсеналы бар. Жаттығу нәтижесінде біз өз құралдарымызбен бөлісеміз және күйзеліс жағдайындағы адамға оның оған төзімділігін арттыруға көмектесетін чек-парақшасын жасаймыз.

Ми шабуылы:

«Қазақстанның әртүрлі ұлттық мәдениеттеріндегі ата-аналар мен балаларға арналған күйзеліске қарсы тұру құралдары».

Әрбір қатысушы күйзелістен шығудың және күйзеліске төзімділікті арттырудың бір әдісін атайды.

Барлық ұсыныстар тақтаға жазылады.

Чек-парақшасы жасалады, әркім скриншот жасай алады.

Сұрақтар:

Сіздің отбасыңыз күйзеліспен қалай күреседі?

(Киноға бару, табиғатқа шығу, саяхаттау)

Сіздің ұлттық мәдениетіңізде қандай күресу құралдары бар?

(халық өнері, бірлескен іс-әрекет – аспаздық, қолөнер, асар, ұлттық спорт түрлері)

Қазақтардың дәстүрлі өмір салты күйзеліске төзімділіктің қалыптасуына қалай әсер етті?

(қабылдау, шүкіршілік ету, бейімделу және өзгеруге дайын болу арқылы табиғи жағдайларға тәуелділік, шүкір, тәубе, сабыр)

Қазақтардың рухани және материалдық мәдениетіндегі күйзеліспен күресудің қандай жолдарын білесіз?

(ауызекі халық шығармашылығы, қолөнер, музыка, салт-дәстүрлер)

5. Агрессия, депрессия, суицидтік мінез-құлық және күйзелістің басқа да ауыр көріністері (слайд)

1. Балаңыздың мінез-құлқы күйзелісте қалай көрінетінін кестеден анықтаңыз.

2. Жағымсыз мінез-құлықтың ықтимал себептеріне назар аударыңыз.

3. Қажет болса, маманға жүгіну керек.

Бала неліктен өзін дұрыс ұстамайды және дұрыс емес мінез-құлқы қалай білінеді? (слайд)

Қорытынды бөлім

«ҰБТ күйзелісін қалай еңсеруге болады» чек-парағы

Маңызды:

• дайындықты жоспар кестесінде демалыс та, сабақтар да біркелкі үйлесетіндей етіп жоспарлаңыз;

• басымдықтарды белгілеу: баланың денсаулығы мен өмірі ме әлде қайта тапсыруға болатын емтихан маңызды ма?

• балалармен олардың қорқыныштары және оқиғаны өрбіту нұсқалары туралы сөйлесіңіз (ең нашар сценарийлер);

• балаға кез келген жағдайда алаңдаушылықты жеңілдететін күйзелісті жеңілдету әдістерін үйретіңіз (тыныс алу әдістері, зейінді ауыстыру, табиғатқа шығу, жаңа нәрсені үйрену, белсенді спорт түрлері);

• осы сәтте абитуриенттер жалғыз қалмауы үшін туыстарының: ата-анасының, достарының қолдауына уәде алу. Қолдаушылардан: «Сенің қолыңнан келеді, мен саған сенемін, сен жетістікке жетесің, т.б.» сияқты ынталандырғыш қолдау қажет болады.

• ата-ана өз сөздеріне абай болу керек, «бұның өмірлік маңызы бар», «сенің болашағың соған байланысты», «бізді жерге қаратпа», т.б. деген сөз тіркестерін лексиконнан шығару керек.

Кері байланыс

Сіз өзіңіздің және балаңыздың күйзелісінің себебін айқындай аласыз ба?

Өмірде күйзелістің ресурстық күйін айқындау дағдысы қаншалықты маңызды?

Күйзеліске төзімділікті арттыру үшін қандай құралдар сізге ең қолайлы?



7 САБАҚ
СҮЙІСПЕНШІЛІК – СЫЙЛАСТЫҚ КІЛТІ

1.Сүйіспеншілік отбасындағы эмоционалдық тепе-теңдіктің негізі ретінде.

2.»Айналайын» ұғымы, отбасында баланы жан-жақты қолдау.

3.Эмоцияны білдірудегі шынайылық. Эмоционалдық манипуляциялар.

4.Жоғары сынып оқушысымен шетін тақырыптар бойынша қалай сөйлесуге болады.

Сабақтың мақсаты:

Отбасында эмоционалдық тепе-теңдік пен өзара түсіністік орнату үшін балаға сүйіспеншілік таныту қабілетін дамыту.

Міндеттері:

- ата-аналардың отбасында балаға жан-жақты қолдау көрсетуге, қарым-қатынаста шынайылық танытуға деген ұмтылысын дамыту;
- «Айналайын», «Махаббат тілі», «Эмоционалдық манипуляциялар» және т. б. ұғымдардың мағынасын түсінуге ықпал ету;
- қарым-қатынаста сезімдерді білдіру дағдыларын, жоғары сынып оқушысымен шетін тақырыптарға сөйлесе білуді қалыптастыру.

Жоспар

I. Ұйымдастыру бөлігі

Сәлемдесу

Мақсаты мен міндеттері

II. Негізгі бөлігі

1.»Үздік ата-анаға Оскар» сергіту ойыны, 5 минут.

2. Зира Наурызбайдың «Ұмай» авторлық бағдарламасынан «Сөз күші. Ата-бабаларымыз балаға қалай бата беріп, қалай ұрысқан», 8 минут.

3 «Презентация» жаттығуы-12 минут.

4. Тренингке қатысушылар арасында тиімді қарым-қатынас әдістемелері туралы шағын пікірталас, 10 минут.

5. Сүйіспеншілікті көрсетудің балама тәсілдерін қолдану (чек-парақ), 10 минут.

6. Жоғары сынып оқушысымен шетін тақырыптарға қалай сөйлесуге болады? Репродуктивтік денсаулық бойынша анонимдік чатбот.

III. Қорытынды бөлім

Күтілетін нәтижелер.

Сабақ соңында ата-аналар:

- өзіне және баласына деген сүйіспеншілігін танытуға ынталы болады;
- адамдар арасындағы қарым-қатынаста шынайылықтың маңыздылығын сезінетін болады;
- жақындарына сүйіспеншілік көрсетудің баламалы әдістерін қолдануды білетін болады;
- репродуктивті денсаулық туралы анонимді чат-бот ресурстарын пайдалануды үйренеді.

Қажетті ресурстар: презентация, бейнелер, бағандар, маркерлер, А3 және А4 парақтары, қаламдар.

Жұмыс форматы: тренинг элементтері бар сабақ.

Әдістері: пікірталас, ми шабуылы, сергіту жаттығулары

Сабақтың ұзақтығы – 45 мин.

Сәлемдесу

Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар! Мен сіздерді біздің сабақта көргеніме қуаныштымын. Мен бүгін сіздермен сүйіспеншілік адамдар арасындағы түсіністікке қалай көмектесетіні туралы сөйлескім келеді. Сүйіспеншілікті білдірудің қандай тәсілдерін білеміз және қолданамыз? Біздің балаларымыз туралы не ойлайтынымызды, балаларымыздың өмірінде қандай қарым-қатынас үлгісін көргіміз келетінімізбен бөлісейік.

Ақпараттық блок

Сүйіспеншілік – бұл адам сезінетін

ең күшті сезімдердің бірі. Сондықтан сүйіспеншілік күшті мотивация бола алады, өмірдегі маңызды қадамдарды ынталандырады.

Бір-бірін жақсы көретін адамдар, әсіресе, бұрын қол жетпейтін биіктерге жетуге және жақсырақ болуға ұмтылады.

Сүйіспеншілік туралы айтатын болсақ, біз еркек пен әйел, ата-ана мен бала, туыстар жақындар арасындағы қарым-қатынасты айтамыз. Өзінің барлық көріністерінде сүйіспеншілік басты қозғаушы күш, адамдар арасындағы түсіністіктің кілті болып табылады.

Негізгі бөлік

1.Топта жұмыс істеуді жеңілдету үшін ойын ойнайық.

«Ең жақсы ата-анаға Оскар» сергіту ойыны

Мақсаты: топтағы шиеленісті жағдайды жеңілдету, қатысушыларды тану, ата-аналардың өзін-өзі бағалауын арттыру.

Қатысушылар жұптарға бөлінеді. 2 минут ішінде әңгімелесуші туралы білу керек, ол үшін оны ең жақсы ата-ана ретінде Оскармен марапаттауға болады. Жаттығу «Айналайын», Бата беру, маңдайдан сипау, арқадан қағу, тілекші болу сияқты дәстүрлі сөздердің кең түрі мен тірек әдістерін қолдану арқылы орындалады.Үздік ата-ананың презентациясы қатысушылардың қошеметіне бөленеді.

2. Алдыңғы ойында әрқайсымыз сөздердің қандай зор күшке ие екенін көрдік. Енді «Сөз күші. Ата-бабаларымыз балаға қалай бата беріп, қалай ұрысқанын» көрейік...

«Сөз күші: ата-бабаларымыз балаға қалай бата беріп, қалай ұрысқан» бейнебаяны

https://www.youtube.com/watch?v=iC4KHtN627s

«Абай» телеарнасындағы Зира Наурызбаеваның «ҰМАЙ» бағдарламасы.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Сіз бұл сөз тіркестерін қаншалықты білесіз, естігенсіз бе?

2. Ұрысу үшін қандай сөздер қолданылды?

3. Балаңызға ұрысатын сөздерді қандай сөздермен айтасыз?

4. Бата бересіз бе? Сіз балаңызға бата бересіз бе? Егер иә десеңіз, қандай жағдайларда?

3.Енді әркім өзі үшін сұраққа жауап берсін: ата – ананың балаға деген сүйіспеншілігі шартты ма, әлде шартсыз ба? Сіз жоғары сынып оқушысына деген сүйіспеншілігіңізді көрсетуде қаншалықты шынайысыз? Орта мектеп оқушысы кіші інілерінің ата-ананы алмастыратын сіздің көмекшіңіз бе? Бұл жағдайда оның жеке шекаралары қаншалықты сақталған? Оның жеке бос уақыты бар ма?

Ойын барысында сіз алған рөлге кіріп, оны сезіне білуіңіз керек.

«Презентация» жаттығуы

Мақсаты: топ мүшелеріне өздерінің ата-аналық рөлдерін түсінуге және тұжырымдауға көмектесу және оның баласының ерекшелігі неде екенін түсіну.

1.Қатысушылар 1-2-3 санау арқылы үштікке бөлінеді.

2. «Ата-ана», «бала», «мұғалім» – біреуін таңдаңыз.

3. «Ата - анаға» тапсырма – балаңызды жаңа мектепте мұғалімге таныстыру.

4. «Балаға» тапсырма - ата-анасын мұғаліміне таныстыру .

5. «Мұғалімге» тапсырма-сыни тұрғыдан тыңдау, сұрақтар қою, нақтылау.

6. Тапсырманы орындағаннан кейін үштіктегі рөлдерді өзгерту.

7. Шеринг - кері байланыс.

«Ата-аналарға» арналған сұрақтар:

- Сіз қаншалықты шынайы болдыңыз немесе балаңыздың портретін қаншалықты шынайы суреттедіңіз?

- Балаңызды таныстыруда не қиын болды?

«Балаға» арналған сұрақтар:

- Презентация кезінде эмоционалдық манипуляция болды ма?

- Гаджеттер ата-ананың тұсауке-

серінде қолданылған ба және олардың рөлі қандай?

«Мұғалімге» арналған сұрақтар:

- Екі жақтың презентациясындағы сүйіспеншілік көріністерін бағалаңыз.

5. Сіз балаңызға деген сүйіспеншілікті қалай көрсетесіз?

Слайдтағы сүйіспеншілікті көрсетудің 5 әдісін қарастырайық.

Гари Чапманның «Сүйіспеншіліктің 5 тілі» кітабына негізделген шағын пікірталас. Оқуға ұсынылады (слайдтар)

Өз сезімдеріңізді білдірудің бес тәсілі:

1. Жақындау
2. Сөздер
3. Көмек
4. Уақыт
5. Сыйлықтар

Екінші слайдта біз сүйіспеншілігімізді әртүрлі жолдармен қалай білдіретінімізді егжей-тегжейлі қарастырамыз. Әр жағдайда не істеу керек және неден аулақ болу керек екнін көрейік.

Талқылауға арналған сұрақтар:

Қандай тармақтар қиындық тудырды?

Кестені толтырған кезде сіз өзіңізді қалай сезіндіңіз?

Қай элементті толтыру оңай болды?

Қорытынды бөлігі

Жоғары сынып оқушысымен шетін тақырыптарда қалай сөйлесуге болады

Баламыз неғұрлым үлкейген сайын, соғұрлым оның өмірінде тәуелсіздік, дербестік пайда бола бастады.

Ата-аналар өз міндеттерін балаларды жағымсыз тәжірибелерден және қиындықтардан қорғау деп санайды. Бірақ ата-ана мен балаға бірге отырып талқылауға қиын болатын кейбір тақырыптар бар.

Бұл мәселені шешуде сіз айналаңыздағы адамдарға немесе қол жетімді ақпарат көздеріне, беделді пікірлерге және т. б. жүгіне аласыз.

Сізге чатботпен танысуға кеңес береміз

https://t.me/aspanchatbot

Жастардың репродуктивті денсаулығы жөніндегі чатботты «Y-PEER KAZAKHSTAN» еріктілер қозғалысының мамандары БҰҰ қолдауымен ғылыми фактілер негізінде құрды.

Бұл репродуктивті денсаулық, жыныстық жетілу, серіктестік және басқа да мәселелер бойынша көптеген сұрақтар мен жауаптарды жинайтын анонимді робот.

Бала қажет бөлігіне өз бетінше сұрақ қоя алады және бірден білікті жауап ала алады.

Біз ата-аналарға чатботпен «сөйлесуге» кеңес береміз, бұл өте қызықты әрі жасырын. Балаңызға да оны қызықтыратын сұрақтарға жауап алуына мүмкіндік беріңіз.

Талқылау:

Бүгінгі сабақтан өзіңіз үшін не аласыз?

8 САБАҚ
АТАДАН ӨСИЕТ, АНАДАН ҚАСИЕТ
ОТБАСЫЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕР МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҰРПАҚТАН ҰРПАҚҚА

Сабақтың мақсаты:ата-аналардыңбалаларын отбасылық өмірге дайындау және рефлексия жасау дағдыларын дамыту

Міндеттері:

1. Ата-ананы баланың болашақ отбасылық өміріне қажетті тұлғалық қасиеттерін дамытуға ынталандыру.

2. Дәстүрлі білім беру тәжірибесін жаңарту.

3. Ата-аналарды «жауапты әке болу» ұғымымен таныстыру.

4. Баланың бойында отбасылық өмірге қажетті қасиеттерді қалыптастыру үшін ата-ананың өз мінез-құлқын талдау дағдыларын қалыптастыру.

Ұлттық құндылықтар мен тұлғалық қасиеттер:

• ата-аналық парыз, жеке тұлғаны құрметтеу, ұлттық салт-дәстүрді құрметтеу, сенім, ашықтық;

• жауапкершілік, сезімталдық, мейірімділік, жауаптылық, позитивті ойлау, эмпатия, ынтымақтастыққа дайын болу, юмор сезімі.

Күтілетін нәтижелер

Бұл сабақтың соңында ата-аналар:

ұлттық тәрбие тәжірибесіне жүгінетін болады;

«жауапты әке болу» туралы түсініктерін кеңейтеді;

балалардың болашақ отбасылық өміріне қажетті қасиеттерін дамыту үшін өз іс-әрекетін бейнелеу дағдыларын қалыптастыра алады.

балалардың болашақ отбасы өміріне қажетті қасиеттерін дамытуда өзіндік мінез-құлық желісін анықтай алады.

Ресурстар:

Қазақ суретшілерінің картиналарының репродукциясы, иллюстрациялары; бейнетаспа; басылған кестелер.

Тақта, флипчарт, маркерлер, А4 парақтары, қаламдар.

Жоспар

I. Кіріспе: отбасы мен халық/ұлт арасындағы іргелі байланыс туралы әңгіме.

II. Негізгі бөлім.

1. Ұлттық мәдениет отбасындағы тәрбие дәстүрінің негізі (суретті қарау, әңгімелесу, кластер құру).

2. Қазіргі әкелік (бейнефильм көру, пікірталас).

3. Қазіргі әкенің қасиеттері (топтық жұмыс, пікірталас).

4. Қазіргі әкенің қасиеттері (кестемен жұмыс).

5. Ұл балалардың болашақ отбасылық өміріне қажетті қасиеттерді тәрбиелеуге бақылау парағын құрастыру.

III. Қорытынды: ой толғау, қорытындылау.

Сабақтың ұзақтығы – 45-50 минут.

ТАҚЫРЫП «Атадан өсиет, анадан қасиет»

«Отбасының дәстүрлері мен құндылықтары: ұрпақтан ұрпаққа»

Құрметті ата-аналар! Біздің сабағымыз өте маңызды тақырыпқа арналады - балалардың бойында болашақта өз отбасын құру үшін қажет қасиеттерді тәрбиелеу. Біреулеріңіз: «Қандай отбасы? Олардың өздері әлі бала» - деулеріңіз мүмкін. Бірақ жақсы ештеңе өздігінен болмайды. Осы қасиеттердің іргетасы қазір балалардың бойында қалыптаспаса, болашақта ажырасу, жас отбасының бұзылуы мүмкін болады.

Отбасылық дәстүрлер бала тәрбиесінде қандай рөл атқарады?

Әңгіме:

Отбасысыз, тексіз ұлт, халық болмайды. Мақал

Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы қазақ қоғамының болмысын былайша баяндаған: «Бірнеше үй бір ауылды құрайды, одан да көп үй үлкен ауылды құрайды, ал бірнеше ірі ауылдан ру, бірнеше рудан, бірнеше одақ болады, бірнеше одақтар ұлыс құрайды, бірнеше ұлыстар қазірдің өзінде ел болып табылады».

Қазақ емшісі, ғалымы Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы

(1388 -1478жж)

«Медициналық баяндау» шығармасының авторы

Әңгімелесуге арналған сұрақ:

1.Енді біз осы ажырамас байланысты сезінеміз бе: отбасы – адамдар? Ол қалай көрсетіледі?

(Қазақ суретшілерінің картиналарының репродукциясы, иллюстрациялары.)

1-ТАПСЫРМА.

Суреттерді қараңыз. Қазақтың ұлқыз тәрбиесіндегі салт-дәстүрлері туралы айтыңыз: үлкендер кішіге қандай білім, салт-дәстүр, бала бойында қандай қасиеттер тәрбиелеген.

(Тақта, флипчарт, маркерлер)

2-ТАПСЫРМА.Кластер құрастыр

Кластер: Ер адам – Отағасы – неге үйреткен -

Ер адам – ру өкілі – жауынгер, қорғаушы – асыраушы – қанадай қасиеттерге ие болған -

Ер адам – Әке – қандай қасиеттерге тәрбиелеген –

Көмекші материал:

Ру мүшесі ретінде ер адамға қандай қасиеттер маңызды болды?

Ол тек батылдықты, қайсарлықты, ер мінезді, дене күшін, қайсарлықты, төзімділікті ғана емес, сонымен қатар икемді ақыл, әділеттілік сезімі, тәуелсіздік, әлеуметтік кемелдену, даналық, нанымдылық, дипломатия, «шежірені» (ата-бабаны) білу.

Отбасын басқару үшін ер адамға қандай қасиеттер қажет болды?

Үй шаруашылығын, қамқорлықты, жауапкершілікті өз мойнына ала білу, оның өміріндегі басты нәрсе отбасы екенін түсіну, әйелі мен балаларын құрметтеу.

Әкесі баласына не үйретті?

Ұлдарын еңбекке баулыды, шаруашылық жүргізуге, мал бағуға, киіз үй тігуге, бөлшектеуге, атқа мінуге, атуға, аң аулауға, түрлі жағдайда аман қалуға; бірлескен жұмысқа тарта отырып, қолөнерді үйретті; балалардың некеге тұруын анықтауда, оларға мүлік бөлуде үлкен рөл атқарды.

Ол ұлына достықты қадірлеуге, адалдық танытуға, көршіге, бөтенге, тіпті жауға құрмет көрсетуге үйретті.

Қызы үшін - болашақ күйеуін таңдауындағы ұғым: қолдау, қауіпсіздік, сенімділік, күш, батылдық, сүйіспеншілік, қамқорлық.

3-ТАПСЫРМА. Бейнефильмді көріңіздер. Сұрақтарға жауап беріңіздер, өз пікірлеріңізді айтыңыздар.

СҰРАҚТАР:

• Жас әке өзінің жаңа рөлін қалай түсінеді?

• Бұл отбасында қандай құндылықтар қалыптасқан, қарым-қатынастары қандай?

• Біздің қоғамда әке болу туралы мұндай түсінік бар ма?

(А4 форматты парақтар, қаламдар)

4 -ТАПСЫРМА.

Орталық Азиядағы HeForShe қозғалысы Backpack Challenge жариялады. Өйткені ер адамның арқасындағы баланың рюкзактары оның қандай әке екенін айтады.

Міне, ерлердің қыздың әкесі болу нені білдіретіні туралы пікірлерінің шағын таңдауы.

Топтарға бөлініп, сұхбаттың үзінділерін оқыңыздар, «қатысушы әкелерді» немен ерекшелендіретінін, оған деген көзқарасыңызды тұжырымдаңыз.

Нұрлан Сүлейменов, дәрігер, SMM маманы, Қазақстан:

«Бірде менің қызым конструктор жинағын жинай алмай қалды да, ол өзінің керемет дауысымен менің қарғысымды қайталады. Міне, сол

сәтте мен жүз есе мұқият болу керек екенін анық түсіндім: қызы ата-анасының сөзін ғана емес, оның мінез-құлқын, адамдарға, оқиғаларға деген көзқарасын да көшіреді. Ал менде бала ең жақсысын таңдап алуы үшін жақсы болуға деген ішкі қажеттілік туындады. Мен не істеп жатқанымды қатаң қадағалай бастадым, өйткені балалар біздің айтқанымызды емес, біздің істегенімізді қайталайды.

Әкелік маған үйреткен ең маңызды нәрсе - шыдамдылық. Кейде сіз ең қарапайым нәрселерді де үйрену керек екенін ұмытып кетесіз. Кішкентай бала мұны үнемі еске түсіреді, және сіз еріксіз шыдамды боласыз, өйткені бәрі бір кездері бірдеңе жасауды білмейтін.

Ал бала өмірдегі қарапайым нәрселерден ләззат алуды үйренеді. Құлпынайдан дәм тату, сабын көпіршіктерін ұстау немесе Тейлор Свифтке тоғызыншы рет билеу саналы түрде жасалса, өте қызық болуы мүмкін.

Оруч Чавунжу, қаржыгер, Түркия:

«Әкелік маған үйреткен ең маңызды нәрсе - үлкендердің санасында қаншалықты кішкентай болса да, уәделерді орындау. Мысалы, таңертең жұмысқа кетіп бара жатып, балаңызға кешке онымен ойнауға немесе серуендеуге уәде бересіз. Кешке сіз шаршайсыз, бірақ бәрібір мұны істейсіз, өйткені бұл ол үшін ұсақ-түйек емес екенін білесіз. Ол үшін бұл өте маңызды. Осындай шағын уәделерден әке болып шығады.

Бала менің өмірімдегі ең үлкен бақыт болып шықты. Оның қаншалықты тез өзгеретінін уақыт өте келе түсінгенім жақсы. Сәбидің әкесі болу бір бөлек қуаныш, үш жасар қыздың әкесі болу, төрт жасар баланың әкесі болу емес. Мен оның дамуының әрбір кезеңін, қызыммен бір күнді жібермей өткізгім келеді.

Арсен Рысдәулет, кәсіпкер, Қазақстан:

«Балабақшаға, мектепке, үйге барар жолда қыздарымызбен қаншама қызықты әңгімелер айттық. Көптеген сұрақтар және көптеген егжей-тегжейлі жауаптар. Балалар өз тәжірибелерімен бөліседі, мен оларға ақылға қонымды кеңестер беруге тырысамын. Әсіресе, үлкен қызымыз бірінші сыныпта оқитындықтан, сыныптастарымен тіл табысуы керек болғандықтан, мұндай әңгімелерді біз көп айтамыз. Бізде туған сәттен бастап қалыптасқан қарым-қатынас тәжірибесі оның одан әрі дамуы үшін өте маңызды».

(Үлестірме материал)

5-ТАПСЫРМА. Қазіргі әкеге қандай қасиеттер қажет деп санайсыз?

Кестеде екі түрлі әкелердің қасиеттері көрсетілген. Балаңыздың болашақ отбасылық өмірі үшін оның бойында дамытқыңыз келетін қасиеттерді белгілеңіз.

+	1	2	+
	Отбасы – басты құндылықтардың бірі	Өмірлік құндылықтар жүйесінде отбасы бірінші орында	
	Тұрмыстық функциялар азды-көпті біркелкі бөлінеді	Үй шаруасын бөліп беруді қажет деп санамайды	
	Отбасындағы басшының либералдық көзқарасы	Отбасындағы әкенің рөлі ситуациялық (бүгін – сен, ертең мен, жағдайға байланысты)	
	Баланы күту және күту функциясынан басқа барлық функцияларды жүзеге асырады	Барлық функцияларды, соның ішінде күтім мен бала күтімін жүзеге асырады	
	Күн сайын баласымен белгілі бір уақытты өткізеді	Баласымен күніне 5 сағаттан артық уақыт өткізеді	
	Жүктілік кезінде және одан кейін баланың анасына қолдау көрсетеді	Жүктілік кезінде және босанғаннан кейін баланың анасына белсенді түрде қолдау көрсетеді	
	Жұмысты тастап, бала күтіміне дайын емес	Қажет болса, жұмысты тастап, бала өсіруге дайын	

6-ТАПСЫРМА. Бақылау парағын құрастырыңыз.

Бүгінгі әңгімемізге сүйене отырып, «Болашақ әке тәрбиесі» тақырыбына бақылау парағын жасаңыз. Бүгін біз айтқан ұлттық білім беру тәжірибесінен НЕ алар едіңіз, ойланыңыз. Бүгінгі шындыққа не көбірек сәйкес келеді?

Жауапты әкенің қасиеттері	**Осы қасиеттерді ұлымның бойына сіңіру үшін не істеймін**

РЕФЛЕКСИЯ

• Жаттығулар сізге ұнады ма?

• Әрқайсысының құны қандай?

• Оны орындауда қандай қиындықтар болды?

• Олардың қайсысына назар аударыңыз және міндеттітүрде үйде орындайсыз ба?

VI. АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ТЫҢДАУШЫЛАРЫН САУАЛДАУ



Ата-аналар жұртшылығының сұранысын зерделеу үшін білім беру ұйымдарында ата-аналардың нақты психологиялық-педагогикалық білімге деген қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік беретін сауалнама жүргізу ұсынылады. Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық қолдау қажеттіліктерін анықтау білім беру ұйымдарына сабақ бағдарламасының 20-30% көлемінде сабақтардың тақырыптары мен мазмұнын дербес анықтауға мүмкіндік береді.

Ата-аналардың сұраныстарын анықтау үшін шамамен сұрақтар ұсынылады. Білім беру ұйымдары өңірдің бар проблемалары мен ерекшеліктерін ескере отырып, сауалнама сұрақтарының спектрін кеңейте алады.

№1 САУАЛНАМА
Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімге қажеттілігін анықтау

Балаңыз оқитын сыныпты белгілеңіз (Егер отбасында бірнеше оқушы болса, олардың сыныптарын белгілеңіз).

1
2
3
4
5
6
7
8
9
10
11

Тәрбиенің әр бағытын қиындық деңгейіне қарай бес балдық шкала бойынша бағалаңыз (Мұнда «1» – ең қиын, ал «5» – ең оңай).

Зияткерлік тәрбие;
Ұлттық тәрбие;
Адамгершілік-рухани тәрбие;
Патриоттық тәрбие;
Құқықтық тәрбие;
Еңбек тәрбиесі;
Дене тәрбиесі;
Экологиялықтәрбие;
Эмоционалдытәрбие;

Эстетикалықтәрбие.

3. Баланы тәрбиелеуде сізді қандай сұрақтар қызықтырады? (Бірнеше жауапты таңдауға болады).

•Суицидті қалай алдын алуға болады;
•мектептегі құрдастарымен құдалауды қалай алдын алуға болады;
•интернетке тәуелділікті қалай алдын алуға болады;
•баламен қарым-қатынасты қалай жақсартуға болады;
•баланы эмоцияларды басқаруға үйрету;
•балаға оның әлеуметтенуіне қалай көмектесуге болады;
•баланы салауатты өмір салтын ұстануға үйрету;
•баланың оқуына қалай көмектесуге болады;
•өмір мен стресске төзімділікті қалай дамытуға болады;
•баламен сапалы уақытты қалай өткізуге болады;
•балаға өз кәсібін табуға қалай көмектесуге болады;
•басқа: _____

4. Қазіргі уақытта бала тәрбиесінде қандай қиындықтар бар? (Толық жауап беріңіз. Мысалы, бос уақытында баланы немен айналысу керектігін, үй міндеттерін балалар арасында қалай бөлу керектігін білмейтіңізді.)

_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____

Білім беру ұйымдарындағыОрталық қызметінің мониторингі желтоқсан және мамыр айларында ата-аналарға сауалнама жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Мониторинг нәтижелерін талдау ата-аналарды оқыту сапасын және Орталық қызметінің тиімділігінарттыруғамүмкіндікбереді.Төмендемысалсұрақтарыберілген.

№1 САУАЛНАМА

Ата-аналардың педагогикалық қолдау Орталығының қызметіне ата-аналардың қанағаттануын бағалау

1. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының сабақтарының мазмұны Сіз үшін қызықты болды ма? (Бес балдық шкала бойынша бағалаңыз, мұнда «1» саны - мүлдем қызықты емес, «5» саны - өтеқызықты).

- 1
- 2
- 3
- 4
- 5

2. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында оқыту сапасын бес балдық шкала бойынша бағалаңыз. (Мұнда «1» саны – оқытудың санпасы төмен, « 5 « саны - оқытудың сапасы жоғары. Сапа критерийлері: мазмұнның қол жетімділігі, сабақтың интерактивтілігі, әдемі сауатты сөйлеу, сенімділік, материалды ұсынудың кәсібилігі. Критерийлердің біреуінің болмауы бағаны 1 баллға төмендетеді).

- 1
- 2
- 3
- 4
- 5

3. Алынған ақпараттың жаңалығын бес балдық шкала бойынша бағалаңыз (Мұнда «1» саны - жаңа ақпарат жоқ, «5» - көптеген жаңа ақпарат).

- 1
- 2
- 3
- 4
- 5

4. Сіз алған біліміңізді балаларыңызды тәрбиелеуде қолданасыз ба?

- Иә, қолданамын
- Жоқ, қолданбаймын
- Мүмкін қолданамын/Ішінара

5. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының қызметін жетілдіру бойынша тілектеріңізбен бөлісуіңізді сұраймыз (Толық жауап беріңіз).

_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____



VII. «ДАНАЛЫҚ МЕКТЕБІ»



«Даналық мектебі» клубының қызметі білім беру ұйымының позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Клуб – бұл жұмыстың ең қолайлы формасы, өйткені ол қатысушылардың теңдігі тұрғысынан жұмысты қамтамасыз етеді және ата-аналар үшін даму ортасын құрудағы әлеуметтік тәсілдің артықшылықтарын барынша толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Өзінің қызмет форматына сәйкес «Даналық мектебі» клубы білім беру ұйымының нақты қажеттіліктерін және ата-аналар қоғамы өкілдерінің өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесімен бөлісуге дайындығын ескере отырып, ерікті негізде құрылады.

«Даналық мектебі» клубы қызметінің мақсаты – аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу.

Клубтың міндеттері:

аға буынның бастамашыл және ресурстық өкілдерін позитивті ата-ана мәдениетін дамыту жөніндегі жұмысқа тарту;

ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білім берудің негізгі өзегіне айналдыруға жәрдемдесу;

өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесін таратуға ықпал ету.

«Даналық мектебі» клубының қызметінен күтілетін нәтиже: позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу үшін аға буынның тәжірибесін табысты пайдалану.

Клуб отырыстарының тақырыбын айқындау кезінде Қазақстанның мәдени бірегейлігін сақтау және дамыту мақсатында міндетті түрде қазақ халқының құндылықтары мен дәстүрлеріне сүйену қажет. Сонымен қатар, Қазақстанда тұратын басқа этностардың мұрасын ескере отырып, клуб қатысушыларының кездесулерінің тақырыбы мен мазмұнын мүмкіндігінше байыту ұсынылады.

Осыған байланысты мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXI сессиясында сөйлеген сөзінен маңызды тезисті еске алған жөн: «Саналуандықтағы бірлік – бұл ұлттық бірлікті сақтау мен нығайтудың іргелі қағидаты. Біз бұл қағиданы болашақта да ұстануымыз керек».

«Даналық мектебі» клубының қызметінің басым бағыты ата-аналар қауымымен жұмыс болып табылады. Клуб мектептің нақты сұраныстары мен талаптарына сәйкес «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қаморлығы», «Женге кеңесі» секцияларын ұйымдастыру арқылы қазақстандық этнопедагогиканың тәрбиелік әлеуетін өзектендіруге арналған

Әрбір қызмет бағытының орасан зор педагогикалық әлеуетін ескере отырып, әрбір білім беру ұйымында клубтың барлық 4 секциясын ашу ұсынылады: «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қаморлығы», «Женге кеңесі». Алайда, бұл жұмыс ресурстардың жинақталуына, аға буындардың бастамашыл және ресурстық өкілдерін іріктеуге және қажетті ұйымдастырушылық жағдайлар жасауға қарай жоспарлы, кезең-кезеңмен жүргізілуі тиіс.

Сарапшылар клуб аясында қарастырылуы мүмкін этнопедагогика мәселелерінің мазмұнында белгілі бір бағытты қарастыруды ұсынады. Клуб секцияларына арналған іс-шаралардың үлгілік тақырыптары төменде берілген.

«Ата өсиеті»:

- Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер
- Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет

«Әже даналығы»:

- Ертегі – танымның көзі
- Ырым-тыйым – әдептілік негізі

«Аға қаморлығы»:

- Ағасы бардың – жағасы бар
- Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі

«Женге кеңесі»:

- Қыз ғұмырдың құпиялары
- Қыздар білуге тиіс...

«Даналық мектебі» клубының қызметін ұйымдастыруға білім беру ұйымының директоры жауапты. Жұмыстың тікелей кураторы директордың тәрбие жөніндегі орынбасары болып табылады. Қамқоршылық кеңес клуб қызметіне жан-жақты қолдау көрсетеді.

Клуб аясында ұсынылатын жұмыс түрлері: интерактивті дәрістер; әңгімелер, тақырыптық пікірталастар; қызықты адамдармен кездесулер; бейнематериалдарды қарау және талқылау; шығармашылық кештер және т. б.

«Даналық мектебі» клубының жоспары мен жұмыс кестесін мектеп директоры бекітеді. «Даналық мектебі» клубы аясындағы кездесулердің жиілігі әрбір білім беру ұйымының ата-аналар қауымының сұраныстарына сәйкес айқындалады.

Клуб қызметіндегі сабақтастықты қамтамасыз ету үшін клуб мүшелерінің азды-көпті тұрақты құрамы жұмыс істегені жөн. Сонымен қатар, клуб шеңберіндегі отырыстар мен кездесулердің әртүрлі тақырыптары үнемі жаңа қатысушыларды тартуға ықпал ететіні анық.

Клубтың танымалдылығын арттыру үшін бірқатар міндетті шарттарды қамтамасыз ету қажет деп санаймыз:

– отырыстарды сапалы өткізу;

– аға буынның белсенді және ресурстық өкілдерін тарту;

– жобаны іске қосу алдында ақпараттық науқанды, оның ішінде ауданда, қалада, ауылда жалпы ынталандырушы іс-шараны өткізу;

– ата-аналардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету;

– жергілікті атқарушы органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен серіктестік (Ардагерлер кеңесі, белсенді ұзақ өмір орталықтары және т.б.), басқа ата-аналар клубтарының өкілдерін тарту.

Клубтың қызметіне мониторинг жүргізу, жекелеген отырыстар мен кездесулерді өткізу сапасын айқындау үшін мыналарды ескеру қажет:

– клуб қызметі туралы сұрақтарды мектепішілік бақылау жоспарына енгізу;

– қатысушылардың қанағаттану деңгейін анықтау үшін тұрақты сауалнамалар жүргізу.

Клубтың қызметі бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде келесі форматтар арқылы кеңінен жариялануы керек:

– тікелей эфирлер;

– сұхбат;

– есеп беру;

– маңызды оқиғалар туралы хабарландырулар;

– пікір алмасу.

Еліміздегі білім беру ұйымдарының клубтық бірлестіктері іс-шараларының үздік сценарийлері Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының цифрлық платформасында жарияланатын болады.

«Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер»

– тақырыбындағы дөңгелек үстелдің сценарийі

Мақсаты: Шежірені, әулет тарихын білудің, оны ұрпаққа мирас етудің мәнін талқылау.

Міндеттері:

1) Шежіренің сырын, мағынасын ашу

2) Қан тазалығы ұлт болашағы екеніне назар аудару

3) Әулет тарихын білудің мәнін түсіндіру

Көрнекілігі: Нақыл сөздер «Атадан бата алмай, үй болмас, Ордадан үлгі алмай, би болмас», «Аталы сөз – баталы сөз», «Тегін білген текті адам», «Жеті атасын білген ер, жеті елдің қамын жер». «Атаға қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер», «Ана тәрбиесі қызға үлгі, әке тәрбиесі ұлға үлгі».

Іс-шараның түрі: Алқалы жиын (дөңгелек үстел)

Барысы: Бүгінгі дөңгелек үстелдің

мақсаты мен міндеттерін таныстыру.

Модератор: Құрметті аталар, бүгінгі алқалы жиынға қош келдіңіздер!

Бүгінгі таңда ата мен немере арасында позитивті қарым-қатынас орнату өзекті мәселенің бірі болып отыр. Аталардың біразы жас, біразы жасамыс. Қалалақ жердегі аталардың көпшілігі зейнеткерлікке шығып үлгермегендіктен жұмысбасты. Бірақ мұның бір де бірі сіздерге аталық міндетіңізге әртүсті қарауға себеп болмауы керек. Аталарымыздың бағзы заманнан жолы үзілмей келе жатқан өз міндеттері бар. Сол міндеттеріміздің үдесінен шыға алып жүрміз бе?

Бүгінгі дөңгелек үстелде соның бірі «шежіре» мәселесіне тоқталатын боламыз. Өсіп келе жатқан балаға шежіре, әулеттің тарихы туралы кім айтады? Ағайын-туыс арасындағы қарым-қатынасты кім реттейді? Жеті атаны кім үйретеді? Осы сұрақтарды талқылайтын боламыз. Олай болса, алғашқы сөзді осы мектептің ___ сынып оқушысы _____ атасы, _____ сөз берейік.

1-спикер:

«Шежіре» араб тілінен аударғанда – бұтақ, тармақ деген мағынаны білдіреді. Шежіре – бір ұлттың шығу тегін тармақтап ұрпаққа, руға таралуын баяндайтын тарих ғылымының бір тармағы. Сондықтан қазақ ұрпағына шежіре білуді міндет деп қарайды. Өз заманы мен бұрынырақта болған ірі тарихи оқиғаларды, хандар мен батырлар, шешендер мен жыраулар, байырғы қазақтың тұрмысы мен салты туралы әңгімелей алатын ақсақалдарды «шежіреші» деп атайды. Өз ұрпағына жеті атасын үйрету баяғыдан келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүрі. Мұның туыстық жағынан маңызы зор екенін халқымыз ерте түсінген және оны берік ұстанып келген.

Ата-ана бір кіндіктен шыққан перзенттерін ел, ру намысын қорғайтын ержүрек, қайырымды, ұйымшыл, бауырмал етіп тәрбиелейді. Ал бір атадан тараған туыстар әулеттің татулығын бірінші орынға қояды. Өйткені олар бірін-бірі жақсы таниды. Ағалы-інілі, апалы-сіңілі дегендей, сыйластықта бірге өседі. Мұндай туыстардың арасында орынсыз жанжал, ұрлық-қарлық, барымта, зорлық-зомбылық сияқты жат істер болмайды. Өйткені тәртіп бойынша туыстар қиянат қылмайды, керісінше, сырттай бір-біріне қамқор, жанашыр боп жүреді. Қазақтың «Қанына тартпағанның қары сынсын» деп қатты айтатыны тағы бар. Жеті ата ұғымында ағайын арасындағы бірлік, татулық, сыйластық мәселесі терең қарастырылған.

Ұрпағымыз парасатты, бойында азаматтық намысы бар, елін, жерін, отбасынын сүйетін, тарихын білетін азамат болып өссін десек, оның тәрбиесіне қоғам болып назар аударуымыз керек. Туыстардың бір-бірі-не жат болмауын ойлау, кімнің кім екенін, өзінің кім екенін, жеті атасын түгендеп, жалықпай түсіндіру – үлкендердің мойнындағы міндет. Жеті атасын жаттату, ата-тегін, дәстүрлі өлең-жырларды айтқызу арқылы ата-әжелер бір жағынан әулеттің тарихын білдірсе, екінші жағынан баланың танымдық қабілетін дамытып, өз ойын анық жеткізе білу дағдысын қалыптастырады. «Жеті ата» «ата-баба» деген ұғымды білдіреді. Жеті ата шежіресі өзімізге дейінгі ата-бабаларымыздан бастап таратылады. Яғни: 1. Өзің. 2. Әке. 3. Ата. 4. Арғы ата. 5. Баба. 6.Түп ата. 7. Тек ата. Бұл атаулар кей жерлерде басқаша айтылуы мүмкін. Қалай десек те, жеті ата жолының осылай таратылатыны - бұрыннан келе жатқан ақиқат шындық.

«Жеті атасын білген ер
Жеті жұрттың қамын жер.
Жеті атасын білмеген
Құлағы мен жағын жер», – деген сөз көп мағынаны білдіреді.

Жеті атаны білу - жеті адамның атын білу ғана емес, солардан тараған ағайын-туысыңды білу. Үлкендеріне

сәлем беріп, кішілеріне қамқорлық жасау. Сондықтан да біздің ата-бабаларымыз өз балаларына жеті атасының аты-жөнін, атамекенін, өз руынан шыққан елге сыйлы, белгілі адамдардың атын айтып, өмірін үлгі, өнеге етіп отырған. Ал бұған немқұрайлы, салғырт қарағандарды «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деп іске алғысыз етеді. Жеті атасын білу арқылы әркім өзінің ата-бабаларының кезінде кім болғанын, қалай өмір сүргенін біліп, мақтаныш етіп отырады. Әл-Фараби: «Тарихты білмей – өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын» дейді. Олай болса, мәңгілік, тәуелсіз ел боламыз десек дәстүрімізді, тіліміз бен тарихымызды құрметтеп, қастерлей білуіміз керек.

Модератор: Келесі сөзді осы мектептің ___ сынып оқушысы _____ атасы, _____ сөз берейік.

2-спикер:

Жеті атаға дейін қыз алыспайтын қазақ қан тазалығына ерекше мән берген. Мұны үлкен мақтанышпен айтуымыз керек. Себебі бұл бізден басқа бір де бір халықта болмағанын бүгінгі таңда өркениетті елдердің бәрі мойындайды. Данышпан бабаларымыз құда түсу арқылы осы мәселенің қыр-сырын ашып, бүкіл тетігін жасап кеткен. Енді, соны қалпына келтіретін заң қабылданса, керемет болар еді. Бірін бірі ұнатқан жастардың бір-біріне туыстығы баржоғын ата-анадан артық ешкім білмейді. Қазақ неге жеті атаға дейін қыз алыспаған?

Мәселен, «жеті атаға толмай қыз алыспау» дәстүр-заңының ғылыми негізі таңғаларлық. Оқырманға түсінікті болу үшін, генетикалық терең заңдылықты емес, арифметикалық қарапайым есеппен «жеті ата заңын» түсіндіріп көрейік:

Адамдардың бойында тұқым жалғастыратын хромосама саны 46 екенін медицина дәлелдеп отыр. Осы хромосома саны еркектің ұрығында 23, әйелдің аналық жұмыртқасында да 23 болады. Ер мен әйелдің ұрығы қосылғанда екеуі 46-ға теңеліп, екі «жарты адамнан» бір «бүтін адамның» негізі қалыптасады. Аталарымыздан келе жатқан «екі жарты қосылып бір бүтін болайық» дейтін дәйексөздің тегін айтылмағанын осыдан байқауға болады. Сонда ешқандай ғылымсыз-ақ аталарымыздың бұл мәселені қалай терең түсінгеніне таңғаласың.

Сонымен, Бірінші буын, яғни балада қырық алты туыстық толығымен сақталады. Екінші буын, немереде жиырма үш жарты туыстық, үшінші буын, шөбереде бұл екіге бөлінетіндіктен 11.5, ал төртінші буын шөпшекте осы сан тағы екіге бөлініп 5.75-ке тең болады. Бесінші ұрпақ, неменеде бұл сан тағы екіге бөлініп 2.8-ге теңеседі. Алтыншы ұрпақ, туажатта 1.4-ке тең, ең соңғы Жетінші буын, жүрежатта 0.7. Сегізінші ата жегжатта туыстық қатынасты анықтайтын хромосома саны 0-ге тең болады. Яғни, Жетінші атадан кейін ұрпақ жалғастығында туыстық қатынас қалмайды. «Жеті ата» заңын Қазақ қоғамы қабылдаған кезде яғни Тауке ханның «Жеті жарғысы» қолданысқа шыққан заманда Генетика ғылымы әлі жоқ болатын. Демек, жеті ата мәселесі тек туысыңды ғана білу емес, отбасын құрып, өмірге дені сау ұрпақ әкелу үшін де керек. Ал мұның дені сау ұлттың негізі екеніне ешкім таласпаса керек.

Модератор: Келесі сөзді осы мектептің ___ сынып оқушысы _____ атасы, _____ сөз берейік.

3 спикер:

Әрбір адамға оның кім екенін, оның ата-бабаларының кім болғанын білу аса маңызды. Өйткені мемлекеттің өзі отбасынан басталмай ма?! Аталарымыз «Отан отбасынан басталады» дейді. Олай болса әр отбасының та-

рихы мемлекет тарихының бір кішкене бөлігі. Бүкіл ел танымаса да, өз туыстарының ортасында, өз ауылына, ауданға аты шыққан адамдар болады. Олардың еңбегін, өмір жолын немерелері білуге міндетті. Олар туралы сала құлаш мақалалалар жазылмауы мүмкін, кітаптар шықпаған шығар, тарих беттерінде ештеңе жоқ болар, бірақ олардың да өнегелі ісі, тағылымдық өмір жолы бар. Оны ұрпағына айтатын кім? Аталары... Сондықтан, кейінгі буын әулеттің, отбасының тарихын ұмытпасын десек,



немерелерімізге олар туралы айтып отыруға міндеттіміз. Тек өз әулеті ғана емес, нағашылары туралы да білетінімізді айтып отырғанымыз абзал. Сонда әулеттің тарихын оларға біз аманаттап кетеміз. Адамдар кетеді. Тұтас толқын ауысып жатады. Олар туралы тұстастары кеткен соң, ел де ұмытады. Бірақ ұрпағы ұмытпауы керек.

Қазақтың біртуар азаматы Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» аталатын мемуарлық шығарма жазды. Шығармаға автордың балалық шағынан, ес біле бастаған, мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі өмірі өзек болған. Жазушы өзінің тұлға ретінде қалыптасуына ұшқан ұясы ықпал еткенін баяндай отырып, отбасы мүшелерін: әжесі Қызтумас, әкесі Момыш, немере ағасы Момынқұл, әпкелері Үбиан, Әлимандарды өзіндік бейнелерімен әр қырынан танытқан. Бауыржан Момышұлы аңыз әңгімелерді әжесінен естігенін үлкен сүйіспеншілік сезіммен есіне алады, сонымен қатар ненің жақсы, ненің жаман екенін, нені сүйіп, неден аулақ жүруді әжесінен үйренгенін мақтан етеді. Әкесі Момыш өз бетімен сауат ашқан, сол кездегі көзі қарақты адамдардың бірі болған. Ел арасында ағаш ұстасы және етікші, зергерлігімен де танымал болған. Бауыржан Момышұлы 3 жасқа келгенде анасы Рәзия қайтыс болады да, әжесі Қызтумастың қолында өседі. Осының бәрін Бауыржан кейінгі ұрпағым ұмытпасын деп жазып отыр. Бәріміз Бауыржан Момышұлы сияқты қаламгер бола алмасақ та, бірақ біздің де аталарымыз, бабаларымыз туралы немерелерімізге айта кететін әңгімелеріміз, қызықты оқиғаларымыз бар, соны немерелерімізге жүйелеп, түсінікті етіп айта жүруіміз керек. Ата болу оңай шаруа емес, сол міндетімізге лайық болайық дегім келеді.

Модератор: «Атадан бата алмай, үй болмас, Ордадан үлгі алмай, би болмас», «Аталы сөз — баталы сөз», «Тегін білген текті адам», «Жеті атасын біл-



ген ер, жеті елдің қамын жер». «Атаға қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер», «Ана тәрбиесі қызға үлгі, әке тәрбиесі ұлға үлгі» деген сөздерді ата-балаларымыз бекер айтпаған болар. Осы сөздердің тәрбиелік мәні өте зор. «Мына бала жақсы екен кімнің баласы, тегі жақсы ау деймін бала негізінде тегіне тартады» деп жатады үлкен қариялар. Немерелеріміз жайлы осындай жақсы сөз естігіміз келсе, олар да кейін балаларына, немерелеріне өнегелі сөз айтсын десек, оны осы бастан қолға алуымыз керек. Жоғарыда үш спикер жеті ата мәселесінде, шежіре, қан тазалығы, әулет тарихы туралы біраз дүние айтып өтті. Енді осы жайындағы ойларымызды ортаға салып, пікір алмассақ. (Модератор ниет білдірген адамдарға сөз береді). _____
_____
_____

Қорытынды сөз:

Модератор: Сонымен бүгінгі алқалы жиынға қатысқан аталар кештен алған әсерлеріңіз мол болды деп ойлаймын. Немереміздің бойына бағы заманнан жібі үзілмей келе жатқан ұлттың рухани құндылықтарын сіңіретін өзіміз. Соған орай бүгін өтіп жатқан алқалы жиын аталық міндетімізді дұрыс атқарайық деген ниеттен туып жатыр. Осымен іс-шарамыз аяқталды. Мектеп өміріне, соның ішінде «Даналық мектебінің» жұмысына белсене араласқандарыңыз үшін көптен-көп рахмет! Барлықтарыңыздың отбастарыңызға бірлік, береке тату-тәтті өмір тілей отырып, ешқашан шыққан тегімізді ұмытпай есте сақтап жүрейік деп бүгінгі кешімізді аяқтаймыз!

Алқалы жиынның (дөңгелек үстелдің) аяқталуы

АТА ӨСИЕТІ
(ШЕБЕР САБАҚ)

Тақырып: Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет

Мақсаты: Бабаларымыздан келе жатқан рухани дәстүрлерімізді, құндылықтарымызды насихаттау.

Міндеттер:

Озық салт- дәстүрлерді талдап түсіндіру, дәріптеу;

Ұлттың рухани құндылықтарын тәрбиенің негізгі өзегіне айналдыру;

Отбасы тәрбиесінің үздіксіздігін қамтамасыз ету;

Жоспар:

Амандасу.

Модератордың кіріспе сөзі.

Топқа бөлу, материалдар тарату

Материалмен танысу, талқылау

Қорытынды.

Әдіс-тәсілдер. Әдебиет үйірмесі, дискуссия

Ресурстар: үлестірме материалдар

1.Модератордың кіріспе сөзі: (5-7 минут)

«Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет»

Шығыс халықтары батыс жұртындай емес, дәстүрді берік ұстанатындықтарымен ерекшеленеді. Сондықтан болар «Өнерін сыйлаған жұрт өрге, дәстүрін сыйлаған жұрт төрге шығады» деп, дәстүрге ерекше мән береді. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар», «заманына қарай адамы» дейтін қазақ күні кешеге дейін ата баба дәстүрінің өміршең тұстарын заманына қарай ыңғайлап, берік ұстанғанын жақсы білеміз.

– Содан қазақ жаман болды ма?

– Жоқ.

Дәстүрді берік ұстанған баяғы қазақ қоғамы өз уақытында мінсіз қоғам орната алды. Ауылды абыз ақсақал билейді. Оған ешкім қарсы келмейтін, өз кезегінде ақсақалдар да жеке мүддесін емес, елдің ғана жайын ойлайтын. Ешбір қыз отырып қалмайды, үйленбей қалатын жігіттер де болмады. Жетім, жесір деген ұғым атымен болған жоқ. Үйсіз күйсіз, жұмыссыз жүру дегенді ешкім білген емес, әр бала ата-анасының қасында болғандықтан буллинг, зорлық-зомбылық дегенді ешкім естімейтін. Ол кезде ата баба дәстүрі бірінші орында тұратын. Одан ешкім аттамайды. Тал бесіктен жер бесікке дейінгі тіршілігіңе не керек, бәрі ұрпақ санасына бірінші сіңірілетін. Оны үйрету үшін даңғарадай ғимарат салудың аса қажеттілігі болған жоқ. Бәрі балаға ата мен әженің, әке мен шешенің, аға мен жеңгенің ақылы, тәрбиесі арқылы беріліп жататын.

Жасыратын несі бар, дәстүр десе көз алдымызға «құда түсу, ұрын келу, жар жар, сыңсу, шілдехана, бесікке салу, тәй тәй басқанда тұсау кесу, оң солын танығанда сүндетке отырғызу» келеді. Бізде осылардан басқа ештеңе жоқтай көрінеді. Бұлар өз алдына бөлек әңгіме. Ал тәрбие мәселесіндегі баяғыдан қалыптасқан дәстүрлер, нормалар, ырым тиымдар тәрбиешілердің назарынан тыс қалып жүр. Оқта текте көнекөз қариялар, кейуаналардан естіп қалатынымыз болмаса, педагогтер қолдана қоймайды. Әлемдік өркениетте өз орны, өз ұстанымы бар мемлекетке айналамыз десек, елге, жерге жаны ашитын ұрпақ тәрбиелегіміз келсе, осы нормаларға оралуымыз керек. Ата-ана, тәрбиеші, мұғалім тәрбие мәдениетін қалыптастыруда баяғыдан жібі үзілмей келе жатқан дәстүрлер, нормалар, ырым тиымдарды жақсы білуі және орнымен қолдана алуы керек.

Қазақ ырым етеді, бұл жақсы ниеттен туған ғұрып. Балаларына елге белгілі, танымал адамдардың атын қояды немесе сондай адамдарға атын қойғызып, тұсауын кестіріп жатады. Солардай болсын деген ниет. Қазіргі таңда психологтар тренингтер өткізіп, «жақсы нәрсе ойлап, жақсылыққа ұмтылу керек, не ойласақ, сол жүзеге асады» деп жатады. Соның бәрі айналып келгенде осы ырым емес пе?! Қазақ: «Жақсы сөз - жарым ырыс» дейді.

Қаңғыған оқтан сақта.
Парақор соттан сақта.
Кірлі сумен жуыстан сақта,
Ынтымақсыз туыстан сақта,
Қара жүрек батылдан сақта,
Дәйексіз тіл тақылдан сақта.
Адалдықты арбаған ақыннан сақта,
Ашу жеңген ақылдан сақта,
Қайырымсыз жақыннан сақта.
Адамды қадірлемес есерден сақта,
Нанды басқан кесірден сақта,
Қате ісіне қиналмас,
Көк долы қатыннан сақта.
Халықты зәбірлер бастықтан сақта,
Жақынға жала жабатын,
Қанқұйлы қастықтан сақта.
Сырты сұлу, іші кір,
Қадір білмес пасықтан сақта.
Өз пікірі татымсыз,
Кісі ақылымен күн көрер,
атымы жоқ жастықтан сақта.
Несібе кесер кесірден сақта.
Некесіз бала табатын
Жолы лас жесірден сақта.
Әкімінде шапағат жоқ,
Әділдікте шарапат жоқ,
Молдасында шариғат жоқ,
Байларында салауат жоқ,
Кедейінде инабат жоқ,
Азаматында ар-ұят жоқ
Қариясында бата жоқ,
Сөздерінде пәтуа жоқ,
Құр айқау, шат-шәлекей, даңнан сақта.
Е, Жаратушы, Жасаған!
Өмір берсең, жайлы ғып бер,
Дәулеті мен байлығын бер!
Қарияны кемел, сыпайы ғып бер,
Ағаларды райлы ғып бер!
Апаларды мейірлі ғып бер!
Ұрпақтарды намысты ғып бер,
Тұлпарларды шабысты ғып бер!
Жомарт болсаң, Жасаған!
Айтқанымның барлығын,
Ағайынды ақаусыз,
Өнегелі өмірмен тату-тәтті,
Табысты ғып бер!
Әумин

Топқа бөлуге, материал таратуға 3 минут уақыт беріледі

Танысуға 5 минут уақыт беріледі.

Талқылауға 10 минут уақыт беріледі. Талқылау барысында батаның критерийлерін жасаңыз.

Бата түріне назар аудару
Жақсылықты Құдайдан сұрау
Бәле-жаладан аман болуды сұрау
Салиқалы, көркем мінезді болуды сұрау
Ақылды, парасатты болуды сұрау
Танымал адамдарға ұқсату
Ұлдарды айбатты жануарларға, заттарға ұқсатып, қайратты болуын сұрау
Қыздарды әдемі заттарға ұқсату
Т.б.

Кері байланыс «Батаның қандай түрлері бар, бата бергенде қандай мәселе қозғалады»? Әр топқа 1 минут

Тапсырма: Бата таңдау. Топта ақылдаса отырып, тапсырмаға сәйкес бата түрін іздеп тауып, ең жақсысын таңдап алады.

I топқа - өмірге сәби келгенде берілетін бата

II топқа - Баланы бесікке салғанда, тұсауын кескенде берілетін бата

III топқа - Алыс жолға шыққанда берілетін бата

IV топқа - Келін түсіргенде берілетін бата

V топқа - Ас қайырғанда берілетін бата

VI топқа - Қоныс тойда берілетін бата

VII топқа - Ұлыстың ұлы күнінде берілетін бата

VIII топқа - Үлкендерге құрмет көрсеткенде үлкендер беретін бата.

Бата беру. Әр топтан бір адам таңдалған батаны жатқа айтып беруге тырысады.

Кері байланыс: Талқылау сұрақтары.

Барлық жерде бір бата берген дұрыс па?

Үлкендер бата түрін ажырата ала ма?

Немереңіз сапарға шықса, бата алуға әулеттің үлкеніне жібересіз бе?

Туыстың баласы бата сұрап келсе, бата бере аласыз ба?

Әртүрлі жағдайда берілетін бата түрлерін жаттағыңыз келе ме?

Тағы қандай дәстүрлерді немерелерімізге өсиет етіп айта аламыз?

Құрметті қатысушылар, «Даналық мектебі» жұмысына белсене қатысып, Аталар өсиетін насихаттауға үлес қосқандарыңыз үшін бәріңізге мың алғыс. Бүгінгі іс шарада естігендеріңізді әлеуметтік желілер арқылы немереңіз оқитын сыныптағы аталармен бөлісіп, осы жұмыстың жандануына үлес қосады деп сенеміз. Қош сау болыңыздар!

Сабақтың соңы

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: ЕРТЕГІ – ТАНЫМНЫҢ КӨЗІ (ИНТЕРАКТИВТІ САБАҚ)

Сабақтың мақсаты: әжелер мектебі арқылыертегінің танымдық-тәрбиелік әлеуетін жан-жақты ашып, отбасында ертегіні тәрбие құралы ретінде қолдана білуге ықпал ету.

Міндеттері:

- әжелердің тәрбиедегі орнын айқындау;
- ертегі туралы білімдерімен, ой-пікірлерімен бөлісу;
- ертегінің тәрбие құралы ретіндегі маңызын ашу;
- ертегін оқушыға керек дағдыларды нақтылау;
- құнын жоғалтпаған ертегілер мен бүгінгі күн ертегілерінің айырмашылығы, мәнін ашу.

Көрнекілігі: экранда ертегінің тәрбиелік мәні туралы пікірлері мен ертегі кейіпкерлері жайында бейнетаспалар жүріп тұруы қажет.

Айгерім Қалаубаеваның орындауында «Ертегілер» әні (авторы: Е.Елгезеков) орындалып тұрады

https://www.youtube.com/watch?v=AI56IXocxb4

Жоспары:

Воркшоп: «Сіздің әжеңіз...»

Сұрақтар:

Ертегі туралы не білеміз?

Ертегі не береді?

Ертегі баланы дамыту құралы ретінде...

Ертегілерді не үшін оқу керек және қалай оқу керек, оқитын адамға қандай дағдылар керек?

Құндылығын жоғалтпаған ертегілер

Заманауи ертегілер жөнінде айтарымыз бар ма?

Қорытынды: «Даналық ағашы»

Сабақтың барысы:

Модератор: Қайырлы күн, құрметті аналар, ардақты әжелер! Әже деген аяулы атаудың өзін тосырқап қалғандаймыз. Дегенмен, бұл әлеуметтік мәртебе екендігін ұмытпағанымыз абзал. Небір қиын жағдайларда ұрпағын аман сақтап, өсіру мен жетілдірудің жолдарын жан-жақты білетін даналар қазақ әжелері еді. Олай болса, әжелер қауымын «Даналық мектебі» аясында көргенімізге қуаныштымыз.

Воркшоп:

Сіздерге ортақ бір сұрақ: Сіздің әжеңіз қандай естілігімен қымбат немесе қандай естелік әжеңізді еске түсіреді?

(Қатысушылар өз әжелері туралы бір сөйлеммен жауап беруі тиіс)

Менде әжемнен қалған күміс білезік бар.

Біздің үйде әжеміз сырған сырмақ бар.

Әжеміздің суреті маған ыстық... дегендей жауаптар беріледі.

Модератор: Бүгін Сіздермен «Ертегі – танымның көзі» атты тақырыпты бірлесе отырып ашсақ деген ұсыныс бар.

Ертегі туралы не білеміз?

Ертегі деген атаудың өзі «ертедегі», «ертеде ерте күндегі» деген сөзден туған. Содан ертегі айтушыны «ертекші» дейді.

Аталарымыз бен әжелеріміз немерелеріне ертегілерін былай деп бастайтын: «Ерте-ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде, қырғауыл жүні қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен» деп көпке таныс өлеңдете бастау немесе «Ертеде, ерте ертеде, бәлкім одан да ерте ме, бір бай боптыы», «Ертеде кемпір мен шал болыпты» - деген си-

яқты тіркеспен басталғаны қалыптасқан үрдіс еді. Бұл ертегінің алдында үнемі айтылып отыратын дағдылы сөздер ертегінің жолын ашады, бағытын аңғартады. Ертегінің басталуы мен баяндалуында өзге сөзден бөлек, өзіне тән айшықты өрнектері бар. Мұндағы мақсат: балалар соны аңғарсын да тыңдар ертегісінің ерекшелігіне бейімделе берсін деп психологиялық ахуал туғызғаны.

Ертегіні жұрт қолы боста, қыстың ұзақ кештерінде айтқыш, тыңдағыш болады. Бірақ бұған қарап «ертегі» еріккеннің ермегі деп ойламау керек. Ертегі де фольклордың ішіндегі қоғамдық тәрбиелік маңызы зор – халық шығармашылығының жемісі.

Алғашқы жүз жылда Қазақстанға Ресейден келген адамдардың кейбірі қазақ жұртының тұрмыс-салты,әдет-ғұрпытуралы деректер жинап, солардың қатарында фольклор жайында жалпылама мәліметтер жариялап жүрді. Ертегілердің көбірек жиналып, жарық көрген тұсы – XIX ғасырдың 2-жартысы. Бұл кезеңде қазақ ертегілерін ғылыми мақсатта жариялаған жинақтар да болды. Әсіресе В.В. Радлов, И.Н. Березин, Ы.Алтынсарин, Г.Н. Потанин, А.В. Васильев, А.Е. Алекторов, Ә.Диваев жинақтарында ертегілердің көптеген мәтіндері жарық көріп, олар туралы азды-көпті ғылыми пікірлер айтылды.

Ертегі не береді?

Топқа бөлу. Қазір топқа бөлінсек. Қатарынан 1, 2, 3, 4-ке дейін санайық.

Сан реті бойынша төрт топқа бөлініп, орналасады. Топтарына тақырып иемденеді.

1-топ: қиял-ғажайып ертегі

2-топ: хайуанаттар жайлы ертегілер

3-топ: тұрмыс-салт ертегісі

4-топ: заманауи ертегі

Аталған тақырып бойынша өз білетіндерін жүйелеп, ақылдаса отырып, біреуі баяндайды.

1-тапсырма: Бұл топтық жұмыста қатысушылардың ертегі туралы қаншалықты білімі бар екендіктерін, өз пайымдаулары мен тұжырымдарын жеткізеді. (15 минут)

Мысалы: қиял-ғажайын ертегі адамзатқа не береді, бала тәрбиесіне қаншалықты ықпалды. Сіз осы ертегілерді қалай заманауиландыра аласыз, қалай үлес қосар едіңіз? – деген сұрақтар төңірегінде ой өрбітеді.

Модератор: Қазір бәріміз көңіл көтеру үшін ән салайықшы!Балаларға қандай қуаныш сыйлайтынымызды сезінейік!

Ән орындау: Қатысушылар «Әжем айтқан ертегі» әнін караокемен жаппай орындау (4 мин)

https://www.youtube.com/watch?v=5B_UnG0JYUk

Ерте, ерте, ертеде деп басталды кешегі,

Түн ұйқыға кетерде әжем айтқан ертегі,

Ұйып тыңдап жатыр ем, қызық ертегі екен деп,

Көзім ілініп кетіпті әжеме мен еркелеп.

Қайырмасы:

Мені әжем айтқан ертегі,

Биіктерге ертеді,

Бақытты жан етеді.

Сол ертектін жалғасын анық көрдім түсімде,

Түсті көріп болғасын, қайран қалдым күшіме,

Ғажап әнге шертеді, ұнап бала көңілге,

Әжем айтқан ертегі қайрат берді өмірге,

Қайырмасы:

Мені әжем айтқан ертегі,

Биіктерге ертеді,

Бақытты жан етеді.

2-тапсырма: топтарға төмендегі төрт сұрақ таратылады 5 минут ойланып, 5 минут баяндайды. (25 минут)

Ертегі баланы дамыту құралы ретінде...

Ертегілерді не үшін оқу керек және қалай оқу керек, оқитын адамға қандай дағдылар керек?

Құндылығын жоғалтпаған ертегілер

Заманауи ертегілер жөнінде айтарымыз бар ма?

Қатысушылар өз ойларын ортаға салады,

Қорытынды.

Модератор: құрметті бүгінгі сабаққа қатысушылар, Сіздердің пікірлеріңіз аса құнды. Қойын дәптеріміз-ге өзімізге мынадай сұрақтар жазып алайықшы:

Мен әдістемелік қоржынымда неше ертегі бар?

Ертегіні қызықтыра баяндай аламын ба?

Суретті, қызықты ертегі кітаптар сатып алатын мүмкіндік бар ма?

Егер, өз ойымнан ертегі жазсам...

Тағы қандай тапсырмалы сұрақтар жазар едіңіздер?

«Даналық ағашы» арқылы қорытындау.

Сабақты қорытындылаудың екі түрі бар: екеуінің бірін таңдай аласыз.

1-нұсқа: қатысушылар ішінен бір жүргізуші сайланады. Жүргізушінің қолында қорап немесе сандықша болуы керек. Қатысушылар тақырып бойынша ашық сұрақтар құрастырып, жүргізушіге береді. Сұрақтар құрастырылып біткен соң, қатысушылар кезектесіп сандықшадан кез келген сұрақты алып, дауыстап оқиды, толық жауап беруге тырысады. Қойылған сұрақпен берілген жауап бағаланады.

2-нұсқа: тақтада ілулі тұрған даналық ағашына қатысушылар бүгінгі сабақтан не түйгенін, тілекпен жазып іледі.

Модератор: Ардақты аналар, аяулы әжелер!

Бүгінгі сабағымызды қорытындылай келе, төмендегіше түйіндейік: Ертегі жанры – халық прозасының дамыған, көркемделген түрі, яғни фольклорлық көркем проза. Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады. Отбасында әжелер арқылы ұлттық құндылықтарымыз насихаттала беруі керек.

Халқымыздың даңқты батыры, қырғын соғыстан қорықпаған, қызыл империяның саяси идеологиясынан қорықпай аты-жөнін өзгертпеген – Бауыржан Момышұлы: өз қорқынышын былай жеткізген екен: «Біріншіден, бесік жырын айтатын келіндердің азайып бара жатқанынан қорқамын, екіншіден, немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанынан қорқамын, үшіншіден, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп келе жатқанынан қорқамын. Өйткені бесік жырын естіп, ертегі тыңдап, дәстүрді бойына сіңіріп өспеген баланың көкірек көзі көр бола ма деп қорқамын...»

Жаһандану жағдайында ұрпақ тәрбиесінде қаперде жүрер ескертулер мен қорқыныштар жоқ деп айта алмаймыз. Олай болса, осы мәселелерді отбасы тәрбиесінде ескеріп, өз әжелік мәртебемізге сай болайық дегім келеді.

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: ЫРЫМ-ТЫЙЫМ – ӘДЕПТІЛІК НЕГІЗІ (ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ)

Атаңды-анаңды құрметте,
Кісіні өлтірме,
Ұры болма,
Ыржақай болма,
Жалған куәлік берме,
Өзге кісіні күндеме,
Өз бауырың – адамды сүй,
Бойкүйез болма,
Күншіл болма,
Өкпешіл болма,
Еріншек болма,
Қызғаншақ болма,
Мешкей болма,
Көңілшек болма,
Арызқой болма.
(Кодекс куманикус)

Сабақтың мақсаты: халқымыздағы әдептілікке бастау болған ырымдар мен тыйымдардың мәнін ашып, әжелерге берілетін білім арқылы жас ұрпақтың ұлттық мәдениетін қалыптастыруға бағыттау

Міндеттері:

▸ әдептілік туралы тұжырымдар жасау;

▸ ырымдар және оның маңызы туралы түсіндіру;

▸ тыйымның ұлттық тәрбиедегі орнын ашып, мәнін айқындау;

▸ қазақ халқының ырым-тыйымдарына мұсылмандық әдеп қағидаларының ықпалын нақтылау.

Көрнекілігі: экранда әдептілік, ырымдар мен тыйымдар туралы қанатты сөздер, мақал-мәтелдер ретімен шығып тұрады.

https://www.youtube.com/watch?v=cHU7x2XaEQ0

Қатысушылар жиналғанша осы бейнетаспаны қойып қоюға болады.

Сұрақтар:

Әдептілік дегеніміз не?

Ырым әдепке негіз бола ала ма?

Тыйымдар не үшін қажет?

Халқымыздың мұсылмандық қағидаларының маңызы неде?

Дөңгелек үстелдің барысы:

Модератор: Қайырлы күн, асыл аналар, ардақты әжелер!

Әже деген түсінгенге – әлеуметтік мәртебе. Бұл адамның өмірлік тәжірибе жинап, ақыл-парасатының кемелденген шағы. Сондықтан осындай асыл жандар мектепке жиналып, баламыздың баласы – немерелеріміздің тәрбиесіне атсалысуға мүмкіндік берген тағдырға рақмет айта отырып, ортақ тақырыпта әңгімелесіп, ғибрат алу – біздің мүмкіндігімізді арттыруға тиіс.

Біз қазақ халқы сан ғасырлық тарихымыз, ұлан-ғайыр даламыз, өз мәдениетіміз бар ұлтпыз. Ендігі әңгіме өз ұлтымыздың ділі туралы, оның ішінде әдептілігіне негіз болар ырым-тыйымдарымыз туралы болмақ. Барымызды бағалайық.

Бірінші сұрақ : Әдептілік дегеніміз не?

Бұл сұрақтың аясында мектебіміздің белсенді аналарының бірі, ... сынып оқушысы, ... әжесі ..... апай өз ойын бөліседі.

Бірінші әже:

Ертеде сұлулықпен ұсқынсыздық теңіз жағасында кездесіп қалыпты. Екеуі көлге түсіп шомылайық деп келіседі. Шомылып жүргенде ұсқынсыздық судан ертерек шығады да сұлулықтың киімін киіп алып кетіп қалады. Суда қалған сұлулыққа амалсыздан ұсқынсыздықтың киімін киюге тура келеді. Содан бері жұрт сұлулық пен ұсқынсыздықты шатыстыратын болыпты. Сондықтан да сұлулықты сыртына қарап емес, ішіне қарап тану керек.

Әрине, адамда сырты мен іші, сөзі мен ісі үйлескен сұлулық болғанға не жетсін?! Көбінесе, жан сұлулығы адамның сөзі мен іс-әрекетінен көрінеді. Қазақ оны әдеп-ибасы бар, тәрбиелі, мәдениетті жан деп баға береді.

Әдетте, «этика, этикет» деген сөздерді естіп жүргенмен, дәл қандай мағынаға жауап беретіндігіне мән бере бермейміз. Болмаса, тар түсінік тұрғысынан қарап, қазақ дүниетанымынан тыс нәрсе деп қабылдауға да даярмыз.

“Этикет” – француз сөзі, екі мағынаға ие:

▸ заттың немесе киімнің анықтамалық жапсырма қағазы;

▸ салтанатты ишаралар.

Ал, “этика” – мораль туралы ілім деген мағынаны береді екен. “Мораль” сөзі латын тілінен аударғанда, “адамгершілік” дегенұғымдыбілдіреді.

Осы сөздер қазақтың “әдеп” сөзімен үйлесім табады. Қазақтың “әдеп” сөзінің аясында да терең мән жатыр. Әдеп дегеніміз – өнегелі тәрбие, қалыптасқан мәдениет. Ал әр сөзі мен ісі әдеппен өрілсе – әдептілік.

Бір жұрттыңүлкен бір оқымысты кісісі екінші бір елдің байымен сөйлесіп тұрғанда, қасынан бір жарлы кісі өтіп бара жатып, оқымыстыға иіліп сәлем береді. Оған қарсы әлгі оқымысты да онан да төменірек басын иіп, қайтара сәлем береді. Сондақасындағы бай тұрып:

- Тақсыр, осынша біліміңіз бар ғалымсыз, сүйте тұра осындай бір бейшараға соншама бас иіп, неге сәлем

бердіңіз? – деп сұрапты. Сонда ғалым кісі тұрып:

- Ешбір ғылым-білім үйренбеген кісі сонша иіліп, әдептілігін көрсеткенде, менің оған әдепсіз болып көрінгенім лайықсыз болған болар еді, - дегенемеспе?!

Демек, әдеп – сыртқы көрініс қана емес, ішкі мәдениет. Бұл әр елде, әр ұлтта өзіндікерекшеліктеріменкөріністабады.

Модератор: Әр ұлттың өзіндік ерекшелігі бар деп, жақсы айттыңыз.

Біздің екінші сұрағымыз: Ырым әдепке негіз бола ала ма?

Бұл сұраққа жауапты бізге мектебіміздің белсенді әжелерінің бірі, ... апайдайындапкелгенеді.

Екінші әже:

Қазақ баланы педагогика-психология деген ғылым жоқ заманда «ұят болады», «жаман болады», «обал болады» деп, қарапайым қағидалармен тәрбиелеген.

«Ұят болады» деп әдепке үйретсе, «жаман болады» деп жақсы нәрсеге ырымдап, «обал болады» деп тыйым жасап отырған. Әдептің негізі жақсы болмаққа ниеттене бет бұрып, жамандықтан, ерсі әрекеттен тыйылудан тұрады.

Ырым (ғұрып) – халқымыздың бізге мирас болған ғұрпы. Ырымның жолдары мен түрлері өте көп. Мысалы халқымыз шешен болсын деп, дуалы ауызды адамға баласының аузына түкірту, отаншыл болсын деп туған жерге аунату, ержүрек болсын деп батырдың сарқытын жегізу немесе оның атын қою сияқты ырымдар бар. Мысалы, Шыңғыс баласы Шоқанға ырымдап Сегіз серінің (Мұхамедқанапия) атын қойған.

Қазақта әлі күнге көп кездесетін Абай, Абылай, Бауыржан, Сәкен, Қасым сияқты есімдерін қәзір де ата-аналары өз балаларынаырымдапқойыпжүр.

Қандай да бір той-жиын, келін түсіруде балаларды осындай қуанышқа жетсін деп ырымдап, тойдан сарқыт: нан, бауырсақ, кәмпит алып, баласына немесе келініне апарып береді. Ырым, Ырымкүл деген ұл, қыз аттары да осы ғұрыппен қойылған. Халықтажасы100-ге жеткенадамныңкиімін, ұстаған затын осындай жас берсін – «теберік» деп үлестіріп, бөліп алу.

Ер бала күтетіндігін білдіріп, қыздардың атын Үлжан, Үлбала, Үлбосын деген есімдермен ырымдаған. Сол сияқты баласы тұрмай жүрген адамдар баласына Күшік, Итбай, Итемген, Көтібар, Көтен, Малай, Жаманбала, Жаманқұл дегендей қолайсыз ат қойса, өмірлі болады деп ырымдаған. Себебі, бір жағынан адамның есімі таңғалардай әдемі, әсерлі болса, есімге де көз тиеді деп сақтанған.

Жалпы айтқанда, ырым – халықтың сенімі мен ақ ниетінен, шын көңілінен туған ұлттық ерекшелігіміз, діліміз (менталитетіміз).

Мына ырымдарды тыңдайықшы:

Бала бас ұстамайды. Піскен баста үлкен адамдарға күш-қуат берердей аса күшті құнар болғандықтан да болар, бас – үлкен, сыйлы адамның сыбағасы. Күші қайтқан үлкен адам ғана мұндай асқа зәру. Халқымыз баланың бас ұстауына қарсы болуының бір мәні осында. Егер, бала бас ұстаса, әкесі өліп қалады деп тыйым салған.

Ми жемейді, мидай былжыр, бос белбеу, ынжық болып өседі деп ойлаған. Омыртқаның жұлынын жесе – суға кетіп қалады деген ырым бар.

Нанның қиқымын жесе – бай боласың дейді. Нанды оң қолмен жемегенді, екі саусақпен ыңғайсыз ұстағанды – кесірге ұшырайды деген.

Үйге кіріп келе жатқан бала есік алдына құлап қалса, “үйге береке, ырыс, байлық келеді” деп қуанып, оны төрге апарып үш рет аунатқан.

Қыздың басына ақ, қара орамал салмайды. Ақ –әйелдер тағар жаулықтың, қара –қайғының белгісі.

Жас балаға бұғана ұстатпайды. Онда бойы өспей қалады деп жорығаН.Қызға жілік ұстатпайды.

Ұстатса, күйеуге шықпай отырып қалады дейді.

Сәби көзін ашып ұйықтаса – жары сұлу болады. Сәби шалқасынан алаңсыз ұйықтаса – елге белгілі азамат болып өседі. Бүк түсіп ұйықтаса – уайымшыл, жігерсіз болып шығады. Етпетінен жатып ұйықтаса – ойшыл болады. Егер аяқ-қолын еркін созып ұйықтаса – болашақ батыр, кемең-герліктің белгісі.

Қыз балаға шашы өссін деп желке жегізеді. Балаға айналып ауылдан шықпайсың деп, айналшық жегізбеген. Балаға асықтың етін мүжітпеген. «Алты жыл аш болсаң да асық етін мүжіме» деген бар. Шеміршек жесе, нағашысы өледі деп жегізбеген. Ұрысқақ боласың деп балаға көмекей жегізбейді. Тілдің ұшын жесе, сүйреңдеп сөйлегіш болады деп ырымдаған. Таңдай жесе, шешен болады дейді. Қызға жеңілтек болады деп, құйымшақ жегізбейді.

Батырдың, ақынның, шебердің, палуанның сарқытын жегізсе немесе олар сәбидің аузына түкірсе – олардың өнері мен қасиеті балаға жұғысты болады деген ырым бар.

Үлкен кісілер қонақтан шықса, сол үйден дәм алып, «сарқыт» деп келініне береді. Әйтпесе, бала емізіп отырған жас әйелдің дәметіп, омырауы ісіп кетеді.

Сәбидің қырқынан шыққанда қарын шашын алмаса – қарғысы қатты болады. Сәбиге көз тимес үшін, күйе жағып қояды. Есіктің тұтқасын жуған сумен көз тиген баланың бетін, екі алақанын, табанын жуса, тәуір болып кетеді.

Таңертеңгі асты тастамайды, кешкі асты бақпайды. Оң көзің тартса қуанасың, сол көзің тартса ренжисің. Не жақсылық, не қолынан іс келмейтін адам іс тындырса, ырым етіп жерден шөп алып сындырады.

Бөбек қолын шапалақтаса, қуанышты хабар келеді деп жорыған. Жолаушыға "қайда барасың" демейді, "жол болсын" дейді. Қазақ басымыз көбеймей қалады деп, үйдегі адамды санамайды. Садақаға киім берсе, түймесін қиып алып қалады.

Залдан сұрақ:

Халқымызда «қазақ ырым етеді, ырымы қырын кетеді» деген мақал бар. Демек ырым ету өзін-өзі ақтамайтын тек ниет болып қана қалғаны ма?

2-әженің жауабы:

Дұрыс сұрақ қойдыңыз. Ырым ету – армандау, ниеттену. Ниеттен мақсат, мақсаттан міндеттер туындауы керек. Міндеттерді орындау арқылы адам негізгі мақсатына жетпей ме?! Ырым қырын кетпес үшін, «ой мен сөздің және істің бірлігі» керек, сонда қырын кетпейді.

Залдан сұрақ:

Қазіргі жаһандану заманында соны жаңғыртудың қажет бар ма? Әркім өз өміріне ие, өз тағдырына қожа емес пе?

2-әженің жауабы:

Иә, қазір ғылым мен техника қарыштап дамыған ғасыр. Алайда, бір ғана психология ғылымын алайықшы. Оның да адамның тұлғалық дамуы мен қарым-қатынас мәдениетінде, мақсатқа жету мәселесі бойынша қанша тыйымдары мен ырымдары бар.

Абай: адам өзін өресі төмендермен салыстырып жақсы бола ма? – демей ме?! Демек, жақсы болғымыз келсе, жақсыға жанасуымыз, жаманнан алыстападасуымызкерекқой.

Модератор: Апай, Сізге көп рақмет! Біздің үшінші сұрағымыз: Біздің өмірімізге тыйымдар не үшін қажет? Бұл жөнінде ...-сынып оқушысы, ... әжесі ..... апамыз айтып беруге дайындалып келіпті.

Үшінші әже:

Қазақтың ырымдарымен тыйым сөздері әрқашан әдепке өзек бола алады. Бұрын тек «жаман болады» деп түсіндірілген тыйымдардың бұл күнде байыбына барып, педагогикалық тұрғыдан мағынасының ашылуы бала тәрбиесіндегі ата-аналарға да үлкен көмек болмақ. Шындығында, бұрын әжелеріміз мен аналарымыз «олай істеме, жаман болады» дейтін, несі жаман, неге жа-

ман болады деген ашып, тарқатып айтып бере бермейтін.

Қазір мәдениеттің не екенін білмейтін білімсіз адам жоқ. Қарапайым қисынға салып қарасаңыз да, этнопсихология, этнопедагогика тұрғысынан қарасаңыз да адамның өміріне кедергі келтіретіндей қиын нәрсе емес, керісінше өмірді жеңілдетуге арналған ұлттық тәжірибенің нәтижесі сияқты.

Тыңдайықшы:
ТЫЙЫМДАР

Танысын, танымасын үлкен кісіге сәлем бермей өтпейді. Себебі, өз жүрген ортаңның, ауылыңның адамы сені танымағанмен, ата-анаңды, ұстаздарыңды таниды. Сондықтан, олардың берген тәрбиесінен алған үлгіңді көрсетіп жүруің керек.

Келе жатқан адам отырған адамға сәлем беруі тиіс. Келе жатқан адам өз қажеті үшін қашанда біреуден көмек сұрауға бейім тұрады. Сондықтан, өзі өтіп бара жатқан жердегі адамдармен әуелі амандасып, сонан соң жөн сұраса дұрыс-ақ.

Жақсы көретін, сыйласқан адамдарға алыс-жақын тұрғанына қарамай әдейі барып сәлемдеседі. Ата-анаңа, ұстазыңа, өте жақсы көріп сыйлайтын адамдарға, сені танитын сыйлы кісілерге барып сәлемдесіп, жағдайын біліп, азын-аулақ сый-сияпат апарып тұру – ата-бабадан қалған жол. Бармасаң-келмесең, жат боласың. Туыстықты, көңіл жақындығын жиі араласып білдіру керек.

Адамдар өтетін жерге, керуен жолына тұруға болмайды. Себебі, үздіксіз жүруге арналған жерде тұрып, шаруа жасау дұрыс емес. Үлкен жолдың да өзіндік қасиеті бар. Сан тілектің, арманның, түрлі жоспарлардың тоғысқан, арнаға түскен жері. Сондықтан жол бойында жаман сөз сөйлеуге, жағымсыз іс-әрекет жасауға болмайды. Өтіп бара жатқан адамдарға, керуеншілерге кедергі жасау дұрыс емес.

Орынсыз жерде күлмейді. Күлкінің де өзіндік реті бар. Көпшілік жерде екеуара сыбырласып, күлу әбестік, мәдениетсіздік болып саналады. Біреудің қайғысы, бақытсыздығы, сәтсіздігі туралы айтылып жатқанда күлу де әдепсіз адамның қылығы.

Көпшілікке қарап түшкірмейді, есінемейді, кекірмейді. Көп ортасында өзін әдепті ұстайтын адам өзінің ерсі қылық жасамауын қадағалап жүреді. Көлікте, жиналыстарда, сабақта түшкіргісі келгенде, мұрнын уқалап жіберсе, түшкіру басылады. Еріксіз есінейтіндей жағдай болса, ауызды оң қолдың алақанымен немесе сол қолдың сыртқы жағымен жауып есіну керек. Көп ортасында кекіру әдепке жат. Ол денсаулықтың кемшілігі, емделуді керек етеді. Кекіргенде ауыздан сасық иіс шығуы мүмкін. Сондықтан адам өзінің әр әрекетін есепке алған жөн.

Өзінен жасы үлкен адамдардың атын атамайды. Қазақ баласы ата-анасынан бастап, өзінен бір жас үлкен аға-апаларына дейін өзіндік атауымен атаған. Бұл үй ішіндегі сыйластықтың белгісі. Тіпті көрші-көлем, таныстардың да үлкендеріне “аға”, “апа”, “ата”, “әже”, “тәте”, “ағай”, “апай” деп атап жатса, жарасымды емес пе?! Үлкен кісілердің өздері бірін-бірі “Асеке”, “Мәке”, “Нараға”, “Есаға” деп жатады.

Сыйлаған затын қайтып алмайды. Мұсылман баласы бір-біріне мерекелерде сый беріп тұрғанды дұрыс көрген. Сый – есептен тыс берілетін нәрсе. Оны уақытша беріп, қайтарып алса, сыйлыққа жатпайды. Берген адам сыйлығымның орнына бірдеңе қайтуы мүмкін деп емес, шын жүректен ұсынғаны жөн.

Біреудің затына, малына, дүние-мүлкіне сұқтанбайды. Біреудің мал-мүлкін есептеп, сұқтану, дүниесін түгендеп, затына қызығу – ұят. Оны қазақ “көрсеқызарлық”, “қызғаншақтық” дейді. Ал ерекшелігін айтып, мақтап-мадақтау дұрыс.

Біреудің төсегіне отырмайды. Біреудің төсегіне отыру, әсіресе жас жұбайлардың, жас баланың төсегіне отыру өте әбестік саналған. Үй ішін-

де отыратын басқа орын болмаған жағдайда, үй иесі ұсынып тұрса, сақтық жасап, әдеппен шетіне отырған дұрыс.

Көп ішінде тәртіп бұзғанға айып салынады. Көп ішінде жүргенде бір адамға бағынған дұрыс. Себебі, мақсатқа жету үшін тәртіп болғаны, оны ешкімнің бұзбағаны керек. Ал, тәртіп бұзған, басқалардың мазасын алған адам, ескерту алып немесе жазалануы шарт.

Көп ішінде қатты күлмейді, дауыстап сөйлемейді. Көп ішінде дауыстап сөйлеу - басшылардың, үлкен кісілердің ісі. Ал, басқаларға тыңдаған орынды. Транспортта қатты күліп, жұрт назарын аудару, дауыстап әңгіме айту – әдепке жат. Мәдениетті адам мұндай қылықтан алыс жүреді.

Жұрт жұмысқа жұмылып жатқанда, кекірейіп тұрмайды. Жұрт жаппай жұмыс істеп жатқан жерде ештеңеге араласпай тұру – азаматтыққа да, адамдыққа да сын. "Көппен көрген - ұлы той" деген сөз бар халықта. Көпшіліктің ісіне аз да болса үлес қосу – кішіпейілділіктің, адамдықтың көрінісі. Ертеде азаматтар ауыр жұмысқа жұмылса, қыздар, жас балалар сусын тасып, жеңіл-желпі жұмыстарға көмектескен.

Жасы үлкен адамның алдын кесіп өтпейді. Бұл тыйымның мынадай екі себебі бар. Біріншіден, үлкеннің алдын кесіп өту инабаттылыққа жатпайтыны белгілі. Сыйлап жол беру үлкен кісіге көрсетілген құрметтің белгісі. Сондықтан жастарды үлкендерді сыйлай білуге тәрбиелеу мақсатында айтылса, екінші жағынан үлкеннің алдын кесіп өткенде, үлкеннің наразылығынан ол адамның жолы болмай қалуы мүмкін деп қауіптенген. Себебі, жаңа іс бастағанда, сапарға шыққанда, т.б. кезде үлкендердің батасын алуды басты нәрсе санаған.

Жасы үлкен кісілерге, танымайтын адамдарға "сен" демейді. Үлкен адамдарға, ата-анаға «Сіз» деп сөйлеу дұрыс. Танымайтын адамдарға "Сіз" деп сөйлеу, бір жағынан сыйластық болса, екінші жағынан жақын тарта сөйлеу. Басқа халықта әке-шешесіне «сен» деп сөйлеу бар, себебі жақындықтың белгісі дейді. Қазақ халқы үшін бұл әдепке жат болып саналады. Егер "сен" деп сөйлер болса, қарсы сөз айтуға да тез барады.

Жасы үлкен адамдар отырған жерде жастар қисаймайды, жатпайды. Бұл бір жағынан мәдениеттілік, әдеп болса, екінші жағынан үлкендерге құрмет болып танылады. Үлкендердің сенетін жас өркендері қисайып жатса, ырымға да жаман деген түсінік те болуы мүмкін.

Көпшілік отырған жерде көз қысу, саусақ шығару, ерсі қимылдар жасау ұят. Көппен отырған жерде әзілді де орынды айтып, іс-әрекетке де есеп беру қажет. Басқалардан сыр бөліп, көз қысу, ымдасу басқаларды ыңғайсыз жағдайда қалдыруы мүмкін. Саусақ шығарып, жұдырық түю – әдепсіздердің ісі.

Көпшілік ортасында көсіліп аяғын созбайды, талтаймайды. Көп ортасында аузыңды тыю ғана емес, әрекет-қимылыңа да абай болған жөн. Мейлі қыз, мейлі ұл болсын, аяқты жиып отырған дұрыс.

Адаммен теріс қарап сөйлеспейді. Адаммен сөйлескенде бетіне қарап, айтқан жөн. Тыңдаушы үшін де сондай талап қойылады. Ал, мұсылманның қыз балалары ер адамның көзінен көзін айырмай, тура, тіке қарауы ерсі болып саналады. Қыз бала өзіне тән әдептілікпен ер адамның алдында өзін ұстай білгені жарасады.

Ата-анаға қарсы сөз айтпайды. Ата-ананы сыйлау – мұсылман баласының басты парызы. «Жұмақ ата-анаңның аяғының астында» дейтін қазақ бабамыз, әке-шешеге қарсы сөз айтып, дауыс көтермек түгілі, «тyһ» деп кейістік білдірген дұрыс емес деп түсіндіреді.

Бүйірін таянбайды. Басына қайғы түскен, жақыны өлген адам әлі құрып, аш бүйірін таянып жылаған. Сол сияқты жаман әдетке үйір болу, сәтсіздіктің нышаны деп түсіндіріліп,

сақтандырып, тыйым салып отырған.

Сәбиді жаман іс жасауға, өтірік айтуға үйретпейді. Баланы жас кезінде тілін, іс-әрекетін қызық көріп, біреуді ұрғызып, тепкізіп, боқтық айтқызып, дұрыс емес нәрселерге үйретудің ақыры сол сәбидің болашағына балта шапқанмен бірдей. Еркелікпен істеп үйренген әдетінің арқасында, еш жерге сыймысыз болып, өтірікші, ызақор, басбұзар атануы әбден мүмкін. Сондықтан сәби кезінен-ақ жақсылыққа үйреткен жақсы.

Үй ішінде түрегеп тұрмайды. Үйге кірген адамның суыт болмаса, отырып тізе бүккені дұрыс. Тік тұрып, тік кету теріс пиғылды адамның ісі.

Су алатын жерге шомылмайды. Су алатын жер – көпшілікке ортақ. Сондықтан оны ластап, шомылып, басқаларға зиянын тигізбейтіндей ету керек. «Судың да сұрауы бар» дейді халық. Көпшілік үшін аса қажетті нәрсені бүлдірудің де киесінен қорқу керек.

Кемтар адамның алдында дене мүшесінің кемдігі туралы әңгіме айтпайды. Әрине, кемтар адамның алдында мұндай әңгіме айту әбестік. Ешкім өзінің кемтар болуын қаламайды. Бетке айтқанның жөні осы екен деп, біреудің жүрегіне қаяу салу – өте ауыр нәрсе. Өзіңнің де аяқ астынан сондай жағдайға түсіп қалуың мүмкін екенін естен шығармау керек.

Білетін адамдардың қуанышты, қайғылы істеріне үнсіз қалуға болмайды. Адамның басында үнемі қуаныш тұра бермейді. Өмірде қиындыққа кездескен жағдайда қасындағы жақындары, дос-жаран, таныс-туыстары қасына барып, көңілін білдіреді. Қазақта “қуанышты бөліссең – көбейеді, қайғыны бөліссең – азаяды” деген сөз бар.

Елшіні өлтірмейді. Халқымызда “елдестірмек – елшіден, жауластырмақ – жаушыдан” деген қағида бар. Елші екі жақтың татулық мәселесіне себепші болып барады. Ал, оған қол көтеру екі жақты жауластырып жіберуі сөзсіз. Сондықтан да балалар топтарының арасында ұрыс-керіс болып қалған жағдайда, тәртібі дұрыс, өзін ұстай білетін, сөзге шебер баланы елшілікке жіберіп, екі жақты достастыру жағдайына дәнекер жасауға болады. Екі жақтың қоятын талабын бірінен біріне жеткізіп, татуластыру мақсатына қызмет ететін елші – ең сенімді адам.

Аққуды атпайды. Аққу құс – өте сұлу, суға көрік беруші құс. Сондай-ақ, жұптасып жүргендігімен де сәнді. Жұбының бұзылмауын сақтайтындығымен де оны “махаббат символы” деп атаған. Оның үлпілдеген қауырсынына, ем-домға, басқа да қасиеттеріне қызығып атып алушылар шынымен де табиғаттың қолымен жазаланып, түрлі жағдайға душар болған. Сондықтан аққуды “киелі құс” деп халқымыз құрметтейді, атпайды. Егер, байқаусызда атып алған жағдайда, қан шығарып, құдайы беріп сақтанған.

Даулы мәселеде ұрыс, төбелеске бармайды, биге, ақсақалдарға жүгінеді. Ел, ру мейлі топ болсын басшысыз болмайды. Екі адам немесе топ арасында, ауыл арасында болып қалған даулы мәселелерді шешуде үлкендерге, ақылды адамдарға, әділетті жандарға барып дауды шештірген дұрыс. Олардың әділ шешіміне тоқтаған абзал.

Осындай қарапайым халықтық қағидалардан тұратын қарым-қатынастағы төмендегі әдеп нормалары түрлерінің де мағынасын түсіну аса қиын емес...

Үнемі балаларға ақыл-кеңес айтып, үйрете бергеннен гөрі, баланы тұлға ретінде сыйлау отырып пікірін білуге де тырысу керек. Бір адамның бәрін білуі мүмкін емес.

Үйге тапсырма: Мен уатсаптағы ортақ чатқа төмендегіше тыйым сөздерді салайын, Сіздер сол тыйымдардың мәнін ашуға тырысыңыздаршы. Және отбасында соны балаларымызға, келіндеріміз бен немерелерімізге айтып отырайықшы.

Тапсырма төмендегіше:

НЕГЕ?

Сөйлеп жатқанда сөзді бөлмейді.

Ұйқыдағы адамды шошытып оятуға болмайды.

Бақытсыздық жасаған адамның жанына тоқтамай, жәрдем жасамай өтуге болмайды.

Тәкаппарлық, мақтаншақтық, байлығын айту – барып тұрған сорақылық.

Адамдар көзінше қасынбайды, мұрын, құлағын, тісін шұқымайды.

Жұрттың көзінше бергенін айтпайды, қарызын сұрамайды.

Біреуге жасаған жақсылығын айтпайды, қарызын сұрамайды.

Ұстазға, молдаға, қарт кісілерге құрмет көрсетеді.

Ұстаздың, дін адамдарының алдында жүрмейді.

Ақсақалға, лауазымды адамдарға, дін басыларға, ұстаздарға, ата-анаға, көпшілікке қарсы сөйлемейді.

Жастар үлкен кісіге жол береді, орын береді.

Жасы үлкен кісілерден жоғары отырмайды.

Үйге жүгіріп кіріп, жүгіріп шықпайды.

Біреуді сыртынан жамандау нағыз жаман, надан адамдардың ісі.

Өтірік, өсек, ғайбат айтпайды, жала жаппайды.

Аманатқа қиянат жасамайды.

Өсиетке қарсы тұрмайды.

Құмырсқаның илеуін, қарлығаштың ұясын бұзбайды.

Қабірге қарап қол шошайтпайды.

Өзіне де, өзгеге де өлім тілемейді.

Өзіне-өзі қол салуға болмайды.

Адамның намысына тиіп, кемсітіп сөйлемейді.

Алыс сапарға аттанғанда ақсақалдан бата тілеп, қарашаңырақтан дәм татады.

Салт бойынша әр адам туған жеріне келгенде аунайды немесе ауната-ды.

Мал қора ішіне, құлаған үй ішіне дәретке отырмайды.

Моншаға, дәретханаға сол аяқпен кіреді, сәлемдеспейді.

Дәрет үстінде адамдар амандаспайды.

Ер адамдар түрегеп дәрет сындырмайды.

Суға дәретке отырмайды.

Малды боқтамайды, зәбірлемейді.

Модератор: Рақмет, түсінікті тілмен баяндалған және мағынасы жан-жақты аша білген, бала тәрбиесіне маңызы жоғары дүниелер алдық деп ойлаймыз.

Енді төртінші сұрақ: Халқымыздың мұсылмандық қағидаларының маңызы неде?

Бұл сұрақты бізге сыныптағы … деген баламыздың әжесі ……. апамыз ашып бермек.

Төртінші әже: Мұсылмандық әдеп қағидалары

Біздің ұлттық мәдениетіміздің бір көрінісі – дініміз. «Ислам тек дін ғана емес, ол – біздің мәдениетіміз» деген бірінші президентіміздің қанатты сөзі бар.

Ұлтымыз –қазақ, дініміз – Ислам болғаннан кейін, әдет-ғұрпымыз бен салт-дәстүрімізді, әдебімізді, мәдениетімізді мұсылмандықтан бөліп қарай алмаймыз. Сондықтан дін мәдениетін табиғатымызға сіңіріп, әдебін үлгі етер болсақ, тәрбиеміздің ұтымды болары, ұрпағымыздың ұлттық санасы беки түсері анық. Қарапайым қағидалардан тұратын мұсылмандық әдеп Исламның бас кітабы –Құранмен дәлелдене түседі.

Жаңа туған балаға ат қою

Сүндетке отырғызу

Түшкіру және есінеу

Амандасу, сәлем беру

Айт мерекесімен құттықтау

Туысқандарды, достарды, көршілерді аралау

Науқас адамның көңіл – күйін сұрау

Қабірді зиярат ету

Үйлену қағидасы

Дәретке отыру әдебі

Ғұсыл алу әдебі

Ұйықтау әдебі

Тырнақ алу әдебі

Тамақ жеу әдебі

Жалпы ахлақ қағидалары

Сөйлеу әдебі

Жаңа туған балаға ат қою

Ата-ананың алғашқы міндеттерінің бірі – жаңа туған балаға ат қою. Бала туғанда құрбан шалатын болса, жетінші күні ат қойылады. Ал, құрбан шалмайтын болса, алғашқы жетінші күні дәрет алып, оң құлағына азан айтып, сол құлағына қамат айтып ат қою дұрыс.

Сүндетке отырғызу

Дініміз бойынша бала туылып жеті күннен бастап, балиғат жасы арасында сүндетке отырғызылуы керек. Сүндет болудың үкімі – сүннет. Сүндетке отырғызылғанда дінімізге қарсы болмайтын, харам емес, шариғатқа жат әдет-ғұрыптардың орындалуы ешқандай күнә емес.

Баланы сүндеттегенде бір ауыздан тәкбір айтып, “Раббанә” дұғаларын оқу керек. Себебі бала үшін, шипа, ем тілеулер және ата-ананы құттықтау ислам әдептерінен болып саналмақ.

Түшкіру мен есіну

Түшкірген адам, “Әлхамдү лилләһ” дегенде “Иәрхамүк Алла” деп айту мүстахаб. Әлхамдү лилләһ деп айтпаса, “Иәрхамүк Алла” деп айту мәкрух болады.

Амандасу, сәлем беру

Амандасу мұсылмандар арасында сүйіспеншілікті күшейтетін және ренжісуді жойып, сенімділікті нығайтатын байланыс. Сәлем беру – сүннет. Сәлем алу – уәжіп. Сәлем беретін адам, бір кісіге болса да, сәлемді көпше түрде беруі керек. “Әссәләмү ғаләйкум рахмәтуллаһи уә бәракәтүһ” деп сәлем беру. Ал, сәлем алған адам да, “Уә ғаләйкүм әссәләм рахмәтуллаһи уә бәракәтүһ” деп айтқан жөн.

Амандасудың маңыздылығы көптеген сүре аяттары мен хадистермен дәлелденеді.

Ал, мыналарға сәлем берілмейді: Намаз оқып отырғанға, Құран оқығанға, Хадис-Шәриф оқытқанға, құтпа мен азан оқығанға, фиқық оқытып жатқанға, уағыз айтып отырғанға, ғылыми жұмыспен айналысып отырғанға сәлемдесу – әдепке жат. Сонымен қатар, әжетханадағыларға, ойын ойнағанға, маскүнемдерге, ұят жерлері ашық болғанға, өлең айтып жатқанға, моншадағыға т.б. сәлем берілмейді.

Айт күнімен құттықтау

Рамазан мен Құрбан айтының түнін құлшылықпен өткізу керек. Сонымен бірге таңертең таза киім киіп, мүмкін болса ғұсыл құйынып, мешітке ертерек бару қажет. Баратын кезде иіс май жағып, тәкбір, тәсбих, тәһлил және тәһмид айтуды ұмытпау қажет.

Рамазан айында намаздан бұрын құрма және сол сияқты нәрселер жеп, Мешітке бару, құрбан айтында да құрбан еті піскенге дейін еш нәрсе жемеу ислам әдебі саналады.

Мешітке барғанда және қайтқанда таныстарымен сәлемдесу керек. Тіпті қайтқанда, барған жолмен емес, басқа жолмен қайту абзал.

Жанұяны, туыс-туғандарды, көршілерді және дін бауырларын айтпен құттықтап, қабірстанды зиярат етіп құран бағыштау сауап болады.

Айттан бұрын кедейлерге садақа беріп, балаларды сыйлықпен қуантып, ренжіскендермен татуласу – шариғаттың басты міндеттерінің бірі.

Ата-ананы, ғалым адамдарды және мұғалімдердің көңіл-күйін сұрап, келесі айтқа дейін амандықпен кездесуді тілеу керек.

Туысқандарды, достарды, көршілерді аралау

Бұл тақырып адамзат тарихында өте қажетті құбылыс. Ислам дінінде мұның орны орасан зор. Бұл жайында көптеген қағидалар бар. Сондықтан төмендегідей жеке-жеке түсіндірелік:

1 – Туысқандарды зиярат етіп, жылы қарым-қатынас жасау: Қандай бір адамның ең жақын көмекшісі – туыс-туғаны. Себебі, қандай бір қауіп-қатерде де жаратқанның әмірін орындауға солар себепкер болады. Сол сияқты қуанышты күндерді де солармен бірге өткізеді. Міне осы жағымен олармен жақсы қарым-қатынаста болуды, көңіл күйін сұрауды ұмытпау керек.

2 – Достарды зиярат ету: Дос – адамды жақсылыққа жетелейтін, тура жолды көрсететін жандардың бірі болу керек. Ол, кейбіреулер тәрізді ұрлыққа, неше түрлі жаманшылыққа жетелейтін болмауы керек. Сондықтан өзім дейтіндей жолдас таңдау қажет. Мысалы, халқымызда: «Досыңды айт, сенің кім екеніңді айтайын» деген нақыл сөз бар. Және «Қызметіңді біл, жолдасыңды біл, асыңды біл» деп өсиет қалдырған.

Дініміз Исламда, дос-жаранды зиярат етуді, көңіл-күйін сұрауды әмір еткен. Көршілерді, достарды зиярат етіп, олардың құқықтарын, бас бостандығын қорғау қажет. Көршінің сұрағанына, мұқтаждығына көмек беріп, олардың балаларына мейірімділікпен қарау маңызды құлшылық болып саналады. Кездескен сайын сәлем беріп, оларға жылы көңілмен қарау қоғам үшін өте пайдалы.

Науқас адамның көңіл-күйін сұрау

Науқас – адам баласының қалауымен басына душар болған іс емес. Әр адамның денсаулығы қолында емес. Кез-келген күні ауырып қалуы мүмкін. Себебі, ол – Алланың ісі. Сол үшін, науқастанған адамға көрсетілетін көмек – оларды зиярат ету, көңіл-күйін сұрау. Олардың науқасынан айығуы үшін, қолдан келген көмекті көрсетіп, сабыр етіп, дұға жасауды өсиет ету керек.

Кейде мұндай құлшылық жасатамын деп қасында көп отырып, үмітсіздікке түсіретіндей әңгімеден сақтану қажет.

Қабірді зиярат ету

Қабірге барып, зиярат ету, өлімді еске түсіреді. Бұның қоғамның тәртіптілігін сақтау және жұмыс бабын реттеуге де пайдасы тиеді. Мұны қате түсініп, зират басына барып онда қонып, қайтыс болған ата-бабаның рухынан көмек сұрау өте үлкен күнә. Себебі, олай істеу Аллаға ортақ қосқанмен бірдей.

Қабірстанды зиярат еткенде: “Әссәләмү ғаләйкум иә әһлил құбур” деп сәлем беру керек. Ондағы зираттардың үстін баспау қажет.

Үйлену қағидасы

Үйлену, жеке отбасын құру, қоғамдағы әлеуметтік жағдайға аяқ басудың алғашқы қадамы. Мемлекеттің тыныштығы, халық арасындағы берекеттіліктің басты себебі, қоғамның ең кіші бөлігі болған отбасының тату болуымен байланысты. Сондықтан, үйленуден бұрын, отбасын құратын адамның діні, мінез-құлқы, руы және әдемілігі мен байлығына мән беру керек.

Ислам шариғаты бойынша, үйленбей тұрып, белгілі шартқа сай кездесіп, танысуларына рұқсат етілген. Енді үйленудегі негізгі мәселе – неке қию. Некесіз үйлену шариғатқа жатпайды. Ол –үлкен күнә.

Түзге шығу әдебі

Әжетханаға сол аяқпен кіру.

Дәрет бұзғанда (отырғанда) сөйлемеу.

Тазалықты сол қолмен жасау.

Әжетханада түкірмеу, сіңбірмеу.

Отырып дәрет бұзу (отырып істеу).

Құбылаға алдымен және артымен қарап отырмау.

Сыртқа оң аяқпен шығу.

Соңынан қолды сабындап жуу.

Ғұсыл алу әдебі

Ғұсылханаға кіруден бұрын “Ағузу – бисмилләны” айту.

Сол аяқпен кіру.

Қажетсіз сөйлемеу.

Өлең айтпау.

Тазалық пен ғұсылды толық орындау.

Сыртқа оң аяқпен шығу.

Ұйықтау әдебі

Мүмкіндігінше ұйықтаудан бұрын дәрет алу.

Құбылаға қарап, оң жағымен жату.

Білген дұғасын оқу.

Кешке ертерек жатып, таңертең ерте тұру.

Алланың берген денсаулығына, нығметіне шүкір ету.

Тырнақ алу әдебі

Тырнақты көпшіліктің ортасында емес, оңаша жерде алу.

Жан-жаққа шашыратпай қағаздың үстіне жинап алу.

Тырнақты ұзын қып өсірмеу керек. Себебі, тырнақ алу – сүннет. Сондықтан, мүмкіндігінше тырнақ өсіру сияқты әрекеттерге еліктемеу шарт.

Тамақ жеу әдебі

Дастарқанға отырудан бұрын қол жуу.

“Бисмилләмен” бастап, “Әлхамдү лилләһ” деп аяқтау.

Бітіргенде білетін дұғасын оқу.

Асты аз-аздан алып, асықпай жеу.

Тамақты оң қолмен, өз алдынан жеу.

Асығып, апыл-ғұпыл, көп-көптен жемеу.

Дастарқан басында тамақ жеген кезде көп сөйлемеу.

Басқаларды жиіркендіретін әрекет жасамау.

Асты менсінбеушілік танытпау.

Басқа біреудің тамақ жегеніне қарамау.

Дастарқанда жиіркендіретін әдепсіз сөз сөйлемеу.

Астан кейін дастарқандағы нанның қоқымын шашпау, тастамау.

Шайды, суды дем алмай жұта салмай, ең кем дегенде үшке бөліп ішу.

Мінез-құлық қағидалары

Үлкендердің, ұстаздардың жанында инабатты болу.

Қонақ күткенде, дастарқанда отырғанда сыпайы болу.

Қандай бір жиынға барғанда сәлем беріп кіріп, ешкімді мазаламай ыңғайлы жерге отыру.

Әлеуметтік жиындарда жағымсыз киім кимеу, жаман иіс су себінбеу.

Әркімге жылы жауап беріп, қажетсіз сөз сөйлемеу.

Басқа біреу сөйлегенде сөзін бөлмеу.

Жолдастарының жанында кішіпейіл болу.

Сөйлегенде дауысты көтеріп, айқайламау.

Екі кісі сөйлескенде рұқсатсыз арасына кірмеу.

Жиындарда соңынан келгендерге орын беріп, жайғастыру.

Көпшіліктің арасында беталды есіней бермеу.

Сөйлеу әдебі

Қажетсіз көп сөз сөйлемеу.

Біреуге тілін тигізіп, ренжітпеу.

Ешкімнің сөзін бөлмеу.

Біреуді шектен тыс мадақтамау.

Анық сөйлеу.

Жаман, былапыт сөзге әдеттенбеу.

Басқа біреуді мазақ етіп, ат қойып, айдар тақпау.

Көпшіліктің ортасында басқалардың көңілін аударып, тығылып сөйлеспеу, сыбырласпау.

Орындай алмайтын ісіне уәде етпеу.

Сөзімді қорытындылай келе, қазақтың ырым-тыйымдары негізінен мұсылмандық әдеп қағидаларына негізделген деп айтуымызға болады.

Модератор:

Құрметті дөңгелек үстелге қатысушылар, біз Сіздермен бір сағаттың шамасында осынша құнды дүниелермен танысып, маңызын ашуға тырыстық. Отбасында немерелерімізді тәрбиелеуде ұлттық тәрбиенің негізі саналатын ұлттық әдеп мәселесі, соның ішінде ырымдар мен тыйымдарды кеңінен ашуға мүмкіндік берген бүгінгі «Даналық мектебінің» білім алушылары және спикерлерімізге рақмет айтамыз!

Ұлттық тәрбиені ұлықтай берейік! «Даналық мектебінің» жұмысы арқылы әрбір отбасындағы аналарымыз даналық деңгейінде тағылым берердей болсын!

Келесі кездескенше!

«АҒАСЫ БАРДЫҢ ЖАҒАСЫ БАР» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ДИСКУССИЯНЫҢ (ТАЛҚЫЛАУ) СЦЕНАРИЙІ

Мақсаты: Ағалардың іні-қарындасы алдындағы жауапкершілігін арттыру.

Міндеттері:

Ағалық міндеттің мағынасын ашу

Інілері мен қарындастарына қамқорлық жасаудың мәнін түсіндіру

Көрнекілігі:

Ағасы бар бақытты,
Өткізер бірге уақытты.
Ақылын естіп күн сайын,
Бойына жияды жақұтты.
Айтбек Әліпов

Аға деген, Іні деген
Бір-біріне туысқан.
Аға деген, Іні деген
Жаралғандай құрыштан
Оспанхан Әубәкіров

Іс-шараның түрі: Дискуссия, дебат

Барысы: Талқылаудың мақсат, міндеттерімен таныстыру.

Ернар Айдардың орындауында «Аман бол, ағаларым» әні ойнап тұрғаны дұрыс болады. https://www.youtube.com/watch?v=2TTi_5wwB_w

Модератор: Құрметті қатысушылар, алқалы жиынға (талқылау) қош келдіңіздер! Бүгінгі жиында аға мен іні, аға мен қарындас арасындағы қарым қатынас туралы әңгіме қозғайтын боламыз. Отбасы, адамға ең қымбат, ең жақын адамдар туралы, олардың мейірімділігі, сүйіспеншілігі туралы сөз қозғаймыз. Әр адам өзі жетпеген арманға, шығатын биікке тек ұрпағымен жетуді мақсат етеді. Осы қағиданы мықты ұстанған халық бала болашағын тәрбиеден бастайды. Бүгінгі іс-шарамызда тәрбиелеудегі ағаның рөлі туралы пікірлеспекпіз. Алдымен қонақтарымызбен таныстыра кетсек:

_____
_____
_____
...

Кіріспе сөз:

Директор: Аға – өзінің соңынан ерген інілері мен қарындастарына тірек, қорғаныш. Аға әр отбасындағы жол бастайтын, өзінен кейінгілерге бағыт бағдар беретін тұлға. Іні мен қарындасы ағасына қарап бой түзейді, қиналғанда ағасын арқа тұтады. Сондықтан да «Ағасы бардың жағасы бар», «Ағаның үйі ақ жайлау» деп арқаны кеңге салып жүреді. Өз кезегінде аға да іні-қарындастарының қуанышына ортақтасып, жығылғанда демейді. Ал іні ағаның артынан ерген із. Бауырым деп бағалайтын қазынасы. Қазақ халқында аға мен іні арасындағы қарым-қатынас - ең ізгі, берік туыстық қатынас. Бүгінгі таңда осы қарым-қатынас өзінің беріктігін сақтап тұр ма? Балалар жасөспірім шағында ағаларының қамқорлығын көріп жүр ме? Бүгінгі жиында осы мәселе төңірегінде ой бөлісіп, «Аға мектебінің» жұмысын оң жолға қойсақ деген ниетпен жиналып отырмыз.

Олай болса, тәрбие мәселесінде ағалардың рөлі қандай деген мәселеде директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарына сөз берейік, «Аға мен іні, аға мен қарындас арасындағы құрмет пен ілтипат» тақырыбында ұлттық тәрбиедегі ағалардың рөлі туралы айтып өтсе...

Директор: Ағалардың да белгілі бір деңгейде тәрбие мәселесіне жауапты екенін түсінгендей болдық. Олай болса, төмендегі жағдаяттарды талқылай отырып, інілерімізге, қарындастарымызға қалай қамқорлық жасаймыз, олардың салауатты өмір салтын ұстануларына қалай ықпал етеміз деген мәселеде ой бөліссек:

1-жағдаят: Бауырыңыздың өзінен төмен сыныптың балаларына немесе құрдастарына, кейде қыздарға тиісіп, мазақтап жүргенін естідіңіз. Тіпті күш көрсетіп, ар-намыстарына тиетін кездері де болады екен. Аға ретінде не істейсіз, қандай кеңес бересіз?

...
...
...

2-жағдаят: Аға мен іні, аға мен қарындас арасындағы қарым-қатынас туралы біраз ой ортаға салынды. Бүгінгі әңгімеден ағалардың позитивті

аға болуға дайын екендерін түсініп отырмыз. Бұл өте қуанарлық жағдай. Мен тағы бір мәселені көтергелі отырмын. Елімізде жалғыз бала тәрбиелеп отырған отбасылар бар. Осындай балалар да аға қамқорлығын көрсе деп ойлаймыз. Осы мәселені қалай шешуге болады?

Талқылау.
...
...
...

3-жағдаят: АҚШ пен Канада педагогикасында Link-Crew (байланыс тобы) жүйесі жұмыс істейді. Ол үшін көшбасшылық қабілеті бар, позитивті, мейірімді ең белсенді оқушылар таңдалады. Олардың ішінен кіші балаларға қамқорлық жасайтын команда құрылады. Әр басшыға бір-екі жас кіші 3-5 көмекші келеді. Көшбасшылар күніне кемінде бір рет өз қамқорлығындағы балаларға барып, жағдайын біледі. Орта мектеп оқушылары жақсы бейімделгендіктен, олар кіші балаларға нақты көмек пен қолдау көрсете алады. Күрделі жағдайлар туындай қалса, топты басқаратын психологқа жүгінеді. Американдық сарапшылар балалардың осындай командаға қатысуға қызығушылық танытатынын атап өткен. Жалпы шетелдік тәжірибе демесек, қамқорлық мәселесі біздің халқымыз үшін де, мектептеріміз үшін де үлкен жаңалық емес. Алайда осы жұмысты мектеп әкімшілігі емес, ағалар мектебі арқылы ұйымдастыруға бола ма?

Талқылау.
...
...
...

Жылдам дебат

Интерактивті тақтаға «Барлық мәселе тек білектің күшімен шешіледі» деген пікір шығып тұрады. Отырғандарды теңдей бөлеміз. Бір топ «ЖАҚТАУШЫЛАР», екінші топ «ДАТТАУШЫЛАР» болады. Пікірталасқа дайындалуға 10 минут беріледі. Бұл уақыт ішінде сіз өз ұстанымыңызды қорғау үшін дәлелдер мен мысалдарды айқындауыңыз керек

Ортаға арқан (жіп) тасталып, тұжырымды ҚОЛДАЙТЫН тыңдаушылар бір жағына тұрады.

ҚАРСЫ дәлел келтіретін тыңдаушылар оларға қарсы, арқанның екінші жағында тұруы керек, сөйтіп екі жақтың мүшелері жұп құрады.

Әр тарапқа өз ұстанымын қорғауға 90 секунд беріледі, бұл уақытта қарсыласы тыңдап, қажет деген тұстарын жазып алады.

Соңында «пікірталас» жүргізуге барлығына уақыт беріледі, онда екі тарап өз дәлелдерін келтіріп, айтыса алады. Пікірталас кезінде олар бір-бірін тыңдағанын көрсетіп, пікірлер жүйелі түрде ұсынылуы керек.

Ішкі-сыртқы шеңбер

Төмендегі мәселелерді талқылау. «Бүгінгі аға бауырларына қалай қаморлық жасайды?», «Ағаның ақылы», «Жасөспірімге ағаның берер кеңесі», т.б. «Ішкі-сыртқы шеңбер» әдісі.

Әр топ шеңбер бойымен – ішкі және сыртқы шеңберде бір-біріне қарап тұрады. Бір-біріне бетпе-бет тұрған жұптар жүргізуші ұсынған бір пікірді бір минут бойы талқылайды, біреуі айтқан кезде, екіншісі тыңдап тұрады.

Жүргізуші ауысу туралы белгі береді.

Ішкі шеңбердегі 1-топ тұрған жерінде қала береді. Сыртқы шеңбердегі 2-топ сол жаққа жылжып орын ауыстырады, сөйтіп жаңа жұп құрылады.

Бастапқы әріптесіңізбен болған әңгімені қысқаша түйіндеңіз.

Тренер ұсынған тақырыпта жаңа әріптесіңізбен пікірлесуді бастаңыз.

Қорытынды сөз:

Директор: Сонымен бүгінгі талқылауға қатысқан, ағалар, алған әсерлеріңіз мол болды деп ойлаймын. Бір әке, бір шешеден туған іні-қарындастарымыз ғана емес, күллі елдің

баласын бауыр, қарындас көріп, ағалық қамқорлық жасауымыз керек деп ойлаймын. Оларды жаман істен жирендіріп, жақсылыққа тартайық. Іні-қарындастарымызды спорт үйірмелеріне қатыстырып, салауатты өмір салтын ұстануларына мұрындық болайық. Осымен іс-шарамыз аяқталды. Мектеп өміріне, соның ішінде «Даналық мектебінің» жұмысына белсене араласқандарыңыз үшін көптен – көп рахмет айтамыз! Талқылауда естігендеріңізді әлеуметтік желілер арқылы інілеріңіз оқитын сыныптағы ағалармен бөлісіп, осы жұмыстың жандануына үлес қосады деп сенеміз.

Ернар Айдар, «Жасай бер, ағаларым».

https://www.youtube.com/watch?v=Q2Gu04iWUfA

Іс-шараның аяқталуы

«ЕР ЖІГІТКЕ ЖАРАСАР САЛАУАТТЫ БЕЙНЕСІ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУ КЕШІНІҢ СЦЕНАРИЙІ

Мақсаты: Халық ықыласына бөленіп жүрген спортшылар арқылы салауатты өмір салтын насихаттау.

Міндеттері:

Інілерін спортқа баулу ағалардың міндеті екенін түсіндіру

Ағаның інісі мен қарындасына деген қамқорлық сезімін ояту

Аға мен іні арасындағы қарым-қатынастың сырын ашу

Өткізілетін орны: мектептің акт залы.

Көрнекіліктер: Төмендегі нақыл сөздерді іліп қойса дұрыс болады: «Ағасы бардың жағасы бар», «Ағаның үйі ақ жайлау, інінің үйі іннен тар», «Ағадан ақыл, Атадан нақыл», «Әуелгі сөз ағадан, әдепті сөз ініден», «Жөн білмеген ағалар, Бүлініп кетсең қуанып, Сүрініп кетсең табалар», «Өз ағасын ағалаған, Қолда барды бағалаған». «Аға адасса, іні із кеседі», «Жасы кіші ініні, Ақылы артса, аға тұт. Жасы үлкен ағаны Жақсы сыйлап, жаға тұт». «Жақсы аға – орман, Жақсы іні – қорған».

Шақырылған қонақтар: жергілікті жерден шыққан (ауылдан, ауданнан, қаладан) танымал спортшылар

Қатысушылар: Мектеп оқушыларының ағалары, педагогтер, қатысуға ниет білдірген басқа да адамдар.

Мектеп ауласында, ішінде, акт залында Бахтияр Тайлақбаевтың орындауында «Аман бол, ағаларым» әні ойнап тұрады.

https://mp3iq.net/m/194627-bahtiyar/159967642-aman-bol-agalarym/

Жүрзуші: Қайырлы күн, қадірлі қонақтар, алдыңғы буын ағалар! Қазақ халқынан шыққан, еліміздің абыройын асқақтатып жүрген саңлақ спортшыларымыз аз емес. Солардың бірі, жігіттің мықтылығы сынға түсетін талай жарыстарда ауылымыздың (қаламыздың, облысымыздың, республикамыздың) атын аспандатып жүрген жерлесіміз _____ бәріңіз білесіздер! Олай болса ду қол шапалақпен ортамызға шақырып, қош келдің айтайық. Кездесу кешін ашып беру үшін сөз кезегін мектебіміздің директоры _____ береміз.

Директордың сөзі:

_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____

Директордың сөзінен кейін спортшының жетістіктері, жеке өмірі туралы бейнеролик қойылады.

Жүргізуші: Міне _____ туралы бейнероликті көріп, кейіпкеріміздің жақынырыақ таныдыңыздар деп ойлаймын. Алайда, _____ сіздің балалық шағыңыз, спорттағы жетістіктеріңіз, жеке өміріңіз, хоббиіңіз, ата-анаңыз, ағайын-туыстарыңыз, аға-інілеріңізбен қарым-қатынасыңыз туралы мәліметтердің бір роликпен түгесілмейтіні белгілі. Мына жерге жиналған көпшілік сізбен тереңірек

танысқысы келіп отыр. Бүгін сіздің спортшылығыңыздан өзге қырларыңызды көреміз деген ойдамыз. Енді өзіңізге арналған сұрақтарға кезек берейік. Олай болса, алғашқы сұрағымыз:

Сұрақ: Ең алғаш спорт үйірмесінің есігін ашқан сәтте неше жаста едіңіз және спортпен айналысуға кімдер ықпал етті?

Кездесу қонағы: _____
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____

Жүргізуші: Жауабыңызға көп рақмет, ал біз тағы бір сұрақ қойғымыз келіп отыр.

Сұрақ: Спортта жетістікке жету оңай емес, сіздің осындай үлкен жетістікке жетуіңіздің сыры неде? Ағалардың қамқорлығын көрдіңіз бе?

Кездесу қонағы: _____
_____
_____
_____
_____
_____
_____

Жүргізуші:

Сұрақ: Боз кілемде жеңіс тұғырына талай рет көтерілдіңіз, сондай сәттердің әсерімен бөліссеңіз. Кімдерге алғыс айтар едіңіз?

Кездесу қонағы:
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____

Жүргізуші:

Сұрақ: Біреулер үшін өмірдің қызығы – ас та төк байлықта, енді біреулер үшін жоғары мансап пен билікте. Ал сіз үшін өмірдің қызығы, мәні неде?

Кездесу қонағы:
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____

Жүргізуші: Қазақ «ән көңілдің ажары» дейді. Бүгінгі кездесу кешіне арнайы келіп отырған мектебіміздің жас әншісі, аудандық, облыстық, республикалық байқаулардың жүлдегері _____ орындауында «Ағаларым» әнін тыңдайықшы.

Аға туралы ән орындалады.

Жүргізуші: Біздің қадірлі қонағымыз _____ егер байқаған болсаңыз, мектеп аласында да, мектептің ішінде де, акт залында да Бахтияр Тайлақбаев ағамыздың «Аман бол, ағаларым» әні ойнап тұрды. Осы жердің өзінде айнала ағалар туралы нақыл сөздер жазылып, ілінген. Жаңа ғана жерлес іниңіз де «Ағаларым» әнін орындады. Қалай ойлайсыз? Неге?

Кездесу қонағы:
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____

Жүргізуші:

Бүгінгі таңда тәрбие мәселесінде ағалар мектебінің жұмысы ақсап тұрғаны ешкімге жасырын емес. Жасөспірімдер арасында жаппай етек алмаса да, ішінара деструктивті мінез-құлық, буллинг, зорлық-зомбылық, суицид, тәуелді мінез-құлық мәселелері кездесіп жатады. Осы мәселеде бала ата-анасына, мұғалімге айта алмағанын ағасына айта ала ма?

Кездесу қонағы: _____
_____
_____
_____
_____
_____

_____
_____

Жүргізуші:

Сұрақ: «Спорт – денсаулық кепілі» деп жатамыз. Әлсіз балаларды спортқа қалай тартуға болады? Жасы кішілерге күш көрсететін мықты, бұзақылау балаларды әлсіздерді қорламай, қорғап жүретіндей жағдайға жеткізуге бола ма? Осы тұрғыда ағалардың орны қандай? Оларға қандай ақыл айтасыз?

Кездесу қонағы: _____
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____

Жүргізуші:

Сұрақ: Аға мен іні, аға мен қарындас арасындағы қарым-қатынас қандай болуы керек? Ағасы іні-қарындастарына қалай қамқорлық жасайды? Осы төңіректе залда отырған ағаларға қандай кеңес берер едіңіз?

Кездесу қонағы: _____
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____

Жүргізуші: Аса қадірлі _____ Бүгін кездесуге келіп, Сұрақтарымызға жауап беріп, өмірден көрген-түйгендеріңізбен бөліскеніңіз үшін сізге көп рақмет! Бүгінгі кездесуден залда отырған ағаларымыз біраз әсер алды деп ойлаймын. Ал қазір қонағымызға сұрақтарыңыз, осы мәселеге қатысты ой-пікірлеріңіз болса ортаға салуға рұқсат.

Сұрақ-жауап, талқылау.

Жүргізуші: Бүгін көңілде жүрген біраз мәселені ортаға салып, ой бөлістік. Ұлттық тәрбие мектептерінде «Аға мектебінің» орны ерекше екенін тағы да айтқымыз келеді. Ағаның қамқорлығын көрген іні-қарындастары ешкімнен зорлық көрмейді. Ағам бар деп арқа сүйеп жүреді. Ал сізге _____ тек жеңістер мен сәттілік тілейміз.

Құрметті қатысушылар, «Даналық мектебі» жұмысына белсене қатысып, Ағалар қамқорлығын насихаттауға үлес қосқандарыңыз үшін бәріңізге мың алғыс. Бүгінгі кездесу кешінде естігендеріңізді әлеуметтік желілер арқылы інілеріңіз оқитын сыныптағы ағалармен бөлісіп, осы жұмыстың жануына үлес қосады деп сенеміз. Қош сау болыңыздар! Кездесу кешін төмендегі әуенмен аяқтап, осы әндегі іні үмітін ақтайтындарыңызға сенемін.

https://www.youtube.com/watch?v=HPs_R96c_mg ән ойнатылады.

Кештің соңы

ЖЕҢГЕЛЕР МЕКТЕБІ

Сабақтың тақырыбы: Қыз ғұмырдың құпиялары

Сабақтың мақсаты: жаһандану жағдайында қазақтың дәстүрлі отбасындағы қыз балаларға тәрбие берудің ұлттық және заманауи мүмкіндіктерін түсіндіру.

Міндеттері:

- қыз баланың тұлғалық қалыптасуына қатысты талаптарды нақтылау;
- қыз тәрбиесіндегі құндылық сапа – «пәктік» ұғымының сырын ұғындыру;
- халқымыздағы қыз бала тәрбиесі арқылы отбасы бақытын сақтау құпияларымен бөлісу.

Көрнекілігі: залда қазақ тіліндегі әндер беріліп, қыз бала тәрбиесіне қатысты мақал-мәтелдер экраннан ретімен шығып тұрады:

Қыз өссе – елдің көркі, гүл өссе – жердің көркі.

Астың дәмін келтірер – тұз әулие,
Ел мен елді қосатын – қыз әулие.

Ақылды қыз білімге жүгірер, ақылсыз қыз сөзге ілінер.

Қызға қырық үйден тыйым.

Қызың үйде, қылығы түзде.

Қызың жақсы болса үйіңе ырыс кірер, жаман болса ұрыс кірер.

Қызыңды мақтасын десең алысқа жібер.

Жақсы қыз – жағаңдағы құндыз.

Қызымның құлағына алтын сырға.

Шешесін көріп – қызын ал, т.б.

Сұрақтар:

Жаһандану заманында қазақ қыздары қандай болғаны дұрыс?

Қыздарға қатысты талаптың ең маңыздысы?

Отбасы бақытының қызға қатысты сырларын аша аламыз ба?

Сабақтың барысы:

Модератор: Құрметті бүгінгі сабаққа қатысушы ханымдар, қазақтың аяулы арулары, жеңгелер мектебінің мүшелері, армысыздар!

Жеңгелер мектебінің аясында сырласуға қош келдіңіздер!

Әр мемлекеттің өз заңы мен дәстүрі болатыны сияқты, әр ұлттың да өз тарихынан жеткен мәдениеті, тағылымдық өнегесі бар. Біз қазақ халқы ұлттық тәрбиемізді жас ұрпаққа мұра ретінде қалдырып, ұрпақтар сабақтастығын сақтау үшін сіздермен бас қосып отырмыз.

Бүгінгі сабақта ашатын сұрақтардың алғашқысы – Жаһандану заманында қазақ қыздары қандай болғаны дұрыс?

Олай болса, Воркшоп ретінде осы тақырыпты ашсақ. Әрқайсымыз бір жауаптан ұсынсақ.

Сабаққа қатысушылардың пікірлерін сұрайды.

Өзі қорытындылайды:

Қазақ қыздарына лайықты теңеу өзіміздің әдеби тілімізде де өте көп баламаларға ие. Сөздің сұлуын қолдана білетін дана Абайдан бүгінгі Исраил ақынға дейінгі толқындардың ішінде қызды жырламаған ақын жоққа тән. Исраил Сапарбаевтың қызға арнаған мына анықтамасына назар аударайықшы: «Бет пішіні, дене мүсіні келіскен, сөзі сыпайы, өзі әдепті, сұңғақ бойлы, терең ойлы қыз – ару. Жүзі жылы, өзі ұяң, тәні нәзік қыз - әсем. Сөзі өткір, өзі пысық, өрескелдікті сүймейтін, болмашыға пісіп-күймейтін, келбетті қыз – сұлу. Істесе үйіріп, сөйлесе бұйырып, баурап алатын, өзі бірден көзге түсе қоймайтын қыз – көрікті. Баппен сөйлеп, биязы күліп, жақсы-жаманның жөнін біліп тұратын қыз – әдемі. Дене бітісі жинақты – тығыршық, сөзі салмақты, ісі тиянақты қыз – ажарлы. Көз жанары өткір, бет әлпеті бал-бұл жанған, тәні шымыр қыз –- шырайлы».

Бұл енді сұлулық пен тартымдылыққа көбірек негізделсе, Сіздер тұлғалық қалыптасуы жағынан көбірек аштыңыздар. Шынымен, бүгінгі қазақ қызы:

білімді, мамандық игерген, әлеуметтік бейім, заман талаптарына сай, қарым-қатынас мәдениеті қалыптасқан, өз қажеттілігін өтей алатын тұлға болуы шарт.

Әрине, мұнымен қоғамнан өз орнын таба алуы, отбасын құрып бақытты ана атануы үшін үйренері аз емес.

Біз оны келесі сұрақтар аясында толықтыра жатамыз.

Қыздарға қатысты талаптың ең маңыздысы?

Топтық жұмыс: геометриялық фигуралар арқылы топқа бөліну.

Бірнеше геометриялық фигураларды араластырып қатысушыларға таратып береді (неше топқа бөлсеңіз сонша геометриялық фигураларды бірнешеуден дайындау керек). Бірдей фигураларды алғандар өзара топтасады.

Барлық топқа бір мәтін беріледі, бірақ тапсырмалар әртүрлі

Мәтінді оқуға және жүйелеп дайындалуға 15 минут уақыт беріледі. Және талдауға 3-4 минут уақыт беріледі. Барлығы 30 минут.

Мәтін:

Телегония – пәктік туралы ғылым

Үйленіп, отбасын құрғандардың өз баласы болғанын қалайтыны белгілі. Бірақ көпшілігі болашақ ұр-

пағының денсаулығына пәктіктің қаншалықты әсер ететінін біле бермейді. Ал, ата-бабамыз қыдырымпаз қыздан жақсы бала тумайтынын білген. Сондықтан бұзылған қызбен тұрмыс құрмаған. Пәктік пен денсаулықтың байланысын өткен ғасырда телегония құбылысы туралы жаңалық жасаған генетик мамандар ғана ашып айтып бере алды. Жаңалықты ойда-жоқта осыдан 150 жыл бұрын жылқы өсірушілер ашқан. Олар жұмысқа шыдамды асыл тұқымды жылқы өсіру үшін жылқы мен зебраны шағылыстырады. Бірақ еркек зебра да, ұрғашы зебра да ұрықтанбай, тәжірибе сәтсіз өтеді. Осыдан кейін мамандар бұл туралы мүлдем ұмытып кетті. Тек арада біраз жыл өткен соң қара-ала құлындар туыла бастағанда тәжірибе еске түседі.

Олар нағыз асыл тұқымды жылқылар еді! Ғалымдарды қатты таңғалдырған бұл құбылыс «телегония» деп аталады. Ч.Дарвиннің, Флинт, Феликс Ладантек сынды профессорлар мен ғалымдардың жасаған тәжірибелері бұл феноменді одан сайын растай түсті. Ф.Ладантек өзінің «Тұлға, даму, тұқым қуалау және жаңадарвиншілер» (М. 1889 ж.) кітабында «Телегония, немесе алғашқы еркектің әсері» деген тарауда жүргізілген тәжірибеге тоқталады. Тек, тәжірибелі ит өсірушілер ғана асыл тұқымды қаншықтың көшедегі итпен байланысқа түссе, тіпті күшіктемегеннің өзінде одан текті төбет күтуге болмайтынын білген. Кептершілер де мұны жақсы біледі. Егер тұқымы жасық құс асыл текті кептердің ұясын «бұзып» кетсе, оны бірден өлтірген. Өйткені аналық кептерді нендей мықтымен жұп етсе де, қанаты әлсіз, түсі бөлек балапан басып шығаратын болған. Некеге дейін жыныстық қатынасқа түскен қыздар мұны білуі керек пе? Әрине. Десек те, оны ешкім білмейді.

Ең қызығы, дені сау ұрпақ әкелуге қатысты бұл ілімді малшылардан басқа ешкім білмейтін болып шықты. Әйтпесе, асыл тұқымды жануарларды – арғымақтар мен сүтті сиырларды, бұлғындарды қалай алар еді?

Қарапайымдар мен ұлылардың арасындағы құпияның сырын ашатын бұл құбылыс 19-ғасырда белгілі болса да, айтылмады. Өйткені ол кез-келген жыныстық қатынас төңкерісіне біржола тосқауыл қоятын еді. Бірақ бұл адамзат жауының жоспарына кірмеген еді. Оны қалай құпиялау керектігін де тапты, ал, энциклопедияға былайша жазып жіберді: «телегония құбылысы дәлелденбеді...» Бірақ өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам емес пе? Көп ұзамай шындықтың беті ашылды. Әсіресе, Кеңес Одағында өткен халықаралық фестивальдан соң орыс қыздары ӨЗІНІҢ «аппақ» күйеуіне – әкесіне де, шешесіне де ұқсамайтын қап-қара бала туып беруі жиілеп кетті.

Бұл хромосомалық сақинаның мутацияға ұшырауынан болады. Осылайша сүттей ұйыған отбасының берекесін бұрынғы некесіз байланыс бүлдіріп жатты. Қанша жасыруға тырысса да, «қыздар – некеге дейінгі әйелдер», әсіресе, «экспорт-қызметін» көрсеткен жеңіл жүрісті әйелдер бүгінгі «сүйікті заңды күйеулеріне» бұрынғы заңсыз байланысының жемісі – наркоман, токсикоман, қызтеке мен психикасы бұзылған ұрпақты сыйлап жатыр.

Сонымен, телегония («теле» – алыс және «гони» – туылу) – әйелдің бұрынғы серігінің болашақ ұрпағына әсер ететінін дәлелдейтін ғылым. Әсіресе, алғашқысы. Өйткені ұрпақтың ТЕКТІК ҚОРЫН баланың болашақ әкесі емес, әйелдің алғашқы серігі қалайды. Бұл әйелдің сәбиді кімнен көтергеніне байланысты емес. Яғни, қыздың етегін алғаш кім түрсе, демек оның болашақ балаларының әкесі сол болмақ.

Әрине, бүгінде «телегония» теориясын жоққа шығарушылардың көбеюі заңды. «Көптеген зерттеу мен тәжірибелердің нәтижесін» алға тартып, телегония – сандырақ, ол – өзіңді, өз қалауыңды сыйламау дейді. Бұл теоретиктердің көбі – те-

легонияның мектеп қабырғасында оқытылмауына мүдделі, өйткені порнография индустриясы шығынға ұшырауы мүмкін. Сондықтан оларға бүлдіршінді адамгершіліктен айыратын, бірақ өзінің қалтасын қампитатын «Отбасын жоспарлауды» оқытқан әлдеқайда тиімді.

Телегония Ислам тұрғысынан. Біздің ұрпаққа мұраға не қалады?

Біздің Әлем, біздің Ғалам, ғарыш, бізді қоршағанның бәрі біздер, адамдар аз білетін заңдармен өмір сүреді. Бұл заңдардың өз за ңшығарушысы бар, ол – Құдай, Дана, бәрі білетін Жаратушы, Әлемнің Билеушісі. Жасағанның сондай заңдарының бірі – телегония.

Ілімді дәлелдеу

Ерте кезде-ақ әйел мен ердің қатынасы екеуі үшін де айтарлықтай салдары бар екенін білген, оны генетик ғалымдар дәлелдеді. 1985 жылы СССР ҒА физико-техникалық проблемалар Институтының белгілі қызметкері, қазіргі Ресей нақты ғылымдар академиясының академигі, биология ғылымдарының докторы Петр Гаряев қызық мәліметке тап болды. Ол лазерлік спектроскопия әдісі арқылы ДНҚ молекулаларының тұқымқуалаушылық қасиетін зерттейді. ДНҚ ерітіндісінен лазерлік фотонды өткізіп, молекулалардың көлемі мен салмағы жөніндегі ақпаратты жазып алады.

Бірде Гаряев бірнеше спектр түсірген соң ДНҚ-сы бар шыны түтіктің орынына бос түтікті қойды. Сөйтті де, қатты таңғалды. Бос түтіктегі спектрлер алдыңғысына қатты ұқсайтын еді. Тек сигналдың күші әлсіздеу. Қайтадан ДНҚ іздері қалған ыдысқа бос түтік салды. Мұнда да солай.

Петр Гаряевтың айтуынша, спектрометрде тұқымқуалаушылық қасиетін сақтаған ақпарат қалып қойған. Зерттеушілер оны қайта-қайта сүртіп, тіпті таза азотпен желдендіреді. Сонда ғана ДНҚ спектрі кеткендей болады. Бірақ 3-4 минуттан кейін қайта шыққан. Оларды тіпті жою мүмкін емес сияқты.

Петр Гаряев бұл экспериментті жыл бойы жүргізеді. Ақырында ДНҚны жойғаннан кейін де ыдыста ДНҚ молекулаларының елесі (көрінбейтін із) қалатынына күмәні қалмайды.

Петр Гаряев алғашқы жақындасқан ері қыздың генетикалық кодына ешқашан өшірілмейтін із қалдырып кететінін айтады. Ер адам үшін де солай. Бұл толқынды бағдарлама эмбрионның тәні мен жанын қалыптастырмаса да, оған әсерін тигізбей қоймайды. «Алла адамды не нәрседен жаратты? Бір тамшыдан жаратып, оны бейнеледі. Сосын оның жолын оңайластырды». (Құран, 80:18-20). Аяттағы «бейнеледі» сөзі араб тілінде «каддере» деп айтылады. «Кадаре» етістігі «дайындау, өлшеу, жобалау, жоспарлау, Құдайдың пешенеге жазған тағдырын болжау» дегенді білдіреді.

Медицина ғылымының докторы, профессор Владимир Барабаш «Мәңгілік өмір» газетіне берген сұхбатында: «Біздің аталарымыз генетика тәртібін айнымас жол ретінде ұстанған: алғашқы серігі қыздың өмір бойғы генетикалық тұқым қуалау жүйесіне өшірілмейтін із қалдырады. Мәселе бала тууға қабілетті кезде тұқымқуалау механизмін өзгертетін гармондар мен ферменттердің ағзаға түсетінінде емес. Сонымен қатар, алғашқы түн адамның психикасына, генетикалық тұқымқуалау жүйесі мен иммунитетіне әсер етеді. Ал, кездейсоқ кездесуден пайда болған шарана генетикалық, психологиялық, биологиялық тұрғыдан да нашар болады», – деді.

(Камшат БАТЫРБЕККЫЗЫ)

Енді осы мәтінді оқып болып СВОТ талдау жасаймыз.

SWOT-ТАЛДАУ:

1.Strengths ағылшын сөздерінен қысқарған – күшті жақтары,

2. Weaknesses – әлсіз жақтары,

3. Opportunities – мүмкіндіктері,

4. Threats – қауіп-қатерлер

Талдатып, тақтаға жазып отыруға болады.

Қорытынды: Негізі, «телегонияны» псевдоғылым деушілер де бар, көпшіліктің пікірі екіге жарылады. Дегенмен, бұл зерттеулердің көңілге қонатын тұстары да бар. Халқымыздың қыз балаға қоятын талаптарымен үйлеседі.

Үш қыз асырап-өсіріп, өмірден өз орнын тапқызған ата-ана жұмаққа барады дейді дінімізде. Бұл қыз тәрбиесінің оңай еместігі. Тазалық, пәктік деген ұғымдар құндылық деңгейінде дәріптелген, ұлтымыз мықты болуы үшін дәріптеле бергені дұрыс деген пайымдауларға келісеміз.

Барлық мәліметті бір сағат аясында аша алмаспыз. Сондықтан үйге тапсырма беріледі. С.Керімбайдың еңбектеріндегі «Ұрпақ тазалығы – әйел құрсағынан» деген мәтінді оқып, есейіп қалған қыз балалармен талдасаңыздар деген өтініш бар.

Отбасы бақытының қызға қатысты сырларын аша аламыз ба?

Модератор: «Ұлттық қыз сақтайды» деген – даналардан қалған сөз. Қандай қиын жағдайда да отбасын аман-сақтаудың қыры-сырын ертерден артық ойдамаса, кем меңгерді жеуге болмайды. Бұл қағида қазір күшеймесе, азайған жоқ. Қазір отбасы психологтері, коучтар мен мотиваторлар өте көп. Олардың көбі отбасын сақтап қалу туралы жақсы ынталандыратын аса қызықты кеңестер береді.

Сіздерде сондай рилстар көп деп ойлаймын. Чаттарда бір-бірлеріңізбен бөлісуге болады.

Экранға қарап, біраз кеңестерден хабардар болыңыздар:

Танымал журналист Бейсен Құранбектің өз өмірінен сыр бөлісе отырып ақтарған сырынан хабардар болыңыздаршы:

Отбасының 7 қағидасы

Үйленетін кезімізде отбасының 7 қағидасын жасадық:

1) Сыйластық бірінші кезекте тұру керек. «Үйленген күннен бастап мені «сіз» дейсің» дедім. Бастапқыда «сіз» дегені құлаққа түрпідей естіліп, күлкіге көміліп қалғам. Он бес жылдан бері «сіз» деген сөз отбасымыздың татулығының тірегіне айналды. Достарымның әйелдері біреуі 5 жылдан соң, біреуі 8 жылдан соң, біреуі 10 жылдан кейін күйеулерін «сіз» дей бастады. Анасы әкесін «сіз» деп сыйлап тұрса, бала да әкесін құрметтейтінін түсінеді.

2) Сенің ата-анаң – менің ата-анам, менің ата-анам – сенің ата-анаң. Балдызыма ақыл айтсам, туған қарындасыма айтқандай айтам, келіншегім қайнысына ұрысса, туған інісіне ұрысқандай ұрысады.

3) Қандай сыйлы қонақ келсе де үйімізге ішімдік кіргізбейміз.

4) Балаларымызды мектепке дейін хан сияқты сыйлаймыз, мектеп кезінде шәкірт сияқты тәрбиелейміз, мектептен соң дос сияқты сырлас боламыз, бірақ ақыл айтпаймыз.

5) Ренжісіп қалсақ, 5 минуттан соң сөйлесеміз. «Жақсы адамның ашуы шәйі орамал кепкенше, жаман адамның ашуы басы жерге жеткенше». Біреуіміз қылт етсек, екіншіміз уақыт санап отырамыз.

6) Біздің үйде ер-азамат есеп бермейді, телефон соғып: «Қайда жүрсің? Қашан келесің?» – деген сұрақ қойылмайды. Кейбір достарымның әйелдері телефонмен: «Қайда жүрсің қаңғырып?» – деп жатқанын естігенде, телефоны болмаған біздің ата-бабалар не деген бақытты деп ойлаймын.

7) Ешқашан ажыраспаймыз. Маған әйел табылады, оған күйеу табылар, ал балаларға бөтен біреу әке-шеше бола алмайды.

Ағайынның аты – ағайын. Оның көп болғаны жақсы. Өкінішке қарай, ағайынның кінәмшіл, өкпешіл келетіні рас. Бірақ, біз бәрібір оларға ренжімейміз. Сырттарынан сөз айтпаймыз. Қолдан келгенше көмектесеміз. Бұл достарға да қатысты.

Ақшаға қатысты: Еркек ақша табады. Әйел оны шашады. Бар кезде тасымаймыз, жоқ кезде жасымаймыз. Ер жігіттің басына нелер келіп, не кетпейді, сондай кездер болған жағдайда әйел бала-шағаны

тентіретпей бағуға қабілетті болуы тиіс.

(Бейсен ҚҰРАНБЕК)

ҚОРЫТЫНДЫ:

Бүгінгі сабақ «Қыз ғұмырдың құпиялары» тақырыбы аясында ой бөлісуге мүмкіндік берді деп ойлаймыз.

Біздің мақсат – қыз бала тәрбиесі арқылы әйел-аналардың бақытты отбасының кілтін ұстауы, балаларымыздың бақытты отбасында дұрыс тәлім-тәрбие алуы негізінде еліміздегі кейбір келеңсіз мәселелердің алдын алсақ деген ой.

ҮЙГЕ ТАПСЫРМА: Ұрпақ тазалығы – әйел құрсағынан

«Үйдің жақсы болмағы – ағашынан, жігіттің жақсы болмағы – нағашыдан», «Алып анадан туады», «Қызға қырық үйден тыю, қалса күңнен және бір тыю» деген сияқты мақалдардың мағынасын бала кезде ұқпаушы едім. Есейген соң оқысам былай екен...

Ер мен әйел қосылған соң ананың жатырда бір клеткалы эмбрион пайда болады. Ең басында ядродағы хромосома саны екі тараптан тең түседі. 23 хромосома әкеден, 23 хромосома анадан. «Генетикалық ақпаратты ана жатырына алып келген сперматазойд пен іштегі ооцит деп аталатын аналық клетка тең дәрежеде тұрғанда неліктен болашақ ұрпақтың жақсы болуы негізінен әйелдікіне тәуелді?» деген сұрақ туады. Себебі, дейді генетик ғалымдар, қыз бала бүкіл өмірінде бала тууға себеп болатын аналық ұрығымен (яғни ооциттермен) бірге туылады.

Қыз баласы шақалақ кезінде қанша ооцитпен дүниеге келсе, өмірінің соңына шейін сонша аналық клеткамен өмірін сүреді. Аналық клетка ер адамның ұрығы сияқты ұдайы ауысып, жаңарып тұрмайды. Саны да ешқашан көбеймейді. Қыз бала өскен сайын оның бұрынғы ооциттері пісіп жетіліп,дамып қана отырады. Қыз бала бой жеткен соң ай сайын бір ғана ооцит шығын қылады. Мұны хайыз кезеңі деп атайды.

Ер адамда керісінше, сперматозоидтар күн сайын, апта сайын жаңарып, көбейе береді. Ер баланың ұрығы миллиондап шығын болса да, тез арада толысып, қалпына қайта келеді. (Ер бала ұйықтап жатып поллюция болады) Ұл бала зиянды әдетке бой алдырып, ішіп, шегуге үйір болса сөз жоқ, оның ұрығының сапасы нашарлайды. Маскүнем, насыбайшы, нашақордан зерек бала туылуы неғайбыл.

Еркектер емделіп, тақуалық ұстанып, зиянды заттардан тыйылса, ұрығының сапасы қайтадан қалпына келеді. Қыз балаға табиғат мұндай мүмкіндік бермепті. Қыз бала албырттықпен зиянды әдетке бой алдырып, ішіп, шеге бастаса ооциттегі генетикалық кодтар зақымданады. Бұндай бойжеткен өсе келе өкініп, салауатты жолға бет бұрса да, қанындағы бүлінген аналық клеткалары ұл баланыкі сияқты басқасымен жаңаланбайды. Яғни, генетикалық кодтары зақымданған, нашар хромосомалар сол күйі тұра береді. Бұл – мәселенің бір қыры ғана.

Екіншіден, әдетте ерлі-зайыптылар қосылғанда, әкенің белінен 300 миллионға жуық сперматозоид «бала жасау» жарысына аттанады. Олардың ең жүйрік, ең алғыр, ең қуатты, ең пысық, ең асыл дегені мәреге бұрын жетуі шарт. Жатырда жалғыз жатқан ооцитке «ең қуатты», «ең күшті», «ең зерек» деген сперматозоид келіп кіргенімен қуануға әлі ерте. Себебі, аналық клетка жалғыз. Выбор жоқ. Бірінші боп келіп жеткен ер адамның мықты ұрығы сол жердегі жалғыз ооцитпен «отау» құруға мәжбүр. Ол жерде сперматозоидтар: «Маған мына клетка ұнайды» деп, көп ішінен артықша жаралған күштісін таңдай алмайды.

Ер азаматтың ұрығы қанша жерден қасиетті болса да, сапасы нашарлаған ооцитпен қосылғанда болашақ бөпені кемел дәрежеге көтере алмайды. Қалай болғанда да нәрестенің зиялы, зерек болуы ең бірінші аналық клетканың сапасына

тәуелді. Қыз баланың қанында ағып жүрген санаулы ғана ооциттерді барынша күтіп, баптап, олардың сапасын арттыру арқылы ғана ақылды адамдарды көбейтуге жол ашылады.

Тоқсан ауыз сөдің тобықтай түйіні – қыздарын бағып-қақпаған ел, ешқашан салауатты қоғам құра алмайды екен. (Санжар КЕРІМБАЙ)

РЕФЛЕКСИЯ немесе КЕРІ БАЙЛАНЫС:

Осы сабақтан түйгенім...

Аталмыш тіркес арқылы сабаққа қатысты пікірлеріңізді білдірсеңіздер.

Модератор:

Қызымыз қылықты, ұлымыз ұлықты болсын!

Ұлттың ұрпақ тәрбиесіне атсалыса берейік!

Қош, сау болыңыздар!

ЖЕҢГЕЛЕР МЕКТЕБІ

Сабақтың тақырыбы: Мұны қыздар білуге тиіс...

(интерактивті сабақ)

Қыз аттаған келін боп, ақ босаға,
Ақ босаға, мерейлі бас босаға.
Қасиетті халқымның дәстүріне,
Куә болып ғасырлар жатты осы ара.

(С. Желдербаева)

Сабақтың мақсаты: қазақтың дәстүрлі отбасындағы тәрбиеге ықпалды жеңгелер мектебінің жұмысын келіндердің педагогикалық мәдениетін көтеру арқылы қыз баланың тәрбиелеудің этнопедагогикалық мүмкіндіктерін пайдалану.

Міндеттері:

- жеңгенің отбасында қыз баланың қамқоры екендігін түсіндіру;
- жеңгенің отбасындағы қарым-қатынас мәдениетін сақтаушы ретінде рөлін ашу;
- қазақтың салт-дәстүрін сақтаудағы келіннің рөлін ашу арқылы қыз балаларды болашақ өмірге даярлауда тәрбие берудегі үлгісін нақты мысалдармен ашу.

Көрнекілігі: залда қазақ тіліндегі әндер беріліп, қыз бала тәрбиесіне қатысты, келін-жеңге рөлін ашуға қатысты мақал-мәтелдер экраннан ретімен шығып тұрады.

Жазира Байырбекованың орындауындағы «Ақ босаға» (сөзі: Сәнімкүл. Желдербаева, әні: Мұхамеджан Рүстемов) әні тыңдауға ұсынылады.

https://matinder.kz/song/zhazira-bayyrbekova/kazaktyn-kelinderi-ay

«Ұлтыңды сақтаймыз десең, қызыңды тәрбиеле»

«Есті қыз екі елдің туын ұстайды»

«Қыз баланың тілегі – тәңірден, қызыл дәннің барар жері – диірмен»
«Ақылды туған қыз бала, батыр туған ұлмен тең»

«Жақсы келін құрдасыңдай болар, жақсы ұлың сырласыңдай болар» т.б.

Сұрақтар:

Жеңгелер деген кім және оның қыз бала тәрбиесінде орны бар ма?

Отбасындағы қарым-қатынас мәдениетін сақтауда жеңгенің не келіннің рөлі қаншалықты?

Ұлттық, отбасылық құндылықтарды сақтап, отбасындағы салт-дәстүрді сақтаудағы ісімен үлгі бола ма?

Қыз баланы болашақ өмірге даярлау мәселесі маңызды ма?

Сабақтың әдісі: (мәселелік оқыту) жағдаятты шешу әдісі

Сабақтың барысы:

Модератор: Қайырлы күн, қазақтың аймаңдай арулары – отбасының берекесін келтіріп отырған келіндер, жарқын жүзді жеңгелер!

Танысу минуты: сабаққа қатысушы өзінің аты-жөнін, мамандығын, т.б. айтып өтеді.

Модератор: Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан өз мәдениеті бар. Ол ұлттық құндылықтарынан, отбасындағы қарым-қатынасынан, ұрпақ тәрбиесінен көрініс табады. Дүниеге бала келгеннен бастап, оны өсіру-тәрбиелеуде ертең осы ұрпағым басқа елмен туыс етеді, үйдегі берген тәрбиемізді, осы үйде көрген өнегесін басқа үйде көрсетеді деп, отбасында жақсы тағылым беруді білген. Мысалы, жаңадан келіп түскен келіннің

жүріс-тұрысы арқылы шыққан жеріне баға беріледі.

«Әдепті келін – ауылдың көркі», «Келінді келін демесең, жақсы болса өз қызыңдай», «Балаң жаман болса да келінің жақсы болсын» деп жататыны сондықтан.

Сабағымыздың мазмұнын ашатын алғашқы сұрақ:Жеңгелер деген кім және оның қыз бала тәрбиесінде орны бар ма?

Сабаққа қатысушы мектебіміздің мықты педагогі, қазақтың аяулы келіні..... деген әріптесімізді ортаға шақырып, отбасындағы келіннің, жеңгенің рөлі туралы бірінші сұрағымызға жауап беріп етеді.

Жеңгенің алғашқы рөлі келін болудан басталады. Отбасындағы келіннің рөлі өзінің келген ортасын сыйлау, құрметтеу арқылы үй-ішінің тірліктерін атқаруды меңгерумен басталып, отбасылық қарым-қатынастың реттелуі келіннің іс-әрекетінен көрініс табады. Қайын-жұрттың атын атамау – ат тергеу, үлкенге құрмет көрсетіп, бата алу, сәлем жасап – алғыс алу сияқты сыйластық кілті келінде болуға тиісті. Басты мақсат: келген жерінде орнын табу, сыйлай білу, сыйымды болу арқылы өз тамырын жайып, өсіп-өну.

Жеңгелік рөл келіннің келген жеріндегі өзінен кішілерге қамқорлығын көрсетуі арқылы іске асады. Өзінен үлкен болғанымен, күйеуінен кішінің бәрін «қайны-қайынсіңлілер» қатарында қарап, оларға жарасымды да ұтымды және өздеріне ұнамды ат қоюы – жеңгенің келген ортасына сіңісуінің басты шарты. Қайнылары-на қыз таңдауға бағыт-бағдар, кеңес береді. Өйткені, бір шаңырақ астында өзімен абысынды-келінді жақын жүретін, қызметті бөліп атқаратын әйелдің дұрыс адам болып келуіне немқұрайлылық танытпайды. Ақылдасып, қыз көңілін табуға психологиялық нұсқаулар, ұсыныстар жасайды. «Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан» деген мәтел қайнының шын қолдаушылардың бірі екендігі.

Қыз бала үшін жеңге – таптырмайтын жанашыр. Өз тәжірибесінен көргені мен түйгенін айта отырып, сыр бөлісетін жеңгелер институтының әлеуметтік мәні биік болуы тиіс. Этноәлеуметтік рөлдің ішінде жауаптылығы жағынан да, жақындығы жағынан да жеңгенің рөлі жоғары.

Модератор: Рақмет! Енді менің қолымда 4 түрлі қағаз бар, ретімен атасам: сары, қызыл, жасыл, көк. Сіздерде ретімен осы төрт түсті қайталап айтыңыз. Мысалы, Сіз – сары, келесі – қызыл, солай ретімен айтамыз.

Енді бөлінейік: сары – 1-топ, қызыл – 2-топ, жасыл – 3-топ, көк – 4-топ. Осылайша төрт топқа бөліндік және екі сарапшымыз бар.Сарапшылар топ жұмысын бақылап, соңынан қорытындылайды.

Біз бүгінгі сабақтағы «Отбасындағы қарым-қатынас мәдениетін сақтауда жеңгенің не келіннің рөлі қаншалықты?» деген сұрақ төңірегінде жұмыс жасаймыз.

Қазір топтық жұмыс: әр топқа тапсырма беріледі. 10 минут – ақылдасу, 5 минут тапсырманы ашып беру. Барлық топқа 30 минут уақыт кетеді.

Отбасында әже-анасынан тәрбие алған, жеңгелерінен өнеге көрген қыздарымыз өмірдің қиындықтарына жауап таба алады, яғни, түрлі мәселелердің шешілу жолын ақылмен байыптай алады.

Өмірде кемшіліксіз жандар сирек. Келін болу да, ене болу да оңай емес. Бұл этноәлеуметтік рөлдердің өз қиыншылығы бар. Бұл жерде мінезінде кемшіліктері бар енелерді мысалға алдық, оған үлкендер ренжімес. Мінездің кемшілігі әркімдерде де болады. Мұндай енелер өмірде болуы да, болмауы да мүмкін, біз тек мысал үшін алдық.

Енеге жақсы келін болып тіл табысу, ұрыс-керіссіз бір шаңырақтың астында тұру сіздердің қолдарыңыздан келеді. Топ болып оң шешімін табатындай жұмыс істейік.

1-тапсырма

Өмірде адуын, ашуы келсе өзін ұстай алмайтын, аузына келгенді бетің бар, жүзің бар демей, ақтара салатын ұрысқақ әйелдер болады. Егер, осындай әйел Сіздің енеңіз болса, дәл осы жағдайға түскенде не істеген болар едіңіз?

Сіз ақылы мен әдебі бар келін ретінде қандай әрекетке барасыз?

Бір жағдаяттан шығудың жолы ғана емес, ұрыспай керіспей, осындай ененің тілін тауып қалай тұруға болады?

Мұндай мінезінен арылуға ықпал етуге не істер едіңіз?

2-тапсырма

Өз үйін жуып-тазалап, қағып-сілкіп, тазалыққа ерекше қараймын деп, мазасыздыққа тап болған жандар бар. Оған өзінен басқа адамның істегені ұнамайды. Келін істеп кеткен жерді қайталап өзі істеп әрі өкпелеп, келіндерді ыңғайсыз жағдайға түсіреді.

Мұндай енелерге қалай жағуға болады?

Ененің көңілін табуды неден бастаған дұрыс?

Қолынан жұмысты алуға қалай кіріскен дұрыс?

3-тапсырма

Қызғаншақтықтың емін табуға тырысып көріңізші... Әйел алған баласын қызғанып, келінімен алакөз болып жүретін жағдайлар келін мен ене арасында жиі кездеседі. Келінінен баласын қызғанатын, келінінің киген киімін, жастығын қызғанатын енелерге не дауа бар?

Бұл жағдайды білгеннен соң, отбасылық ахуалды қалай реттеуге болады?

Қызғанышты туғызбауға келін қандай әрекет жасау керек?

Ене мінезінің реттелуі үшін тағы не істеуге болады?

4-тапсырма

Келіннің төркінін менсінбей, өзін, өзінің шыққан тегін мақтап, мақтанып отыратын енелер бар. Жетістіктері бар бауырларын, іс бітірер туысқандарын айтып мақтанады. Өзінің осы әулетті өсіріп-өндіргені, тегінің мықтылығы арқасы екендігін айтып отырудан жалықтайды. Сөз арасында келін жақтың осалдығын да түйреп өтеді.

Осындай енемен ұрыспай-керіспей өмір сүруге бола ма?

Олқылықтың орнын қалай толықтырасыз?

Ене мінезін жақсартуға қандай үлес қоса аласыз?

Сарапшылардың топтағы пікірлерді бағалауы:

Пікірдің топқа немесе жеке тұлғаға қатыстылығы;

Айқын ұстаным (тақырыпты ашуға);

Нақты мысалдар келтіруі;

Шынайылығы;

Нақты ұсыныстары.

Қорытынды тұжырым:

Кемшіліксіз адам болмайды. Өмірдің қиын сәттері – әрі сынақ, әрі сабақ.

Ұрыса кету, жылай салу – әлсіздің ісі. Ақылың болса, ақылға жүгінген дұрыс.

Өмірдің қиындығынан қашсаң, азабы дайын тұрады.

Отбасындағы ұрыс абыройдан айырады.

Отбасындағы ене есті болса, келіні кемеңгер болады.

Отбасындағы ене мен келіннің әрбір сөзі мен ісі – берекенің кілті, ұл мен қызға өнеге.

Модератор: «Ұлттық, отбасылық құндылықтарды сақтап, отбасындағы салт-дәстүрді сақтаудағы ісімен үлгі бола ма?» деген сұрақ төңірегінде ойлансақ...

Қазір экранға назар салайық.

Мәтінді оқиды, сұрақ қояды.

1-слайд:

КЕЛІННІҢ СӘЛЕМ САЛУЫ

Диллема немесе өмірде болған жағдай

Оңтүстіктің бір қызы Жетісу жеріне келін болып түсті. Беташар өтіп, жас келін үйде жалғыз қалған алғашқы күндердің бірі еді. Келін танымайтын, бұрын мүлде көрмеген бір жігіт үйге келіп кірді. Өз күйеуінен

үлкендеу болып көрінген соң, қайынағаларының бірі болар деп жас келін дереу иіліп сәлем берді. Жігіт сәлем алмастан сәл тұрып қалды да тез кері бұрылып, үйден шығып кетті.

Жас келін болған жағдайға ыңғайсызданып, не істерін білмеді. Сәлем бермеуі керек пе еді? Енді келсе кешірім сұрай ма әлде мүлде келмесе ше?

2-слайд:

Қалай ойлайсыз, келіндікі бұрыс па, жігіттікі бұрыс па?

3-слайд:

Осылай әрі-сәрі күйде жүргенде, 20 минуттай өткен соң, әлгі жігіт қолында гүлі мен торты бар үйге қайта кірді. Күліп тұрып: «Өмірімде маған бірінші рет ерекше сәлем бергені үшін қатты толқып кеттім. Мынау Сізге деген сыйым!» - деп, гүлі мен тортын келінге ұсынды.

4-слайд:

Демек, сәлем салу:

- келіннің сәлем салуы бәріне ұнайды;
- келіннің сәлем салуы – қазақтың дәстүрі;
- келіннің сәлем салуы – кішілік ізет;
- келіннің сәлем салуы – ұлт мәдениеті;
- ұлттың мәдениеті сақталуы тиіс.

Модератор: 4-сұрақ бойынша: Қыз баланы болашақ өмірге даярлау мәселесі маңызды ма? Бүгінгі сабақтың қыз тәрбиесіне берері бар ма?

Ортадағы отырған қатысушыларға сұрақ қою арқылы қорытындылайды.

Сабаққа қатысушылардың ойын төмендегіше қорытындылауға болады:

- халқымыз алдыңғы буын арқылы кейінгі ұрпақты тәрбиелеген;
- қыз бала тәрбиесі – баршаның ісі, себебі: ұлттың, мемлекеттің көп көрсеткіші осы тәрбиеге тікелей қатысты;
- қазақ аналары, қазақ келіндері – отбасылық қана емес, қоғамдық тәрбиенің де белсенді тәрбиешілері;
- бүгінгі сабаққа қатысқан әрбір жеңге өзінің қойын дәптеріне кейінгілерге сабақ болатын өнегелерін жазып жүрсе деген өтінішіміз бар.

Құрметті сабаққа қатысушы аяулы қазақ қыздары – қаракөз айымдар! Сіздерменен өмір нұрлы, отбасы жылылыққа толы. Кез келген қыз бала – болашақ отбасының ұйытқысы, тәрбиеге жетекші екенін ұмытпаса деген тілегіміз бар.

VIII. ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ



«Балаларды денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына ҚР 19.04.2023 № 223-VII Заңымен өзгеріс енгізілді, 3-тарау, 10-бап.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметіне байланысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 1 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 127-1-бап.

2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі. Мазмұны ҚР 2022.05.03 № 118-VII Заңымен алынып тасталды.

«Бала құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы.

«Қазақстан Республикасындағы отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын 2030 жылға дейін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығына ҚР Президентінің 13.04.2023 № 195 Жарлығымен енгізілген өзгерістер енгізілді.

«Балалардың хал-ахуалының индексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы №21-ө Өкімі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы

31 желтоқсандағы №569 «Кәмелетке толмағанға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездік фактілерін анықтау және олармен жұмыс істеу жөніндегі ведомствоаралық өзара іс-қимыл жөніндегі басшылықты бекіту туралы» бұйрығы.

Киберқауіпсіздік тұжырымдамасын бекіту туралы («Қазақстан киберқалқаны») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 407 қаулысына ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 қаулысымен өзгеріс енгізілді.

Абай Кунанбаев. Слова назидания. - Алматы: издательство «Алматыкітап», 2022.

«Қазақстанның ата-аналары: балаларды пандемиядан кейінгі тәрбиелеудегі рөлі» аналитикалық есебі: С.А. Ирсалиев, М.Б. Камзолдаев, Б.Б. Әбуов, А.А. Ахметжанова, Р.С. Сыздықбаева – Нұр-сұлтан: «Белес»Талдау және стратегия орталығы» қоғамдық бірлестігі, 2022

БаласағүнЖ. Құтты білік – Мазмұндама Баспасы, 2022.

Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы 2021 жылғы баяндама, Нұрсұлтан, 2021.

Н. Башкирова Современный ребѐнок и его проблемы. – СПб.: Наука и техника, 2019.

Бикеева А.С. Как стать феноменальным родителем и создать Семью Особого Назначения? – СПб.: Речь, 2020.

Вержибок Г.В. Гендерное воспитание в семье и школе : Г.В. Вержибок; под ред. А.С. Лаптенка. – Минск: Национальный институт образования, 2018.

Казахстанские семьи. Национальный доклад. – Астана, 2021.

Канеман. Д. Думай медленно… Решай быстро. – М.: Издательство «АСТ», 2018 г.

Кови С. Р. Семь навыков высокоэффективных людей: Мощные инструменты развития личности. – © Электронное издание. ООО «Альпина», 2019.

Когнитивные исследования: Сборник научных трудов: Вып. 2. /Под ред. В.Д. Соловьева, Т. В. Черниговской. – Институт психологии РАН Москва. – 2018 г.

Құдайбердиев Ш. Полное собрание сочинений в 3-х томах– Международный клуб Абая, 2018.

Кулагина И.Ю. Психология развития и возрастная психология: полный жизненный цикл развития человека / И.Ю. Кулагина, В. Н. Колюцкий. – М.: Трикста, Академический проект, 2019.

Кулагина И.Ю. Возрастная психология: развитие ребенка от рождения до 17 лет / Ун-т Рос. акад. образования. – 5-е изд. – М.: Изд-во УРАО, 2020.

Кулагина И.Ю. Колюцкий В.Н. Возрастная психология. Юнита 3. Характеристика психологических особенностей подростков и юношей. – НОУ «Современный Гуманитарный Институт», МОСКВА, 2018.

Куткина М.Н., Линич Е.П., Барсукова Н.В.: Организация питания детей и подростков. Учебное пособие. – Лань, 2021.

Монахова А.Ю. Психолог и семья: активные методы взаимодействия. – Ярославль: Академия развития: Академия Холдинг, 2020.

Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы: Оқулық. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.- 336 бет.

Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы: оқулық. – Алматы, Қазақ университеті, 2014. – 285б.

Хмель Н.Д. Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс. – Алматы: «Ғылым», 2002. – 168 б.

Ньюмарк Д. Как воспитать эмоционально здоровых детей / Перев. с англ. –М.: ООО Издательство «София», 2018.

Родители Казахстана: роль в образовании и воспитании детей в постпандемию. С.Э. Ырсалиев, М.Б. Қамзолдаев, Б.Б. Абуов, А.А. Ахметжанова, Р.С. Сыздыкбаева . – Нур-Султан, 2022.

Руководство для мужчин. Как

быть осознанным отцом и мужем. / Жаскайрат М., Кабакова М., Лысенкова Ю., Танирбергенов С., Абуова Г., Исмаилов Е., Мустафин Е., Макан К. – Нур-Султан, 2020.

Санд И. Компас эмоций: Как разобраться в своих чувствах. – М.: Альпина Паблишер, 2018.

Таубаева Ш.Т., Мақсұтова И.О. Дидактикадағы инновация: оқу құралы. – Алматы: «Қарасай» баспасы, 2020. – 350 бет.3) Әбиев Ж.. педагогика тарихы: оқу құралы-Алматы: Дарын,2006 – 480 б.

Селигман М. Новая позитивная психология: Научный взгляд на счастье и смысл жизни»– Издательство: София, 2021.

Фабер Адель. Как говорить, чтобы дети слушали и как слушать, чтобы дети говорили – Москва: Эксмо, 2021.

Жумасова К. Психология: Оқулық К. Жұмасова, Л. Есенова. - 3-басылым, толықт., өңд. - Астана: Фолиант, 2017. -4 0 0 б. (қазақ тілінде)

Фейдл Ч., Бялик М., Триллинг Б. Четырехмерное образование: Компетенции, необходимые для успеха / Чарльз Фейдл, Майя Бялик, Берни Триллинг: Пер. с англ. – М.: Издательская группа «Точка», 2018.

Шарипова Д., Бейменбетов С. Молодежь в Казахстане: оценка ценностей, ожиданий и стремлений. – Алматы: Издательство «DELUXE Printery», 2021.

Афонькина Ю. Справочник педагога-психолога школы. // Серия «В помощь школьному психологу». – Издательство «Учитель», 2020 г.

Жасампаз жандардың жеті дағдысы. Тұлғаны дамытудың тегеурінді тетіктері. – Алматы, Ұлттық аударма бюросы, - 2018 жыл, 352 бет.

Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. /Пер. с англ. А.П. Исаевой. – М.: Изд-во. «АСТ», 2019.

Катович, Н.К. Формы и методы взаимодействия семьи и школы: пособие для педагогов учреждений общ. сред. образования / Н.К. Катович, Т.П. Елисеева. – Минск: Национальный институт образования, 2018.

Оксанен Е. Атлас эмоций. Путеводитель по миру человеческих чувств. – ООО «Издательство АСТ», 2022.

Марк Брэкетт. Позвольте себе чувствовать. Искусство управления эмоциями.// Кэролл Дуэк автор бестселлера «Гибкое сознание. Новый взгляд на психологию развития взрослых и детей» - издательство «Бомбора», Москва, 2023.

Пол Экман. Эволюция эмоций. – СПб: Питер, 2023г.

Морин Хили. Детские истерики, гнев, обиды. Как научить ребенка справляться с сильными эмоциями. – Москва: Эксмо,2021г.

Шарман А. Восемь секретов здоровья: исповедь современного номада. – Алматы: Smart Health, 2019 г.

Н.Молдабайқызы, Е.Жаубай, Қазақтың жазылмаған психологиясы. Алматы, 2020.

Е. Ертайұлы. Баланы жазасыз тәрбиеле. Алматы, 2019.

А. Тұрақұлова. Балам жақсы болсын десеңіз. 2019.

Ж. Таласбаева. Проблема балада ма?. 2020.

Қ. Жолдыбайұлы. Кемел адам. 2021.

М. Шапиян. Тұлға тәрбиелегіңіз келсе... 2020.

Е. Ертайұлы. Баланы тәрбиелеме, өзіңді тәрбиеле. 2020.

IX. АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ

АЛҒАШҚЫ КЕЗДЕСУ

Бұл әзірлемеде білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының ұсынысы бойынша оқушылардың ата-аналарымен кездесу барысы ұсынылған.

Кездесудің мақсаты: Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының ұсынуымен білім беру ұйымдарында отбасы мен мектептің тәрбие міндеттерінің бірлігі арқылы баланың әл-ауқатын қамтамасыз ету, мазмұнды әзірлеу тәсілдерінің ерекшеліктері, тыңдаушыларға білім беруді ұйымдастыру.

Кездесуге қатысушылар: оқушылардың ата-аналары, білім беру ұйымының әкімшілігі, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, сынып жетекшілері.

Жетекші кездесулер: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары (бұдан әрі-директордың ТЖ орынбасары) әлеуметтік педагог, педагог-психолог, сынып жетекшісі.

Ресурстар: ноутбук, проектор, экран,флипчарт тақтасы, фломастерлер. Алғашқы кездесу әзірлемесі, Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты (бұдан әрі – АҮДҰИ) түсірген «Әже дәстүрлері» бейнеролигі, слайдтар.

Кездесудің басында қатысушыларды білім беру ұйымының басшысы қарсы алады.

Әрі қарай кездесу келесі сценарий бойынша өткізіледі.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Біз көп оқып-үйренеміз! Мектеп, университет, біліктілікті арттыру курстары, жеке өсу тренингтері. Біз кітап оқимыз және танымдық фильмдер көреміз, достарымызбен көркем шығармаларды талқылаймыз және жаңа технологияларды үйренеміз.

Біз ақпарат теңізінде өмір сүріп жатырмыз және бұл ақпаратты пайдалануды үйрендік. Біз – болашақтың балаларымыз! Біз бәрін жасай аламыз және бәрін білеміз. Бірақ көпшілігімізде өзімізге сұрақ қоятын уақыт келеді: өмірде не істеу керек, қалай болу керек? Бұл, әр адам өз бақытын күтумен байланыстыратын уақыт! Әрине бұл сүйіспеншілік, отбасын құру және балалы болу уақыты. Енді қалғаны оларды өсіру ...

Адамдар бақытты отбасын қалай құруды және балалаларын бақытты етіп өсіруді көбінде білмей жатады. Бізге бұл жөнінде мектепте үйретпейді. Біз үлкендердің кеңестерін сирек тыңдаймыз және басқалардың жіберген қателіктерінен сабақ алмаймыз.

Бірде жас әйел психологпен сөйлесіп отырып, керемет пікірін айтты: «Жұмыста бәрі бақыланады. Мен бүкіл бөлімнің қызметін ұйымдастыра аламын, бизнес-процестерді басқара аламын, мақсаттарға жете аламын. Бірақ балаларды тәрбиелеу – бұл мүлдем болжау мүмкін емес нәрсе.

Бұл үлкен мәселе ретінде пайда болатын тұман. Мен бұл туралы не істеу керектігін білмеймін!»

Бұл айтылған пікірдегі сұраққа жауап – біз әр кез бақытты болуды білмейміз! Бізге бәрін үйретеді, сүйікті адаммен қарым-қатынас орнатуды, ана мен әке болуды және ең бастысы бақытты балаларды қалай тәрбиелеуді үйретеді! Соның ішінде бақытты балалар – бақытты отбасында өсетінін білген өте маңызды!

Әлеуметтік педагог. –Адамзат ой-

шылдары бізге өзімізді және балаларымызды тәрбиелеу туралы көптеген сұрақтарымызға жауап беретін терең мұра қалдырды.

Абай: «Адамға туғаннан — мықты денсаулық, әдемі келбет беріледі... Қалғанының бәрі әке мен ананың тектілігіне, ата-ананың дана тәлімгерлігіне байланысты» (Абай сөздері слайдта көрсетіледі.)

Абай айтқан қалай дана тәлімгер болуға болады? Әке мен ананың тектілігі неден көрінеді? Бақытты отбасын қалай құруға және сақтауға болады, қалай балалар бақытты болады және болашақта өздері бақытты отбасынқалай құра алады?

Осы және басқа да сұрақтарды балалар да, ата-аналар да қояды. Барлық сұрақтарды әдетте бір жақтауға орналастыру мүмкін емес. Оларды жүйелеу тіпті қиын, өйткені олар адам өмірінің көптеген салаларына қатысты.

Осы мәселелерге тоқталайық, замандастарымыздың мәселесін түсінуге тырысайық.

(Бұдан әрі балалар мен ересектер қоятын сұрақтар ұсынылады. Сұрақтар слайдтарда алдын-ала айтылуы және көрсетілуі немесе алдын-ала дайындалған ересектер мен балалар кездесу барысында тікелей айтылуы мүмкін. Сұрақтардың мазмұнын ұйымдастырушылар тұрғылықты жердің жағдайын ескере отырып анықтай алады.)

Сұрақтар үлгісі:

Ананың сұрағы. Қызым өз бөлмесіне кетіп қалды, оны мазаламауымды және сұрақтар қоймауымды талап етті. Мен не істеуім керек?

Әкенің сұрағы.Менің ұлым 10 жаста және мектепке барғысы келмейді. Мен не істеуім керек?

Жеңгенің сұрағы. Менің інімнің қызы үнемі сатып алып беруді талап етеді: сатып алып бер де, сатып алып бер әйпесе кедей сияқты жүремін! Жалпы тұтыну дәуірінде қанағатшылдыққа қалай үйретуге болады?

Сегізінші сынып оқушысының сұрағы. «Ең жақын досымның мінез-құлқы маған жаман әсер етеді» деп дос болуға тыйым салынды. Мен достықтан бас тартып, сатқындық жасаймын ба?

Әже сұрағы.Көбінесе ата-аналар балаларға әжелер рұқсат еткен нәрсені жасауға тыйым салады. Бұл бірлескен кездесуде талқылануы мүмкін бе?

Сегізінші сынып оқушысының сұрағы. Менімен ешкім дос болғысы келмейді. Барлығы маған күледі. Менің мектепке барғым келмейді. Ата-анама қалай айту керек?

Ерлі-зайыптылардың сұрағы. Біз баланы мейірімді, жанашыр етіп тәрбиелеуге тырысамыз, ал қоршаған әлем мүлдем басқа. Көбінесе ашық және жанашыр адамдарға өмірде өз орнын табу қиынға соғады. Мүмкін қарама-қарсы қасиеттерді тәрбиелеу керек шығар?

Тоғызыншы сынып оқушысының сұрағы. Мені үнемі үлкен ағаммен салыстырады. Ата-анамның айтуы бойынша Мен мүлдем елеусіз жоқтықпын. Бұл рас па?

Ағасының сұрағы. Менің жиенім оқитын сыныпта барлық балалар интернетке қосылған планшеттер ұстайды. Жиенім де сұрайды. Қазір оның анасының планшетті сатып алу мүмкіндігі жоқ. Мүмкін мен әпкеме көмектесу үшін несие алуым керек пе?

Үшінші сынып оқушысының сұрағы. Жоғары сынып оқушылары күн сайын менен ақша талап етеді. Мен қалай күресуді білмеймін. Қай жерде төбелесуге үйренуге болады? Бұл сұрақтарды әйеліңіз, күйеуіңіз, ұлыңыз немесе қызыңыз, қайын атаңыз немесе қайын енеңіз, немереңіз қойып жатқанын елестетіп көріңіз...

Қалай көмектесуге болады? Қойылған сұрақтарға нақты жауаптар бар ма?

Сынып жетекшісі.

– Сұрақтары бар хаттар. Міне, мен сіздерге оқып берейін.

Менің ұлым 12 жаста. Мінезі өте күрделі. Кейде әмияннан сұрамай

ақша алады. Үнемі алдайды, оқығысы келмейді, мектептегі тәртіп мәселелері жеткілікті. Әкесінің белбеуі мен менің көз жасым көмектеспейді. «Мен керексізбін» деген сөйлемді қайталайды. Достары жоқ, хоббиі жоқ, өте ашуланшақ, агрессивті. Тек құбыжықтар ойынын ойнайды. Қанды көріністерді салады, болашақта банкті тонап, шалқып өмір сүруді армандайды. Ол солай әзілдейді ме, білмеймін... Әкесі ұлымен тіл табыса алмайды. Біз онымен қалай тіл табысуды білмейміз, ол жақсы-жаманды түсінбейді. Менің ойымша, ол бізден қорқады. Ол өзін жалғыз сезініп, өзін тастап жіберген шығар. Мен оны біржола жоғалтып алудан қорқамын. Не істеуім керек?

Хаттың авторы ақиқат іздеп шығады: ұлы өзін жалғыз және керексіз сезінеді

Педагог-психолог.

– Ата-аналар 12 жасында баланы осылай сезіну үшін қолдан келгенінің бәрін жасады. Бұл өте қарапайым. Баланың проблемаларымен емес, материалдық мәселелермен айналысу; онымен сөйлесуге жеке уақыт жұмсамау, кіммен дос екеніне қызығушылық танытпау. Ұлы өзін еске түсірмесе – ешкімнің шаруасы жоқ, тыныш! Ол гаджеттермен сөйлеседі! Бұл мәселені тез шешу үшін жазалауға болатынын білесіз! Бұл үшін белбеу өте қолайлы! Бұл мақсатқа жетудің ең қысқа жолы! Отбасы дәстүрлері? Олар не үшін қажет? Бос риторика!

Бұл тек бетінде жатқан нәрселердің толық емес тізімі. Егер сіз тереңірек үңілсеңіз, онда сурет одан да қараңғы болады... Барлығы жабық шеңберде жүреді: ата-аналар қатал және дәрменсіз болады, ал бала оларға аз сенеді және алдайды. Өтірік-бұл қорғаныс!

Құрметті ата-аналар, егер сіз өзіңіздің өсіп келе жатқан балаңыздан мазасыз ана өз хатында айтатын қасиеттерді көргіңіз келсе, әрі қарай жалғастырыңыз.

Әлеуметтік педагог.

– Балаңызға назар аудармадыңыз, онымен сөйлеспедіңіз, оның өміріне қызығушылық танытпадыңыз... Ол біреумен дос па, әлде достары жоқ па сізге бәрі бір. Өзіңізге аса жауапкершілік артпадыңыз: өзіңізді ұстауға да, жүруге де ыңғайлы! Өте оңай? Бала өзі қандай да бір жолмен сіздің күш-жігеріңізсіз өседі! Табиғат бұған қамқорлық жасайды. Ата-әжелерін елемедіңіз? Олар сізді, балаларын тәрбиелеу арқылы өз міндеттерін орындады!

Сынып жетекшісі.

– Мазасыз бейне! Айтпақшы, хатта отбасының аға буыны туралы ештеңе айтылмаған. Ата-әжелермен байланыс үзілуі мүмкін. Сонымен қатар, олардың жылылығы, даналығы әрқашан баланың жақсы дамуына, мінез-құлықтары мен қасиеттерін тәрбиелеуге ықпал етеді.

Мұғалім 1-сыныптың соңында атақты математик Владимир Арнольдтің анасын шақырып, көбейту кестесін білмегендіктен баланы келесі сыныпқа ауыстыра алмайтынын айтты. Ол бірден көбейтудің орнына біртіндеп қосып жауап береді. Егер жеті жердегі сегіз неше болады десе, бала жетіні сегіз рет орналастырып барып қосады. Оның әкесі-профессор, атасы-профессор! Міне, әжесі ойын ойлап тапты. Ол ойынға ұқсас карталар жасады, бірақ мысалдармен: жетіні сегізге немесе бесті үшке... Ал екінші жағында – жауап және олар бірге ойнай бастады. «Бес алты». Бала: «отыз» дейді. Дұрыс жауапты бір жағына ал, қате жауап болса келесі жағына қояды. Сонымен, бір жағындағы карталар жинағы азайып, екінші жағындағы өсті. Соңында өте аз қалды. Осылайша бірінші сынып оқушысы көбейту кестесін тез үйреніп алды. Бұл жерде не болды? Әже баланы мәжбүрлемей ойынға айналдырып, қажетті нәтижеге қол жеткізді. Міне, даналық пен сүйіспеншілік деген осы! Біз әрқашан аға буынның әлеуетін түсінеміз бе?

Қазақ мәдениетінде дені сау отбасының қалыптасуы мен нығаюының маңызды шарты – ұрпақтар сабақтастығы. Біз көруге ұсынатын бейнероликте аға буынның балалардың тағдырына сүйіспеншілікпен қарауы туралы.

(АҮДҰИ түсірген «Әже дәстүрлері» бейнеролигін қарау)

Бейнеролик көрсетілгеннен кейін сынып жетекшісі жалғастырады: Кездесулердің бірінде Халықаралық гуманды педагогика орталығының негізін қалаушы Шалва Амонашвилиден ата-аналар сұрады: «Егер әжесі немересіне күйеуім екеуміз тыйым салатын нәрсені жасауға рұқсат берсе ше? Біз баланың мұны істей алмайтынын білеміз». Шалва Александрович: «Сіз дұрыс шығарсыз. Сіз тіпті 100% дұрыс екеніңізге сенімдімін, бала бірдеңе істей алмайды! Бірақ бұл ... Әже!» деп жауап берді.

Шынында да, отбасындағы ұрпақтар арасындағы келісімге қалай қол жеткізуге болады? Бұл сұрақтарға біздің мектепте «Даналық мектеп» клубы жауап бере алады.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

– Құрметті ата-аналар! Балалаңызды жақсы көретіндеріңіз қолдарыңызды көтеруді сұраймыз. Кідірістен кейін: - Керемет!

Біз басқасын күткен жоқпыз.

Балаға деген шынайы сүйіспеншілік қалай көрінеді? Біздің оларды жақсы көретінімізді балалар сезе ме? Біз бұл сұрақтарға нақты жауап бере аламыз ба?

Сұрақтар туралы ойлануды ұсынамын:

– Отбасында ата-ананың балаға қатысты басты мақсаты қандай?

(Сұрақ слайдта көрсетіледі. Ата-аналардың жауаптары тыңдалады.)

Пікір алмасу аяқталғаннан кейін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қорытынды жасайды:

–Сіздер бір-біріңізге ұқсамайтын өзгеше болсаңыздар да, жауаптарыңыз бір: баланы отбасында, мектепте, қоғамда бақытты ету.

Сүйіспеншілігіңізді көрсетуді үйреніңіз! Бұл – позитивті ата-ана деп аталады. Сіздердің айтқандарыңызды қорытындылайтын болсақ, біздің ортақ мақсатымыз: позитивті ата-ана мәдениетін дамыту арқылы балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету.

Позитивті ата-ана – бұл баланың жеке басын, оның қажеттіліктерін, тілектерін, белгілі бір мінез-құлықтың себептерін жақсы көруге және терең түсінуге негізделген тәрбие стилі. Бұл стиль бала мен ересек адамның достық қарым-қатынасына, қолдауына, өзара ынтымақтастығына негізделген.

(Бұл нәтиже слайдта көрсетілген.)

Әлеуметтік педагог.

– Талқылау үшін келесі сұрақты ұсынамын:

– Бұл үшін бізде қандай мүмкіндіктер бар?

(Сұрақ слайдта көрсетіледі. Ата-аналардың жауаптары тыңдалады. Жауаптардың мәтіні тақтаға жазылады.

Мысалы: балаларға көбірек уақыт бөлу; мектеппен жақсы байланыста болу; тәрбие туралы кітаптар оқу; күннің қорытындысын бірге талқылау; достарға қызығушылық таныту; егер бала қиындыққа тап болса, үй тапсырмасын орындауға көмектесу; секцияны немесе үйірмені таңдағанда баланың мүдделерімен санасу; бірге бос уақытты өткізу және т. б.)

Пікір алмасу аяқталғаннан кейін әлеуметтік педагог қорытынды жасайды:

– Сіздердің айтқандарыңыздың бәрі позитивті ата-ана болуды үйрену керек деген қорытындыға әкеледі! Мұны қалай жасауға болады?

Сіздер, Қымбатты ата-аналар және мұғалімдер! Бойыңыздағы болу позитивті ата-ана болу қасиетін ашыңыз, бұл жердегі ең маңызды ғылымды игеріңіз!

Педагог-психолог.

– Ал қазір миға шабуыл. «Позитивті

ата-ана»ғылымының дамуына не кедергі болуы мүмкін? (Сұрақ слайдта көрсетіледі. Ата-аналардың жауаптары тыңдалады. Жауаптардың мәтіні, мысалы: уақыттың жетіспеушілігі, тұрмыстық істер мен проблемалардың жүктемесі, баламен өзара тіл табысудағы қиындықтар, 21 ғасырдың ерекшеліктері, ұрпақ құндылықтарындағы айырмашылық, Заңдарды білмеу, қиын өмірлік жағдайларда тиімді психологиялық көмектің болмауы және т. б.).

Пікір алмасу аяқталғаннан кейін психолог қорытынды жасайды:

– Аталған мәселелерді шешу үшін отбасы мен мектептің күш-жігерін біріктіру қажет! Осы мақсатта ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы құрылды.

Қолдау сөзі біржақты ұғым емес, бұл бірге алға жылжу. Біз жалықтыратын теорияны қолданбаймыз: тек дәлелденген тәжірибелер мен өмірден алынған мысалдарды ұсынамыз! Құрметті ата-аналар, сіздердің тәжірибелеріңіз де кеңінен қолданылатын болады! Сіздердің пікіріңіз біз үшін өте маңызды! Біз сондай-ақ балаларымыздың ата-әжелері мен аға буынды да жұмысымызға тартамыз. Олардың тәжірибесі жинақталған және уақытпен тексерілген.

Слайдты көрсетеді, оның шамамен мазмұны келесідей болуы мүмкін:

Курс бағдарламасы ата-аналардың сұраныстары негізінде әзірленді (мониторинг жүргізілді).

Өткізілетін сабақ кестесі ата-аналардың жұмыстан тыс уақытын ескере отырып жасалған, сонымен бірге цифрлық ресурстардың мүмкіндіктері кеңінен қолданылады.

Сабақтар тренинг түрінде құрылған – барлығы қызықты!

«Даналық мектебі» клубының ашылуы.

Нормативтік-құқықтық құжаттар, ата-аналарды педагогикалық қолдауға арналған материалдар орналастырылған цифрлық платформа әзірленді.

Әлеуметтік педагог.

– Талқылау үшін тағы бір маңызды сұрақ: орталықтың қызметінен не күтесіз? (Сұрақ слайдта көрсетіледі. Ата-аналардың жауаптары тыңдалады.

Пікір алмасу аяқталғаннан кейін әлеуметтік педагог қорытынды жасайды(слайдта көрсетіледі):

–Біз бірге жасай аламыз:

Үйдегі қақтығыстарды тоқтату.

Балаға оқуға, өз мақсатын табуға көмектесу.

Салауатты өмір салтын бірге ұстану.

Баланың сезімдерін, ойларын, іс-әрекеттерін түсінуге үйрену.

Онымен келісімге келу үшін сөйлесу.

Оған жағымсыз сезімдерді, стрессті, тәуелділікті жеңуге көмектесу.

Отбасылық дәстүрлерді сақтау және дамыту.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды әдетке айналдыру.

Сынып жетекшісі.

– Қорытындылай келе, құрметті ата-аналар, сіздерге өмірден алынған бір оқиғаны айтып бергіміз келеді. Тыңдаңыздар...

(Сара Патрисии Джон «Ақ орамал» туралы әңгімесін әртүрлі жолдармен жеткізуге болады: мұғалімнің презентациясында слайдтардағы иллюстрациялар арқылы, бейнежазбада, аудиожазбада, ересектер мен балалардың орындауларымен шағын спектакль түрінде және т. б.

Баяндау кезінде әңгімелеуші мәтіннің ұсынылған нұсқасында берілген «кідіріс жасау» әдісін қолдана алады)

Ақ орамал

Дәл тротуардың бойында, аялдаманың қасында жалғыз адам жерге қарап отырды. Кейбір өтіп бара жатқандар оған қарады. Ер адам ешкімге мән бермеді, терең ойға шомылды.

Өткен өмірін қайта-қайта еске алды. Жиырма жылдан астам уақыт өтіпті. Бұрын ол жақын маңдағы көшедегі қызыл кірпіштен салынған

кішкентай үйде туып-өскен. Бұл үй әлдеқашан қираған болуы мүмкін. Бірақ, мүмкін, шегіргүлдер бұрынғы орнында қалды. Бір қызығы, ол әлгі шегіргүлдерді жақсы есіне алды. Сондай-ақ ол әкесінің бір кездері оған жасаған әткеншегін де есіне алды. Ал велосипед тебуді үйренген бақ бойындағы жол. Бұл велосипедті алу үшін ата-анасы бірнеше ай бойы ақша жинағаны, он жылдан кейін велосипедті мопедке ауыстырғаны көз алдынан өтті.

Жас жігіт үйіне сирек келе бастады. Ол жақсы ақша тауып, көптеген достар тапты, ал ата-анасы өмірден құр қалған адамдардай болып көрінді. Олардан гөрі дискотекалар әлдеқайда қызығырақ болды.

Ер адам еріксіз иығын көтерді. Әке-шешесіне кішкентай қарыздары таудай қарызға айналған кезде, еріксіз барған күні туралы естеліктері ойына оралып, ол мүмкіндігінше жасырғысы немесе сызып тастағысы келді.

Анасы бірден оның айналасында әбігерленіп, оны тамақтандырды, ал әкесі ұлына қуанышты және сүйіспеншілікке толы көздерімен қарады, ұлы оларды ақша сұрап ренжіткесі келмеді. Ол әкесінің ақшасы қайда екенін білетін, сондықтан ата-анасы бөлмеден бір сәтке шыққанда, ол жай ғана қажетті соманы алып, кетіп қалды.

Сол күннен бастап жас жігіт ата-анасына қайтара оралмады. Мұндай әрекетінен кейін ол үйіне қайтара келуге, туыстарының көзіне қарауға батылы жетпеді. Бір жерден екінші жерге тоқтаусыз көшіп, басқа қалаға кетті. Әкесі мен анасы ұлының болашақ тағдыры туралы ештеңе білмейтін.

Түнде олар туралы көп ойлайтын. Кейде ай біртүрлі фигуралар салғанда, армандайтынмын: «Бір күні мен ата-анамның үйіне барамын. Егер олар әлі тірі болса.және мені көргісі келер ме екен» деп.

Ер адам үлкен қалаға жұмысқа орналасты, бірақ тыныштық таппады. Әлдебір белгісіз, тоқтаусыз күш оны үйіне жетелегендей болды, ол оған қарсы тұра алмады. Ол кішкентай кірпіш үйді, шегіргүлдер бар гүлзарды еске түсірді.

Үйге қайту туралы шешім ақыры жетілді, бірақ жолға ақша жоқтың қасы болғандықтан, жолдың көп бөлігін жаяу және жолда кездескен көлікпен жүруге тура келді.

Оған өте аз қалды, күмән туындаған кездегі небәрі отыз шақырым. Оның ата-анасының үйіне кіруге қандай құқығы бар? Олар оны таниды ма – төмен түскен адамды – өте жақсы көретін және ата-анасын соншалықты қатыгездікпен алдаған ұлын тани ма?

Ер адам аздаған азық-түлік сатып алып, кешке дейін ағаштың астында отырды.

Кешке пошта жәшігіне жіберілген хат қысқа болды, бірақ ол оны бірнеше сағат бойы жазған еді.

Кездесуге қатысушыларға сұрақ:

- Ер адам хатта не жазды деп ойлайсыздар?

(Ата-аналардың жауаптары)

- Дұрыс. Ал хат мына сөздермен аяқталды:

«Мені көргілеріңіз келеді деп ойлау мүлдем ақымақтық екенін білемін. Бірақ өздеріңіз шешіңіздер. Бейсенбі күні таңертең біздің көшеде боламын. Егер сіздер менімен кездесуге келіссеңіздер менің бұрынғы бөлмемнің терезесіне ақ орамал іліп қойыңыздар. Егер ол сол жерде ілулі болса – мен кіремін, егер жоқ болса– ескі үймен қол бұлғап қоштасып, басқа жаққа кете беремін».

Міне, бейсенбі де келді. Көше дәл бұрышта болды. Кенеттен ер адам асығыстықты тоқтатып, тротуарға отырды да, аяғының астында жатқан тастарға қарады...

Бірақ шешуші сәтті мәңгілікке кешіктіруге болмайды. Мүмкін ата-анасы басқа жерге қоныс аударған шығар? Егер терезеде ақ орамал болмаса, ол көршілеріне барып, ата-анасы туралы сұрайды да кетеді.

Көзін қысып, ер адам ағаштың

астында бірнеше минут тұрды, содан кейін терең дем алып, баяу көзін ашты. Ол көшенің екінші шетіне қарады да, таңданып қатып қалды...

Кідіріс жасалады, сұрақ қойылады:

- Ер адам не көрді деп ойлайсыздар? Мен орамал ілулі деп санайтындардың қолын көтеруді сұраймын. Рахмет! Енді орамал жоқ деп ойлайтындар.

Енді мен тілек білдірушілерден өз таңдауын қорғауға дәлел келтіруді сұраймын. (Ата-аналардың жауаптары)

Пікір алмасу аяқталғаннан кейін ата-аналарға аяқталуын таныстырады:

«Күн сәулесі үйді жарықтандырғанда, бұл кішкентай қызыл үй емес еді. Ол ақ жамылғымен ілінген қар сарайына ұқсады. Әр терезеде ақ жамылғылар, перделер, орамалдар көрінді... Үй күн сәулесіндей жарқырап тұрды.

Ер адам жылады. Оның жүрегі дірілдеп тұрды. Ол кіреберіске жақындады-есік ашық болды.Ер адам жылады. Оның жүрегі дірілдеп тұрды. Ол кіреберіске жақындады– есік ашық болды.

Әрі қарай, слайдта көрсетілген қорытынды жасалады:

- Ата-ананың үйі–өсіп келе жатқан адамның ең маңызды адамгершілік қасиеттер мен өмірлік дағдыларға ие болатын күштің орны. Ата-аналардың міндеті –баланың жеке басының қалыптасуына, өзіне деген сенімге ие болуына жағдай жасау.

Бұл үшін маңыздысы:

Жас ерекшеліктерін түсіну.

Баланың дені сау және бақытты болуы үшін не істеу керектігін және оны қалай жасау керектігін түсіну.

Өзінің және баласының болашағы туралы көзқарасқа ие болу.

Не болып жатқанын қабылдау және бағалау, оның ерекшеліктерін ескере отырып, баласын тәрбиелеу, оның жеке тұлғасын және еркіндікке, дамуға және өзін-өзі көрсетуге құқығын құрметтеу.

Бұдан әрі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының командасын ұсынады және сабақтардың тақырыбы мен кестесі, барлық ата-аналар білуі тиіс нормативтік құжаттар, педагогикалық ағарту үшін қажетті материалдар орналастырылған орталықтың цифрлық платформасына сілтемелер туралы ақпаратпен таныстырады.

Кездесу соңында Абайдың «Көзімнің қарасы» өлеңінің сөзіне музыкалық бейнебаян ұсынылып, кездесуге қатысушыларға жылы лебіздер мен тілектер айтылады.